

31501

Ныфмет  
Фабдуллин

біздің  
жігіт

*Нығмет  
Ғабдуллин*



*БІЗДІҢ  
ЖІГІТ*

*РОМАН*

АЛМАТЫ  
«БАЛАУСА»  
1993

Тұзуашілері

Кәміла Құдабаева  
Күттебек Баяндін

Ғабдуллин Н.

F 13 Біздің жігіт: Роман.— Алматы: Балауса, 1993.—  
208 бет.

ISBN 5-7063-0153-0

Жазушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Нығмет Ғабдуллиннің тұнғыш әңгімелер жинағы («Менің достарым») 1952 жылы жарияланды. Содан берігі жылдар ішінде оның «Жігер» романы, «Алғашқы сапар», «Белгілер, іздер», «Кестелі орамал», «Айығу», «Сарғайған жапырақ», «Өмір, қымбатсың маган», т. б. повестері мен әңгімелер жинактары жарық көрді. Жазушының «Біздің жігіт» атты жана романы бүгінгі интеллигенция өміріне арналған. Шығарма оқигасы жақашыл ой мен көртартпа көзкарасының, ғылымның киын жолындағы ерлік пен ездіктің, адальдық пен арамдастық курсес-тартысы негізінде өрістейді.

F 4803250201—006  
411(05)93 22—93

ББК 84Қаз7-44

ISBN 5-7063-0153-0

© Нығмет Ғабдуллин, 1993

031501

# I

«Қалай абайламадым? Машинаның тақау кеп қалғанын неғып байқамадым?.. Қайта аман қалғаныма шүкіршілік, тіпті жазым бола жаздаған екем... О, сұмдық-ай!» — деп корқынышпен ойлады, мөртігіл ауруханаға түскен, жасы отыздар шамасындағы жігіт Әділбек Омаров, емдеуші дәрігер палатадан шығып кеткеннен кейін.

Он екі мүшесінде қылдай қылауы жоқ сап-сау жігіт болатын. Мына бейнетке қас қағымда қалай үшырағанын түсіне алмады. Түс мезгілі еді, екі көшениң қылсынан өте берген мезетте, он жамбасының түсінан біреу соыйлмен салып жібергендей болып, жерге қалпақша үшып құлағаны есінде. Көзінің оты жарқ ете түскен. Одан әрі не болғанын білмейді. Машина қаққанда ортан жілігінің басы жарылып, өзі етпетінен жығыланда мандайы және бордюрге қатты соғылып, сүйегі шытынағанын, ауруханаға жедел жеткізіліп, дереу операция жасалғанын — бірін де сезген жоқ. Дәрігерлер операция столынан көтеріп, зембілге жатқыза бергей кезде ғана жігіттің есі кірген еді. Сығырайтып көзін ашты: Үстіне төніп тұрған ак халатты адамдарды көргенде әуелі танырқап қалды. «Бұлар кімдер? Бәрі маған неменеге үңіліп тұр? Мына қара мұртты неге жыдияды?»

— Ну, жігітім, танысып қоялық. Сізді емдеуші врач-хирург боламын. Есімім Үсен,— деді қара мұртты күле сөйлем.

Әділбек зембіл үстінде шалқасынан жатқанын, ак халаттылардың дәрігерлер екенін енді ғана аңғарып:

— Бас айналу, көз қарауытып кету сиякты сырқатыңыз жоқ па еді?

— Ондай дертім жоқ.

— Танертен тұрғанда, қызметке келгенде, көніл-күйініз қалай еді? Жұмыс бабында бір нәрсеге ренжіп, кейіген жоқ па едініз?

Әділбек әлденені есіне алғандай болып, қабағын сәл шытынып қалды, бірақ ойна түскен нәрсе өзінің қазіргі мынадай күйге ұшырағанына себеп болуы мүмкін-ау деген күдік көніліне келмеді.

— Қөніл-күйім де дұрыс сиякты еді,— деді.

— Сонда қалай болғаны? Машиналар ағылып жатқан көшеден өтеріңізде жан-жағыңызға қарамайсыз, тақау кеп қалған автомобильді байқамайсыз... Машинаның гүрілін де естімедініз бе? Есінізге ұғы да бір түсіріңіші...

Әділбек көзін тәмен аударып, ойланып көрді. Құлағына расында да бір дыбыс шалынғандай болып еді. Бірақ мотор дыбысы емес-ті. «Қайда баrasың, токта!» деп, біреу үрейлене дауыстап қалған сияктанып еді. Эйел даусы секілді еді. Эйелдің неден шошығанын абайлауға Әділбек үлгірмеген, дәл сол мезетте машина қағып, өзі қалпақша ұшқан.

— Құлағыма шалынған дауыс сол ғана. Осыдан бөтен ештеме айта алмаймын,— деді Әділбек.— Бәріне де кінәлі өзім болуым керек...

— Қөшениң қылышынан өтерде жүру тәртібін сактамағаныңыз үшін, әрине, сіз де жазықтысыз,— деді тергеуши.

— Шофер емес пе ең кінәлі кісі! Қөшеден өтіп бара жатқан добавдай адамды неге көрмейді? Қөзі қайда онын, ағып кеткен бе?— деп, Есенгелді қария Әділбекті қаккан машинаның жүргізуін жазғырды.— Сендер ол онбағанды жазаға мықтап тартындар.

— Бәрі де заң бойынша қаралады, отағасы,— деді тергеуши...

Ол шығып кеткеннен кейін, Әділбек үнсіз жатып, оның койған сауалдарын қайтадан есіне түсіріп, ауыр ойға берілді. Тергеушінің әсіресе: «Жұмыс бабында бір нәрсеге ренжіп, кейіген жоқ па едініз?»— деген сұрауы көнілін қобалжытты.

Бүгін қызыметте Әділбекті катты күйіндіріп, қайнатып ашуландырған бір оқиға болғаны рас еді. Факультеттің ғылыми советі мәжілісінде ол конкурс комиссиясы үсын-

ған бір адамды әдебиет кафедрасына оқытушы етіп жұмысқа алуға қарсы шыққан. Ол адам — бұл танымайтын бөтен біреу емес, өзімен институтта төрт жыл бірге оқыған сабактасы және, оған қоса, әрі жерлесі, әрі құрдасы Асан Қеримовтың зайды — Бибіхан деген әйел еді.

Әділбек пен Асан — бір ауылда туып-өскен жігіттер болатын, орта мектепті екеуі бірге бітірген. Асан сол жылы жолы болып (әлде біреу көмектесті ме кім білсін, өйткені мектепте орташа оқыған еді), педагогика институтының тарих факультетіне оқуға түсіп кетті. Ал Әділбек онжылдықты алтын медальмен бітірсе де, сол жылы жоғары оқу орнына бара алмады. Шешесі төсек тартып, науқастанып жатқан болатын, соның жағдайына қарайлған. Ауылда бір жыл құрылышта жұмыс істеп, институтқа келесі жылы барды, өзінің арман еткен оқуына — филология факультетіне түсті. Құрдасы Асан бұл уақытта жоғары оқу орның бірінші курсын тамамдап тастаған студент болғандықтан және қала жағдайына бейімделіп ысылып қалғандықтан, Әділбекке ол бұрынғысынан әлдеқайда өзгерген, білімі өскен, мәдениеті биіктеген сияқтанып көрінген-ді. Асан семьялық өмірді де Әділбектен бүрын бастаған. Институтты бітіретін жылы үшінші курсын студенті — қазіргі әйелі Бибіханға үйленді. Ауылдан әкесі келіп, қаланың үлкен ресторанында той жасаған.

Осы Бибіханға Асанның ең алғаш қалай танысқаны Әділбектің есіне түсті. Институттың екінші курсында оқып жүрген кезі еді. Қар кетіп, ағаштар бүршік жарып, жер көгеріп, көктем туған уақыт болатын. Әділбек сабактас құрбыларымен бірге, араларында Бибіхан бар, жатақханадан шығып келе жатқанда Асан қарсы ұшырасты.

— Саған келе жатыр едім, қайда бет алдындар? — деп сүрады ол Әділбекті тоқтатып.

— Тобымызбен киноға бара жатырмыз, — деді Әділбек.

— Олай болса, мен де бірге барайынши!

— Жүр ендеше!..

Кино көріп отырғанда Асан Әділбектің құлағына сыйырлап:

— Сенің сол жағындағы үшінші орында отырған қызыл кофталағы қыздың аты кім? — деп сүрады.

— Бибіхан.

- Сенімен бірге оқи ма?
- Иә.
- Жігіті бар ма?
- Білмеймін.
- Менімше жігіті жок.
- Мүмкін.
- Осы қызды маған таныстырышы.
- Макұл...

Кинодан кейін бәрі топталып, жатақханаға қарай қайтадан беттеп жүрер алдында Әділбек сабактас күрбыларына Асанның аты-жөнін айтып таныстырыды.

— Менің жерлесім һәм күрдасым, тарих факультетінің үшінші курс студенті. Өзіміздің институтта оқиды. Демек, бөтен жігіт емес, өзімізбен тілегі де, арманы да, жыртатын намысы да бір! — деп, соңан соң Асанға қарап:— Бұдан былай біздің қыздарды көргенде жаңырқамай, талша иіліп, тағзым етіп жүр,— деді күліп.

— Мен бір көрген кісімнің жүзін еш уақытта жадынан шығармаймын, түсімде де көремін оны! — деді Асан көнілді үнмен. — Дегенмен, жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл дейді ғой халық, жақсырақ біліспін ала-йық, — деп, ол Әділбектің сабактас күрбыларының әр қайсысына қолын беріп, өзінің есімін атап, оларға да аты-жөндерін айтқызып, жарапай танысып шыкты. Бибіханның қолын алғанда, қыздың саусақтарын қысын-қырай үстап, уысында ұзағырақ үстап қалды.

— Қолыңздың ұшы аздал тоныңқырап қалыпты ғой! — деді әзілдеп.

— За то жүрегім ыстық! — деп күлді қыз.

— Бізге де лебі тисін, сол ыстық жүрекке жақындау болайыншы! — деп, Асан да күліп, қалжың айтып, қыздың сол жағына шығып, оған жақынырақ катарапасып жүрді.

Жастар тротуарға сыймаған соң екі-екіден, үш-үштен бөлініп қатар құрап, бүгінгі көрген фильмнің мазмұны мен артистер ойыны жөнінде жарыса пікір айтсып, дуылдасып кетіп бара жатты. Әділбек артына бір-екі рет бұрылып қарап, Асан мен Бибіхан екеуінің жарасып сөйлесіп, сондарынан келе жатқанын байқап еді. Қыздың сыңғырлап күлген үні жириек естілді...

— Мен осы қызға ғашық бол қалдым! — деді Асан Бибіханды жатақхана есігіне дейін шығарып салып, Әділбекті оңашалап алышп. — Түрі де, фигурасы да, киім киісі де — бәрі әдемі! Әсіресе күлкісі әдемі! Құлышының

мойнына таққан кішкене жез қоңырау секілді сыйғыр қағады. Автобиографиясын да біліп алдым. Тұған нағашысы оку министрлігінде үлкен қызмет істейді екен. Бұл да — манызды фактор. Болашақ үшін керек. Қысқасы, тексті жерлен шықкан қыз. Ол да менің биографияма барлау жасап байқады. Осал әкенің баласы емес екенімді мен де антарлым. Байқауымша, қыздың көnlі бөтен емес сиякты, ертең театрға барайық деп, уәдесін алып қалдым. Тіл сабағынан семинарға әзірленуім керек еді деп аздал қынжылған болды да, тез көнді. Өзі сабакты қалай оқитын еді? Меніңше, окуы тәуір болар?

Бибіханның сабак үлгірімі мәз емес еді, Әділбек Асанның көnlіне қарап, бұл шындықты тұра айтпады.

— Ел қатарлы оқып жүр ғой,— деді...

Содан бері арада талай жылдар өтті. Қазір Әділбек те, Асан да балалы-шағалы болған адамдар. Асанның да ғылым кандидаты деген атағы бар (бірақ ол кандидаттық диссертацияны Әділбектен бес-алты жыл кейін қорғады), тарих және этнография ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер бол жұмыс аткарады. Екеуі ауылдас, бірге оқыған, қатар өскен азаматтар болғандықтан, семьялары алғашкы жылдары жиі арасынан түруші еді. Бірақ не себептен екені белгісіз, кейін Асан Әділбектің қонаққа шақырғанына екі-үш рет, ананы-мынаны сылтау ғып, келмей қалды да, содан бастап қарым-қатынастары селдірей берген.

Асанның ғылыми атак алғаннан кейін: әзін-әзі зор тутып, мardымсып, мінезінде бір өзгеріс туғанын Әділбек сезетүғын. Және оның — қызметі кіші адамдарды көзге онша ілмей, оларға менсінбей қарап, көкірек керіп, ал лауазымы жоғары, мансабы биік кісілердің алдында еллілдеп, соларға қайткенде де жақынырак жанасуға бейімделіп тұратын бір жарамсыз қылыш бойына үйіріле бастағанын байқап жүретін. Бір жөлі осындей лауазымы үлкен кісінін біреуі көшеде кездесіп қалғанда, Асан қасында сөйлесіп келе жатқан Әділбекті тастай беріп, анау адамның оң жағына бір, сол жағына бір шығып, елпек қағып, колтырынан ұстап кете бергені бар. Әділбек ертеңіне курдасын көргенде, оның осы қылышын күліп сынап: «Тіпті пиджагінің жәніне кіріп кете жаздаңың ғой, осындей жаллаптаудың керегі не», — деп еді. Асан қызарап ашуланып қалды. «Сен де тым да нышпанси берме, бауырм! Сенің ақылына зәру емеспін!» — деп әйнекше шытынаған.

Әділбек Асан екеуінің бұрынғы жақсы қарым-қатынастары болмай, жат адамдарша аралары алыстағаныча ішінен өте күйзеліп жүретүғын еді. Бір күні күтпеген жағдай болды. Ұмырт үйірілген кез еді. Әділбектің пәтеріне Асан ойда-жокта келді. Баяғы әдетінше үйге жарқылдай құліп кіріп, Әділбекпен де, оның зайыбы Үлбазармен де, бұлардың кішкене екі баласымен де, қол беріп, қуанып амандасты.

— Ой, жақсы болды ғой келгенің! Жоғары шық! Отыр! — деп Әділбек те шын қуанып қалды.— Жалғыз жүрмісің? Бибіхан қайда? Оны қазір телефонмен шақырып аламыз. Ертен демалыс, бүгін біздің үйден конақасы жеп кайтасындар! — Әділбек әйеліне бұрылып:— Хозяйка, казаныңды көтеріп, дастарқан жабдығына кірісе бер,— деді.

— Әуре болмадар, асығыспын. Саған бір үлкен шаруамен келіп тұрмын, уақытым сондай тығыз, көрмеймісің ентігіп тұрғанымды,— деді Асан алқына сөйлеп.

— Ештеме етпейді, уақыты тежей тұрамыз,— деді Әділбек.— Жұмысың қандай қауырт болса да, біздің үйден бүгін дәм татпай кетпейсің. Ал тығыз шаруаның жайын, әйелің келген соң, бәріміз жайланып отырып, дастарқан басында асықпай ақылласамыз.

— Эй, болмадың ғой, мейлің ендеше! — деп тез келісе кетті Асан. Соңан соң Әділбектің құлағына еңкейе беріп, сыйырлап:— Ал, келген шаруамды әйелдердің көзінше жария етпеймін, өзіне ғана оңаша айтамын,— деді ескертіп.

— Бір керемет құпия ғой онда! — деп күлді Әділбек.

— Пәләндей керемет секрет емес.

— Ендеше неде. жасқа әдін?

— Сенің кейде. кісінің көnlіне қарамай, тік сөйлейтінің бар.

— Пәл! Осы ма күдігің? Қорықпа! Әйелдердің алдында беделіне нұқсан келтірмеймін.

— Дегенмен, оңаша сөйлескеніміз абзал. Мужской разговор.

— Макұл ендеше, қалағаның болсын.

Асан үйіне телефон соғып, құрдасының жібергісі келмей отырғанын, қазанға ас салынып, дәм әзірленіп, дастарқан жасалып жатқапын, үй иелері: «Жұбайыңды шакыр, туыстар мәре-сәре боп отырайық деп қолқалап, жабысып тұр» деп, әйеліне қуанышпен хабарлап, оның

мұнда тез жегуін өтінді. «Көшеден бір машина үста да, зыныра! Күтіп отырымсыз», — деп асықтырды.

Бибіхан кеп тостырған жоқ. Үйге жайдарыланып, күліп кірді. Әділбекке кол беріп, Ұлбазармен сүйісіп амандасты. Сонан соң залға қарай өтіп, жасалған дастарқанға көзі түсіп:

— Түү, бекер әуре болған екенсіндер!.. Эй, Асан-ай, жүртты босқа әлекке түсіріп, сен ғой осынын бәрін ой-лап тауып жүрген! — деп күйеүінен сын таққан болды.

Бибіханның бұл сөзді бер жағынан жайғана айтып түрғанын, ал шыныңда ерінің ептілігіне сүйінген райы барын Асан ішінен үкты да, әйелінің жүзіне күлімдеп қарады:

— Сүйіктім-ау, мені жазғырмасаңшы! Қонақасы жемей кетпейсің деп қыстаған мынау құрдасың ғой.

— Мұнысы рас, — деді Әділбек Бибіханға қарап. — Сөзімді тындағаны үшін күйеүіне де, шакырғанда құстай үшып жеткенін үшін саған да зор рақмет! «Бәрін айт та бірін айт, коллективтің жырын айт» дегендей, келгендеріне өзіміз қатты қуанып қалдық. Ал енді дастарқан басына отырмаймыз ба?

— Әлбетте! — деді Асан көнілді үнмен.

Ол төрдегі орындыққа ен алдымен өзі келіп отырды Сонан соң әйелінің, Әділбектің, Ұлбазардың дастарқан басына кеп жайғасуын сәл күтті де: «Қане, бауырым, рюмкаларға конъягінді толтырып құйып жібер, бір тост айтқым келіп тұр!» — деді Әділбекке.

— Біз дастарқан басында біраздан бері осылай бас қосқан жоқ едік. Әділбек, Ұлбазар, кешіріндер, бұған, әрине, ен бірінші мен кінәлімін, — деп ол сөзін әуелі өзін жазғырудан бастады. — Осы күні тіршіліктің қарбаласын көбейіп кетті ғой. Бір мәзгіл жолдастармен сыртқа шығып, бой жазып, сергігін келеді, бірақ уақыт таппайсан. Кейде тіпті шакырған жерге қонаққа баруға да қолың тимейді. Бірақ мұның бәрі, әрине, сылтау да емес. Достармен, туыстармен бас қосуға, мәслихат құруға әмәнда уақыт табу керек. Осы ретте, бауырым Әділбек, сенен мен ғибрат алуға тиистімін. Қаз тойғанына семірмейді, органды семіреді. Бізді қуанып карсы алып, мына көрсеткен ақ пейілдеріңе шын жүректен зор рақмет! Бірінші тосты осы үшін, сенің адап туыстық сезімің үшін алып жіберелік!..

Дәм үстінде Асан әнгіменің тақырыбын басқа жакка аудармауға тырысып, сөзді үй-ішінің, от басының

женіл әзіл-оспағына бұрып жіберіп отырды. Өзі ерлі-зайыптылар арасында болатын бір қызық ахуалдар жайлы анекдоттар айтып күлдірді. Тамак желініп, шай ішіліп болғаннан кейін, көне қарияларша дәм қайырды да, соナン соң әйелдерге: «Көптен көріспедіңдер, бір-біrine айтатұғын күпияларың көбейіп кеткен шығар, өздерің оңаша қап, емін-еркін бір сырласындаршы! Біз отырсақ, қалындықша қылымсып, қысыласындар!»— деп әзілдеп, Әділбекті қолтығынан ұстап, екеуі каби-нетке кірді.

Асан өзінің осы үйге келгендегі негізгі шаруасын Әділбек пен екеуінің бір ауылда туып-өсken жақындығына жанастырып сөйлемеді.

— Мен саған жерлесім, туысым деп, көмектесер деп, біr тілек айтқалы келдім. Ауылы бірдің — намысы біr. Бәйгеге түскен құрбына, алдынан шығып қолынды со-зарсын, атының шылбырынан тартарсын деп, үмітпен, сеніммен келіп отырмын. Мәселе былай... Біздің Бибіхан сіздің институтқа, конкретно айтқанда, сендердің әдебиет кафедрасына, оқытуши бол қызметке орналасқысы келеді. Институт басшылығы тараپынан қолдау болады, ол жағы сөйлесілді. Әйткенмен, мәселенің түйінін сендер шешеді екенсіндер, кафедра қуаттауы керек екен....— Асан бөгеліп, Әділбектің райын анғарғысы келгендей, оның кескініне барлай қарады.

— Иә, кафедраның пікірі шешуші роль атқарады,— деді Әділбек.— Вакансияға конкурс жарияланғаннан кейін, жарыска қатысуыш маман өз пәнінен студенттерге лекция оқып, кафедра мүшелері алдында бірнеше ашық сабак беріп, сыннан өтеді. Конкурстың қазіргі уақыттағы бірінші талабы осындай.

— Бұл тәртіпті білемін, сенімен сол үшін алдын-ала ақылдақсалы келіп отырмын ғой,— деді Асан. Соナン кейін әйеліне өзі мінездеме беріп; Бибіханның институтты бітірген жылы облыстық кітапханаға библиколек-тор бол жұмыска орналасып, содан бері біr жерде тап-жылмай қызмет атқарып келе жатқандығын, өз коллек-тивінде абырайлы екенін, ғылым жолына икемденіп ізденіп, диссертация жазуға талаптанып («Соискатель ретінде әдебиет зерттеу институтының ғылыми советіне бекіттіріп алған тақырыбы бар»), философия мен шет ел тілінен кандидаттық емтихан тапсырып койғандығын және екеуін де жақсы бағаға тапсырғанын мактап өтті. Бірақ Бибіхан бұрын жоғары оку орнында дәріс берме-

ген, жүрт алдында лекция оқып көрмеген адам болған-  
дыктан, аудиторияға кіргенде, өзіне бірнеше көз када-  
лып қарай қалғанда,abdырап, сасып, сөзінен жаңылып  
кетуі, біліп тұрғанын жөндеп жеткізе алмауы әбден  
ықтимал, соған қарап біреулер үстірт байлаң жасап,  
оны қолдамай, қарсы сөйлей ме, сөйтіп шатақ шыға ма-  
деп, күдік ойлайтынын айтты.— Сенің беделің бар, жол-  
дастарың сөзінді жерге тастамайды, Бибіханның жайын  
әріптерестеріңе күні бұрын құлаққағыс қып қойсан қайте-  
ді? Осындай бір жақсылық жаса,— деп Әділбекке сал-  
мақ салып токтады.

Әділбек оның сөзін үнсіз тындағы. Ол бір жайға  
ішінен танданды. Бибіхан студент кезінде сабактан үл-  
гірімі төмен студенттің бірі болған, сынак сессиясы  
кезінде бірер пәннен ылғи «құлап калып», емтиханды  
қайыра тапсырып жүретін. Институтта төрт жыл оқы-  
ғанда, емтиханда тым болмаса бір рет алған «жақсы»  
деген бағасы жоқ болатын. Сол Бибіхан енді диссера-  
тция жазып, ғылыммен шүғылданбак, филология факуль-  
тетінің студенттеріне әдебиеттен дәріс беретін үстаз  
болғысы келмек. Бұл іске оның білімі сай ма? Бибіхан,  
рас сөз жағына пысық әйел, шаруаға да тыңғылықты,  
кісі сыйлауға да шебер. Бірақ ғылым жолына түсү үшін  
мұның бәрі жеткіліксіз. Фалымдыққа жетпек үшін адам-  
ға ең алдымен тыңғылықты терен білім мен жақсы  
қабілет керек. Әділбек білетін Бибіхан бұл қасиеттерден  
ада, ендеше оған құр әлектеніп, босқа әуре болудың не  
керегі бар?

Әділбектің ойында осы сөздер тұрса да, өз үйінде  
отырған қонағын ренжіткісі келмей, жұмсақ сөйлеуге  
тырысты.

— Бибіханның талабы дұрыс қой, бірақ соған өзінің  
әзірлігі жеткілікті ме? Қиналып қалып журмей ме?—  
деді сыпайылап.— Сен бір жайды үк, Асан, жоғары оқу  
орнында сабак беру онай іс емес... Бибіхан бұл іске қол  
созса, ең алдымен өзінің біліміне сенетін болсын,— деп  
және ескертті.

— Бұл сөзінді теріс демеймін,— деді Асан.— Бірақ  
құс та биікке бірден самғап көтерілмейді, әуелі жер  
бауырлап үшып, бірте-бірте жоғарылайды. Сондықтан  
құрбынды ә дегендे демеп жібер! Сүйе! Өзіндей жақы-  
нымыз тұрғанда жаттан жәрдем сұрамаймыз, соны  
ұмытпа! Тағы да бір гәбім бар ескертетүғын...

Осы мезетте көнілді үнмен куліп сөйлеп, есіктен әйелдер кіре беріп еді. Асан: «Жарайды, мұны кейін айтармын, асығысы жоқ»,— деп, сөзін үзе салды да, кол сағатына қарап: «Ой-бой, сағат оннан асып көтіпті ғой, үйде балаларымыз бізді тосып, жатпай, үйкітамай отырған шығар, енді өкше көтергеніміз макұл болар»,— деп орнынан түрегелді.

— Ал, Ұлбазар, Әділ! Татырған дәм-түздарына зор рақмет!— деді үй иелеріне алғыс айтып.— Долг платажем красен, келесі кезек біздікі! Бәйбішем конкурстан зулап өтіп, бәйгіден озып келсе, сендердей достарға жаяр дастарканымыз берін табаққа саптар жал-жаямыз да әзір, алақандарына салар тай-түяғымыз да болады.

— «Сыйға — сый, сыраға — бал» дейді ғой, халкы-мыздың салтын білеміз, жолдан жығылмаймыз,— деп Бибіхан ерін қостап, көкейіндегі ойын ол да ебін тауып білдірді.

Олардың сый-құрметті сатып алуға, айырбастауға болатын пұл секілді көріп сөйлегенін Әділбек ішінен ұнатпай қалды.

— Еш нәрсені жіпке тізіп көргеніміз жоқ, біз есеп-теспейміз, ағайын. Берген қонақасымыз, көрсеткен ықыласымыз сатулы емес,— деп еді.

— Мұны бек жақсы білеміз ғой!— деді Асан көзін кулана сығырайтып күліп,— әрине, достар санаспайды. Сендерді бір жаққа кетіп қалмасын деп, шақыратыны-мызды алдын-ала ескертіп жатқанымыз ғой. Одан басқа ешқандай бөтен ойымыз жоқ!

— Өздеріне деген көніліміз бұлактай мөлдір!— деп костады оны Бибіхан.

— Пай-пай, біріннің аузына бірің түкіріп қойғандай сөйдейтін бопсындар-ау!— деді Әділбек басын шайқап. Мұнысы — танданғаны ма, әлде кекеткен түрі ме — Асан үға алмады.

— Енді қайтеміз! Муж и жена — одна сатана!— деп өтірік күлді ол...

Осыдан екі қүннен кейін, конкурстың шарты бойынша, филология факультетінің белгіленген курсында Бибіхан өзінің бірінші сынақ сабагын өткізіп еді. Сабакқа әдебиет кафедрасы оқытушыларымен қатар, деканаг пен конкурс комиссиясының бір-екі адамы және қатынасты. Бибіхан көне түркі тіліндегі әдеби ескерткіштер жақында лекция оқуға тиіс болатын. Ол аудиторияға

кіргенде, өзіне жатырқап қарай қалған көздерден қаймырып, жасканшақтаған жок, бойын тік үстап, аяғын шық-нық басып, мінбеге барды. «Сәлематсындар ма?»— үлп сыпайы амандасты да, сонан соң қолындағы папка-шын ашып, қағаздарын алды. Асырып, абдыраған жок, отырғандарға көз тастап, шолып карап өтті де, сөзін салмакты үнмен бастап, өзінің дәріс өткізуге келгенін, аты-жөнін айтты, бүгінгі оқитын лекциясының тақырыбын атады. Студенттер тақырыпты жазып алсын дегендей сәл кідірді де, содан кейін алдындағы қағазына үціліп, әзірлеп келген лекциясын окуға кірісті.

Таныс емес жұрттың алдынға бірінші рет сөйлеуге шыкқанда, қандай адам болса да, әлбette толқуы мүмкін ғой, бірак Бибіханның өнінен де, үнінен де кобалжып тұрғаны байқалмады. Әділбек оның білім өресі аласа екенін билетіндіктен, лекциясы тайыз болса, студенттер сөзін тыңдамай дабырлап кете ме деп, құдіктеніп келген еді. Бибіханның аудиторияға кіргенде өзін байсалды ұстағаны, салмақпен сөйлегені, лекция оку мәнері және сөзінің жүйелі қисыны мен жатық тілі — Әділбекке күтпеген жаңалық болды. Ол енді Бибіханға таңдана қарады, оған риза бола бастады. Бибіханның мұдіріп қалмай, осы әуеннен жаңылмай, сабағын жақсы өткізіп шығуына ішінен сәт тіледі.

Бірак бәрі кенеттен бұзылды. Лекцияның орта тұсына жеткен шамада Бибіхан көне түркі тіліндегі әдеби ескерткіштер жайында жақсы таратып айтып келе жатқан сөзінен оқыс бұрылып, өз тақырыбына еш қатысы жок бөтен жайға — сонау ерте замандағы, біздін эразымыздан бес ғасыр бұрынғы, грек-парсы соғыстарын баяндайтын тарихқа түсіп кетті. Қағаздан көзін алмай, сырғанатып оки берді де, бір мезгілде кілт тоқтады. Тақырыптан теріс шығып кеткенін өзі де аңғарды білем, әлденені іздел, қолындағы қағаздарын абыржып аударыстырыды, сумкасын да ашып қарады, бірақ іздеғенін таба алмады.

Оның бүгін ашық сабакта оқитын лекциясын Асан бір кітаптар мен журналдардан теріп, күрап берген болатын. Бибіхан мұны өз қолымен жаңа қағазға кайыра көшіріп жатпады, ерінің жазғанына көзін жаттықтырып, ішінен бірнеше рет қайталап оқыды да, сонан соң, үйге келген біреудің көзіне түсетін жерде тұрмасын деп, материалды Асанның жазу столының тартпасына салып қойып еді. Таңертең асырып жүріп, лекцияның сонғы

жагын тарихшы күйеуінің басқа бір жазғандарымен ауыстырып алғанын байқамаған.

Әділбек Бибіханның көне қазақ әдебиеті туралы сөйлеп тұрып, бұл мәселеге ешқандай қатысы жоқ грек-парсы соғысына төтеден түсіп кетуінің осындай бір себебі болғанын бірден-ақ түсініп: «Сабакқа кірер алдында қағаздарын неге тексеріп алмады екен? Ұятқа қалатын болды-ау!» — деп ішінен қынжылды.

Бибіхан өзінше сыр бермеуге тырысып, ежелгі тарихқа жаңылып емес, мысал келтіру үшін әдейі бұрылған сияқтанып, грек-парсы соғысы туралы шежірені көне түркі тіліндегі әдеби мұра мәселеесіне сабактаپ, жалғастырып әкеткісі келіп еді, бірақ дәлелдері үйлеспей, сөзінің қиындығы қашты. Одан әрі қарай ойында жүйе болмай, ежелгі мұра авторларының жасаған дәүірі мен өмірбаяндарының мағлұматтарынан жаңылып, шығармалардың мазмұнын шатастырып, көп нәрсені быттырыды.

Әділбек Бибіханның бұрыс айтқан жерлерін түзеп жібергісі келіп, оқталып қалып отырды. Бірақ Бибіхан мектепте тәжірибе сабағын өткізіп тұрған практикан-студент емес, конкурсқа түсіп отырған адам, сондыктап сабағына араласуға болмайды. Әділбек сабактың соңына дейін амалсыз шыдады.

Ол сабактан соң Бибіханды жүргітың көзінше сыйнамайын деп, онымен оңаша отырып сөйлесті. Бибіханның өткізген сабағының дәрежесі аудитория галабына сай еместігін, лекцияда қандай қателер көлкенін мүндей жеткіліксіз біліммен студенттер алдына лекция окуға шығудың өзі үят екендігін жайлап іүсіндіріп аттыл еді. Бибіхан оның сыйнын өзілге бұрып: «Ердем өзімдей бол деп талап қоймасаншы, көш жүре түзеледіғой!» — деп күлді.

— Сөзімді дұрыс ұғын, Бибіхан. Мен саған жаным ашып айттып отырмын,— деді Әділбек.

— Жаңың ашығанына ракмет! Мен, әрине, ойланамын фой... Қелесі жолы бүгінгі сабағымда кеткен кемшіліктерді болдырмауға тырысамын,— деді Бибіхан. Содан соң маңдарында бөтен біреу тұрған жоқ па деңгедей жан-жағына басын бұрып қарады да, ақырынғана сыйырлап:— Тек бір тілегім — әлгі пікірлерінді коллегаларына айтпай-ақ кой,— деп өтінді.

Әділбек ләм-мим деген жоқ, таңданған пішінмен Бибіханның бетіне үнсіз қарады.

Бибіхан келесі аптада тағы да екі ашық сабак өткізді, бірақ бір қадам ілгері басқаны байқалмады. Өз шама-шарқынан асып қайда үзасын, оқыған лекциясының дәрежесі тым төмен болды, такырыптың мазмұнына бойлай алмады, әзірлеп әкелген жазбаларынан көзі сәл тайып кетсе-ак жаңыла берді. Такырыпқа байланысты қойылған сауалдарға да түзу жауап қайтара алмай, білімі тайыздығы студенттерге де әбден әшкере болды. Студенттер кекетіп, мырс-мырс құліп отырды. Бибіханның сабағына қатысқан Әділбек пен оның әріптестері де бұл қолайсыз жағдайға өз шәкірттері алдында өте ынғайсыздынып, Бибіхан үшін өздері үялды.

Ал Бибіхан ешқандай қысылған жок. Сөйлеген сөзі, сауалдарға қайтарған жауабы — бәрі өзіне жөн көрініп, такырыпты келістіріп түсіндірдім, сабағым жақсы өтті деп, өзіне-өзі сүйсінгендей рай білдірді. Адам өзінің әлін білмесе, бұл — кеселдің жаманы. Мұндай дерттен тарайтын қырсық көп, залал мол.

«Бибіханның білімі тәмендігін, жоғары оку орнында дәріс беруге шамасы келмейтіндігін көріп отырып, үндердемей қалуым қылмыс болар,— деп ойлады Әділбек.— Өзі де алданбасын, өзгені де әлекке түсірмесін, шындықты тұра айтайын, мәймәнкелемейін. Мүмкін тусінер...»

Ол Бибіханның өткізген сабактары кафедра мәжілісінде талқыланардан екі-үш күн бұрын, жерлесінің әйелі жұрт алдында қатты сынға үшырап үятка қалмауын тілеп, арнайы жолығып, оған өз пікірін адал ннєтпен ашық айтып еді.

— Бұл сөзімді достық деп үк. Егер тілімді әлсан, кафедра мемгерушісінен кешірім өтін де, сабактарынды талқыга салдырмай, конкурс комиссиясына тапсыраған документтеріндегі қайтып ал. Мұның ешқандай айыбы жок,— деп кенес берген.

— Осы ма көмектескенінің түрі? Өзін жарылқан бұл ақылыңмен!— деп Бибіхан ашуланып, орнынан тұра женелген.

Кафедра мәжілісінің талқысына түскенде, Бибіханың сынақ үшін өткізген сабактарын тәуір деп бағалаған бір адам болмады. Пікір айтқандардың бәрі де бұл сабактардың дәрежесі жоғары оку орны талабына сай еместігін, лектордың ойының жүйесіздігі мен сөзінің ренсіздігін атамағанның өзінде, оқыған лекцияларында өзекіл-катедер жіберілгенін, конкурска қатысуышының білім-тым тайнездығын көрсетіп, каттырақ сынады. Ка-

федра мәжілісінде Әділбек жүрттың ең сонынан сөйлемді. Қысқа ғана, бір-ақ ауыз сөз айтты.

— Жаңағы кемшіліктерді Бибіханға, достық пейілмен жеке сөйлесіп, мен де көрсетіп айтқан едім. Осы бүгінгі мына талқыра түспей-ақ қоюын қалап, ақыл берген, ұятқа қалатынын сезгенмін. Солай боп шықты, міне. Алдыңғы сейлеген жолдастардың пікірі түгел дұрыс, оларға мен де толық қосыламын,— деді.

Кафедра мәжілісі Бибіханның ашық сабакта оқыған лекцияларының теориялық дәрежесі, мазмұнының сапасы тәмен, конкурс талабына сай келмейді деген шешім қабылдады.

— Бұл қаулыларныңды мойындармаймын! Пікірлеңіз сынаржак айтылды. Откізген сабактарымның жақсы жақтарын көрмей, сөзімнен бірән-сарап жаңылып кеткен жерлеріндегі ғана тізіп, тек кемшілік тердіңіздер. Менің персонамды ұнатпағандықтан әдейі осылай етіп отырсыздар!— деп, Бибіхан ашулы үнмен наразылық білдірді.

— Олай бұра сөйлеменіз, мұнының орынсың болады. Сіздің өз басыныңға біздін ешқандай қасастығымыз жоқ,— деді кафедра менгерушісі профессор Сәду Аманбеков.

— Сіз де мені жалақор екен деп ойламаңыз. Өз айтқан сөзіме өзім жауап беремін,— деді Бибіхан.

— Ол үшін де дәлел керек шығар,— деді профессор.

— Тиісті жерде дәлелдеймін. Мен министерствоға шағым жасаймын!

— Мұнының бізді қорқытқан түріңіз бе?

— Сіздерді, әрине, қорқыта алмаймын, бірақ шындықты дәлелдеймін,— деді Бибіхан.

Әділбек оның профессормен айтысқанына емес, соншалық сенімді түрде сөйлегеніне танданды. Откізген сабактарының дәрежесі өте нашар болғандығы жайында мына мәжілісте Бибіхан қаншама аңы сын естіді. Элін білмей әлектеніп, осындаидай ұятқа ұшырағанына колайсызданып, қызырып, қысылса керек еді, бірақ шіміріккен де жоқ. Министрлікке шағынамын!— деп және қырқөрсеткенің қайтерсіз!

«Осының бәрі ерінің үйреткені болу керек»,— деп ойлады Әділбек. Бибіханды қолынан келмейтін іске желліктірген Асанды ішінен кінәлады. «Кафедрадағы бүгінгі талқылаудың қорытындысын әйелінен естігеннен кейін, бәлкім. Асан да ойланар. «Аяз — әлінді, құмырсқа —

жолынды біл» деген макал есіне түсер», — деген бір ой басына және келген еді.

Осыдан он шакты күн өткеннен кейін факультет ғылыми советінің мәжілісінде Бибіханды әдебиет кафедрасына аға оқытушы қызметіне алу жөнінде конкурс комиссиясының қаулысы жария етілгенде, Әділбек кайран қалды. «Бұл қалай? Оның кандидатурасын қафедра құптамап еді рой. Әлде профессор Аманбеков пікірін өзгерту міндеттес!»

Профессор Сәду Аманбеков бүгінгі ғылыми совет мәжілісінде жоқ болатын. Ол осыдан бес-алты күн бұрын Ленинградда, әдебиет мәселесіне байланысты ғылыми конференцияға қатысу үшін, жол жүріп кеткен-ді. Сол кісінің жоқтығын пайдаланып қалғысы келген біреулердің жасап отырған әрекеті болуы да ықтимал-ау. Әділбек конкурс комиссиясының председателіне сұрау берді:

— Бір жағдайды анықтағым келеді, сіздердің осылай қаулы алғандарыныңда кафедра менгерушісі профессор Аманбеков біле міндеттес?

— Профессор Аманбеков командировкада жүргендіктен, конкурс комиссиясының шешімін біз ол кісіге мәлім ете алмадық. Меніңше, бұл шарт та емес шығар, өйткені мәселені ғылыми совет шешеді рой,— деді конкурс комиссиясының председателі.

— Және бір сұрағым бар,— деді Әділбек,— сіздер осы қаулыны алғанда, әдебиет кафедрасының шешімін қандай негізге сүйеніп жокка шығардыныздар?

— Біз мәселені объективно талқыладық,— деді конкурс комиссиясының председателі.— Менің сөзімді құпта деп, бірімізді біріміз үгіттеген жоқпыз, ұсыныстар дауыска қойылды. Қорытындысын әлгінде айттым рой: Бибіханның кандидатурасын үш адам жақтады, екі адам қарсы болды. Соңан соң азшылық көпшілікке бағынды. Демек, демократия! Сіз дұрыс түсініңіз, біз, әрине, кафедраның шешімін теріске шығарған жоқпыз, бірақ жаңа оқытушының келешекте ысылатынына сенім артып, болашағына үмітпен қарадық.

— Сонда, сіздіңше, болашакты болжағыш әділ кіслер сіздер ғана да, ал біздер әділетсіз көртартпа адамдар болғанымыз ба?— деді Әділбек.

— Мен олай деген жоқпын рой, сізге,— деді конкурс комиссиясының председателі.— Қойған сұрағынызға орай, мәселенің қалай талқыланғанын айттым. Қарсы-

ЛЫРЫНЫЗ болса, шығып сөйленіз де, айтыныз, правоңыз бар, бірақ «болашақты болжағыш» деп кісіні кекетлепкіз! Кекеп-мұқау керек болса, ондай сүйір тіл бізде де бар!

— Ашуланбай сөйлейік, жолдастар! — деп ескерту жасады мәжілісті басқарып отырған ғылыми совет председателі, факультет деканы Қемел Наурызов.— Қонкурс комиссиясына тағы кімде сауал бар? Сұрап жоқ па?.. Ендеше конкурс комиссиясы ұсынып отырған адамның кандидатурасы туралы пікір айтударынызды сұраймын. Кім сөйлейді?

— Маган сөз берініші...

Әділбек тік сөйлемді.

— Жиналыстарда біздің ылғи көтерінкі леппен айтатуғын бір сезіміз бар: болашакта жас үрпакқа тағылым беретін мамандарды даярлайтын оку орнының педагогомызы, яғни ұстаз тәрбиелейтін ұстаздармыз деп. Ал болашақ ұстаздардың ұстазы деген күрметті үлкен атактың биік талабын қалай орында жүрміз? Біліміміз бечісіміз соған толық сай ма? Меніңше, кейбір жолдастар осы мәселеге жауапсыз қарайтын секілді. Жоғары оку орнында дәріс беруге білім өресі сай емес адамды, кафедраның мақұлдамағанына қарамай, конкурс комиссияның аға оқытушылыққа ұсынуы — міне, сол жауапсыздықтың нақты дәлелі. Жолдастар, мен бір жағдайды сіздерге жасырмай айтайын. Бибіхан — менің бөтенім емес, бір ауылда туып-өсken жерлесімнің, құрдасының әйелі және Бибіхан екеуміз институтта бір факультетте тәрт жыл бірге оқығанбыз. Бибіханды сыйлайтын, һәм оған жанашырылқ ойлайтын дос адамның біреуімін. Қемшілігін, қателігін көріп тұрып айтпасам, мұның достық болмайды. Біріншіден, өтірік сөйлеп, Бибіханды алдаған бол шығамын, екіншіден, шәкірттердің обалына қаламын. Әсіресе соңғысы ауыр...

Әділбек Бибіханның жоғары оку орны студенттері алдында лекция оқуға білімі сай еместігіне көзі жеткен сон, оны үткә қалмасын деп, конкурсқа берген арызын қайтып алғанын жөн көріп, адал кеңес бергенін, құрбысына қалай жаны ашығанын айтып өтті.

— Үл сөздерімнің Бибіханға ұнамағанын сездім, бірақ ақылға салар, ойланар деп үміттеніп ем. Енді көріп отырмын, Бибіхан әлі түсінбеген екен,— деді.

— «Адасқанның алды жөн, арты соқпак», — деп Абай ақынның сезін келтіріп, реплика берді біреу.

— Жоқ, бұл — адасу емес, өз мінін түсінбеушілік,— леді Әділбек оның сөзін түзетіп.— Ал, бұл екеуі — екі түрлі нәрсе. Адасу дегеніміз — аяқты жансақ басу, қателесу. Қатені түзеуге болады. Ал өз мінін түсінбеу дегеніміз — өзінің шама-шарқын білмеу деген сөз. «Әлін білмеген — әлек» деп халық осындайларды айтады. Бұлардың кесірінен басқалар зардап шегеді, ең жаманы сол. Менің ұсынысым мынау: ғылми кенесте мәселе дұрыс қаралмаған, ымырашылдықка жол берілген, сол себепті оның шешімі макұлданбасын!

Ұсыныс дауысқа қойылғанда, ғылыми совет мүшелері түгелге дерлік (екі-үш адамнан басқасы) Әділбектің сөзін қуаттап, қолдарын көтерді.

Мәжілістен кейін Әділбек институтта бөгелетін басқа жұмысы болмаған соң, оқу корпусынан шығып, үйіне бет алып, тротуармен әкірын аяңдап кетіп бара жатыр еді. Ентіге дем алып, Асан қызы жетті.

— Эй, тоқта! — деп ол Әділбекті иығынан жүлқа тартып қалды. Екі көзі шатынап, танауы кусырылып, Әділбекке таяна түсіп, оны бейпіл лас бір сөзben балағаттады.

— Жігітім, абайлап сөйле! — деді Әділбек.

— Жұлын құрт екенсің ғой барып тұрған! — деді Асан түсі сүрланып.

— Ей, жын қакты ма! Не көрінді саған, — деді Әділбек.

— Не көрінді саған дейсін, ә? Білмей тұрмысын. Ғылыми совет мүшелерін азғырып, сөзінді қуаттатып қол көтерткізіп, енді кеп, ештемені білмегенсісін, ә?

— Бауырым, аптықпа, сабана түс! — деді Әділбек сабыр сактап. — Эйеліңнің конкурсста өте алмағанын менен көріп тұрсан, әуелі сөзімді тында.

— Сөзіңнің бес тыныға керегі жоқ! Мойныңа жал бітіп, кешегі сүмендең жүргенінді ұмытайын деген екенсін! Байқа, шырак! Аяғынды аспаннан келтіремін. Сен менің кім екенімді әлі танымай жүр екенсін! — деді Асан тісін шықыратып.

Енді Әділбекті де ашу қысып, тұла бойы қайнап кетті.

— Сенен келген керді көрермін!

Ол бұрылып жүре берді. Асанның зәрлі сөздері жүргегіне инеше қадалып, ойы құйындаш шыр көбелек үйіріліп, көзінің алды тұманданып кетті...

Әділбек ауруханада жатып, сол бір ашу бұған кезде өзінің қандай күйде болғанын ойладап өткенде, есіне тергеушінің сөзі тағы да түсті: «Жұмыс бабында бір нәрсеге ренжіп, кейіген жоқ па едініз?..»

«Зымырап келе жатқан машинаны абайламай қалғаныма, мүмкін, сол жағдай себеп болған да шығар,— деп ойлады Әділбек. Бұған және таңданды.— Ашуға ырық беріп, көзім ештемені көрмей, құлағым ешнәрсені естімей, неге сонша есімнен ауытқыдым? Өзімді өзім қалай билей алмадым?..»

Ол табиғатында сабырлы жігіт болатын. Өмірде барлық нәрсе адамның көнілінен шыға бере ме, кейде реніш туғызатын, кейде тіпті ызанды келтіріп, қаныңды қайнататын жайлар да болып жатады. Осындай шактарда Әділбек тез тұтана жөнелмей, өзін салмакты үстай білетін еді. Шыдам таусылып; ыза буып әкететін қайсы-бір тартыстар үстінде де ашуды тежей алатын. Бірақ карсыласынан каймығып, ық іздемейтін, өрекпіген ашудың ісін ақылға жендеріргісі келетін. Тынысынды тарылтып тұрған ашуды ақылмен тұсай алу — кісінің бойындағы ірі кайратты да, адамгершілік қасиеттің биіктігін де танытса керек.

Шешесі Нагима марқұм осы бір уағызды Әділбектің бала кезінде (тіпті ол ер жетіп, есейген уақытта да) ылғи айтып отыратуғын еді.

— Кісінің атағы зорайсын мейлі, лауазымы жоғарыласын мейлі,— бәрібір, адамды жүртқа жеккөрінішті ететін бір нәрсе бар, қадірлі ететін бір нәрсе бар. Алдыңғысы — орынсыз ашу, соңғысы — сабырлы ақыл. Үйдегі қылышынды өзім де көріп отырам ғой, қисық кетпессін, түзде өнегелі бол, балам. Ақылдың тізгінін берік ұста, ашуға құшак жайма, ашу — пышақ, ол арандатады,— деуші еді.

— Мұны несіне ескерте бересің, анам-ау! Мен ер жеттім ғой, енді маған кәміл сенуіне болады, ши шығарады деп қорықпа!— деп, кейде Әділбек күлетуғын.

— Ана балаға аландамай отыра алмайды. Өзінді үлкен болдым деп санағанмен, маған әлі сәби кезінде-гідей кішкенесін,— дейтуғын онда шешесі.

Басқа біреу «баласың» десе, Әділбек мүмкін намыстанар еді, ал анасының сәбиге теңегеніне ол тіпті куа-

нып, масайрап, өзінің дырдай жігіт болғанын да ұмытып, шешесіне нәрестеше еркелегісі келіп кететін.

Әділбек үлкеннің де, кішінің де сөзін жерге тастанмайтын, біреуге жәрдемдесуге, қол ұшын беруге үдайы дайын тұратын, бірақ өзіне жақлаған нәрсені, ешкімнің көңіліне қарамай, мәймәнкелемей, тура айтатын. Бұл—оған бала жасынан дарыған міnez.

— Экең марқұм осындай еді, туралығың әкене тартқан,— дейтін Нагима ұлын қөзінше мақтағанда. Соңан кейін ерінің мінезін еске түсіріп, бір қылықтарын әңгімелеп кететін-ді.

Әділбек шешесінің әңгімесін бүкіл зейінімен қызыптыңда отырып, сол жақсы әкені сағынатын. Баласының ер жетіп, азамат атанаң, өркені өскенін көру — әкеге қандай зор куаныш болса, әкенің осы шаттығы балаға да сондай үлкен мерей ғой. Тағдыр буларды сол күнге жеткізбегені ойға келіп, Әділбек көңілі тербетіліп, қатты толқып қалатын-ды.

Әкесі Тұрсын оның үш жасында қайтыс болған. Ұлы Отан соғысының мүгедегі еді. 1945 жылы ұлы жеңіске дәл бір ай қалғанда, ауыр жараган болатын. Жаяу әскер бөлімшесінің командири еді, атакаға ұмтылғанда, қастарына жақын түсіп жарылған снаряд сынғы оқ жақ бүйірінен тиіп, қабыргаларын күйретіп кеткен. Госпитальда бір айдан артық орнынан қозғала алмай жатты. Аздап тәуір болып, төсектен басын көтеріп, епте-ептеп журе алатын халге жеткен соң, жаракатынан толық айықласа да, жеңістен кейін семьясын көруге асырып, өзі сұранып, туған ауылына кайтқан болатын. Өскен өлкесіне, сағынған ағайын жүрт ортасына оралған соң, әрі солардың ыстық махаббаты, әрі туған жердің суы мен дәмі асыл шипа болып, жарагалы жауынгер жақсы сауыға бастады. Тұрсын соғыстан бұрын ауылдағы жұмыстың — шөп шабу, мая салу, ағаш кесу се-кілді ауырын атқаратын. Кемтарлығына байланысты енді бұл істерге шамасы келмесе де, мүгедекпін деп үйде бір күн босқа қарап отырмады, колхоз бухгалтериясында есепші бол қызмет істеді. Құнде ерте тұрады. Қенсеге қарай ақырын аяңдал кетіп бара жатады. Жараган болғандықтан, бір жағына қисайынқырап жүретін.

Әкеден жастай қалған Әділбек бұл жайдың бәрін шешесінің айтуынан білетін. Мүгедек әкенің денсаулығы кем болса да, соған қарамай, белсеніп еңбек еткен қа-

жырлы мінезіне сүйсініп, оның ерте тұрып, аяғын ақырын басып, бір жағына қисайыңқырап, жұмысқа кетіп бара жатқан бейнесін көз алдына елестететін-ді.

— Экем қырық бірінші жылы майданға кеткенде сіздің жасыңыз жиырмадағана екен. Семьяның бүкіл ауыртпалығы өз басыңызға түсіп, қыншылық көргенде кейімедініз бе? — деп сұрады Әділбек бір жолы шешесінен.

— Кейде ісімнің ретін келтіре алмағанда, өзімнің олақтығыма кейіген кездерім болды, бірақ тағдырыма ренжігем жоқпын,— деді Нагима.— Рас, көп қыншылық көрдім, арқама түскен салмақ женіл болмады, меҳнат шектік, ашықтық, тарықтық. Біз семья құрғанда өз баспанамыз жоқ болатұғын, бір жылдай әкенің жақын ағайынының үйінде тұрдық. Ол бала-шағасы көп кісі еді, үйін тарылтпайық деп, келесі жылы жазда өзімізге баспана тұрғызып алуға кірістік. Саздан кірпіш соғып, қалқайтып, үйіміздің іргесін көтердік. Енді төбесін жауып, шатырлаймыз, сонан соң пешін, сәкісін салып, ішін дұрыстаймыз деп отырғанымызда, кенет соғыс басталды, әкен майданға аттанды. Ел басына күн туған қын уақыт болды. Әйелдер, кариялар, бұғанасы кат-паған балалар майданға аттанған еркектердің орнына тұрып, ауыр жұмыс істеді. Экен пішенші болатын, соның айырын ұстап, мен де шөп үйдім. Тұнғышым — Гүлбану апаңың емшектегі кезі еді (Тұрсын майданға жүрерде оның туғанына төрт айғана толған), баланы жөргегіне орап, жұмыс басына ала баратынмын. Эрине, онай болған жоқ, қындығына көндім. Даладағы жұмыстан оралғанда және тыным таппай, жартысы салыған үйімізді күн жылда бітіріп алуға тырысып, ерте демей, кеш демей, жауын-шашынды күндері де отырмай, жанталастым. Қатты қалжырап шаршаған, әлім азайып, көзім бұлдырап, жығыла жаздаған шактарың аз болмаған. Сонда да шыдадым. «Соғыста өрт кешіп, оқ астында жүрген Тұрсыннан жаным артық па?» дейтінмін. Өзімді солай демейтінмін. Майдандағы әкенинек хат қелгенде тіпті әлденіп, шаршағанымды мүлде ұмытып кететінмін.

— Экем майданнан хатты жиі жазатын ба еді? — деп сұрайтын Әділбек.

— Жиі жазатын. Тек екі-үш рет: біріншісі — 1942 жылдың қысында үш ай бойы хабар-ошарсыз кетіп, екіншісі — соғыс бітетін жылы көктемде бір жарым ай-

дан аса уақыт хат болмай, қатты қорқытқаны бар. Үрейім үшкән. Әйтеір арты жақсы болып, өз қолымен жазған хатын алғып, жүргегім орныққан. Бірінші жолы хабарсыз кеткен себебі — бөлімшелері жаудың қоршауында қалған екен, екінші жолы хаты кешіккен себебі — ғұрып жарапалып, госпитальға түскен екен. Қай жерде, қалай жарапалғанын, госпитальда жатқанын айтып жазған хаты келді әуелі, бір айдан кейін әкенің өзі келді...

— Экемнің майдандағы ерліктері жайында айтыңызшы, мама,— дес өтінетін Әділбек.

Нагима Тұрсынның соғыста қалай өрт кешкені, қандай сұрапылдарды басынан өткергені жөнінде ерінің өз аузынан естіген әңгімелерін жырдай ғып шертетүғын. Бұл бір таусылмайтын үзак дастан секілді еді. Әділбек жастау кезінде кейбір әңгімені бірер күннен кейін қайыра тыңдағысы кеп, шешесіне екінші рет қайталап айтқызатын-ды. Эке ерлігі туралы әңгіме баланы мактанашқа бөлейтін. Бала сол әкеге тартып өсуді арман тұтатын-ды.

Әділбектің орта мектепті бітіретін жылы еді. Бір күні өзінің болашағы жөнінде анасымен әқылдасып отырып: «Әкеміз балаларының кім болғанын калайтын еді?»— деп сұрады.

— Балаларым ең алдымен жақсы кісі болса екен деп тілейтүғын,— деді Нагима.— Құдайға шүкір, бұл тілегі өтеліп келеді. Уш баламыздың үлкені — Гүлбану, ортанышы — Сапия, кішісі — сен едін. Гүлбану қазір өзі де балалы-шағалы болды, семьясы жақсы, үйлері іргемізде, қызметі де онды, мектепте мұғалім боп істеп жүр, облыстық Советтің депутаты, жүрт сыйлайды. Сапия апаң он жылдықты бітірген соң әрі қарай оқымай, тұрмысқа ертерек шығып кетті демесен, ол да орнын тауып, жап-жақсы тұрмыс құрып отыр. Ал сенің келешегің әлі алдында. Сенен күтер үмітім кеп. Оқуынды жақсы оқып жүрсін. Мектебіннің директоры ата-аналар жинальсында: «Биыл онжылдықты алтын медальмен бітіре-ді деп сенетін тандаулы шәкірттеріміздің бірі — Әділбек Тұрсынұлы Омаров!» деп мактаганда, куанышым қойныма сыймады. Экен марқұм сенің колыңа кітап ұстап, мектепке алғаш барғанынды да, енді сол мектепті тамамдағалы отырғанынды да көре алмады, бірақ аруағы риза болар. Алдағы уақытта да әкенің атына дак түсірмейтініце кәміл сенемін. Ал енді он жылдықты тауысып, атtestat алған соң, қай оқуға барасын, кім болғын келеді,— мұны өзің мықтап ойлан. Мұғалімде-

рінмен, анау екі апаңмен, екі жезденмен ақылдас, олар менен ғері сауатты ғой, дұрыс жән нұскар.

— Мен бұл мәселені ойлап та, шешіп те қойғанмын, мама. Және сіз айтқан кісілермен ақылдасқанмын,— деді Әділбек көңілді үнмен.

— Э, э, оның жақсы екен, балам! Сонда болашақта кім болғың келеді?

— Әдебиетші болуды арман етемін!

— Олең шығаратын ақын бол шығамысың сонда? Әкеңнің әүлетінде, нағашы жүртүнда да ақын болған кісі жок еді, бұл өнер саған қалай дарыды екен, балам, ә! — дег құлді Нагима.

— Әдебиетші атану үшін тек ақын болу шарт емес, мама. Әдебиетті жан-тәнімен сүйеттін, оның қасиетін өзі де түсініп, басқаға да түсіндіре алатын, әдебиетке баға бере біletін және оған насиҳатшы бола алған адам — әдебиетші деп аталуға хақылы. Әдебиетші дегеніміз — мамандықтың аты. Ал, бұл мамандықты менгеру онай шаруа еместігін, ол үшін көп оку, көп іздену керек екенин жақсы білемін.

— Қош, осы мамандықтың иесі бол шықтың делік. Соңан соң қандай қызмет атқарасың, мектепте әдебиеттен сабак оқытатын мұғалім боламысың?

— Мұны келешек көрсетеді. Әуелі он жылдықты ойдағыдай бітіріп, сосын институттың әдебиет бөліміне окуға түсуім керек.

— Талабын өрге ассын, ұлым! — деді Нагима тілек-тестігін білдіріп...

Орта мектепті тамамдағаннан кейін қай жоғарғы окуорнына бару жөнінде Әділбектің жоспары өзіне айқын болатын. Педагогика институтына түспек.

Оны бұл институтка қызықтырған бірінші адам — өзінің туған апасы Гүлбану еді. Гүлбану осы оқу орнының тарих факультетін бітірген болатын. Әділбек оқытын ауылдық мектепте ұстаздық ететін. Інісінің әдебиетке құмарлығын жақсы біletін Гүлбану Әділбекке әрі туысы, әрі ұстазы ретінде ұлкен камкор оймен ақыл берген.

— Педагогика институтында оқудың бір артықшылығы — мұнда адамның жан дүниесін зерттеуге үйренисін. Мәселен, бірінші курстан бастап, мектепке практикаға барасың, сонда әр окушының мінез-құлқына, қылышына, сөйлеген сөзіне болашак ұстаздың, тәрбиешінің көзімен қарауға жаттығасын. Сейтіп, жай адамның байқамағанын сен байқайтын боласын. Жай

адамның андамағанын сен көресің. Соңан кейін адамның мінезі мен әрекетінің ішкі себептерін түсінесің. Мұның аты — адамды тану деген сөз. Педагогика институты өзінің шәқірттеріне осы сапаны егеді. Сен әдебиетші болам дейсін. Өте жаксы талап! Әдебиет те — адамның жан-дүннесіне асыл ұрық еgetін ұстаз. Әрі әдебиеттен, әрі педагогикадан — екі бірдей ұлы ұстаздан тағым алсан, бұл — тамашағой! Сенің және келешекте педагог болуға онтайың бар, сол себептен де педагогика институтында оқығаныңды мақұл көремін, бауырым. Сол оқуға түсуге осы бастан дайындал,— деген-ді:

Арбаның алдыңғы дәңгелегі қалай жүрсе, соңғы дәңгелегі де солай жүрмек. Әділбек кішкентай кезінен бастап, үлкен апасы Гүлбануға қарап өскен. Ол мектеп табалдырығын тұнғыш аттаған жылы Гүлбану оныңшы класта оқытын еді, осы апасының бүкіл мінезіне елік-тейтін. Гүлбану ерте тұрса, одан қалыспай бұл да ерте тұратығын. Апасы сабактарына дайындалу үшін стол басына кеп отырғанда, Әділбек те кітаптарын жайып, оған қатарласып жайғасатын. Алғебраның қын есебін шығарғанда, Гүлбану кейде мандайын ұстап, ойланып қалғанда, інісі де соны жасап, қыбырламай, тым-тырыс бола қалатын. Апасы мұны байқап күліп жібергенде, Әділбек те жымың-жымың етіп, қосыла күлетін.

Гүлбану орта мектепті ойдағыдай тамамдаған соң, мұғалім болуды қалап, педагогика институтына оқуға түсken. Қыскы, жазғы емтихан сессиясынан кейінгі әр каникулда ол туған ауылна жеткенше асығушы еді. Әділбек оның келетін күнін мөлшерлеп, сол мерзімді уақыт болғанда, автобус аялдамасын қарауылдан жүретін. Гүлбану әуслі облыс орталығына самолетпен үшып келуі керек (кейде поезден де келетін), осы жерден ауылға қарай жүретін автобусқа отырады. Жолаушылар таситын автобус қаладан ауылға күніне екі мәрте қатынайтығын; біреуі тұс кезінде, екіншісі — кеш бата келетүғын. Аялдамада күтіп тұрған Әділбек Гүлбануды көзі шалса, куаныш жүгіріп кеп, апасы автобустан түсे бергенде, мойнына асыла кететін-ді. Соңан соң үйге жеткенше, үйге келгеннен кейін де, апасынан ылғи қайталарап сұрай беретін бір сауалдары болатын. Гүлбану-дың қай-қай пәндерден емтихан тапсырғанын, қандай бағалар алғанын білгісі келеді. Апасы емтиханға кірерде қорықты ма екен, қорықпады ма екен? Емтихан би-летін аларда қолы дірілдеді ме, дірілдемеді ме? Жауап

беруге шығарда жүрегі дұрсілдеді ме, дұрсілдемеді ме? Осының бәріне қызығады. Гүлбанудың емтихан бағала-ры қойылған кітапшасын қолына алып карайды. Қілеш «өте жақсы» деген бағалар тізіліп тұрған кітапшасын Гүлбану да оған мактанаң көрсететін. «Институтқа түскенде, мен де сен сиякты отлично оқимын!» — дейтін Әділбек. «Мен оған сенемін!» — дейтін апасы.

Гүлбану институтты тамамдаған соң, ауылға жолда-ма алып, бұрынғы өзі оқыған мектепке оқытушы болып орналасты. Бір жылдан кейін, осы мектепте өзімен бірге қызмет істейтін Хамза деген мұғалім жігітке тұрмысқа шыкты. Хамза — бұл ауылда туған-туысқаны жоқ, әке-шешесі ертеректе қайтыс болған, жасында балалар үйінде тәрбиеленген, жалқы жігіт еді. Жалғыз болған соң тапқан ермегі ме, әлде мамандығына байланысты құмарлық па (ол зоология пәнінен сабак беретін), Хам-за үйінде бұлбұл, тотықұс, боз торғай секілді кішкене әнші құстардың бірнеше түрлерін асырайтын. Шағын үйінің ауызғы бөлмесінің тен жарымын тормен бөліп, ішін жасыл тоғай секілді безендіріп, құстарды сонда ұстайтын. Әдемі әнші құстар дауыстарын мын құбылтып үн салады, тотықұстар шықылыктап, бұтактарға имек тұмсықтарымен асылып, үйіріліп ойнайды, боз торғай-лар пыр-пыр етіп, бір үшіп, бір қонады. Бұларға қызығып қараған кісі құдды тоғай ішінде тұрғандай әсер алатын.

Қауырсын қанаттылар тіршілігі жөнінде сабак өткіз-генде, Хамза шәкірттерін үйіне ертіп келіп, оларға өзі-нің әнші құстарын көрсетіп, балаларға бұлардың әре-кеттерін бақылататын, мектептегі сабағын жалғастырып, құстар өмірі жайынан қызықты әңгімелер айтатын. Мұғалімнің әнші құстарын көру үшін және әдемі әнгі-месін тыңдау үшін балалар оның үйіне өз беттерінше де бара беретін. Олардың келгеніне Хамза куанып қала-тын, ылғи жылы жүзбен қарсы алатын-ды.

Әнші құстарға қызықтал қарау үшін осы үйге жиі келетін баланын біреуі — Әділбек еді. Бір күні ол тоты құстардың ойынын тамашалап көріп тұрып, арқасы меш қанатының бояуы кемпіркосактай құлпырған қызғылт сары түсті біреуіне қызығып кетіп: «Осыны маған бере-сіз бе?» — деп сұрады.

— Беруге болады, бірақ өлтіріп аласың гой,— деді Хамза.

— Неге?— деді Әділбек бұл сөзге таңданып.

— Тобынан еріксіз ажыраған соң, құс та жалғызысырайды, тынышы кетеді, жем жемейді, сонсоң ашығып өліп қалады,— деп түсіндірді Хамза.

Әділбек томсарып, ойланып қалды, Хамза баланың көнілі жабыға қалғанын байқап, оны қуантқысы келіп: «Қызығып тұрсан осы тоты құсты ала ғой!» — деді.

Әділбек басын шайқады.

— Ала ғой,— деп қайталады Хамза.— Қазір ұстап берейін...

— Жоқ! Тименіз! — деді Әділбек.— Тобынан бөлінбесін, жалғызырамасын... өлмесін...

Хамза бала жаңының толқынын ұрып, оның кішкене жүргегінің осы нәзік сезіміне сүйсініп, Әділбекті арқасынан қакты.

— Ендеше былай етелік, менің көмекшім бол,— деп ұсыныс жасады.— Құстарды құту, жем беру, тұрған орнын жақсы ұсташа секілді жұмыстарды орындауға сен маған, колың тиғенде, жәрдемдесіп жүр. Осы әнші құстардың екінші иесі сен бол! Бұған қалай қарайсың?

— Жарайды!— деп бала қуанып кетті.— Мен сізге көмекші боламын! Мен ерінбеймін!..

Сол күннен бастап, әнші құстарға ол кәдуілгідей алаңдап, күнде келіп, оларды қутісіп жүрді: жем береді, науадағы суды жаңартады, бөлмені сырыйрады. Соңан соң әнші құстардың даусын тыңдалап, ойнағанына қызығып қарап, ұзақ тамашалайды. Сонда Хамза оның қасына келіп, күлімсіреп:

— Сен бұлардың үніне, қимылына ғана сүйсінбе, әрекеттерін бақыла,— дейтін-ди. Бала барлау жасап үйренсін, құстардың тіршілігін ұқсын деп, осылай ақыл беретін-ди. Және қалай бақылау керектігін ерінбей ту-сіндіретін.

Хамзаның осындай ісі және еш уақытта ренжімейтіні, әрқашан бірқалыпты тұратын жылы мінезі үшін Әділбек оны ерекше жақсы көретін-ди, айрықша құрметтеп, әрі мактан тұтатын-ды.

Сол ардақты адамын бір күні ол өте жеккөріп қалды. Балалармен бірге тоғайға барып, жидек теріп, апарған ыдысын жеміске толтырып алдып, үйге қуанып кіріп еді, үйдегі адамдар — шешесі Нагима, екі апасы Гұлбану мен Сапия және көрші тұратын екі-үш әйел — бәрі әбігерленіп, бір тығыз шаруа жабдығына кірісіп жатыр екен. Төрғи бөлмеге үзын столдар қойылып, бетіне сәнді дастарқан жабылып, үстіне тағамдар жасалып, үлкеч

тойға әзірлік болып жатқанын анғартады. Әділбектің мұрнына жаңа піскен тәтті бауырсақтың иісі келді.

— Үйге қонақтар келе ме? Олар кімдер? — деп сұрады Әділбек, тоғайдағы теріп әкелген қызыл жидегін шешесіне беріп жатып.

— Құдалар келеді! — деп Сапия бұрын жауап берді

— Қандай құдалар? — деді Әділбек.

— Қыз айттыруға келетін құдалар! — деді Сапия.

Әділбек оның бұл сөзіне жете түсіне алмай, шешесі мен үлкен апасына карап еді. Нагима езу тартып құлімсіреді. Ғұлбану өңі қызара түсіп, көзін төмен аударып, жымиды.

— Хамза ағайды өзің жақсы көресің ғой, сол кісінің жолдастары Гүлбану әпкене құда түсуге келеді бүгін. Соңан кейін бір аптадан соң әпкемізді Хамза ағай алыш кетеді, — деді Сапия құлімдей сөйлеп, таңданып түрған інісіне мән-жайды түсіндіріп.

— Керегі жоқ ондай құдалардың! Келмесін бұл үйге! Бермеймін әпкемді! — деді Әділбек қабағы түйіліп.

— Мұндай сөзді айтпа, үят болады! Хамза ағай — жақсы кісі. Бұрын оны аға деп сыйласан, енді жездес деп құрметтеуіміз керек, — деді Сапия.

— Құрметтемеймін! Маған ешқандай жезденің көрегі жоқ! — деді Әділбек.

Оның сөзіне бәрі құлді. Баланың жанына бұл құлкі тілгі батты. Ол булығып, жылап жібере жаздал, бірақ көзіне кеп қалған жасты көрсетпей, теріс айналып, үйден жүгіріп шығып кетті. Соңан соң қонақтар келіп, олар қашан аттанып кеткенше, ешкімнің көзіне түспей, қораның төбесінде жасырынып отырды. Сапия екі-үш рет сыртқа шығып, үйдің манауын байқап, інісін ізделе дауыстал шақырып еді, оған дыбыс бермеді. Қонақтар кетіп, абыр-дабыр басылғаннан кейін үйге өзі кірді де, ешкіммен сөйлеспестен, кешкі асын да ішпестен, төсегіне барып, үн-түнсіз жатып қалды.

Бірақ үйқысы келмедин, әр нәрсе есіне түсіп, бүгінгі көргендері көзіне қайта-қайта елестей берді. Қонақтар мәз бөліп, көңілді дауыстары катты шығып, бұлардың үйінен масайрап аттанды. Бір ауылдың іші және үй арасы онша қашық болмаса да, олар қызға құда түсуге келген құдалар екенін көрсетіп, сән түзеп, екі «Жигулімен» кеп түсken еді, есік алдына көлденен тартып қойған сол женіл машиналарына шалқая мініп, салтана таппен жөнелді. Оларды мәз көнілмен шығарып салған

жақын ағайынның ортасында Нагима да жүзі нұрлап, қуанып тұрды. Қүйеу жігіт Хамза машинаға отыраудан бұрын, аяғын ақырын басып, Нагиманың алдына барып, кешірім өтінгендей қеудесіне қолын қойып, басын іп қоштасты. Бұл қандай салт? Нагима оның бетінен сүйді. Мұнысы несі?

Осының бәрі Әділбекке теріс көрінді. Құдалардың масайрап құлғеніне тіпті ызасы келді. Колында жентек болса, сыртынан лақтырар еді оларға. «Кетіңдер аулақ! Віздің үйдің маңын баспаңдар бұдан былай!»— деп ішінен кіжінді. Әсіресе Хамзаның осы жерден тезірек жоғалуын тіледі. Бірнеше күннен кейін қалындықты — мұның сүйікті апасын, бірге туған бауырынан бөліп, өскен үясынан біржола алып кетуге келетін жездे де-генінді оның мұлде көргісі келмеді.

Бірақ құда түсілді, сөз байланы, қүйеу жігіт қалындығын әкетуге келетіндігі енді ақиқат. Осыны ойлап, жүргі сымбадап, үйқысы қашып, тынышы кетіп шыққан түні, Әділбектің бұрынғы жаксы көретін Хамза ағайы оның көзіне сұзы жаман, сұық кескінді жат адам сияқтанып елестеді. «Сенін керегің жок бізге! Жек көремін сени!» — деп күбірледі бала. (Кейін естияр болғанда, сондағы осы мінезі есіне түскенде, Әділбек өзіне-өзі күлетін-ді).

Гүлбану мен Хамза қосылғаннан кейін, алғашқы аптада Әділбек олардың үйіне жоламай, жездесін көре қалса, оған жолынып қалмау үшін жалт беріп, сырт айналып кетіп жүрді. Алайда үзакқа шыдай алмады. Бастапқы әзірде қызығаныш сезімінің жетелеуімен Хамзаны жатсынса да, туған аласы тағдырын сабактаған адамды және бұрын өзі жақсы көрген мұғалімді қайтадан іш тартып, бірте-бірте туыс тұта бастады. Бірақ жездесіне жұғыса алмай, оны көргенде өте ын-йысызданып, оның көзінен жасырына берді.

Хамза баланың үялып жүргенін байқап және мұның себебіне түсініп, бір жолы Әділбек бойын тасалап тағы да жылысып бара жатқанда, оған сыртынан дазыстады.

— Әділбек, бір минутқа бөгелші! — деді.

Бала кідірді. Хамза оның касына өзі келді.

— Әнші торғайларынды қарауға келмей кеттің ғой! Олар сені іздейтін секілді. Айтуға тілдері жок, бірақ өздерінің жас досын шақырғанын үндерінен ұғып жүрмін, — деді Хамза күлімсіреп сөйлеп.

Бала астынғы ернін жымқырып, төмен қарады. Жездесінің бүл сөзді әдейі сыр тарту үшін айтқанын түсіне қалды. Сондықтан оған қайтарар жауабы болмай, үндемеді.

— Ал енді кішкентай әнші құстарыңа менен не сәлем айтасын?— деп Хамза тағы да әдейі сұрады.

Бала үндемеді.

— Бір ауыз сөз катсаныш!— деді жездесі.

— Не айтамын?.. Айтатын сөзім жок,— деді Әділбек.

— Дегенмен ойлан. Сені көргеннен кейін мен оларға бірдеме деуім керек кой!

«Бұл сөзінің ойнының «ба, шынының ба» дегендей Әділбек жездесінің бетіне қарады.

— Шын айтып түрмүн,— деді Хамза баланы сендергісі келіп.— Нанбасаң өзің бірге барып, әнші құстардың менімен қалай сөйлескенін сыртымыздан бақыла. Кәдүлгі адамша сұнқылдайды!

Әділбек мырс етіп күлді:

— Құстарда тіл жок, қалай сөйлейді?!

— Адамша сөйлейтін тілі болмаса да, мын түрлі құбылатын үні бар. Жүректегі сезімі мен ойын сол үні арқылы білдіреді. Құс баққан кісі оған түсінеді. Адамның дауысының әуенінен, қимыл-қозғалысының ынғайынан құс та оның ойын үгады. Достығынды сезсе, қасыңа еркелеп жақындайды да, пейіліннің бөтендігін аңғарса, сактаңып, алытай береді,— деді Хамза.

— Мұныңыз рас, мұны байқадым,— деді Әділбек.— Менен шымшыктар да үрікпейді, өйткені мен оларға тимеймін.

— Оның жақсы! Бірақ әнші торғайларыңа кейінгі күндері жоламай қойғаның жарамады ғой...

Сөздің реті келіп қалған соң, Хамза баланың өзінеге деген көнілін барлағысы келіп, тағы да әдейі осылай айтты.

— Кешіріні... бұдан былай мен оларға бұрынғыша күн сайын барып тұрамын...— деді Әділбек.

— Өте жақсы!— Хамза оның бетіне жүзі күліп қарады.— Энші құстарға карауға келгенінде, біздің бөлмемізге де кіре кететін шығарсын? Гүлбану апаң мен екеуміз де сенімен бірге отырып шай ішкіміз келеді, сенің әнгімемді тыңдағымыз келеді...

Жақын адамның бауыр тарта айтқан сөзіне баланың жаны біртүрлі толқыды. Әділбек Хамзаның күліп тұрған жүзіне куана қарап, жездесінің мойнына еркелеп

асыла кеткісі келді, бірақ үялды. «Сіз қандай жақсы кісісіз, дәл Гұлбану әпкеміз сияқтысыз!» деп, тек осы сөзді ішінен қайталай берді...

Қазактың «сегіз қырлы, бір сырлы» деп мактайдын өнерлі азаматының сипаты Хамзаның басында бар еді. Ол білімді, өнегелі педагог болумен қатар, техника тетіктерін жөндеу, ағаштан түрлі бүйім жасау секілді қолынан әр алуан іс келетін шебер, ән де айтып, домбыра да тартып, сурет те салып, фотографа да түсіретін өнерпаз, бақша өсіру, шөп шабу, отын кесу сияқты үй жұмыстарының да бабын білетін шаруақор адам болатын. «Бәрінә уақыты қалай жетеді, қалай үлгереді?»— деп, жүрт оған таңданатын-ды.

Әділбек бала кезінде Хамзаның осы өнегесін көріп, жездесі бір шаруамен шүғылданғанда, оған ылғи көмектесіп жүріп, көп нәрсени үйреніп алды, мұның да шеберлік іске қолының икемі бар, өнерге де бейім, шаруашылық жұмыстарының қыбын да біледі. Осы қасиеттер өзіне жездесінен қалай дарығанын жас уақытында байқамаса да, кейін есейген соң бәрін түсінді. Адам болыш қалыптасуына Хамзаның тигізген зор ықпалын ұрып, оның алдында өзін қарыздар санайтын.

Әділбек орта мектептің жоғарғы кластарында оқып жүрген кезінде, Хамза оған бала деп қарамай, оны кәдуілгі ересек кісіге санап, өмір-тіршілік мәселелері жағында, адамдар арасындағы қарым-қатынастар тұрасында онымен ақылдасып, екеуі терен әңгімелерге баратын. Әділбек кейде жастық албырттықтың әсерімен оның кейбір пікіріне қызуланып дау айтқанда, Хамза жарысып сөйлемей, күлімсіреп отырып қана тыңдайтын. Оның сез жарыстырмаганын Әділбек өзінше ұрып, «Мениң ойымның дұрыстығын мойындады» деп, көнілі өсіп, масаттанып қалатын. Шіркін, алаулаған жастық мінез-ай, алып ұша жөнелесің-ау, бірақ аңғалсың-ау! Кейін есейген шакта түсінікті болады еken осының бәрі. Әділбек те кейін үқты. Өмір мәселесі хакында әңгімелескенде, жездесінің кей пікіріне қосылмай, бір кезде өзінің қызуланып айткан дауы ыстық судың күр бүркырап жоғары көтерілген буы сияқты ғана еken-ау! Сонда да жездесі оның сезін іліп-қақпай, Әділбектің айтқанын күлімсіреп қана тыңдаған себебі — жас жеткіншек ой толғауға, өз пікірін қорғай білуге үйренсін дегені еken рой!

Әділбек институттың бірінші курсын бітіріп, жазғы

каңикулда ауылға келгенде, Хамза балдызын өз үйінде қонақ етіп отырып, дастаркан басындағы әңгіме үстінде, Әділбектің сол баяғы дауын құліп еске алды.

— «Өмір заны адам ырқына көнбейді, адам оның ыңғайына бейімделеді» дегенімде, сен бұған қосылмай, сөз таластырып едің ғой, ұмыткан жоқсын ба?

— Ондай пікір жарысын неге ұмытайын! — деді Әділбек.

— Сол мәселелерге қазір қалай қарайсын? Диалектикалық материализмді оқыдың ғой, пікірінде өзгеріс бар ма? Баяғы айтқанының бәрі дұрыс да екен? — деп Хамза оның білімін сынағысы келгендей сауал беріп еді.

— Диалектика заңы бойынша дүниедегі нәрсениң барлығы да өзгеріске ұшырап жатады, бұрынғы көзқарасым бірқалыпты тұрса, жаңармаса, мен метафизик бол шықпаймын ба? Ал мен материалистін! — деп Әділбек құліп жауап қайтарды.

— Демек, менің пікіріме толық қосылған болдың ғой, — деді Хамза.

— Жүз процент емес, әрине, бірақ тоқсан процент қосылдым. Бұл — расым, — деді Әділбек.

Хамза езу тартты, Гүлбану Әділбектің шыншыл сөзіне қызығып, інісінің жүзіне сүйсініп қарады.

— Мен бұрын ойлайтын едім, кімде-кім талпынған нәрсесінے жете алмаса, бұған ең алдымен өзі кінәлі деп. Мектепте оқып жүрген кезімізде бәріміздің арманымыз ірі болатын. Сол арманға сөзсіз жетеміз, максатымыз айқын, алдымыз ашық, жолымызды тұман баспайды, шырғаланға түспейміз деп ойлайтығым. Әрине, барлық адамның қабілеті, білімі, қажыр-кайраты, ерік-жігер күші бірдей болмайтынын түсінетінмін. Осы сапалары жағынан бағалағанда, бірінші қатарда тұрғандардан көш артында тұрғандар озып кетеді деп әсте санамайтынын. Кейін ұқтым: бұл — кітаптан үйренген ережем екен. Ал өмірдің өзі оқытатын сабак бұдан өзгерек те, алдеқайда күрделірек те екен...

Әділбек өмірден байқаған бір жайларды мысалға келтіріп, пікірін енді кенірек таратып айтып кетті. Институтқа түсерде, қабылдау емтиханы уақытында өзін таңырқатқан бір шындықты есіне алып сейледі.

Оның ойына түскен бұл ахуал былай болған еді. Қабылдау емтиханы басталардан бір апта бұрын, әдебиет пәнінен өткізілген алғашқы консультацияда (бірінші емтихан — әдебиеттен шығарма жазу болатын),

абитуриенттердің білім дәрежесін байқағысы келді білем, оқытушы оларға әуелі орта мектепте оқытылатын әдебиет теориясына қатысты бір сауалдар берді. «Қане, қайсың айтып көресін?»— деп отыргандарға жылы ұшырап қарап, соナン соң қолын көтергендерден ғана сұрады. Қойылған сауалдар онша қын емес еді, Әділбек бұларды билетін, бірақ бұрыннан таныс емес көп абитуриент арасынан бірінші бол суырылып шығып сейлеуге жасқаныңқырап, әдепкіде тартыныңқырады. Мұның білгенін басқалар да билетін шығар, тіпті бұдан артық билетіндер де бар болар. Қайсысы қолын көтерер екен? Әділбек басын ақырын ғана бұрып, жан-жағына көзін салды. Абитуриенттер тым-тырыс, оқытушы сәл жымып қарап түр. Алдыңғы жақта, отырган қызыл көйлекті жас жігіт қолын көтерді. Соナン соң әр жерден тағы да уш-төрт қол жоғары көтерілді. Осыларды байқап, Әділбек те қолын көтере беріп еді, «ал, сен айтағой!»— деп, оқытушы мұны бірінші сөйледті. Әділбек қойылған сауалға жауап қайтарғанда, оқытушы басын изеп, құптап тұрды, «дайындығын жақсы екен!»— деп, мактап та қойды. Келесі сұраққа қызыл көйлекті жігіт жауап берді, оқытушы оның жауабына да риза болды. Әділбеңке қызыл көйлекті жігіттің сезінің жүйесі де, жатық тілмен әдемі сөйлегені де, дауысының ырғагы да — бәрі қатты ұнады. Құрбысының біліміне сүйсініп, оны қабылдау емтихандарының барлығынан да мұдірмей өтеді деп ойлады. Өзінің де, оның да жолы болып, арман еткен институтқа түсін, екеуінің бірге окуын ішінен тіледі.

Консультациядан кейін абитуриенттер дуылдаپ үлкен залдан шыққанда, Әділбек қызыл көйлекті жігітке қатарласа беріп, оның аты-жөнін сұрады.

Қызыл көйлекті жігіт Әділбекті бұрыннан билетін адамша, оның бетіне көнілді жүзбен қарады да, өзінің фамилиясы мен атын атады.

— Ал, өз есімің кім болады?

Әділбек те аты-жөнін айтты.

— Әдебиет теориясынан қойылған сұрактарға өтә жақсы жауап бердің, молодец!— деді қызыл көйлекті жігіт.— Он жылдықты биыл бітірдің бе?

— Жоқ, былтыр.

— Мен биыл бітірдім. Қала мектебінде оқыдың ба?

— Жоқ, селолық мектепте.

— Мен де ауылдық мектепте оқыдым.

Екеуі сапырылысқан абитуриенттерден оқшауырак шығып, онашалау жерге барып, бірі мен бірі жақынырақ танысқанына куанысып сөйлесіп түр еді. Бұлардың касына сұңғақ бойлы, қала сәнімен әдемі киңген, біле-гіне алтын сағат таққан бір қыз келді.

— Сіздер жерлеспісіздер? Бір мектепте оқыдыңыздар ма? Солай секілдісіздер! Екеуіңіз де жаңа әйбат сөйледініздер, әдебиетті жақсы біледі екенсіздер!— деді қыз қара көздері күлімдел.

— Аздап жаңылдыңыз, бойжеткен!— деді қызыл көйлекті жігіт оның сөзіне езу тартып.— Біз жерлес те емеспіз, бір мектепте бірге оқыған да емеспіз, екеуміз Қазақстанның екі қырынан — мен республиканың онтүстігінен, мына жігіт солтүстігінен келген адамдармыз. Есімдеріміз де бір-біріне керегар, мына жігіттің аты — Әділбек, менің атым — Тентек. «Тентек» деген өзеннің бойында дүниеге келгендіктен, есімім солай қойылыпты.

— Қызық екен!— деп күлді қыз.

— Кешіріңіз, бойжеткен, өзінің қай жактан келдіңіз? — деп сұрады Тентек.

— Мен онша алыстан келген жоқпын. Біздің аудан орталығы бүл қаладан қырық шақырым ғана қашық тұрады,— деді қыз.

— Е, тәйірі, тұрағыңыз таяқ сілтем ғана жерде екен ғой! Автобуспен жарты-ак сағаттық жол. Енді қазір үйінізге бет алып барасыз ба?

— Жоқ,— деді қыз,— мен жатақханаға орналасқам, сонда барамын, емтиханға әзірленемін.

— Емтиханнан қорқасыз ба?— деді Әділбек қызы сынағысы келгендей.

— Мен шығармадан қорқамын,— деді қыз шынын айтып.— Грамматиканың ережелері шым-штырық емес пе, емледен жаңыла беремін. Тасымал дұрыс жасалмаса да, категе саналатын көрінеді ғой.

— Эрине, солай болады. Тасымалды дұрыс жасайдын алмау дегеніміз — сөзді буынға бөлу ережесін білмеу бол шығады. Әр емленің өз ережесі бар, соларды жадынызда сақтасаңыз, емледен еш қате жібермейсіз,— деді Тентек.

— Бұл сөз — айтуға ғана женіл ғой,— деді қыз.— Танымайтын орта, конкурс үлкен, шығарманы әрі қорқып, әрі қиналып жазып отырғанда, грамматиканың қай ережесі ойда тұрады? Бәрі естен шығып кетеді.

— Ол да мүмкін,— деді Тентек.

— Мінеки, өзініз де мойындаңыңыз ғой,— деп күлді қыз. Соңан соң:— Сіздердің дайындал жазып әкелген шығармаларының жоқ па?— деп сұрады.— Егер бар болса, маған кешіріп алуға бермейсіздер ме? Өзімде де әзірлеп әкелген біраз шығарма бар, дегенмен одан да көбірек болғанының залалы жоқ, жағаша емтиханда берілген тақырыпқа біреуі болмаса біреуі тұра келер.

Танымайтын құрбыларына қыздың бірден сырын ашып, бұлай дегеніне Әділбек ішінен таңданды. Бірақ жан қысылғанда адам не амал іздемейді? Суға батып бара жаткан кісі де тал қармайды. Әділбек қыздың әрекетін осындай шарасыздықтан туған амал ғой деп ойлады да, онын сөзін мансұктамады.

— Менде жазып дайындаған ештеңе жоқ еді, мына жігітте бірдеме болмаса,— деді қызға шын көмектескісі келген пейілін білдіріп.

— Менде де дәнeme жоқ,— деді Тентек.

— Сіздер, әрине, өздерінізге сенесіздер гой...— Қызын үні баяу шықты.

— Құрбым, емтиханнан алдын-ала қауіптенбеніз, онда білгендерініздің өзін ұмытып қаласыз,— деді Тентек, оны демей сөйлеп.— Біз былай келісейік: емтиханға кіргенде қатар отырайық, бірімізге-біріміз жәрдемде-сейік. Жарай ма?

— Жарайды...

— Ал енді айып етпеніз, құрбым, аты-жөнінізді білейік, ныспыңыз кім?

Қыз жынып күлді:

— Бибіхан.

Қабылдау емтиханы басталған бірінші август күні (филология факультетіне түсуші абитуриенттердің алғашқы өтетін сыны — әдебиеттен шығарма жазу болатын), үшеуі бір-бірінен көз жазып қалмай, аудиторияға қатар кіру үшін, жұрттың алдыңғы жағына шығынқырап тұрған еді. Барлығы түгел жиналған соң, ішке лап еткізіп бірден енгізетін шығар деп ойлаған-ды. Бірақ олай болмады. Жендеріне қызыл шүберек байлад, есік алдында тұрып алған кезекшілер, колдарындағы тізімге қарап, аббитуриенттерді жеке-жеке шақырып, документтерін тексеріп, ішке бір-бірлеп кіргізді. Бибіханның фамилиясы алғашқылар қатарында аталды. Ол Әділбек пен Тентектен бөлініп кеткісі келмей, сәл шегіншектеп еді, кезекшілер «тез-тез!» деп асықтырып, есіктен жыл-

дам өткізіп жіберді. Осыдан соң және он шақты адамнан кейін Тентектің фамилиясы аталып, ол да ішке кіріп кетті. Әділбектің фамилиясы соңғы толтық тізімінде болатын, сондықтан да оның кезегі кейіндеу келді.

Ол аудиторияға кіргенде, алдыңғы енгендер таңдаған-таңдаған жерлеріне жайғасып отырып алған екен. Әділбек босаға жақта кідіріп, таныстарын іздеп, іштегілерге жылдам көз жүгіртті. Орта тұста отырған, мұны көріп орнынан үшшіп түрегеп, колын бұлғап шақырған Тентекті бірден байқады. Тентек өзінің қасындағы бос орынды саусағымен нұскап, Әділбекке тез жүр дегендей белгі жасап ымдады.

Әділбек аяғын шапшаң басып, оның көрсеткен орнына жылдам келіп отырды. Бибіханға сол кезде ғана көзі түсті, ол қыз Тентектің оң жағында отыр екен, Әділбекке қарап, жынысп күліп қойды.

Абитуриенттер түгел кіріп, жайғасып орныққаннан кейін, оларға жазба жұмысының қағаздары үлестіріліп, бұларды қалай тұлтыру жөнінде қысқаша түсінік берілді. Сонан соң емтиханның конверті ашылды. (Мұны біркелкі бес-алты жабық конверт арасынан бір абітуриент таңдап тартқан еді). Конверт ішіндегі қағазда жазылған шығарма тақырыптары оқылғанда, Бибіхан қорықканы ма, әлде қобалжығаны ма, екі алақанымен бетін баса қалды.

Емтихан алушы шығарма тақырыптарын әдемілеп тақтаға жазды.

— Ал, енді асықпай-саспай, әр тақырыпты әуелі жақсылап ойлап алындар, сонан соң біреуіне тоқтап, соны жазуға кірісіндер. Кім кай тақырыпты қалайды — ықтияр өзінде. Тек ен жақсы білетінін таңдастын,— деп түсінік айтты.

— Сіз қайсысын таңдадыныз?— деп Әділбек қасында отырған Бибіханнан ақырын ғана сұрады.

— Өзіңіз ше?— деді қыз.

— Маған үш тақырыптың үшеуі де әдемі көрініп түр.

— Маған да солай! Үшеуін де білетін секілдімін, қайсысын қаласам екен?— деді Тентек.

— Біріншісі мен екіншісі киын ғой... Мен үшіншісін алаамын,— деді Бибіхан.

Дәл осы мезетте экзаменатор бұлардың сөзін естіп қалған сияқтанып (Әділбекке солай көрінді), барлық абітуриенттерге ескерту жасады.

— Естеріңе салайын, шығарма жазу үстінде бір-біріңмен сөйлесуге, ақылдасуға болмайды,— деді.

Енді қыбыр-сыбыр басылып, бәрі тым-тырыс бола қалды, қағаздардың сыйырлаған дыбысы ғана естілді.

Әділбек өзімен-өзі ішінен ақылдасып, екінші тақырыпқа тоқтап, мәндайын үстап ойланып отырды да, шығарманың жоспарын жасап, жазуға кірісті...

Қанша уақыт өткені белгісіз, Әділбек өз ойын қағазға түгел түсіріп болып, шығармасын тамамдалп, сонаң соң қасындағы көршілерінің жағдайын байқағысы келіп, екі жағына көзін салып еді, Тентек те шығармасын аяқтапты, жазғанын ішінен оқып, үстінен қарап, тексеріп отыр екен. Ал Бибіхан буын-буын ғып бүктелген, ұп-ұсақ жазуы бар бір тілдей қағазды алақанымен қалқалап, сондағы жазылғанды асырып көшіріп жатты. Әзірлеп алған дайын шығармаларым бар деп еді, соларын қалталарына жасырып әкелген ғой. Демек, біреуінің тақырыбы тұра келген. Қалай қысылмай көшіреді? Емтихан алушы байқап қалса, шпаргалкасын сұрып алса, қандай үят! Әділбек Бибіхан үшін қобалжып, стол басында отырған екі экзаменаторға күстәнанып қарады.

— Мынауың не? Қоріп қалса жаман болады ғой,— деп қыздың құлағына ақырын ғана сыйыр етті.

— Енді көрмейді, көшіріп болдым,— деді қыз. Қымсынған жок. Алақанымен бүркеген қағазын ұсына қысып, тез жасыра койды.

Келесі күні кешкі сағат алтылар шамасында, шығармалар толық тексеріліп бітіп, «екі» алғандардың тізімі сыртқа ілінді. Әділбек шығарманы нашар жазбағанына сенсе де, тексеру қорытындысы қашан шыққанша көнілі орныға алмай алданған. Кім біледі, асығудан, абалламаудан жазба жұмысында мұлт кеткен бірденцелер шығып қалуы ғажап емес. Мектептегі мұғалімі болса, мұндай абайсызда жіберілген ақауды (мәселен, жазылуы оп-онай бір сөзден бір әріптің андаусыз түсіп қалуы секілді) қатеге санамас еді. Ол әр шәкіртінің қабілетін жаксы біледі ғой. Сондықтан әлгіндей мұлтіктің байқаусызыда кеткенін түсіне қойып, шығарманы бағалағанда, ен алдымен, мазмұнына, ойдың жүйесіне, стилі мен тіліне назар аударар еді. Ал қабылдау емтиханын алушылар — бейтаныс кісілер. Бұларға қай шәкірттің мектепте қалай оқығандығы, шығарманы қалай жаза-тындығы бимағлұм. Абитуриенттің мына жазған бір шығармасын ғана тексереді де, содан көрген мұлтіктерді

санап, баға қояды. Сонда оның да кателесуі ықтимал емес пе? Тақырыпты жақсы біліп, ойын кеңірек толғап, шығарманы молырак етіп жазған бір шәкірттің андамай жіберіп алған кішігірім кателері көбірек көрсетіліп, мазмұны тым жақсы жұмыска тәмендеу баға қойылып кетуі, немесе, өз ойынан ештеме жазбай, жасырып әкелген қағаздағысын қиналмай көшіріп берген біреудін (мәселен Бибіхан сияқты) шығармасы тәуір баға алып шыға келуі мүмкін ғой.

Әділбектің басына осы ойлар келіп еді. Сыртта ілінген «екі» алғандардың тізіміне абитуриенттер жапырлап үңіліп жатқанда, ол да кимелеп, мойнын созып, тізімге көзін жүгіртті. Бірақ нашар баға алғандардың қатарына ілініп кеттім бе деп күдіктеніп қараған жоқ, көнілін орнықтыру үшін қарады. Тентек пен Бибіхан да осы жерде еді, олар да топырлаған көппен бірге тізімді шолып үлгірді.

— Yh, жүргегім жана орнына түсті ғой, қара списокта жоқ екенмін! — деп куанды Бибіхан.

— Менің көнілім аздал күптілеу болып тұр, — деді Тентек. — Шығарманы жаман жазған жокпын, бірақ кейін ойланып көрсем, үш-төрт жерде тыңыс белгісін дұрыс қоймаған екем. Бұл — өзімің анықтағаным. Шығарманы тексерушінің тапқан үтірлері және болады ғой, «үш» алып қалсам, әрине, өкінішті...

Оның күдігі тұра келген: шығармадан «үш» алып қалған. Өзге емтихандарын ойдағыдан жақсы тапсырса да, осы жалғыз «үш» оған үлкен қырық жасаған, конкурстан өтуіне жарты балл жетпей қалған. Тентек қабылдау комиссиясына өтініш жазып, шығармадан «үшті» кездейсоқ алып қалғанына өкінішін білдіріп, әдебиетті өте сүйетіндігін, мектепте бұл сабактан еш уақытта «орта» деген баға алмағанын, он жылдықты бітіргендеге осы пән бойынша берілген мактау грамотасы барлығын және өзінің шалғай ауданнан келгендігін айтып, сондықтан осы жағдайларын ескеріп, оның қалап келген оқуына түсіне мүмкіншілік жасалуын сұраған. Шығарма жазудан қайтадан сын тапсырайын деп өтінген. Бірақ бұл әрекеттерінен еш нәтиже шықпаған.

Әділбек өткендегі сол бір оқиғаны өз пікіріне дәлел ретінде айтып келіп:

— Міне, көрдіңіз бе, әдебиетті шын сүйетін, осы пәнге нағыз құмар және қабілеті бар адам филология факультетіне түсе алмады да, ал әдебиетке еш қыры

жок, білімі тайыз, бірақ шығарманы шпаргалкадан әдемілеп көшіріп беріп, «төрт» алған Бибіхан секілді орташалар окуға түсіп кетті. Әділдік заңы Тентекке жак болса керек еді, ал өмірдің шындығы бұл жігітке қиянат жасады,— деді.

— Өмір жолы — бұраң дейтініміз сондықтан ғой. Адам сол өмірдің ережелеріне бағынады,— деді Хамза.

— Бұның рас,— деп күптады Әділбек.— Тентек конкурстан өтпеген соң, тауы шағылды да, документтерін кооператив техникумына апарып тапсырып, бұл жерде бірер пәннен тағы да қосымша емтихан беріп, бухгалтерлік окуға түсті. Ендігі жылы бітіріп шығады, жақсы оқиды. Бір-бірімізге жолығып тұрамыз. «Әдебиетші болғым келіп еді, сәті түспеді. Енді сартылдатып шот қағамыз» деп күледі. Мен оның жақсы бухгалтер болу қолынан келетініне шүбәланбаймын, қызметін тыңғылдықты атқарап, іскер есепші атанар, бұл — бір жағдай. Бұдан гөрі маңыздырақ екінші мәселе бар. Эр адамның жаратылсында әйтеуір бір нәрсеге артықша табиғи қабілеті болуға тиісті. Ол — жер астындағы тұма іспеттес. Бұлактың көзі дәл табылып ашылса, сылдырап ағып, төніргін көгертіп, өмірге сән кіргізеді де, ал егер көзі ашылмаса, жер астында тұншыққан қалпында жата береді. Сол секілді адамның да табиғи қабілётінің көзі тура ашылса, сонан соң дами алса, бұл жағдай адамды ерекше жарқыратар еді. Мен ойлаймын, егер Тентек әдебиетші бол шықса, ол дәл осылай айрықша жарқырар еді деп. Оның әдебиетке бейімділігі айқын байқалып тұр еді.

Хамза Әділбектің әсіресе соңғы пікіріне қатты сүйсінді. «Өзің тіпті, мәселені философша толғадың ғой!»— деді ішінен, бірақ жас жігітті көзінше мактамады.

— Ал, Бибіхан құрбың қалай оқып жүр?— деп сұрады Гүлбану.

Әділбек апасының сауалына қысқа ғана жауап қайтарып:

— Мәз емес,— дей салды. Біреуді сыртынан сынағысы келмедин, Бибіханның оку үлгерімі тәмен екенін, қысқы сынақ сессиясында бір сабактан сүрініп, жазғы сессияда тағы да бір пәннен емтихан тапсыра алмай, күзгі сынға қалғанын айтпады.

— Эрине, бес саусақ бірдей емес, институтта біз оқыған кезде де сабакқа тым нашар құрбыларымыз бол-

ған. Емтихан сайын жығылып-сүрініп жүріп, олар да диплом алып шықкан,— деді Гүлбану.

Оның бұл сөзді не үшін айтқанын түсіне алмай, Әділбек сәл таңданды:

— Сол нашар оқыған құрбыларынызды даттағаныңыз ба, мактағаныңыз ба бұл?

— Эрине, мактағаным емес,— деді Гүлбану,— олардың ішінен кейін еңбегімен көзге түсіп, алға шықкан біреуі жоқ. Қеше шамалы оқыған студент, бүгін орташа ғана дәрежедегі маман боп жүреді екен. Құнін көреді. Эрине, семьясын да асырай алады, тұрмысы да жаман болмайды. Бірақ творчестволық ойы жоқ, қарымы қыска болған соң алықа көз жібере алмайды, қарсы алдынағы қарайғанды ғана көріп, жер бауырлап үшады. Мұндай шабытсыздар кімнін арманын үштай алады? Кімге қанат бітіреді? Осында әлжуаздар мұғалім боп журсе (біздің арамызда мұндайлар аз емес), бұл тіпті жаман. Өйткені педагог мамандығына жас үрпактың тағдыры сабакталады. Ағаға қарап, іні өседі. Ұстазының қарап, шәкірті қанат қомдайды.

— Өте әдемі пікір!— Әділбек сүйсіне түсіп, апасы мен жездесіне мактау айтты.— Сіз екеуініз де мұғалімдік мамандықты дұрыс таңдағансыздар! Екеуініз де тамаша педагогсыздар! Келешекте сіздерге сәл-пәл үқсай алу қолынан келсе, өзімді осы жолды қалауға жетелеген, пединститутқа түсуге мәслихат еткен сіздердің сенімдерінізді аз-маз болса да актадым-ау деп қуанар едім!

— Бұрнағы жылы сол институтқа бет алып аттанып, бірақ ауылдан шыға бере айнып, орта жолдан бұрылып, кері қайтқан ең, осы қылышынды да есіне аларсың сонда!— деді Хамза құліп...

### III

Хамза мұны құліп еске түсіргенмен, Әділбектің орта жолдан бұрылуының үлкен себебі бар болатын. Бұрыннан ескі наукасы бар анасы Нагима (оның асқазаны ауыратын) Әділбек орта мектепті бітіретін жылы қыс бойында жиірек сырқаттанып қалып жүрді де, сызды көктемде дерті менденкіреп, төсек тартып жатып қалған-ды. Бірі ауылда, бірі көрші ауданда тұ-

ратен үзаткан екі қызы, екі күйеу баласы, жалғыз ұлы Әділбек — бәрі үгіттеп, аудан орталығындағы жақсы ауруханаға апарып жатқызайық, тәжірибелі дәрігерлерге қаратайық, емдетеік деп, ақылдарын айтқанмен, шешелерін көндіре алмаған.

— Әділбек үйде жалғыз өзі қалай қалады? Он жылдықты бітіргелі быт, емтихандары таяу қалды... Ауруханаға барып жатсам, сыркатыма аландауым косылып, мазам тіпті кетер, үйдегі жылы төсегімнен козғамандар мені,— деп өтінген Нагима.

Әділбек ауру шешесін демемек болып:

— Мама, мен жас бала емеспін ғой; маған аландаңызды! Үйді де өзім қараймын, тамағымды да өзім пісріп ішемін, емтихандарды да дұрыстап тапсырамын, маған еш алабұртпаңыз. Ауруханаға баруның керек!— деп еді.

Нагима оның бетіне қарап, аурудан ағарынқырага қуқыл жүзі жылынып күлімсіреген.

— Балам-ау, сен қауіптенетіндей дертім жок, бұрынғы ескі науқасым ғой, мына көктемнің салқынын көтере алмай қалдым аздап...— деген. Сәл бөгеліп, соナン соң қыздары мен күйеу балаларына көзін аударып, сөзінің сонын соларға қаратып айткан.— Ауданың тәуір лекіннеріне көрсетемін десендер, қарсылығым жок. Онда оларды, егер келе алса, осында алдырып, өз үйімде қаратындар мені. Ал келе алмаса және ренжімеймін. Өзіміздің ауылдағы пелшір келін бар ғой, менің сыркатымның жайын сол да жақсы біледі. Оның берген дәрісін ішіп, жазылып кететінмін ылғи...

Қыздары мен күйеу балалары Нагиманың үйден үзап ешқайда барғысы келмейтінін және мұның себебі орта мектепті бітіргелі стырган жалғыз ұлының жағдайына байланысты екенін түсінгеннен кейін, науқас адамды кайтадан үгіттеп мазаламады. Ауру шешені тәжірибелі дәрігерге үйде қарату мәселесін аудандық үлкен аурухананың бас дәрігерімен сөйлесіп, келісіп келу үшін келесі күні Хамза аудан орталығына жедел жүріп кетті. Бас дәрігер едәуір сыркаты бар адамның ауруханаға жатып қаралғысы келмегенін күп көрмей, басын шайкаса да, мән-жайға түсінген соң, жәрдем беруге уәде сткен.

Екі күннен кейін ауданнан арнайы келген егделеу дәрігер әйел науқасты асықпай үзак қарады. Бұл уақытта Әділбек мектепте сабакта еді, шешесінің қасында

Гүлбану болды. Әділбек үйге оралғанда, дәрігер әйел кеткелі жатыр екен.

— Әзірше осы дәрін іше тұрсын. Жақсы дәрі, жаңа препарат. Біздін аурухана дағана бар, бүгін барып алышыздар, өзім бергізейін,— деді ол Гүлбануға үйден шығарында.

Ауру шешенің сырқатының беті қалай екенін, дәрігер бұл жөнінде не дегенін Әділбек біле алған жок. Дәрігер де жылы жүзбен коштасып жүріп кетті, ауру ана да оған ризалық білдіріп, жақсы тілекпен «жол болсын» айтты, Гүлбану да оны құлімсіреп шығарып салып, есік алдында, санитарлық машина ұзап кеткенше, сонынан қарап тұрды.

— Дәрігер не деді, мама?— деп, Әділбек анасының қасына келіп отырып, ақырын ғана сұрап еді.

— Осыны ішсөң, тәуір боласың деп, бір дәрі жазып берді. Жаңа дәрі, шипасы күшті дәрі деді, сәтін салса, тез жазылып көтермін...— Нагима арық қолын созып, ұлын арқасынан сипады.— Танертең тамақ ішпей кеткениң не, балам? Қарның ашты ғой...

— Қарным ашқан жоқ, мектептің буфетінен тамактанып алдым.

— Оның сүк тамағы ас бола ма, балам-ау! Адам ыстық ас ішпесе...

— Мама, тоқтай тұрыңыз, әнгімені басқа жаққа бұрып баrasыз!— деді Әділбек шешесінің сөзін бөліп.— Сұрағыма жауап бермедініз ғой. Дәрігер не айтты? Ауруханада жатып емделу керек деді ме, демеді ме?

— Ауруханаға алып кетемін десе де бармайтын едім. Төтеннен келген кесел емес, өзімнің ескі дертім, қалай емделу керектігін білемін. Емге берген дәрісін ауруханада жатып іштім не, үйде жатып іштім не, бәрібір емес пе...— деді Нагима.

Сөзінің әлпетіне қарағанда, дәрігер оның сырқаты жеңіл еместігін байқап, науқас анаға ауруханада жатып емделуді мәслихат еткен болуы керек. Бірақ Нагима уайым айтпай, жадырап сөйтеп жаткан соң, Әділбек көңіліне еш күдік алмады, анасының үйде қалғаның куанды.

Дәрігердің жазып берген дәрісінің расында да шипасы тиді, бір аптадан кейін Нагима төсектен басын көтеріп, бұрынғыдай емес, тамакқа да тәбеті тартып, азаздаш ас ішіп, және татқан дәмі бойына сіңіп, ептеч тәуір бола бастады. Қөктемнің соңғы айында топырақ

әбден қызынып, қыстың сыйы мүлде қайтып, дала жылынғаннан кейін сыртқа шығып, күн шуақта біраз отыратын болды. Жүдеу, қуқыл жүзіне қан жүгіріп, өңіде кіре бастады.

Әділбек орта мектепті тамамдағаннан кейін қай жоғарғы оқу орнына түскісі келетінін толық ойланып, берік байлам жасап қойса да, шешесі сырқаттанып жатқаннан бёргі көніліне үлкен алған кіріп, қобалжұы көбейіп жүрген. Ауру ана науқасынан айықласа, Әділбек, әрине, еш жаққа үзап шықпайды. Бұл — нық байлаған шешімі болатын. Енді Нагима басын көтеріп, сыртқа да өзі кіріп-шыға алатын болып, күннен-күнге тәуірленіп келе жатқаннан кейін, Әділбектің көніліне куаныш ене бастаған. Сәтін салса, дәрігердің жана дәрісі дерптің бетін қайтарып, ауру шеше біраз күнде мүлде сауығып кетер. Бірақ бір желім ой ыдырамады, күннің көзін жауып, аспанды тұтасып бүркеп алған жаңбырлы салқын күздің сұрғылт бұлты секілденіп, енсені көтертпеді. Әділбектің куанышына құдік араласа берді. Нагиманың ауруы — ескі ауру. Ал ескі науқас қара сұлік сияқты пәле ғой, адамға бір жабысып алса айрылмайды. Одан құлан-таза айығып кету киын. Әділбек осы жағдайды көп ойлап, анасының жақсы сауығып кеткеніне көзі жеткенше, үйден алыска ұзамауды, институтқа оқуға баруды биылша коя тұруды мақұл көрген. Нагима орта мектепті алтын медальмен бітірген ұлымен оның алдағы окуы жөнінде ақылдасқысы келгенде, Әділбек сол шешімін бірден айтқан:

— Институт ешқайда қашпайды, мама. Был бара алмасам, келесі жылы барамын. Мен оны сырттан оқысам да, бітіріп шығамын, бұл жағына алан болмаңы!

— Оған шубәм жок... — деп Нагима ұлына сенім білдіре сөйлеген. — Бірақ адам қол соған нысанасына кешікпей жеткені абзал, әрі істің уақытында орындалғаны жақсы. Уақытқа ілесіп отырмаса, кісі бір жыл түгілі, бір күннің ішінде қыруар нәрседен ұтылып калады...

Нагима осылай деп, бұл сезінің мағынасына Әділбек ой жіберсін дегендей, бөгеліп, біраз үнсіз отырды. Соңан соң өзінің аурудан айығып, тәуір бол қалғандығын, бойын еркін жаздырмай жүрген қазіргі сырқаты — үзақ науқастан кейінгі жалпы әлсіздік екенін, соның өзінде де үйдегі женіл-желіпі шаруаға карауға шамасы келетіндігін, сондықтан ұлының ештемеден құдіктенбей, үйге аланدامай, қалаған институтына барғанын мақұл көре-

тіндігін түсіндіріп айтып еді. Әділбектің жоғары окуорнына түсіүін мектептегі мұғалімдері де құптап отырғанын және дәлелге келтіріп сейлемен-ді.

— Құс та түлегінің топшысы бекіп, қауырсыны же тілген сон, оның үядан көтеріліп үшқанына қызығып карайды ғой. Сенің үшқаныңды көріп, он жыл оқытқан мұғалімдерін де солай куанғысы келеді. Бұл сенімді актау да — үлкен парызын,— деп, Нагима сезінің соңында ұлына ірі салмақ артып токтаған.

Әділбек ойланып қалды. Анасы бұл сөзді мұны қайрау үшін айтпаған болар. Сырқатының беті қайтқанына көзі жетпесе, бұлай демесе керек еді. Ауру кісі өз қасында ен жақын адамы болғанын тілейді ғой. Жақын адам — науқасқа қуат, демеу. Анаға жалғыз ұлынан жақын кім бар? Ал ана осы ұлының канат сермен алышқа үшқанын тілеп отыр.

— Иә, балам, қалай дейсің енді?— деп сауал берді ұлынан жауап тосып отырған Нагима.

— Сіздің тілегіңіз болсын,— деді Әділбек...

Ол оқуға жүргетін күні бұлардың үйіне ағайын-туystары, достары, тілеулес көршілері жиналдып, дастаркан жайылып, Әділбекке дәм үстінде көп-көп игі тілектер айтылды. Бәрі де оған зор сеніммен үлкен үміт артып, сапарына жақсы сәт тілеп, болашақтың ұзак жолына үйден қуанып шығарып салған еді. Інісін қалаға дейін үзатып салмақшы боп, көрші ауданнан әдейі «Волгамен» келген апасы Сапия: «Билет әперіп, самолетке өзім отырғызып жіберемін»,— деп жолбасшылық көрсетіп. Әділбекті сол алып кеткен болатын.

Женіл машина ауылдың іргесінен үзай бергенде, кейінгі орындықта отырған Әділбек бүкіл денесімен бұрылып, кабинаның артқы әйнегінен үй жаққа қарап еді. Есік алдында жиналған жүрт, зымырап кетіп бара жатқан «Волганың» соңынан көз жіберіп, әлі тарамай түрекен. Үстінде жасыл барқыт камзолы, ақ көйлегі бар, басына ақ шәлі тартқан анасын Әділбектің көзі бірден шалды. Ортағана бойлы, денесі де жұқа, арық шешесі, оған бойы ұзарып кеткен сияқтанып, жіңішке ақ қайынға ұқсан көрінді. Бір мезгілде ана аяғы талған секілденіп, касында түрған Гүлбанудың (Әділбек оны да үстіндегі ақ кофтасынан таныды) иығына қолын салып, оған сүйенгендей болды. «Үйге кіріп дем алсаншы, мама! Шаршайсың ғой!»— деп қалды Әділбек ішінен.

Машина ұзай берді. Артта қалып бара жатқан ауыл бүлдүр-бүлдүр етіп алстай түсті де, әрі-беріден кейін сағымданып, көкжиекпен астасып, көзден ғайып болып кетті. Ауылдың бер жағындағы дөңгелек-дөңгелек шок қайындар ғана қарауытып тұрды. Әділбек осы кезде ғана әйнектен көзін тайдырып, енді бетін алға қаратып, жөнделіп отырып еді, бірақ есік алдында Гүлбанудың иығына сүйене берген анасы көзіне елестеп, көңілі біртурлі кобалжыды. Шешесі сырқатынан әп-әдемі айыққан секілді еді. Оқуға жүретін ұлының жабдығын қамдап, әрі тоқымқағар жасаймын деп, соңғы екі-үш-күнде көбірек қыбырлаған. Аурұдан жақында түрған әлсіз адам осыны көтере алмай қалды ма екен? Әлде есік ауруы қайталай ма? Немесе, алыс жолға тұнғыш шыққан жалғыз ұлының туған ауылдан ұзап бара жатқанына көңілі босады ма?

Әділбектің басына осы ойлар келіп, көңіліне бір жұмбек сұраулар орала берді. Солардың шешімі әр саққа тартып, Әділбек қалып ойдың бүлтынан арыла алмай, аттанып шыққан сапары — куанышты жол болса да, еңсесі көтерілмей, тым-тырыс отырды. Шофердің қатарындағы алдыңға орынға жайғасқан Сапия інісінс бір-екі рет сөз катып еді, Әділбек жауап қайырмады, өз ойының қамауында отырған ол апасының не дегенін ұғза алмады.

Сапия оған бұрылып қарады:

— Әділбек, неге тұнжырап келесін? Өнің неге жағырқау? Институтқа оқуға түсуге көтіп бара жатқан жігіт осылай көңілсіз отыра ма екен? Лепілдеп сөйлемейтін бе еді, куанып ән айтпайтын ба еді?!

— Мамамды ойлап келемін... — деді Әділбек.

— Пәлі! — Сапия күлді. — Маманың емшегін сметін жас бала емес екенінді енді ұмыт, бауырым! Бұдан былай сені қолынан шешен жетелеп журмейді. Онынша бітірдің, қанатың жетілді, бұдан былай өзің ұшатын боласын.

— Мұны білемін ғой...

— Ендеше неменеге мұңайып келесін?

— Мамам жиі ауырады... сырқаты бар ғой... — деді Әділбек даусы ақырын шығып.

— Бұған да қапаланба, бауырым. Ол кісіні қарайтын жүрт бар. Ол шеше — сенің ғана мамаң емес, менің де, Гүлбанудың да, біздің күйеулеріміздің де — бәріміздің анамыз. Бағамыз, күтеміз, жүдептейміз. Ертең ауруха-

насына да күнде барып тұрамыз, қасында боламыз.  
Ал сен...

Сапия кілт тоқтап, бір құпияны байқамай ашып қалғандай, алақанымен аузын баса қойды. Әділбек селк етіп, апасының бетіне шошыған түспен қарады:

— Не дейсін? Мамам ауруханаға түсе ме? Мұны менен неге жасырдыңдар?

— Урейленбе! Мен олай деген жокпын ғой, аурухана жайындағы сөз аузынан жәй шығып кетті,— деп Сапия жалтарғысы келіп еді.

— Жок, жасырма! Шынынды айт! Жас бала емеспін, алдама мені!— деп Әділбек апасын қыса түсті.

Сапия енді бұлтара алмады. Нагиманы ауылға келіп қараған дәрігер, оның ауруы дәрінің көмегімен тез жазылып кететін жеңіл сырқат емес, операция жасатпаса, дерт асқына беруі мүмкін екендігін ескертіп, науқасты ауруханаға дереу жатқызу керек деп, кеңес берген болатын. Бұл жағдайды Гүлбану, Хамза, Сапия және оның ері — төртеуі әуелі өздері ақылдастып, бір пәтуаға келіп алды да, соナン соң пікірлерін ауру шешеге жайлап түсіндіріп, ақырында айтып көріп еді. Нагима бәрін ұғып, операция жасатуға тәуекел етіп, келісімін берген. Тек бір ғана тілегі болған: ұлының көnlін қобалжытпауды ойлады, Әділбек окуына алаңсыз жүріп кетуі үшін, осы жағдайды оған әзірше айтпай қоя тұрындар деп өтініш еткен.

Сапия сол құпияны сездіріп алғаннан кейін, аурухана туралы сөзді қалай абыламай сөйлеп қалғанына қаты өкініп, бірак енді лаж жок, шындықты түгел айтуға мәжбүр болды.

Әділбек бұл жайды естігенде өні бұзылып, біраз уақыт үнде мей отырып қалды.

— Сонда мамам ауруханаға қашан жатпақшы?— деп сұрады бір мезгілде.

— Уш күннен кейін... сәрсенбінің сәтіне...— деді Сапия.

Әділбек тағы да біразға шейін төмен қарап, үн-тұнсіз отырып қалды. Бір кездे шофердің иығына қолын сәл тигізіп: «Машинаны тоқтатыңызшы!» — деп өтінді.

Шофер «Волганың» жүрісін баяулатып, жолдың жиегіне шығып тоқтады.

— Неге бөгелдік? Басың айналды ма? Жүргегің айнады ма?— деп Сапия інісінің өні қашқан түріне ала-бұтып қарап еді.

— Эрі карай жүрмейміз, осы жерден кейін қайта-  
мыз... Менің ешқайда барғым келмейді...— деді Әділбек.

Сапия оның сөзін оқыс көріп таңырқанды:

— Бауырым-ау, бұл не дегенің! Сен институтқа түсү-  
ге бет алып шықтың емес пе? Қой, бөгде сөзді, жүрелік  
ілгері!

— Жоқ, кейін қайтамын... анама операция жасаса,  
қасында боламын,— деді Әділбек.

— Аナン саған өзі рүқсат беріп, жолыңа он сапар ті-  
леп шығарып салды емес пе?! Орта жолдан кері қайтка-  
ның қалай болады, ойласаңы!— деп Сапия інісінің бе-  
тін байқап, енді шын абыржыды.

— Әпке, мені үгіттеудің керегі жоқ, кейін қайтамын  
дедім, кейін қайтамын!— деді Әділбек.

Ол сөзді келте қайырды, інісінің өзгермес райын Са-  
пия да ұкты, машина ауылға қарай бұрылды...

## IV

Балдызын әзілдеп, Хамза күліп еске ту-  
сірген оқиға осы болатын. Бір кезде өзін қорқытқан істің  
соны жақсылықпен тынса, сол өткенді еске алғанда,  
сондағы кей қылыштары кейін қызық көрініп, балаша  
мәз бол қүледі ғой кісі. Хамзаның мынау әзіліне сүйсі-  
ніп, Әділбек жездесіне қосылып, өзі де құлді.

— Шындарынызды айтыңыздаршы, мені педагог  
болуды қалаған арманынан айнып қалды ма деп, өзде-  
рініз де корыктыныздар ғой сонда!

— Ондай ойдың басыма келгені рас,— деп мойында-  
ды Хамза.

— Ал сіз ше? Сіз де солай ойладыңыз ба?— деді  
Әділбек апасына.

— Мен шұబәланған жоқпын, мінезіңнің тұрактылы-  
ғына сенетінмін. Тек бір жағдайға — орта мектепті ал-  
тын медальмен бітіріп тұрып, сол жылы институтқа бара  
алмағаныңа, жолынды тағдыр бөгеп қалғанына аздал  
куйзелдім,— деді Гүлбану.— Бірақ оқасы жоқ, бір  
жылдан кейін бәрі орнына келді ғой. Тағдырды біз тү-  
зеттік, шешеміз жазылды, сен өзің сүйген институтқа  
түстің. Міне, жоғары оқу орнының бірінші курсын, бар-  
лық емтиханнан өте жақсы деген баға алып, тамаша

бітіріп келіп, үздік студент болып, шешемізді қуантып отырсын. Тұған ананы бақытты ету дегеніміз — оған перзентінің осындай қуаныш көрсетуі емес пе! Үлкен рақмет саған!

Апасының сөзіне Әділбектің көнілі шалқып қалды. Бірақ бұл масайрау — үздік студент болдың деп өзін мақтағанға елтігені емес, шешесінің бақытты болғанына қуанғаны еді. «Асыл ана! Бізді жетілтемін деп, кешкен бейнетің аз емес еді, алдағы ғұмырында тек қана бақыт көріп өтші! Сені әрдайым қуанту — менің де ұлы парызым!»— деп жүргегіне бұрыннан бекіткен антын ішінен қайталап, сол сертін ұқтырығыс келгендей ажармен аласы мен жездесіне өні ерекше бал-бұл жайнап қарады.

— Аnam риza болса, anамды қуантсам, мен үшін де бұдан үлкен бақыт жоқ! — деді.

Анасы бұрнағы жылы ауруханада жатқанда, езі оған бір сыйлық алып барғанда, шешесінің қалай қуанғаны есіне түсті. Наукас анасына қарайлап, орта мектепті бітіргеннен кейін ауылда қалған Әділбек, Нагиманы дәрігерлер ауруханаға жатқызған соң, үйде бостан-бос отыра алмай, келесі күні совхоз директорына өтініш жазып барып, құрылымындағы бригадасына жұмысқа кірген болатын. Әуелгі әзірде шәкірт санатында бол, балшық тасу, цемент араластыру, бөрнене көтерісу секілді түрлі істерді аткарды. Сака жұмыскерлерге бала жігіттің үқылтылығы, елгезектігі, үйреткенді тез ұға коятын зеңректігі, әсіресе, жұмысқа ебі барлығы қатты ұнады. Аздаған күндер ішінде ол кірпіш қалауды да, үйдін бұрыштарын кірпіштен қалай қып шығарудың әдісін де әп-әдемі менгеріп алды. Сонан кейін бригадир оны ысылған құрылышшылардың катарына қосқан-ды.

Нагимаға, ауруханаға алынғаннан кейін бір аптадан соң, операция жасалған еді. Ұш сағатқа созылған ауыр операция сәтті болды. Нагима күн өткен сайын тәуірлеңіп, тез оңала бастаған.

Әділбек ауру шешесінің хал-жағдайын білу үшін аудан орталығындағы ауруханаға күнде барып тұрды. Жұмыстан кейін Хамзаның мотоциклімен екеуі шығып кетеді, жездесінің қолы тимсей қалса, өзі жалғыз тартады. Аудан орталығы онша қашық емес, жолы да жақсы — асфальт, мотоциклъмен бір сағатта жетіп барады. Аурухананың кезекшілері де мұны жақсы танып алған,

иғының жамылуға ак халат беріп, Нагиманың жатқай палатасына кідіртпей кіргізе кояды.

— Балам-ау, мен сауыға бастадым ғой, мұнда дәрігерлердің күтуі де жақсы, беретін тамағы да онды. Өзің жұмыс істеп жүрсің, шаршайсың, маған күн сайын келмей-ак, екі-үш күнде бір келсең де болады ғой,— деп анасы ұлын аятын-ды.

— Мен жұмыстан ешқандай шаршап жүрген жок-пүн, мама! Қазір балаңыз анау-мынау емес, дырдай құрылышы! Ал, құрылышылар дегеніңіз — шаршауды білмейтін халық! — дейтін Әділбек шешесінің көңілін көтергісі келіп.

Жұмысқа кіргеніне бір ай толып, ол алғашқы жалақысын алған күні, ең алдымен анасына жақсы бір сыйлық апаруды ойладап, аудан орталығындағы үлкен универмагты аралап, шешесіне лайықты тарту іздеді. Тұрлі-түсті жібек көйлек, барқыт қамзол, шашақты торғын шәлі, сәндеп тігілген былғары мәсі секілді әсем заттарға қызығып ұзак қарады. Бірақ бұлар қазір жайнап тұрғанмен, біраз кигеннен кейін түсі оңады, тозады. Ал, Әділбектің ұсынар сыйлығы — мұның алғашқы еңбек ақысының белгісі ретінде ұзак сакталатында, ескірмейтіндей болуы керек. Эйелдердің қолына тағатын бір әдемі алтын сағатка Әділбектің көңілі ауды, бірақ шешесінің қолға сағат тағуды дағды етпегені есіне түсті. Гүлбанудың әперген сондай бір сағатын Нагима қолына бір күн тақпай, сандыққа салып койған. «Кейін келінім тағар қолына!» — дейтін. («Әй, мама-ай, қызықсың-ау! Келініце де бір сағат алып беруге шамам келетін шығар!»)

Әділбек ақырында бір алтын сырғаны тандап және мұны өз шешесінің жасындағы әйелдердің құлағына тағуға өте лайықты екенін сатушыдан айқытап сұрап біліп, соңан соң сатып алды.

— Мен бүгін алғашқы жалакымды алдым, мама! Сізге әдейі арнап, бір сыйлық әкелдім, мінеки! — деп, Әділбек кішкене қорапшаға салынған алтын сырғаны, қакпағын ашып, анасына мактанашибен ұсынып еді.

— Түү-у, кандай қымбат сыйлық әкелгесің! Өте әдемі сырға ғой мынау! — деп Нагима қуанып, сырғаны ала-канына салып, тамашалап қарады. — Мұны да тығып кояйын, кейін келінім құлағына тақсын!

— Жоқ, мама! Бұл — сізге арнап алған сыйлығым, өзіңіз тағасыз. Құлағыныздағы анау ескі күміс сырғаны

ағытып алышыдағы, осы қазір тағыныз!— деп өтінді Әділбек.

Нагима: «Бетім шалбар-шалбар, маған жараспайды ғой мұндан сырға!»— деп күліп, тартыншақтап еді, ұлы оны ырқына қоймады.

Палатада Нагимамен бірге жатқан екі-үш әйел Әділбектің сөзін қостап: «Жараспайды дегені несі? Әуел: тағынызың құлағынызға! Қалай жарасқанын біз айттайық сізге!»— деп, олар да қолкалады. Жастау біреуі орнынан әдейі тұрып келіп, Нагиманың құлағына алтын сырғаны тағуға көмектесті. Сонан соң халатының жан қалтасынан дөңгелек айнасын алып, Нагимаға күлім-сіреп ұсынып: «Ал, енді өзіңіз қаранызыш! Мына сырға сізге сондай жақсы жарасады!»— деді.

— Сізге әдейі арнап жасағандай екен!

— Өнінізді жайнатып жіберді!— деп анау әйелдер де мактады.

Нагима айнаға қарағанда, бұрынғы ағарып жүдеген, күкүл тартып тұратын кескінінің рені біртүрлі арайланып көрінді. Толқыған ішкі күйдің өнен білінген нұры ма, әлде алтын сырғаның жарыққа шағылдысып бетке түскен сәулесі ме, әйтеур бір қызығыт шұғыла жүзін шалған. Әділбек айнасының жүзінен көрінген осы нұрды оның қуанғанының белгісі деп ұқты. Шешесін қуантканына көnlілі өсіп, масайрай түсті.

— Бұ сырғаны енді құлағыныздан алып тастамаңыз!— деді айнасына еркелей қарал.

— Жарайды, балам! Құлағыма тақтым ғой, енді ағытып алмаймын. Бұл сырға алтын болғаны үшін емес, сенін жұмыска тұрып, алғашқы жалакына шешене арнап алған сыйлығын болғандықтан, маған аса қымбат!— Нагима даусынан сәл діріл білініп, толқып сейледі.— Өркенің өссін, ұлым! Мені зор қуанышқа бөледін. Сырқатыма осы қуаныштан артық ем жок. Қазір, міне, мұлде сауығып кеттім! Қөрмейсің бе, бетіме десқан жүгіріп шыға келді.

Кейін Әділбек ауылдан жыракта жүрген уақыттарында, айнасын ойлағанда, Нагиманың сондағы бір қуанғанда арық өні нұрланғанын көз алдына елестететін еді. Шешесінің: «Сырқатыма осы қуаныштан артық ем жоқ!»— деп, көnlілі өсіп айтқан сөзін есіне алатын.

Иә, қуаныш — үлкен шипа ғой. «Асыл анам! Мен саған тек қана қуаныш көрсетуге, сені еш уақытта рен-

жітпеуге тырысамын!»— деп, Әділбек ішінен ант беретін.

Озі ес білгелі, не тіл алмай қынырайып, не тентектік жасап, немесе өтірік айтып біреуді алдап, анасын кейіткен жері жоқ-ты. Тек бір жолы ғана шешесінен шындықты жасырып, бір құпияны біліп тұрып білмеймін деп, жалтарғаны бар еді. Ол кезде Әділбек жасырақтау еді — жетінші класта оқитын. Жасырғаны — Сапия апасының құпиясы болатын.

Сапия ауылдағы он жылдық мектепті бітірген соң, мал шаруашылығына баруға тілек білдірген бір топ құрбысымен бірге сиыр фермасына сауыншы бол жұмыска кірген еді. Сол жылы жазда осы ауылға Алматы ауыл шаруашылық институты студенттерінен құрылған құрылышшылар отряды келіп, ірі қараға арналған үлкен мал қорасын салды. Өздері және шеттерінен ән айтатын, домбыра тартатын өнерпаз жастар екен, ауылда сауық кештерін үйымдастырып, концерт қойып, жүртты қатты риза еткен.

Осындай сауық кештің бірінде Сапия Құлахмет деген студентпен танысқан-ды. Құлахмет — қоңырқай өнді, сұлу кескінді, сұнғақ бойлы, сымбатты жігіт болатын. Мінезі де ақжарқын екен. Сапиямен танысқан бетте-ак, кейбір жігіттерше қыз алдында сіресіп пансынбай, маңғазсымай, бұрыннан біліс адамша әзілдесіп, жарқылдан сейлесіп кетті.

Ол сол кеште Сапиямен ғана биледі. Кештің сонынан қызды үйіне дейін шығарып салды. Жолда жігіт өзі туралы аздап айтты: институттың агрономия факультетінің акырғы курсында оқиды екен; туып-өсken жері, ата-анасының тұратын мекені — Оңтүстік Қазақстан облысында көрінеді; ал өзі диплом алған соң, Қазақстанның мол егін өсіретін байтақ тың өлкесіндегі бір совхозға агроном бол баруды ойлайды екен.

— Ендеше біздің совхозға келініз!— деп қалды Сапия.

Бұл сөзді сол минутта ешқандай бөтен ойсыз, ақ көңілмен айтса да, артынан үйге келген соң есіне түсірігендеге, қыз өзінің солай дегеніне скі беті дуылдан, ұялып кетті. Мұнын сөзін жігіт қалай түсінуі мүмкін? Сапияны женілtek қыз шығар деп ойлап калмады ма екен?

«Жоқ, олай ойлай қоймас!» Жылы жүзді, ашық мінезді, ақ жарқын студентті Сапия ондай тайыз ақылды

жігітке санай алмады. Белгісіз бір нәзік сезім жүргегіне оралып, Құлахметтің бейнесі көз алдына келе берді.

Осы жұмбак сезім кейін ұлғайып, жігіт жүргегінің толқынымен үндесіп, екі жас адамның арасында махаббат оты тұтанған еді. Студенттердің құрылыс отряды мойынға алған жұмыстарын аяқтап, мерзімді уақыттары бітіп, Алматыға кайтқанда, Құлахмет Сапияға өзінін адал көнілін білдіріп, қызбен берік сөз байласып аттанған болатын.

Сапия одан жі қатында алаулаған сағынышын жазады. Ауылда өткен қызықты кештерді еске алады. Сапия екеуінің оңаша сырлассаң шақтарында айтылған ыстық сөздерді ойға түсіреді, екі жүрек бірігіп тілеген тәтті армандарды ақынша толған кетеді. Алдағы болашакты биіктік жарқырап жанған үлкен жұлдызға тенел, содан бет аудармай ұшып келе жатқанын айтып, енді оған жетуге жакындал қалған сияқтымын деп қуанады. Бұл сезінің астары бар секілді. Жігіт өзінің ғашығын аспандары жарық жұлдызға балап, соған деген ынтығын білдіріп отырғаны анық. Қыз мұны ішінен аңғарып, жымып күлетін. Ерні нәзік қана қыбырлап: «Сүйіктім! Мен де сені асығып күтудемін!..» — дейтін ішінен. Жігіттің қатын бірнеше рет қайталап өкітін. Соңан соң сандығына салып, оның аузын кілттеп коятын.

Сол сандықта, жігіттің хаттары сакталған конверт ішінде және бір құпия сурет бар еді. Бұл — Құлахмет пен Сапия екеуінің иық түйістіріп катар отырып түскен фотосы болатын. Студенттер жазда осы ауылда жұмыс істеген кезде Құлахметтің бір жолдасы түсірген фотосурет. Сапия мұны ешкімге көрсетпей, өзі ғана онашада колына алып қарайтын. Қараған сайын жігіттің суреттегі бейнесімен тілдескендей болып, майда жел өрбебеген көл бетіндегі толқындаған бір нәзік тәтті сезім жүргегін елжіретіп, бойын билеп, өзге дүниені түгел ұмыттырып, Сапия өзгеше бір халге түсетін.

Ол осындағы күйде отырған бір шағында, өзінің сырт жағынан келіп, мұның колындағы фотога таңданып қарап тұрған інісін байқамай қалды. Әділбек суретті анықтап көріп алғанинан кейін, тамағын қырынып, касақана жөткірінді. Сапия селк етіп, абыржып калып, фотоны алаканымен жауып, кеудесіне баса койды.

— Жасырмай-ақ қой, бәрібір көріп алдым! — деп ыржактап күлді інісі.

— Мұның жарамайды! Біреудің колындағы құпия затқа сыртынан ұрланып келіп қарауға болмайды ғой! — деді Сапия оны жазғырандай болып.

— Э, мен сенің касына бұғынып келгенім жок. Колында мынадай құпия фотокәртішке барын да білгенім жок. Бұл не қылған сурет өзі? Қасында отырған жігіт кім? — деді Әділбек әлденені іші сезгендей жымың-жымың етіп.

Сапия қызара күлімсіреді:

— Бұл жігіт — жақсы бір таныс замандасым. Біздің семьяға дос-жар адам.

— Біздің семьяға? Біздің бәрімізді де біле ме?

— Біледі.

— Мені де ме?

— Эрине...

— Бұл кісін тіпті көрген емеспін, мұлде танымаймын, ол менің қайдан біледі?

— Білудің жолы көп қой, ол саған сыртыннан жақсы қанық.

— Ә-ә... Маған ол кісінің қандай катысы барлығын енді түсіндім!..

— Солай ма? Тапқыш екснінді білейін, ендеши айта койшы ал, қандай катысы бар? — деді Сапия күліп.

— Тура айтайын ба?

— Иә.

— Ол маған жездे болғалы жур екен.

— Жап аузынды! — Сапия Әділбектің сөзін біреуміреу естіп қалды ма дегендей жан-жағына алақтап қарады, бірақ үйде екеуінен өзге ешкім де жоқ еді, сонсон күліп жіберді де, енді інісіне жалына сейледі. — Сен ақылды баласың ғой, мұндай сөзді бұдан былай дауыстап айтпа, үят болады. Мына фотоны көргенін жөнінде де тісіннен бір сөз шығарма, жарай ма? Осыған уәде бересің бе?

— Берсейін.

— Ой, айналайын!..

Осы әнгімеден кейін арада бір ай өткен шамада Әділбек апасының тағдырына катысты тағы да бір құпия оқиғаға күз болды. Ымырт үйіріліп, үйлерде шам жағыла бастаған кез еді. Әділбек бір жактан келіп, үстібасының шанын сілкіп, беті-колын жуынЫп, кешкі тамағын ішуге дастаркан басына енді отыра берген кезде, біреу сырттан терезені ақырынғана шертіп қаққандай болды. Әділбек елең етіп, әйнектен қараган кісіні бай-

қап, терезенің алдына үмтұлып барды. Сапия екен. Қолымен ымдап, інісін сыртқа шакырды да, өзі терезенің қасынан әрі қарай жылдам сырғып кетті.

Әділбек үйден жүгіріп шықты.

— Балам-ау, қайда кеттің? — деп шешесі сонынан дауыстап еді.

— Қазір, мама! Бір минут! — деді Әділбек табалдырықтан секіріп түсіп бара жатып.

— Қап! Тамағы суып қалатын болды-ау! — деп Нағима екі қолын екі жағына жайды.

Сапия бауырын үйдің ық жақ тасалау бүршында тосып түр еді, Әділбек қасына жүгіріп келгенде, інісіне дабырлама дегендей, сұқ саусағын ерніне басып, белгі жасады да, соナン соң: «Шешем мені байқап қалған жоқ па?» — деп сыйырлап сұрады. Әділбек басын шайқады, апасының бұл сауалына таңданып та қалды:

— Тыныштық па? Мамамнан неге қорықтын?

— Қазір айтамын... Маған сенің көмегін керек болып түр, — Сапия жымын күлді, бірақ даусынан бір түрлі діріл сезілді, көнілінде бір кобалжу бар секілді. Әділбек мұны аңғарды.

— Қолымнан келетін іс болса, көмектесуге әзірмін, — деді ол.

Сапияның бұдан жәрдем тілеп ақылдасқан шаруасы — Әділбек үшін мүлде күтпеген оқиға болды. Осында Құлахмет келіп қалыпты. Институтын бітіріп, дипломын алған соң, қалындығының аулына тұра тартқан екен. Ата-анаына, ағайын-туыскандарына: «Келініңді алып келемін, той жасауға қамдана берініздер», — деп хабарлап қойыпты. Осындай ойы барын Сапияға соңғы хаттарында жазып, екеуінің арасында күні бұрын келісілген, байласқан сөздері болады екен. Енді, міне, сол уағда бойынша, жігіт қалындығын әкетуге келген. Қасына күйеу жолдас етіп, өзімен институтта бірге оқыған, ен жақын, ен сырлас досын ертіпті. (Сапия бұл жігітті жақсы танитын, осы ауылда болған студенттердің құрылыш отряды сапында ол жігіт те бар еді). Екі жігіт жүрт назарын аудармай, елеусіз болу үшін, ауылға әдейі інір кезінде келіп түсіпті. Қалындықтың үйіне онша жақындармай, алысырактау жерде тұрып, Сапияны бір балаға шақыртып алышты. Өздерінің жоспарын қалындықпен ақылдасыпты. Үйге ізетпен кіріп, қыздың шешесінің алдынан етіп, ананың рұқсатын, ак батасын алуды тілеген ойлары барын айтады. Бірақ Сапия олар-

ды үйге шақыруға батылсызданады. Науқас анасын шоштып, дертіне дерт қосып алармын деп қоркады. Шынында да анасының бұрын көрмеген, тіпті есімін де естімеген екі бөтен жігіттің үйге бейуақытта және жасырынп келуі, өздерін: «біріміз — қүйеу, біріміз — қүйеу қосшымыз»,— деп таныстырып. «Қызыңызды алып кетуге келіп отырымыз» деп, оқыс сөз бастағаны шешеге неге үрей туғызбасын. Қыз бойжеткен соң, қанаты жетілген құс түлегі секілденіп, туған үясынан бір күні ұшып кететінін, әрине, әр ана біледі ғой. Қызына бақыт тілейтін анық. Сондықтан қуанышы мен үмітіне кей-кейде күдік те араласып, қөнілі қобалжып та отырады. Аяғын жансақ басып, құбылып ойнаған сағымды шалқып жатқан дария екен деп, алданып қала ма деп алабұртады. Нагима да қызының болашағын толқып ойлайтын. Сапия жаксы қыз бол бойжетті, жасы биыл он тоғызға қарайды. Бір күні бұл да үядан ұшып кетер «Тек бақытты бол!» — деп тілейтін анасы ішінен. Бірақ Сапия дәл биыл тұрмыска шығар деген ой Нагиманың басына эste келмеген еді. Сапия мен Құлахметтің арасында байланған берік үәде бар екені және қүйеу жігіттің қалындықты алып кетуге осы жаздың басында келетіні жайынан мүлде бейхабар болатын. Қызы құпиясын ұялып айта алмаған, қөніліне бір түйір сезік кірмеген анасы одан ештемені сұрамаған. Енді қүйеу жігіт ат қосшысын ертіп, қалындығын әкетуге қыздың үйіне келіп тұрғанын Сапия шешесіне тұтқылдан қалай айта алсын! Ашық күні тәбеден шатыр етіп наизағай түскендей болмай ма? Оқыс хал! Бірден естігендे ана журегі шыдамай, қысылып кетер... Артынан епте-ептең айтса, жайлап отырып түсіндірсе, анасы бәрін де үғар, қызын сонынан қарғамас, ак тілеу тілер.

Сапия осы үмітті медеу етіп, ешқандай күдік тудырмай, үйден үндеңій ғана аттанып кетуге бел буыпты. Өзінің керек-жарагын, киім-кешегін салған чемоданын үйден білдірмей шығарып, сыртқа жасырып койыпты.

— Бауырым, Әділбек, осының бәрін саған сеніп айтып тұрмын. Артынан шешеме жайлап түсіндіретін, мамамды жұбататын өзің боласын. Сен жазғырма мені, жарай ма! Мамам да кешірсін...— деп Сапия толқып сөйлеп, інісін мойнынан құшақтап еді, қөнілі босап кетті. Қалтасынан бет орамалын алып, қөзінә келіп қалған жасын сұртті.

— Пәлі, жылағаны несі?! Жылаудың керегі не?— деді Әділбек үнінен реніш емес, қуаныш лебі аңғарылып.

Апасының мұны терезеден ымдаш шақырып алғаны, онашада айткан әлгі жақалыктары, қүйеу жігіт пен оның қасына ерткен атқосшысының көзге түспей, бір жерде тасаланып тұрғаны — бәрі де Әділбекке біртүрлі қызық көрінді. Осы секілді оқиғаны жуырдаған бір көркем фильмнен көргені бар-ды. Өмірде үксас нәрселер бола береді екен-ау. Фильмде жігіт қыздың ата-анасы келісім бермеген соң, қалындығын алғып қашпак болып, қасына бір пысық жолдасын ертіп, «Москвичпен» жолға шығатын. Тыныс ауылдың іргесіне таянып келіп, машинаны бір тасаға жасырып қойып, сонан соң қызбен құпния жолығатын. Атқосшы жігіт қалындық пен қүйеуді машинаға қатар отырызып, өзі рульді үстап, сиді қозғала бергенде, «Москвичтің» баллоны жарылып, қырсық кезікпесі бар емес пе! Машинаның артына салынған артық дөңгелек жоқ екен. Атқосшы да, қүйеу де, қалындық та сасады. Сөйтіп, фильмде бұлар үшін үлкен әурес, ал көрермендер үшін құлқі туғызған бір қызық халдар баяндалатын.

Әділбек осындай бір ғажаптарды көруге құмартқандай. Және осы оқиғаларға тек сырттан қызығып кана карамай, солардың жуан ортасына өзі де белсене арасласа кетуді қалағандай. Апасы айтып тұрған, қалындықты әкетуге ұрланып келгеп әлгі екі жігіт қайда өздері? Фильмдегі анау өкілеу секілді бұлар да «Москвичті» тасаға қойып, қыздың оралуын тықырышып күтіп тұр ма екен? Үшеуі машинаға отырып жөнеле берер шактарында бұлардың да «Москвичінің» баллоны тарс етіп жарылса, нағыз қызықтың көкесі сонда болар! Әділбек туып-өскен ауылда қыз ұзату тойы кезінде балалардың жездені әурелеу үшін жасайтын бір әзіл ойны бар еді: қүйеу міштін арбаның бір доңғалағының мұрындығын босатып бұрап, сөлғана іліктіріп коятын. Жылжи бергенде мұрындық түсіп қалып, доңғалақ дінінен шығып кетіп, арба бір жағына шойқаң ете түскенде, балалар сақылдап күліп, мәз болатын. Қүйеудің қасында отырған қалындық — өздерінің апасы екендігі, оған мынадай «ойны» көрсету үят болатындығы ойларына келмейтүғын. Жезденің арбасын шоңқитқанды, сөйтіп қүйеуді састырғанды қызық көретүғын.

Осындағы ойынды Әділбек те тілегендей еді. Апасы айтып тұрған, қалыңдықты әкетуге келген екі жігітті іздегендей жан-жағына шапшан қарады да, көзіне олар көрішбеген соң: «Өздері қайда? Тығызып түр ма?»— деп күліп сұрады.

Әділбектің сөзін естіді білем, осы мезетте қораның тасасынан қарандаган екеу шыға берді де, бұларға қарай аяқтарын асыға басты.

— Сәламат па, інім!— деді сүңғак бойлысы Әділбектің бұрыннан танитын адамша еркіндеу келіп, оған қолын беріп амандастып. Қарандыда тістері ағарандап, күлімдеп тұрганы байқалды.

Әділбек мұның түсін шырамытты: фото-суретте аласының қасында отырған жігіт қой мынау. Көзіне жылы үшырады. Қүйеу, әрине, осы!

— Құда бала, хал жақсы ма?— деп, бойы бұдан сол аласалау екінші жігіт те балаға кол беріп, көнілді үнмен сәлемдесті. Мұның түсі Әділбекке таныс емес, бұрын көрмеген адамы, бірақ даусы жарқын. Бұл жігіт — күйсудің қасына ерген жолдасы скендігін Әділбек оның сөз әллетінен ангарды. Үндеген жок, сынағандай болып, жігіттің бетіне барлап қарады. Анау да мұны тез байқап:

— Құда бала, мені бөтенсіп тұрмысын? Бөтенсіме! Мен мына Құлахметтің жан жолдасымын, енді мен де ен жақын жеккожатының бірі боламын!— деді балаға. Соңан соң өзге сөзді өрбіткісі келмей, бұл жерде қөп бөгелмей, қалыңдықты алып, тезірек жөнеліп кеткілері кеп тұрғандарын білдіре сөйледі.— Біздің жөнімізді, мұнда не мақсатпен келгенімізді Сапия әпкен түгел айткан шыгар. Есті бала көрінесіп, мән-жайды толық түсінген боларың деп ойлаймын. Ал енді ақ тілеумен коштасалық, біз жүріп кетелік... Қәні, құда бала, эксл қолынды! Сау бол!

Әділбек жынысп қолын ұсынды:

— Сау болыныз!

— Көріскеңше күн жақсы болсын! — деп Құлахмет қолын қысканда, Әділбек оның да бетіне қарап жыныды. Баланың ойы басқала тұрган секілді. Машинаға мініп жөнеле берген шактарында баллон тарс етіп жарылса, қүйеу сасса, жолдасы абыржыса, әй, бір тамаша қызық болар еді-ау!

Сапия коштасқанда інісін құшактап, бетінен сүйді. Бұл жолы көнілі босаганы байқалмай, қимылышан, құ-

лімсіреген жүзінен қуанышы аңғарылды. Жаздық женіл пальтосының жан қалтасынан бір бүктелген қағазды алып, Әділбектің ұсына қыстырып, құлағына: «Мынау — шешеме жазған хатым, өзінін қолына бер, жарай ма!» — деп сыйырлағанда, үнінен де көнілді леп сезілді.

Олар ауылдың сыртымен, күн шығыс жақты бетке алып, ортада — Сапия, үшеуі қатарласып, акырын күліп сейлесіп кетіп бара жатқанда, Әділбек орнынан қозғалмай, бұлардың соңынан тым-тырыс қарап тұрды. Құлахмет Сапияны қолтықтап кетіп барады. Қалындықтын үйден алып шыққан бар жасауы — киім-кешегі мен оны-мұнысын салған кішірек чемоданды күйеудің жолдасы қолына ұстаған. Ауылдың дәл іргесінде, күнгей жағында, жасыл тоғай бар еді, бұлар солай қарай беттеп барады. Сірә, машина бұларды осы арада тосып тұрған болуға керек.

Әділбек үзап бара жатқан үшеуінің қарандаған бейнесінен көзін айырмай қарап тұр. Қарандаған үш тұлға бұлдыры-бұлдыры етіп алыстай берді де, түн шымылдығы бүркеп, әрі-беріден кейін мүлде көрінбей кетті. Үшеуінің сейлеген, құлғен жұмсақ дауыстары ғана Әділбектің құлағына еміс-еміс естілді. Бала оларды тоғайға жетті деп шамалады. Ауылдан қалаға қарай шығатын тас жол дәл осы тоғайды жағалап өтетін. Құлахметтерді тоғай ішінде тосып тұрған машина бар болса, мотордың гүр етіп от алғаны, автомобильдің биік тас жолға гүжілдеп көтеріліп шыққан үні тыныш түнде анық естілуге тиісті. Машина оқапқа соғып, донғалағы шұнқырдан шыға алмай зырылдаса, немесе мотор сөніп қалса, яки тарс етіп баллон жарылса,— бұл дыбыстар да бел-белгілі.

Әділбек қыбыр етпей, тоғай жаққа құлағын тосады. Бірақ ешқандай мотор гүрілі естілмейді. «Олар әлде көлікпен келді ме екен?» — деп ойлады бала. Олай болса арбаның сықырлағаны, аттың пысқырғаны құлаққа шалынса керек еді. Мұндай дыбыс та сезілмеді. Қалындықты ертіп келе жатқан күйеу мен оның жолдасын тоғайда күтіп тұрған машина да, көлік те жоқ екендігін бала енді аңғара бастады. «Сонда бұлар жаяу кете бере мс? Жол үзак қой, шаршамай ма?» Әділбек жол бойының жалаңаштығын, жиырма бес шақырымға дейін олардың алдынан ешқандай елді мекен кездеспейтінін, орталық трасса болмағандыктан, бұл жолмен түн іші

түгіл күндіз де машиналардың сирек жүретіндігін ойлад өтті. Апасының аяғына кигені — биік өкшелі ақ туфли екені есіне түсті. Кедір-бұдыр жолмен қойқалактаپ, жүре алмай бара жатқан шығар. Аяғының асығы кілт-кілт ете берсе, мүмкін туфлиін шешіп, жалаңаяқтанып алар. «Табанына шөгір енеді-ау!» Апасына жаны аши баstadtы Әділбектін.

Ол қыбырламай тоғай жаққа құлағын түріп әлі түр. Бұл жақтан ешқандай дыбыс білінбеді. Төнірек қапқаранғы, ай тумаған, көзге түк көрінбейді. Ауыл жақтан, бірі алыстан, бірі жақыннан, иттердің үргені естіледі. Ат кісінеді, жылқы қайырған малшының даусы құлаққа шалынды.

Дәл осы мезетте он бүйірден жарқ етіп от көрінді. Бұл беткей — адырлы болатын, бір машина жоннан асып, фары жарқырап, төмен түсे берген еді. Сәлден кейін моторының гүілдеген жуан үні де құлаққа келді. Сірә, таудан ағаш тартып келе жатқан ауыр жүк машинасы болар. Олар осы адырдан ылдилап түсіп, сонан соң тоғайдың сыртымен көлденен тартып, тас жолға қиғаштап келіп түсетін. Ал егер ауылға бет алған машина болса, онға да, солға да бұрылмай, тік жүреді. Мына машина онға бұрылып, тоғайдың сыртындағы сүрлеумен кетті. Қазір тас жолға шығады. Құлахметтер осы машинаға іліге алар ма екен? Олар жолдың киылысына жетіп қалса, әрине, үлгірер еді. Машинаны жүрісі онша катты емес. Әділбек қадала қарап, бақылап түр. Моторы гүжілденкіреп, шамының жарығы жоғары қарай түсіп, машина тас жолға көтеріліп шыға берді. Табаны тегіс жолға тиген соң да, жүрісін жылдамдатпай, бір қалыпты қозғалып барады. Бір мезгілде тоқтаған секілденді, жол жиегінде түрған үш жаяу бірін-бірі қолынан тартып, машинаға мініп жатқан сияқтанды. Тиелген ағаш үстінде, шатырға қонған құска үқсап, шошайып отырар енді. Ештеме етпес, бәрін де өздері тілеп алды Гой. Сапия, мүмкін, кабинаға жайғасар, шофердің қасында бір бос орын бар шығар. Ал, машинаның үстінен көтерілген анау екі жігіт, жайдак атқа мінгендей болып, түйгіштеліп, құйрықтарына ағаш батып, зықылары біраз шықсын! Жезде мен құдаға осындаидай да сыбаға керек! .

Басына осы ой келгенде Әділбек өзінен-өзі мырс етіп күліп жіберді. Машина қайтадан қозғалып жүріп кеткені білінді: фарының жарығы дірілдеді. Қетіп бара

жатқан автомобиль үзай түсін сайын сол сәуле өлеусірел өлсірей берді де, сінді біраздан кейін қараңғыға жұтылып, мұлде жоғалды. Мотор үні де естілмеді, Әділбек сонда да машинаның кеткен жағынан көзін айырмай үзақ қарады. Бір қызық оқиғаның бола қалуын әлі де күтіп тұрғандай қалпы бар еді.

Шешесі бұған дастарқан жайып, тамағын құйып қойып, тосып отырганы кенет есіне түсті. Үйге қарай жүгіре жөнелді. Анасының көзілінде сезік тұмасын деп, табалдышықта тұрып демігін басып, есіктен асықпай кірді.

— Көп кешіктің ғой, балам! Бір жаққа барып келдің бе? — деп сұрады Нагима.

— Жок, ешқайда барғам жок, үйдің касында ғана тұрдым, — деді Әділбек. Өтірікті қыстыра алмайтын бала, шындықты айтып қоюға жакындалап қалғанын өзі сезіп, ішінен сәл қипақтады.

— Тәрелкедегі салман суып қалған шыгар, қазір қайтадан отка қойып, ысытып берейін, — деді Нагима. Әділбек үшін сөздің беті осылай бүрүлғаны онды болды.

— Мейлініз... — деді басын изеп.

Ол тамағын ішіп отырғанда, анасы төрге ілінген қаырға сағатқа бір-екі рет көз аударып, Сапияның кешіккеніне тақырқады:

— Қайда жүр бұл қыз? Жипалыска қатысса да, клубқа киноға барса да, келетін уақыты болды емес пе?

Бұл сұраулар өзіне тіке қойылған сауал болмаған-диктан, Әділбек ләм-мим демей, басын жоғары көтермей, асын үн-түнсіз іше берді.

Нагима тағы біраздан кейін: «Сапия мұнша неге кешікті, ә? Мұндай мінезі жок еді ғой», — деп тықыршығанда, Әділбек козғалактап, шалбарының қалтасынан апасының хатын алып, шешесіне ыңғайсызданып ұсынды:

— Ол мына қағазды сізге бер деп еді. Кешігуінің себебін, мүмкін, осында жазған шыгар...

— Мұны қашан берді саған?

— Элгінде...

— Өзі қайда келті?

— Білмеймін...

Нагима сәл таңданып, қағаздың бүктеуін жазып, қызының хатын ішінен оқыды.

Сапия быттай деп жазыпты: «Сүйікті анажан! Кешіріңіз! Рұксатынызды сұрамай, ак батаңызды алмай, туған ұямнан ұшып бара жатырмын. Жүректегі сырымды сізден жасырмай, бәрін өзіңе бұрын білдіріп қоюм жөн еді, бірақ құпиямды ашуға қымсынып, ұяла бердім... Бір адамды сүйстін едім, сонымен байласқан сөзім бар еді. Енді, міне, сол уәделі күн ксліп қалғанда, бейқам отырған сізге бұл тосын жағдайды бірден қалай жария етерімді, тігті не дерімді білмей, өте қатты қүйелдім. Бірден айтсам, тым оқыс болатынын, жанынызға аса ауыр тиетінін ойлап, көп қобалжыдым. Сосын тапқан амалым: осы хатты жаздым. Мүмкін, мұным да теріс шыгар, ағаттығымды кешіре көріңіз, анажан! Бұл хатымды оқығанда да, әрине, камыгарсыз, бірақ уайымдан жүдеп-жадамаңыз. Қелденен көк аттыға еріп кеткен жокпын, адаспаймын, кәміл сенініз бұған. Туған ұясынан ұшып кетіп бара жатқан қызынызға тілеулем болыныз! Басқа не дейін... Эрқашан да аман болыныз, асыл анам! Атынызға кір келтірмеуге, ак сүтінізді актауға тырысармын. Бұл — мәнгі борышым екенін еш уақыт жадымнан шығармаспын. Тек кешіре көріңіз, анажан!»

Сапия.»

Нагима қызының хатын оқып шыққан соң, қағазды қолына ұстаған күйінде қозғалмай, біраз үн-түнсіз отырды да, бір мезгілде басын ақырын бұрып, Әділбек-тің бетінен өпі сынып қарады. «Осының бәрін сен біліп-сің-ау, апаңды өзің шығарып салған сияктысың...»

Шешенің ажарынан оның осы ойын үғып, Әділбек көзін төмен аударды. Болған оқиғаңың мән-жайын, қызы етегінен ұстаған жігіт қандай азamat екенін — бәрің қазір анасы будан түгел сұрауы мүмкін. Осыларға қалай жауап кайыру керек? Шешені жұбату үшін не деу дұрыс? Әділбек ішінен дайындалды.

Бірақ Нагима ұлын ғына ештемені сұрамады.

— Бұл да тағдыр ісі шығар, қайтейін... тек жолы онғарылып, бақытты болсын... — деді сабырлы үнмен. Соңан соң тағы да біраз үндеңей отырып қалды да: — Ана байғұс бәріне де шыдар-ау, бірақ жұрт не дер? Үйінен үрланып қашып кеткен қызға ише түрлі өсек танылады, тек сонысы батады жаныма,— деп жүдеп айтып, ақырын күрсінді.

Әділбек анасының күйелген түрінә қобалжып қарады.

— Жұрт көрмей, білмей, беталды сөйлей ме? Біреуге сыртынан жаман сөз тануға олардың қандай хакысы бар? — деді Сапияға шаң жүқтүргесі келмей. — Үйден ол үрланып қашып кеткен жоқ, маған жөнін айткан. Алтанарында мені құшақтап, бетімнен сүйіп коштасты...

Шешесінен жасырып тұрған шындықты қалай айтЫП қалғанын Әділбек өзі де аңғармады. Нагима ұлының бетіне қарап, амалсыз езу тартты...

## V

«Ел құлағы — елу» дейді ғой жұрт. «Нагиманың қызы Сапия күйеуге қашып кетіпті» деген жаңалықты бүкіл ауыл келесі күні-ақ естіді. Курортта қайтып келе жатқан осы ауылдың бір әйелі Сапия мей Құлахметті және күйеу жігіттің жолдасын қаланың темір жол вокзалинда көріпті. Ол бұларға перронда кездейсок үшүрасыпты; станцияға кеп тоқтаған жолаушылар поезынан түсіп, вокзалға қарай беттей бергенде, үшеуі тұра қарсы алдынан кездесіпти. Сапия әйелді құшақтай алып, бетінен сүйіпти. «Кош болыңыз, тәте! Біз кетіп бара жатырмыз, осы поезға отырамыз», — депті құлімдеп. «Қай жаққа, жаным-ау?» — дейді әйел таңданып. Сапияның қасындағы екі бөтен жігітке жаңырқап қарайды: «Мына азаматтарды танымадым ғой!» Қыз үндемейді, тек құлім-құлім ете береді. «Мына жігіт сіздің ауылға күйеу болады, ал мен оның атқосшысымын», — дейді Құлахметтің жолдасы өздерін таныстырып. Әйел аң-тан болып тұрып қалады. Ол есін жиып, қыздан тағы бірденелерді сұрағысы келген екен, бірақ үлгірменті. поезд жылжи бастапты. Сапия вагонның терезесінен басын шығарып, колын бұлғап: «Кош болыңыз!» — депті дауысталп. Әйел-аң-тан болып, поездың соңынан ұзак қарап тұрады. Сапияның шешесімен ертеден дәм-тұзы араласып келе жатқан, көнілі жақын, Нагимамен сырлас адам еді. Қызым жуырда тұрмысқа шығады деген әнгімені одан естіген жоқ болатын. Әйелдің қайран қалған себебі сол еді.

Ол үйге келген соң, өзіне амандаса кірген әйелдерге санаторийде қалай дем алғанын, курорттан кашан шық-

қанын, сапарының жайын әңгімелеп отырып, сөз арасында: «Нагима қызын қашан үзатып еді? Сапия мен күйеу баланы көрдім» — деп, оларға вокзал басында қалай кездескенін айткан екен. Сөзуар әйелдер осы жаңалыкты қағып ала жөнеліп, әңгімені әрлеп, оқиғаларды өсіре дамытып, ауылға лезде жайған. «Нагиманың қызы бір бейтаныс жігітпен қашып кетіпті» деген хабарды ауылдың балалары да, көрілері де түгел естіп, бәрі де таңырқаған-ды.

Сапияның күйеуге жасырынып кету себебін әйелдер әртүрлі жорамалдады. Бейбак қыз біреуден жүкті болып қалып, ертең іші томпайып масқара үятқа ұшрайтын болған сон, қарасын тезірек батырайын деп, тайып отырған ғой деп түспалдады қайсы біреулері. Олар мұны қыздың анасына айта алмаса да, Нагима бұлардың ойын ішінен сөзді. Нагиманы әсіресе осы жағдай қинай түсті.

Әділбек анасының аса жудеп күйзелуінің бұл себебін түсінген жоқ-ты. Үлкен кісілердің басына келген әлгіндегі күдікті ойлардан бала жаны мұлде ада-тын. Қөршілерінің бір есерсоктау баласы бар еді, жасы Әділбекке тетелес болатын, сол әумесер бір сүмдүк сөзді әкыстан қойып қалды.

— Эй, Әділбек, сенің әлкен буаз боп қалған сон қашып кетіпті ғой! Рас па?

— Мә, саған «рас пай»

Әділбек өні құлак-шекеден салып жіберді, бала жағын басып, тұра қашты. Өз үйінің алдына жете беріп, тоқтай қалып, артына бұрылып, Әділбекті мұқатпак болып: «Маған десен жарылып өл! Сенің әлкен...» — деп, жаңағы сүмдүк сөзін тағы да қайталап, қатты дауыстап айтты да, сақылдап күлді. Әділбек қайнап нағыстанып, оның сыбағасын бермек болып, тұра үмтүліп еді, анау үйіне жүгіріп кіріп кетті. «Тоқтай тұр, колыма тусерсін, бәлем!» — деп кіжінді Әділбек. Оның сыртқа қайтадан шығуын тасада тығылып тұрып андымаш болып, үйдің ығына таман жылдам бара берді де, көленкеде сөйлесіп отырған екі-үш қарияны көріп, әлгі онбағанының сөзі бұларға да анық естілгені ойна келіп, үлкен кісілерден ыңғайсыздандып, амалсыз кейін шегінді.

Ал қариялар екі баланы байқаған жоқ-ты. Олар ешнәрседе шаруалары болмай, өткен-кеткендерін еске алысып, бір қызық әңгімеге кірісіп отырған-ды. Біреуі

кенкілдеп күлді. Құдды Әділбекті келекелеп күлгей сияқтанды. Әділбекке солай көрінді. Бала қариялардың көзінен тезірек жасырынғысы келіп, аяғын шапшаңырақ басып, өз қорасының сыртына қарай жылдам айналып кетті. Қора іргесіне тақай үйілген пішен бар еді, сонын тасасына келіп тұрды, бірақ сабыр таба алмады. Әлгі есерсоқ баланың айтқан сұмдығы жүргегіне инеше қадалып тұр. Ол онбағыр бұл жаман сөзді, әрине, өз ойынан шығарған жок, біреуден естігенін айтты. Сапия туралы бүкіл ауылға масқара өсек тараған болды-ау. Шешесінің қүйзеліп айтқан сөзі Әділбектің есіне түсті: «Үйінен ұрланып қашып кеткен қызға неше түрлі өсек тацыла ды, тек сонысы батады жаңыма...»

«Жоқ, мен тойтарыс берем оларға! Әпкемнің таза арына кір жақтырмаймын! Қекімесін аузына қелгендерін!.. Ей, аксакал, сіз де күлменің беталданы!..»

Әділбек жаңағы кенкілдеп күлген қарияға даусын естіртіп, осы сөзді айғайлап айтқысы келді. Бірақ мұнысы жөн бола ма? «Елден сүйінші сұрағандай жар сап, қышқырғаны несі? Мына баланы жып сокқан шығар!»— деп қариялар бұған тағы да құлмей ме?

Осы бір ойлар басына кенет қеліп, Әділбек амал таба алмай, дымы құрып, тұрып қалды. Шынында да жалаң кіжінгеннен не өнеді? Сүйрәндеген еріндер бірінен-бірі қағып алып кеткен жаман сөзді қалай токтатасын? Қай өсекшінің аузын бітейсің?

Әділбек енді өкіне бастады: әпкесінің үйден жасырынып кеткені жен емес екен, бұл оқиғаның сонында мынадай қасіреті болары ойнаған қалай келмеген? «Мамамызған ақылдасқан болсан, бұл күйікті тартпайтын ек, әпкеме ешқандай өсек танылмас еді, ешкім бізді келекелеп құлмес еді. Жұртқа тарап кеткен мынау жаман сөзді енді қалай өшіруге болады?» — деп ойлады Әділбек. Үлкен апасы Гүлбанудың ұзатылу тойын есіне түсірді. Әуелі күйеу жағының адамдары келіп, қалыңдықтың туған-туыскандарының алдынан өтіп, куда түсудін рәсімдері орындалып, жол-жоралғылары жасалған еді. Гүлбанудың тұрмыска шығуы — салтанатты бір үлкен мереке секілді болған. Ауылдағы жүрттың бәрі — үлкені де, кішісі де түгел қуанып, тойға ақ тілектерін жаудырып, құтты болсын айтқан. Осы тойда қуанбаған жалғыз адам — Әділбек кана еді. Ол сондағы өз мінезін — сүйікті апасын туған ұясынан алып кеткелі отыр-

ған жездесін жат санаپ, оның тіпті түріне де қарағызы келмей сырт айналған қылғын да есіне түсіріп өтті. Ондағысы нағыз балалық мінез еді, ал қандай адамның жақсы, қандай адамның жаман болатынын жаңылмай тани алатын сиякты. «Хамза жездемді осы күні өзім өте жақсы қөремін. Ол — тамаша кісі. Құлахмет жездем де, менін байқауымша, онды адам. Бірақ қалындығын әкетуге неге тұн жамылып, ұрланып келді екен?» — деп ойлады Әділбек. Бұл жұмбак сауалдың шешімін өзінше жорамалдады. Құлахмет — институт бітіріп, диплом алған жас жігіт. Сол дипломның қызу буымен бір ерлік мінез көрсетіп, жұртты таңырқатқызы кеп, қалындығын алып қашып, батырлық жырдың ұнамды қаһарманына ұқсағызы келген шығар, сірә. Жігіттің ата-анасы, жақын ағайыны оның бұл қылғының құптал, бәлкім, дем берген болар. Олар құдалықтың жол-жоралғысын жасауды және ұмытпай, қалындықтың туған-туысқандарының алдынан өту үшін осы ауылға бет алып шығып, жолда келе жатуы да ықтимал. Бүгін-ертен сау етіп келіп қалуы да мүмкін.

Әділбек құдалардың тезірек келгенін тіледі ішінен. Құдалар келіп, мұның үйінін алдына салтанатпен түсіп жатса, Сапияны сыртынан неше түрлі сөзге таңған сұмандаған ауыздарға күм күйылып, сыпсындаған өсек су сепкендей басылар еді.

Ауылдың шығыс жағындағы үлкен жолмен осылай қарай ағызып келе жатқан түсі бөтен әр женіл машинаға үміттene қарап, Әділбек құдалардың күн сайын тосып жүрді.

Құдалар екі аптадан кейін келді, бірақ Әділбектің күткеніндей есік алдына женіл машинамен құйғытып кеп тоқтаған жок, ауыл мен ауданның арасында күнбекүн катынтайтын, жолаушылар таситын салдырылақ ескі автобуска отырған екен, ауылға іңір кезінде келіп, асхана жанына тоқтайтын сол автобустан түсті. Алдына хабар бермегендіктен, бұларды күтіп алған ешкім болған жок.

Үйде Нагима мен Әділбек өздері ғана еді, сырттан біреудің әдейі дыбыс бергендей жөткірінгені естілді де, сөйткеншे болған жок, есік ақырын ашылды.

— Кіруімізге бола ма? — деп жуан дауысты еркек рұқсат сұрады.

Әлі шам жағыла қоймаған үйдің іші қаракөленең тартып тұрған. Үйге кіруге рұқсат сұраған адамның бө-

тен кісі екенін, оның бейтансы даусынан аңғарып, Нагима басындағы орамалын түзеп:

— Кірініздер... — деді баяу үнмен. Орынан түрөгеліп, шамды жакты.

Диванда кисайып дем алып жаткан Әділбек басын шапшаш көтеріп, есікке карады: «Құдалар келіп қалды ма?»

— Сіз бастап кірініз... — деп, жаңағы рұксат сұраған жуан дауысты еркек сәл шегініп, өзінің соңынан келе жатқан әйелге жол берді.

Басына үлкен ак жібек шәлі тартқан, үстіне жалпак қапсырмалы қара барқыт қамзол киген, толық денелі бәйбіше есіктен аяғын жайлап басып енді. Оның соңынан үш еркек және жастау екі әйел кірді.

— Есенсіздер ме? — деді бәйбіше жұмсақ үнмен сәлем беріп. Жүзі құтлімсіреп, Нагимаға қарай жүрді. — Іздел келген үйіміздің иесі, Сапияның анасы, жаңылмасам, сіз боларсыз! Жатыркаманыз, жаным! Біз де енді бөтеніңіз емеспіз! — деп Нагимаға кол беріп амандасты. Соңан соң Әділбекке жылы жүзін бұрып: — Мынау — баланыз ба?.. Амансың ба, айналайын! — деді.

Басқалары да Нагимаға кол беріп сәлемдесті. Еркектер Әділбектің де қолын қысты. Әділбек олардың бетіне жатыркай карады.

— Жоғары шығыныздар... — деді Нагима қонақтар-да казактың ежелгі конакжай дәстүрімен ілтипат көрсетті.

Конактар төрге шығып отырысты.

— Иә, сау-саламат жүріп жатырмысыз? Үй-іштеріңіз, ағайын-туысқандарыныз, ел-жүрт тегіс аман ба? — деп бәйбіше әуелі отбасының, ауыл-аймактың амандығын сұрады.

— Құдайға шүкір... — деді Нагима.

— Э, бәрекелді! Ләйім осылай аманшылық болсын! — деді бәйбіше. — Ал енді өз жөнімізді айтайын... Бәлкім, ішінізден сезіп те отырған шығарсыз, біз сіздің Сапиядай асыл баланыздың үшіп барған жана мекенінен, сонау Шымкент облысынан, жырактан келіп отырған жана жекжатыныз боламыз. Сіздің баланыз Сапия мен менін балам Құлахмет бірін-бірі ен алғаш осы ауылда үшірараткан екен. Содан бастап өздері сөйлесіп жүріпті, уағда байласыпты. Үнстетін тәмамдауға дәл бір ай қалғанда, өз балам Құлахмет бізге бір үлкен қуанышты хабарлады. Окуымды бітіріп, ауылға екеу болып ора-

ламыз деп хат жазды. Катты қуандық. Келіннің төркіні қандай, кімі бар, өзі не істейді деген сұраудың бірін койған жоқпыш үлема. Баламның ұнатқан адамы біздін де көнілімізден шығатынына ешқандай шүбәланбадым. Жаңылмаған екем, бәрі де ойымдағыдан болды. Ұзағынан сүйіндіріп, осы қуанышмызыға қуаныш үласа берсін! Бақытты болсын қос ботам! Солардың арқасында екі араға, енді міне, жол түсті, бір жыл емес, екі жыл емес, мың жылға созылатын құдалар жолы! Алдарыныздан өтейік, құда-құдағиларымызбен танысайык, табысайык деп, арнайы келіп отырмыз. Жайымыз осы.

— Қол үстасқан екі жастың бақыты екі жағымызға да бірдей ғой, ендігі жерде сіздермен қуанышмыз да ортақ, тілегіміз де біреу! — деп жуан дауысты еркек бәйбішенің сөзін көнілді үнмен құптал қойды.

— Бұл кісі Құлахметке нағашы болады, менің туған інім, есімі Мұса,— деді бәйбіше. Соナン кейін отырған реттеріне қарай жағалап, аты-жөндерін атап, өзге серіктерін таныстырыды. Келген алты қонақтың қалған төртеуі де өз жұрағаты — үлкен ұлы мен келіні және ортаныш қызы мен күйеу баласы екен. Бәйбіше есімдерін айтып таныстырган кезде олар үндемей, сыпайы ғана жымып отырды.

Әділбек құда-құдағилардың бір реңдес кескіндерінә таңданып қарады. Ак сары жүзді толық бәйбіshedеч басқаларының қунге күйген коныр жүздері күрен тобылғының қабығында жылтырап көрінді. «Беттеріне сары май жағып алған ба? Бұлары несі? Әдеміленген түрлөрі ме?» — деп ойлады бала. Құлқісі келді.

— Жолшыбай тамашалап, қызығып көлдік, жерлөріңіз жасыл орманды, жалтыр көлді, саясы мол, сұлу екен! Жазық беткейлері әрі тақтайдай теп-тегіс! Бұл жердің коныр салқын ауасы да жанына аса жайлыш тиеді екен,— деді Мұса.— Біздің жақ мұндай емес, ла-ламыз жаланаштау, жақ айларында күн дегеніңіз қайнап кетеді. Жаздың ыстық желі өрттің лебіндегі лапылдан тұрады. Бұған, әрине, салқын жактың адамдары шыдамайды, ал өзіміз үйреніп алғанбыз. Макта өсіреміз. Мактаға ссындағы ыстық керек. Жазда ылғи далада, қайшыған қүннің астында, ыстық желдің өтінде жүргендіктен, өніміз де тотығып, қолаша күренденіп, жылтырыл аlamыз,— деп күлді.

Мұса бұл сөзді Әділбекке арнап әдейі айткан сияқты болды. Әділбек солай ұқты. «Бұл кісі менің ойында

қалай дәл сөзге койды?» — деп таңданды ішінен. Мұсанаң қандай ерекше қасиеті бар адам екенін барлағысы келгендей, оның түрі-түсіне, тұлғасына, отырысына қайтадан абайлап көз салды. Ірі денелі, жалпақ жауырнанда, дөнес мұрынды, үлкен көзді, қою қара қасты Мұсаның сырт тұрлаты, нағыз палуан тақыледті еді. Классикалық күрестен әлем чемпионы атағын алған бір грузин палуанының спорт журналында шыққан суретін Әділбек киып алып, кітаптарының арасына салып, сактап жүретін. Мұсаны әлемге есімі мәшінүр осы палуанға ұксатты. Дене бітімі мынадай сом адам, расында да, қатардағы көптің бірі болуға тиіс емес, өз облысында күрестен яки штанга көтеруден жарысқа түсіп, жүлде алып жүрген атакты спортшы шығар. Өзінен сөз тартып, ептең сұрап көрсө қайтер еді.

Әділбек осылай қызығып отырғанда, оның ойын шешесі бөлді.

— Балам, бері келші! — деп, Нагима оны қасына шақырды да, алыстан келген қонақтар құдалар екендігін туыстарға хабарлап, әнгіменің ішінде болуы үшін оларды үйге шақыру керектігін айтЫП, Әділбекке бір тапсырмалар берді. Сонан соң ак сары бәйбішеге қарап:

— Жарайды, қош келіпсіздер. Жекжат боламыз де сеніздер, сіздерді біз де жатсынбаймыз. Іздеп келген кісіңіз мен болғанмен, осы ауылда қыруар ағайынымыз, сыйлайтын адамдарымыз бар. Аяқ-табағымыз араласқан, туытай бол кеткен көршилеріміз бар. Бәрі де келсін, сіздермен таныссын, сөздерінізді тындастын,— деді.

— Е, жөн ғой бұныңыз, біздің тілегеніміздің өзі де осы! — деп аксары бәйбіше куана түсті.

Нагима самауыр қойып, қазандықтың астына от жағып, қонақтарға дәм дайындағанша, бұл үйдің стжақын адамдары — ерлері де, әйелдері де құдалар келіпті деген хабарды естіген соң, тез жиналып қалды.

Құдалар алыстан келген сыйлы қонақтар болғанмен, бұл ауылдын Сапиядай жаксы қызын жасырып алып кеткен айылты күйеудің жерінен келіп отырғандықтан, Нагиманың туыстары бұлармен салқындау амандасты. Құдаларға: «Сендер де жазықтысындар» деп кінә қойғандай ажар білдірді. Бұл райды қонақтар да іштерінен түсініп, екі жақ аз уақыт тым-тырыс отырысты.

Әділбек бұл халдың себебін өзінше ұғып, екі жақ

бұрын таныс болмағандықтан, әуелі бірін-бірі үнсіз барлап алғысы келген шығар деп ойлады. «Сөзді бірінші бол кайсысы бастар екен?» — деді ішінен. Екі жағы бірін-бірі іштерінен сынап отырған мынадай жауапты минутта бірінші сөзді бастап айтқан кісіні нағыз батыл адамға есептемек. Әділбек Мұсаға көзін аударып еді, Мұса иегін ұстап, төмен қарап отыр екен. «Ойланып отыр, қазір сөйлейді, не дер екен?» — деді ішінен Әділбек.

Бір мезгілде Мұса басын көтеріп, бүкіл денесімен он жағына сәл бұрылып, әқ сары бәйбішеге қарап:

— Ал, шеше, мына жұрт бізден сөз тосып отырған секілді, бірдеме деніз, — деді.

Ақ сары бәйбішеле осы ауылға құдалықтың ежелгі жолын ұстап келіп отырғандықтарын, ата-баба дәстүрін құрметтейтіндіктерін айтып, бірақ сүйіскен жастар жолды орап, алға түсіп кеткендіктен, құдаласудың алдын-ала жасалатын рәсімдерін атқара алмағандықтары үшін өздерінің айыптары барын мойынға алып, жығыла сөйледі.

— Игіліктің ерте-кеші жок, тек көnlіміз жарасып, тойға той ұлассын. Куаныш ұзағынан сүйіндірсін! — деп сөзінін сонын игі тілекпен түйіп тоқтады.

Осьдан кейін екі жақ тағы да үн-түнсіз отырып қалды. Әділбек шешесіне көзін аударды. Ақ сары бәйбішесін — бас құдағибың сөзіне орай енді қалыңдықтың анасы сөйлеу керек шығар. Бірақ Нагима құдаларға тиісті жауапты туыстардың бірі қайырғанын жөн көрді білем, «ағайынның көnlіндегі сөзін біреуің айт» деген ойын анғартып, өз жақындарына үнсіз қарап өтті.

Мұндай шактарда жүйелі сөздердің жөнін келтіріп сөйлеу үшін тапқырлық та, еп те керек. Туыстар Хамзага карасып, «сөз реті де, сөйлеу жолы да сенікі» дегендегі ишара білдірді. Хамза ән айтатын кісіше тамағын сәл қырынып, сонан соң ак сары бәйбішеге бұрылып:

— Құдағи, бәрін де жақсы айттыныз, сөзіңіз он. Бірақ жанымызға батып тұрған бір жай бар, — деп аз-кем бөгелді де, өздерінің неге жадырай алмай отырғанын құдаларға бірден сездірте сөйледі. — Тас түскен жеріне ауыр. Мәнделеп өсірген қызы шешесінен сырын жасырып, көлденен кек аттыға еріп жүре берген әлдекімге ұқсап, үйден үрланып кетіп калғаны анасына женіл тиген жок. Біздің де жанымызға батты. Өмір жолының бұраланы көп, тіршіліктің күні ылғи шуақ бол тұра бермейді, қат-

қыл желі де, ызғары да болады ғой. Жаман айтпай — жақсы жоқ, күндердің бір күні жел терісінен тұрып, біздің қызымызы: «Сені кім ардақтап үзатып еді, өзің емес пе ен, жетекке еріп кете барған!»— деп біреудің кемсіткенін естісе, бұдан өткен қорлық бола ма? Сапианың анасы да осыны ойлайды, біздің де жүргегімізді осы ауытады.

Мұса қарқылдарап күлді.

— Сіз өткен заманың мұншылы Асанқайғының әніне басып кеттіңіз ғой! Мұндай сары уайымға салынбаңыз, күда! — деді.

— Мен шындықты айттым,— деді Хамза.

— Қош, сонда сіз біздерді — Онтүстік Қазақстаның қазактарын феодализм сарқыншағынан әлі арылмаған адамдар деп санаймысыз? Кешірініз, ондай ойнаныз болса, мықтап қателесесіз,— деді Мұса.

— Сөйлей бер, шырағым,— деді ақ сары бәйбіше Хамзага.— Сөздің бұкпесіз ашық айтылғаны жақсы.

— Пікірімді теріс бұрманыз,— деді Хамза Мұсаның сөзіне жауап қайырып.— Қөнілге қобалжу кіргенде адамның басына күдікті ойлар көбірек оралады. Сол жайымызды түсінініз, әйтпесе сіздерге сенімсіздік көрсетіп отырғам жоқ.

— Ә, бәсе, осылай деуініз керек шығар! Байқаймын, күда, ку боларсыз, тегі! Алдыңғы сөзді бізді сынау үшін әдейі айттыңыз-ау, сірә! — деп Мұса енді жайдарыланып күлді.

«Шынында солай ма?» Әділбек Хамзаның жүзіне барладап көз салып еді, оның өнінен құлық сөз айтатын-дай, куанып отырған адамның ажарын көре алмады. Әділбек басқа туыскандарының өндеріне қарап еді, олардың да кескіндері жабырқау көрінді. Неге булай? Алыстан келген құдалар жарқылдарап сөйлеп отырғанда, бұлар қабактарын неге ашпайды? Сондағы көздеген мақсаты не? Әділбек осыған түсіне алмады. Хамзаның құдаларға алғашқы айтып өткен сөзінің магынасын ол үқпады. Керісінше, Мұсаның пікіріне айқынырақ түсінді. Мұсаның күліп айтқан әзіліне де сүйсінді. Мұндай әзіл-оспаққа Хамза да епсіз емес-ті, есебін жібере қоймас, мүмкін. Әділбек Мұсаның әзіліне жездесінің де әзілмен жауап қайырғанын тіледі ішінен. Бірақ Хамзаның жабырқау өнінен куаныштың жылы шырайы тез көріне қоймады. Енді баланың да қөнілін өзіне белгісіз бір сезімдер қобалжыта бастады.

— Сөзді өз ыңғайынызға қарай бұра берменіз. Дәл қазір күлкін ойлап, сіздердің алдарыныңда әдейі құбылып отырған жайым жоқ, жарқыным,— деп Хамза Мұсаның әзіліне тағы да сынмен жауап қайтарып еді.

— Пай-пай, жалынызға қол апартпайды екенсі! Сізге енді қай жағыныздан жақында сам екен?! — деп, Мұса екі қолын екі жағына жайып құлді.

Осы мезетте Нагима он қолын сәл жоғары көтеріп Хамза мен Мұсаның екеуіне де енді тоқталындар дегендегі белгі жасады да:

— Ағайын, кінәласуға жиналышп отырған жоқпыз, жарастық тілеп сөйлеселік,— деді. Соңан соң өз туыстары мен жақындарына қарарап:— Мына кісілер алыстан ақ тілеумен келіп отырғаннан кейін біз де адап көнілімізді білдірейік,— деп тілек айтты да, ақ сары бәйбішеге бұрылып:— Аздал ренжіп сөйлесек, оның да себебіне түсініп отырған шығарсыз, қызың үйден рұқсатсыз кетіп қалғанына қүйзелгеніміз рас. Сіздерді көргеннен кейін ғана баламыздың адаспағанын, жақсы жәрге барғанын танығандай болып, өз көнілім ептеп орныға бастады,— деді.

— Эп, әрекелді!— деп қуанды Мұса.— Құдағынымыздың мынадай жақсы лебізін естігеннен кейін, тоғайша шашуымыз болсын, бір ән айтып жіберейінші! Домбыра бар ма екен осы үйде?

— Бар! Қазір!— деді Әділбек. Орнынан шапшаш үшып түрекеліп, ауыз үйге жүгіріп шығып, бұрышта су-йеулі тұрған, дыңғырлатып өзі тартып жүретін ескілеу домбыраны жылдам алып келіп, Мұсаға қуанып ұсынды.

Мұса домбыраны қолына ұстап, олай-бұлай айналдырып қарады, пернелерінің беріктігін байқап көрді. Саусағымен қос шекті ақырын ғана қағып қалды да: «Өні ескі болғанмен, үні сыңғырап тұр екен!» — деді мақтап.

— Бұл домбыраны кім тартады бұл үйде? — деп сүрады.

— Өзім тартамын,— деді Әділбек.

— Құлақ күйін келтіріп бұрап қойған да өзіңбісін?

— Иә...

— Сен өзің өнерпаз жігіт екенсін ғой!..

Мұсамен сөйлескеніне, әрі оның мақтағанына Әділбек әжептәуір көтеріліп қалды.

Мұса домбыраны ақырын шертіп, қос шектің үнін көнілінде тұрған сазға келтіріп алды да, Онтүстік Қа-

закстан өлкесіне кең тараған қазактың бір халық әнін айтты. Қөтемде алыс жылы жақтан туған жеріне оралып келе жатқан қазлардың сағынышты қанқылын еске түсіргендей ырғағы әдемі ән екен. Әділбектің бұрын естімеген әуені. Мұса әнді катты бастамай, баяу үнмен айтты, әннің қайырмасына келгенде ғана даусы сәл жоғары көтерілінкіреді де, кайтадан төмен қарай ақырын калықтап түсті. Құдды коңыр қаздың қанқылдан кеп көл бетіне сырғанап қонғанындаі бір жағымды саз келді құлакқа.

Мұса домбыраны шертіп тарта жөнелгенде, Әділбек оның жуан саусақтарының пернені жеңіл басып ойнақтағанына таңдана түсіп, қызығып қарап калып еді. Зор денелі, жуан дауысты Мұсаның көмейінен енді мынадай нәзік ән төгілгенде, ол тіпті кайран калды. Қазактар нағыз өнерлі жігітті «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп мактайды. Мақта өсіреміз деп отырған құда Мұса — әрі спортшы, әрі әнші — нак сол сегіз қырлы өнерпаздың өзі болды! Әділбек Мұсаның әнін еліге тыңдала отырып, анасына, Хамзаға, Гүлбануға бір-екі рет көз аударғанда, олардың да әдемі әуенге ынта койып, өндерінен жылы ажар білініп, жадырай бастағанын байқады. Ол Мұсаны бар ықыласымен жақсы көріп, оны ыстық қөнілмсін өзіне жақын тарта түсті.

— Біздің жақта тоїға келген кісінің алдымен өтейтін, әуелі ән айтып берстін, осындаі қонақ қадесі бар. Сол парызынды орынадады, — деді Мұса әнін аяқтап, жұртка қөнілдене қарап.— Ешлігі кезек, құдалар, сіздердікі! «Ауылдың алты ауызы» деген дәстүр бұл жақта да бар шығар...— Ол Хамзаға бұрылып:— Қане, ауылдың алты ауызын өзініз бастап жіберіңіз, лебізіңізді тыңдайық!— деп күліп сейлем, домбыраны оның алдына койды. Хамзаға тағы да әдсі әзілмен қактыққысы келді ме, әлде оның бойында қандай өнері барын байқап сынамақ болды ма, кім білсін.

Хамза ән айтуға ықыластанбай, тартыншактап еді, өз ағайындары: «Қонақ колкалап отырғой, бірдеме айт енді!» деп өтінген соң, домбыраны амалсыз колына алып, бір биязы әнді жайлап шертті де, домбыраның коңыр үніне даусын баяу косты.

Әділбектің бағалауынша Хамза әнді жақсы айтып шықты. «Жарайсың, жезде!» — деп, Әділбек оның Мұсадан кем түспегеніне ішінсін куанып қалды.

— Ақан сері мен Біржан елінің жігіттері шеттерінен

әнші келеді дегенді естуші едім, рас екен ғой! Салған әнініз денемді шымырлатып жіберді! — деп, Хамзаға Мұсаның өзі де сүйсініп, мактау айтты. — Сөзінізден гөрі әнінің жанымызға жылы тиді! — деп, әзілін де косып койды.

Хамза өзі салған әннің сазы көнілін желліп жадырады ма, әлде Мұсаның жаңағы соңғы әзілі мына жерде дәп айтылғанын түзу түсініп, сүйсінді ме, екі иығын жазыңқырап, сәл шалқайыңқырап, Мұсаның бетіне жымып қарады.

Әділбек жездесінің жүзіне құлкі үйіріліп, ажары ту-зслегеніне көнілдене түсті. Мұса мен Хамзаның әнінен кейін туыстарының бәрінін де қабактары ашылып, өндөрінен жылы шырай көрінгенін байқады. Енді құдалар да бүгежектемей, мыналар да оларды зілді кекесінмен іліп-шалмай, екі жақ бір-бірімен жайдары сөйлесе бастады. Ауыл өмірінің жаңалыктары, егін-шөптің шығымы, базардағы заттың наркы секілді әр алудан жайларды сұрасып, жадырап әнгімелесіп кетті. Сөз арасында ойнақы үткүр әзіл-қалжындар да айтылып, жұрт құлісіп, бәрі көнілді отырды.

Құдаларға конакасы берілген дәм үстінде де осы жақсы әнгіме үзілген жок. Дәмнен кейін қайтадан ойын-сауық қызып, екі жактың адамдары кезекпен іә ән шырқап, іә күй тартып, ал бұл өнер қолынан келмегендері не тақпак, не жұмбак, немесе құлдіргі жанылтпаш айтып, міндетінен құтылып, түннің біраз уақытына дейін созылған жарасымды думан болды. Әділбек, әрине, мұнданай қызықтың таң атканша созыла бергенін тіледі, ал Нагима жұрттың жағдайын ойлады. «Жолдан келген конактар да шаршаған шығар, тынысын. Ертең ерте-мен жұмыска баратын туыстардың да демалғаны жөн болар», — деп өз ағайышдарына карап тілек білдіріп еді.

— Құдағи, бізге бола бір түйір аландамаңыз, біз таңбызыз, шаршаған жокпыз! Мынадай куанышта бір түн түгіл, екі түн, үш түн үйктамауга бармыз! — деді Мұса көнілді үнмен.

— Құдағидың айтқаны дұрыс, сен тұра тұр,— деді оған ақсары бәйбіше. Соңан соң Нагимаға жүзін бұрып: — Жол соғып, аздаш шаршап келгеніміз де рас еді, бірақ құдаларымыздың он шырайын көрген соң, және ән естіп, күй тындаپ, үлкен қызыққа кенеліп, көніліміз көншіп, өте жақсы сергіп қалдық. Таң атканша думандатып отыра беруге осы жұрттың бәрі де жалақласы

анық, алайда шаруаның жағдайын да ойламаса бола ма? Еңбек ететін шаруа адамына, әсіресе жазда, уақыттың әр мүнеті қымбат, мұны жақсы білеміз. Біздің он-түстікте де даладағы жұмыстың қазір қауырт шағы. Мына Мұса да, қасындағы жолдастары да аз күнге сұранып шыққан. Жер шалғай, екі күніміз жолда өтті. Қайтарда тағы да сондай уақытымыз жолға кетеді. Бұл жайымызды да біле отырыңыздар. Аманшылық болса, ертен біз де жүріп кетуіміз керек,— деді.

Улken құдағидың «Ертен жүріп кетуіміз керек» дегеніне Нагиманың туыстары танданысып қалды. Құдаларды дәл мұндай асығыс шығар деп ойламаған еді.

— Бір үйдің ғана мейманы боп, бір үйден ғана конақасы жеп аттанғандарының дұрыс болмас. Алыстан келген құда-құдағилар, мынау отырған ағайындарымыздың бәріне бірдей қадірлі меймансыздар. Өз отымыздың басын көрсетпей, бір малымыздың құлағын жегізбей жібермейміз! Ертен жүреміз дегенді қойыныздар!— деді Хамза.

— Уақыт қысады ғой, қарағым, әйтпесе асықпас едік,— деді ақ сары бәйбіше.— Енді екі араға жол түсті емес пе, әлі талай келеміз, сыйғамызды сонда асықпай жатып жерміз.

— Бұл жолғы келістерініздің жөні бөлек қой, құдағи!— деді Хамза. Соңан соң жанағы білдірген тілегін екінші рет тағы да қайталап айтып еді.

— Қаз тойғанына семірмейді, орғанына семіреді, ықылас-пейілдерінізге зор ракмет, қарағым!— деді ақ сары бәйбіше.— Жағдайымызды айттым ғой, ертен жүріп кеткеніміз жөн болар еді. Бірақ қөнілдерінізге ешкандай қудік алмаңыздар, сіздерге өте ризамыз! Имандай шыным: жолымыз он болды деп, қуанып аттанаңыз!..

Улken құдағидың осы қайырған жауабынан кейін Хамза амалсыз бөгелді, бір емес скі мәрте өтінген сөзін үшінші рет тағы да қайталап айтуды ыңғайсыз көрді. Бүгін ғана кеп түскен құдалардың дәл ертен журулері тым шүғыл екендігін үлken құдағидың өзі де бек жақсы біліп отыр, бірақ лажы жок болса қайтеді? «Уақыт қысады ғой» дегені — шын. Расында да жағдай адамды ырқына жібере қоймайды. Осының түсініп отырып, қонақтарға жабысып, бір айтқанды он қайталап қолқалай беру — сыйлы меймандарға көрсестілген құрмет емес, керісінше, олардың зықысын шығарғандық, қинағандық

болмай ма? Хамзаның басына осы ойлар келіп іркіліп еді.

Ақ сары бәйбіше Хамзаның салмақты ажарынан оның ойын үқтү білем, оған қарап, ризалық білдіргендей бол, басын ақырын изеді де, енді кәрі жүзі құлімсіреп, Нагимаға бұрылып, және бір тын сөзді тағы да өзі бастады:

— Құдағи, біздін жақта құда түсуге барғанда, елдің ежелгі ғұрпы деп, коржын аппаратын салт бар (бұл дәстүр бұл жақта да бар шығар). Рұқсат болса, сол әкелген коржынымыздың аузын ашайын... Жеріміз жырак болғандықтан, ат жетелеп келе алмадык...

Ақ сары бәйбіше кен қамзолының он жақ жан қалтасынан бір томпак конверт алып, Нагиманың алдына қойды.

— Мына қағаздың ішінде бір жылқының, оның үстіне жабатын түкті кілемнің пұлы салынған. Сізге мінгізген атымыз осы, құдағи. Адал пейілмен ұсынамыз, ақ ниетпен қабыл алыңыз! — деді.

Осы мезетте Мұсаның сол жағында отырған дөнгелек жүзді жас әйел (бұл келіншек — бәйбішенің келіні еді), орнынан жымынп жылдам көтеріле беріп, екінші бір қалындау конвертті оның қолына әперіп еді, үлкен құдағи мұны да Нагиманың алдына қойды.

— Мынау — жиырма кісіге, бәріне бірдей етіп, киғізген киітіміз. Бұл да — елдің салты. Риза болыңыздар! — деді.

Киіт киғізу — қазактарда ерте заманнан келе жатқан ғұрып екенін, құда болысып, қыз ұзатып, келін түсірген екі жақ та бұл салтты шамалары келгенше жақсы өтеуеге тырысатының Әділбек билетін еді. Қазактар үшін құдаларға киіт киғізу — сын, ал құдаларынан киіт киу — мақтаныш. Тіпті самай шашы ағарған үп-үлкен кісілердің: «Мынау құдамыздан киіп қайтқан киітіміз!» — деп құдасы сыйлаған жағалы киімді нығына жамылып отырып, балаша мақтанғаның Әділбек талай көрген. Ол әзірше ересектер санатына қосылып, құдалыққа барып, өзі киіт кимесе де, бұл рәсімді орындауда қандай жол сақталатыны жайынан әжептәуір хабары бар-ды. Бұл жақта әдемі ішік, оқалы шапан, қымбат костюм секілді заттар — киіттің ең бағалысы деп саналады да, ең жолы үлкен құда-құдағилардың иықтарына сол жағалы киімдер жабылады. Қалған құдаларға, жас мөлшерінің және бас құдаға туыстық дәрежесінің ретінде қарай, әртүрлі кішірек сый тартылады. Бұл сыйдың ең кішісі, мәселен,

еркектерге тігулі жейде, әйелдерге — көйлектік жібек мата немесе екі-үш мстр шибарқыт беріледі. Ат кіт орнына ақша берілгенін Әділбек бұрын көрген жок еді. Сондыктан ол ак сары бәйбішенің: «Мынау — кигізген киітіміз» деп, Нагиманың алдына томпайған екі конверт қойғанына ішінен таңырқады. «Байлығын көрсетіп мактандығысы келген түрі ме? Әлде бұлардың жағындағы дәстүр осында ма екен?»— деп ойлады. Қазақтарда құда түсуге барғанда, ішіне тарту-таралғыларын салып, қоржын апаратын ғұрып барын да Әділбек ак сары бәйбішенің сөзінен бірінші рет естіп білді. Қазактың тұрмыс-салтында бұл білмейтін жайлар толып жатыр екен-ау! Әділбек бүгінгі көргендеріне таңданумен катар, әрі өте қызыққандай кейіпте отырды.

Қонақтар келесі күні жүріп кетті, бәрі де өздерінеге көрсетілген сый құрметке риза болып, екі жактағы құдалар арасында орнар ұлы туыстықтың іргесі қаланғанына қуанысып, масайрап аттанды. Ақ сары бәйбіше Нагиманы, оның ағайын-туғандарын қонаққа шақырды. «Бәріңіз келініздер! Құтеміз! Әсіресе мына кіші құда қалып қоймасын!»— деп, дәл жүрер алдында Нагиманаға Әділбекті ерекше ескертіп тапсырды.

— Бұл құданың келмей қалуы мүмкін емес! Шынымды айтайын, осы құда екеуміз бір-бірімізді ала-бөтен жақсы көріп калған секілдіміз, бірімізді-біріміз үзак уақыт көрмеуге шыдамаспыш, сірә! Өзім сондай халде тұрмын, ал сен қалайың, Әдеке!— деп, Мұса ак сары бәйбішенің сөзін қуаттап, Әділбекке жадырап күліп қарап еді.

— Менің сізден бір сұрайын дегенім бар еді,— деді Әділбек өз көнілінде тұрған сауалын шешіп алғысы келіп.

— Сұра-сұра, білсем айтайын!— деді Мұса көнілді күліп.

— Өзіңізден оңаша ғана сұраймын.

— Ғұзырына құлдық!

Мұса Әділбектің ыңғайына қарай қозғалып, екеуі жүрттап сәл оңашарап барып тұрды.

— Сіз спортшы емессіз бе?— деп сұрады бала.

— Спортшы емеспін,— деп Мұса салмақты үнмен жауап берді.

— Бірақ физкультурамен шұғылданатын шығарсыз? Күнде ертемен жаттығулар жасайсыз ба? Мәселен гір көтеріп...

— Ондай ғадетім де жок,— деді Мұса.— Мен мұраппын, күнде ертемен кетпенмен топырак аударып, мақта егісіне су жіберем. Менін физкультурам сол!

— Мен сізді штангист шығар деп ойлап едім.

— Мойның жуандығына қарагансын ғой,— деп күлді Мұса.— Ендеше есінде болсын, кетпен көтерген кісінін бұлшық еттері мен сінірлері ірі болады.

— Сіз көркемөнерпаздар үйірмесіне де қатыспайсыз ба?— деп сұрады Әділбек.

— Қатыспаймын,— деді Мұса.

— Неге? Әнді жақсы айтасыз ғой, даусының сондай әдемі, домбыраны да әйбат тартасыз. Әлде сіздің ауылда көркемөнерпаздар үйірмесі жок па?

— Неге жоқ болсын, бар, бірақ оған қатысып, ойын-сауық күшіп жүргуге уақыт қайда, бауырым-ау!— деді Мұса.— Конакқа барғанда, ойын-тойларда түндегідей етептөрткен жоқ маған, осыларға жасымнан әуес болып, өз бетіммен үйрениді. Енді екеуі де өзіме серік сияқты бол кетті, кейде онашада олармен қәдуілгідей сырласамын...

Әділбек ән мен күй тек ойын-сауық үшін, тек көніл көтеру үшін орындалады деп қана түсінетін еді. Адам әнмен, күймен сырласады деген үғымы жоқ болатұғын. Ән мен күйдің құдіреті туралы Мұсаның сөзі оған әрі таң, әрі қызық көрініп, бала біртүрлі әсерленіп, «тағы да айта түсініш!» деп тілегендей боп, Мұсаның бетіне құлімдеген жұзбен дәмеленіп қарап еді.

Автобустың шофері машинаға от алдырып, жүргуге ынғайланды.

— Ал, құда бала, әлі талай кездесеміз ғой, қалған әнгімемізді сонда жалғастырайық, жолыққанша сау бол енді!— деп, Мұса Әділбектің әуелі колын қысып қоштасып, сосын оны иығынан құшактады.

— Біздің ауылға енді қашан келесіз?— деп сұрады Әділбек.

— Құлахмет жездең осы жаққа жолдама алышты ғой. Ол келіп жұмысына орналаскан соң, оған құтты болсын айтуға, көп кешікпей тағы да бір кеп қалармын! — деді Мұса.

Құлахмет ауыл шаруашылық институтын тамамдап, агроном деген атақ алғанын, осы мамандығы бойынша Қазақстанның тың игерген аудандарындағы жаңа астық совхозының біріне баруды қалағанын Әділбек өз аласы

Сапиядан естіген еді. Шалғайдағы оңтүстік облыстың жігітіне тағдырын сабактаған апасының жырекқа ұшып кетпей, өскен үясына, туған-тысқандарына жақын жерде болатынына ішінен қуанған-ды. Әділбек Мұсаның Құлахмет қызметіне кіріскең соң, оны құттықтау үшін келемін дегеніне өте риза боп қалды.

— Тезірек келініз! Міндепті түрде келініз! — деп дауыстады ол Мұсаға, автобус орнынан жылжи бергенде.

Әділбек сол күннен бастап, Құлахмет пен Сапияның Шымкент облысынан осылай қарай шықтық деген хабарын асыра күтті. Хат жолда ұзақ жүреді, сондықтан олар жолға қай күні шығатындарын, қашан келетіндерін хатпен хабарламас деп есептеп, телеграмма тосып еді, Әділбектің ойынша апасы мен жездесі, еш жаққа бұрылмай, осы ауылға тікелей келуге тиіс. Мұнда Сапияның туып-өскен үйі бар, оның келуін сағынып күтіп отырған анасы мен інісі және шын тілеулем тұған-тысқандары бар. Құлахметке берілген жолдамада көрсетілген жер басқа ауданда болса, оған артынан барадығой, әуелі үйге келіп түсіу керек. Мүмкін жездесі осы ауылдың өзінде қалуды сұранар, бұл ауыл да — ірі астық совхозының орталығы, жоғары білімді агроном бұл жерге де қажет.

Құлахметтерден хабар кешікті, телеграмма келмеді, тілті хат жазса да жететін уақыты болып еді. Әділбектің көніліне енді күдік орала бастады. «Біздің жаққа қызметке келмейтін болған шығар, сірә...» — деп қобалжып ойлады бала. Құлахметтің осы жаққа агроном боп келем дегені — Сапияның көнілі үшін айта салған жай сез болғаны ма? Әлде, інісін алдарқату үшін Сапияның өзі ме мұны ойынан шығарып жүрген? Мүмкін емес! Әділбекке Сапияның жалған сөйлеген жері жок-ты. «Әй, не де болса, жездемнің өзінен келген іс шығар», — деп ойлады бала.

Бұлай болуы да мүмкін: институтты енді ғана бітірген, жаңа үйленген жас жігітке ата-анасы мен жақын туысқандары: «Бірден» жырекқа шығып кету — оңай шаруа емес, бөтен жерде сенің алдында мұндағы әке шешен үйіндегідей дайын дастарқан жаюлы тұрмайды тұрмыстың киыншылығын көріп, жүдеп-жадайсын. Әуел, өз маңайымызда болып, құлашынды жазып, жағдайынды жақсартып ал, алысқа әзір үзәма», — деп жабыла үті-

тесе, Құлахмет өзінің онтүстігінде қалып қоюы да әбден ықтимал.

Әділбек бір мезгіл осылай топшылады. Сол жорамалының қисыны шындыққа жанасымдырақ секілді көрінді. Құлахметтің туған ауылына да агроном керек шығар. Өзінің туып-өскен жерінде агрономның орны дайын тұрса, Құлахмет, әрине, туыстарының тілін алғып, осы жұмысқа тұрады. Оның шешіміне Сапия да қарсы болмайды. Оңтүстіктің жігітін сүйген соң, оның туып-өскен өлкесін де жақсы көріп, жылдам бауыр басып кетеді. Және Сапия ол жақтан өзіме жұмыс табылмай қалады— ау деп те уайым жемейді. Ол — сауыншы гой, сүт фермасы барлық жерде де бар. Сапия үйренген жұмысныңа қалаған күні кіріспін жүре береді.

Әділбек осы жайларды ойлап, апасы мен жездесінің онтүстік облыста қалып қоюын теріс көре алмады. Алайда баланың қонілі тыншымады, сүйікті апасы мен жездесінің жыракқа шығандап кетпей, жақынырақ жерде болғанын ішінен тілей берді.

Бір күні, ымырт кезі еді, Әділбек пен шешесі екеуі тәрігі үйде, дәңгелек үстел бетіне дастарқан жайып, кешкі астарын ішіп отырганда, ауызғы бөлменің есігі ақырын ашылып; біреудің кірген тықыры білінді, бірақ ілгері карай жүрмей, босағада қымсынып тұрып қалған сияқтаңды. Ауыл адамы, әдетте, үйге кіргенде, егер ауыз үйде ешкім болмаса, ағаш еденді аяғымен сықырлата басып, дереу тәрігі бөлмеге етеді, немесе бері шықтай-ак, дыбыс беріп, керек кісісін дауыстап шакырады. Мынау кірген адам не ілгері жүрмей, не дыбыс бермей, жасқанып тұрғанына қарағанда, бұл ауылдың кісісі емес бөгде біреу болар, сіра.

Әділбек орнынан шапшаң түрегеліп, тәрігі бөлменің есігін ашып қарады. Ауыз үйдің табалдырығынан атgap кіргенмен, ілгері карай жүруге именіп тұрған, жұзі күлмісірекен кісіге көзі тұскенде, Әділбек оның Құлахмет екенін бірден танып, оқыс көрген соң қапелімде не етепін білмей, сәл анырып қалды.

— Сәламат па, Әділбек!— деді Құлахмет жылы үнмен. Әділбекке амандасқалы қолын созып, оған қарай жүрді.

Бөгде кісінің дауысына елегізіп, Нагима есік жакқа басын бұрып қарады:

— Әділжан, мейманға жоғары шығыныз демей сің бе?

— Төрлетініз! Мында кірініз! — деді Әділбек жездесіне, төргі бөлменің есігін кенірек ашыңқырап, оған жол беріп.

Құлахмет Нагиманың алдына келіп, сыпайы иіліп сөлем берді:

— Есенсіз бе, шеше!

Нагима қызын үрлап алып кеткен күйеу баласының бетіне үнсіз қарады. Барлаған секілді. Соңан соң, мойның созып, есік жаққа қайтадан көзін аударды. Құлахметтің соңынан келе жатқан тағы да біреуді (әрине, Сапияны) күткендей дәмемен қарады. Қызы үйге кіруге үялып, есіктің сыртында тұрған шығар, бәлкім...

Құлахмет қайын енесінің кімді іздегенін іштей түсініп, өзінің жалғыз келгеніне біртүрлі ынғайсызданды.

— Хат жазып ек, алмадыңыздар ма? — деп сұрады үян унмен.

— Ешқандай хат келген жок,— деді Әділбек.

— Почтаның кінәсінен кешіккен болды ғой онда... Сол хатта мән-жайды толық айтқан ек...

Құлахмет іркіліп қалды. Сапия екеуінің ақылдастырып жазған хаты өзімнен бұрын барып, мұндағы қайын жұрттыма бүкіл жағдайды үғындырып койған шығар деп ойладап, қайын енесінің үйіне, көңілі онша қобалжымай келіп еді. Жас жұбайлар Құлахметтің атанаасының ақылын тындалап, әуелі мұның жолдама алған тың өлкесіндегі ауданға кешікпей барып, ең алдымен жұмысқа орналасуын, семьясын көшіріп әкелгенде кіргізетін пәтер қарастыруын, осы шаруалар бірыңғайланғанша Сапияның ата-ене қасында бола тұруы жөн екенин мақұл көрген болатын. Осының барлығы Сапияның төркініне жазылған хатта жүйелі баяндалған еді. Сол хат келмеген соң, күйеуге жасырынып қашып кеткен қыздан хабар-ошар болмаған соң, мұндағы туыстар неге алабұртпасын? Қайын жұрттының үйіне күйеу баланың әрі жалғыз өзі, әрі тағы да қаранғы түскен кешкі бейуақытта келіп тұрғанына қайын енесі қалай таңданбасын! Нагима Құлахметтің бетіне үзак қарады. «Қандай азаматсың? Опалымысың? Менің қызыымды жылатып журмейсің бе ертең? Мына жалғыз келуіннің мәнісі қалай?..» деген сұраулар тұрды көзінде.

Құлахмет бұл сауалдарды ішінен үғып, енді сөзді қай жағдайға байланыстырып айтудың ретін ойладап, иегін үстап, жанарын тәмен аударып, үн-түнсіз тұрып қалып еді.

— Жоғары шық, шырағым, дәмге кел,— деп Нагиманың өзі сез қатып, оны дастарқанға шақырды.

Нагиманың баяу жұмысқ үні Құлахметтің құлағына біртүрлі жылы естілді. Ол қайын енесінің жүзіне көзін бұрып қарады да, шешенің арық өмі жабыңқы көрінгенмен қабағында қатулық жоқ екенін байқап, қобалжығач көңілі аздап орныққандай болып, Әділбектің төменгі жағынан келіп, дастарқанның шетіне отырды. Меймана төрге қарай өтсін деп, Әділбек кейін шегініп, жол ашып еді, Құлахмет жоғары шықпады. Кайын жұртының үйінде күйеу төрге отырмайтын ежелгі ғұрыпты сактады.

Ол өзіне құйылған кеседегі ыстық шайдан акырынғана бір ұрттады да, ыдысын қайтадан жерге койды. Қайын енесінің де, балдызының да бұдан бір жаңа алдыңған хабар тосып аланаған жайын түсініп, көзін төмен аударып, тағы да аз-кем үн-түнсіз отырды.

Сонаң соң:

— Кешіріңіз, шеше, біздің хабарымызды ұзағырап күтіп қалған екенсіз, салған хатымыз келмепті ғой...— деді хаттың кешіккеніне өзін жазықты санағандай кінәлі пішінмен.

Құлахмет сол хатта жазылған жайларды енді өз аузымен жайлап баяндағы. Сапия екеуінің үйғарғанын бул жақтағы туыстар осы хаттан білген болар деп ойлағанын, жас жубайлардың шешімін теріс демес, оң көрер деп дәмеленгенін айтты. Жолдама алған жерге келіп, жұмысқа тұрысымен қайын жұртыма іле-шала барып қайтамын ғой деп және үміттенген екен, бірақ істің бәрі бұл ойлағандай тез шешіле қалмапты. Облыстық ауыл шаруашылық бөлімінің бастығы Құлахметті жылы он-түстіктің жігіті болған соң, Қазақстанның салқын терістігіне келмес деп санаған ба, әлде өзінің бір жақынын орналастырысы келген бе, кім білсін, мұның жолдама алып келе жатқан орнын басқа біреуге үйғарып, қызметке соны алу жөнінде бүйрый беріп қойған екен. Ол да — колында жап-жана дипломы бар жас маман көрінеді, бірақ техникум ғана бітіріпті. Ал Құлахмет — жоғары оку орнын тамамдап кеп түрған маман. Ауыл шаруашылық бөлімінің бастығы сонда да бүйрыйн өзгерктісі келмей, Құлахметке өз мекемесінің қарамағындағы бір жұмыстарды ұсынады. Құлахмет бас тартады, колындағы жолдама көрсетілген жерге жіберуді талап етеді. «Ұсынған жұмыстарға барғың келмесе, онда саған тауып беретүғын басқа қызметім жоқ!» — деп ауыл шаруашы-

лык бөлімінің бастығы салқын қабак көрсетеді. «Мен жоғарғы жакқа шағым жасаймын!» — дейді Құлахмет. Мәселе осылай қындау түсіп, бірақ әйтеуір, ақырында дұрыс шешіліпті. Құлахмет біраз күн соның әүресімен жүріпті. Жұмысқа орналасқан соң іспен танысып, егін алқаптарын аралап көріп, дақылдардың шығымын, егісгік жердің қалай өнделгенін байқап, шаруашылықтың есеп қағаздарын тексеріп, толып жаткан қауырт шарудан колы босамай, қайын жұртының ауылына іле-шала барып қайтуға мұршасы келменті. Қөрші аудандағы жана астық совхозына агроном болып орналасқан еken, бірақ совхоздың бас агрономы наукастанип, бір айдан бері ауруханада жатқандықтан, соның атқаратын бүкіл міндеттін бұған уақытша жүктепті. Қызметке жана кірген жас маман қалың жұмысқа бірден килігіп, ешқайда шығуға бұлтара алмаған. Бүгін ғана мүмкіндік тауып, қайын жұртының амандығын білгелі, сларға көрініп қайту үшін бір күнге сұранып, асығып шығыпты.

— Айып етпеніз, шеше, үлгіргенім осы болды. Танымайтын жерге жұмысқа жана кірген адам болған соң, келе сала рұқсат сұраудың ретін бірден таба алмадым,— деді Құлахмет.

Нагима үндеген жок, өні жабығынқы тартқан қалпынан өзгермеді.

Құлахмет жұмысқа орналасқан совхозды Әділбек бұрын көрген еді, өз аулынан оның екі жұз отыз шақырым жырақ тұратынын билетін.

— Совхоздан қай мезгілде шықтыңыз?— деп сұрады ол жездесінен.

— Жұмыстан кейін шықтым,— деді Құлахмет.

— Жылдам келіпсіз! Машинаныз «Волга» ма?

— Жок, «Газ-69»...

— Қатты жүріпсіз ғой! Жолы жаксы ма еken, біз көргенде жөндеп жатыр еді.

Құлахмет баланын анғарғыштығына ұшінен сүйсініп қалды: екі араның жолы әлі толық түзеліп бітпесе де, су жырған, ауыр машинаның дөнгелегі ойып кеткен шұнқыр-шұқанағы көп кезіксе де, өзі асығыс болған соң, каттырақ жүріп келгені рас елі. Бірақ балаға бұларды айтуды ынғайсыз көріп:

— Кейбір тұстары болмаса, жолы онды еken,— деді езу тартып.

Нагима дәм үстінде күйеу баласына ешқандай сауал берген жок. Ас ішіліп болған соң, дастарканды жинап,

ыдыстарды орнына қойып, соナン кейін ғана төрдегі жұмсақ төсөніш үстіне келіп отырып, Құлахметтен кейір жайларды сұрады:

— Пәтер таптың ба, қайда тұрып жатырсын? Төсекорын, көрпө-жастық - секілді керекті ол-пұлдарың бағма? Құн көрісін қалай, тамакты қайдан ішіп жүрсін? Ол совхозда жүртқа пәтер беру тәртібі қалай екен? Директор не дейді, сендерге тезірек баспана беретіндегі жағдайлары бар ма екен?

— Қызметке жолдамамен келген жас мамандарға, заң бойынша, пәтер бірінші кезекте берілуге тиісті,— деді Құлахмет қайын енесінің әуелі соңғы сауалына жауап қайтарып. Өзінің хал-жайы туралы қысқа ғана айтты. Әзірше бір механизатордың үйіне пәтерге тұрыпты, семьясы шағын кісі екен, өзі салып алған төрт бөлмелі үлкен үйінін бір бөлмесін бұған босатып беріпті; кереует, төсек-орын, стол секілді кажетті жабдықтарды Құлахмет совхоздағы магазиннен сатып алыпты, ал тамакты асханадан ішіп жүр екен.

— Сапия қашан келмек? — деп сұрады Нагима.

— Кеше телеграмма алдым, ол Шымкенттен осылай қарай поезден бүгін шығады, арғы күні келеді,— деді Құлахмет.

— О-о! — деп қуанды Әділбек.— Мен Сапия апамды алдынан шығып қарсы аламын!

— Бұған әпкен өте қуанар еді,— деді Құлахмет.

— Мама, рұқсат етесіз бе? — деді Әділбек анасына күлімдей қарап.

Нагима баласының алып үшқан көңілін қайтармай:

— Барғын келсе, бара ғой,— деді жұмсақ үнмен...

## VI

Сол жолы жездесі екеуі станция басында Сапияны қалай қарсы алғаны, інсін көргенде, бүкіл төркіні алдынан шығып тұрғандай болып, апасының өте қатты қуанғаны, дәл со күні селдетіп жаңбыр жауғаны, қайтар жолда машина газға батып қап, біраң әлеккे түсіргені, совхозға таң бозара әрең жетіп, үлкен ак үйдің қақпасына таянып кеп тоқтай бергенде, үйде бұларды үйктамай тосып отырған кісілер алдарынан балаша

куанып жүгіріп шықканы,—осының бәрі Әділбекке ки-  
нофильмдегі оқиға сияктанып, өте қызық көрініп еді.

«Поездың келетін мезгіліне дәл ғараламыз»,— деп Құ-  
лахмет үйден аттанарда уақытты есептеп шықкан бола-  
тын. Бірақ бұлар орта жолға жеткенде, төп жауған  
қалың жаңбырға килікті де, жол көлкіп, машина тайға-  
нақтап, жылдам жүре алмады. «Қап, кешігетін болдық-  
ау! Сәл-пәл ертерек шықпаған екенбіз, ә!» — деп өкінді:  
Құлахмет. Қалаға жеткен соң, жолдағы базарға бұрылай  
кетіп, Сапиға ұсынатын гүл сатып алмақшы еді, оған  
да үлгере алмайтын болғанына ішінен қынжылды.

Бұлар темір жол станциясына жеткенде, поездың ке-  
летін мезгілінен уақыт жарты сағаттай асқан еді. Вок-  
зал алдында токтап тұрған жолаушылар поеззы көрін-  
беді. Бұл поезд мұнда 20 минуттай ғана бөгелетін-ді,  
жөнеліп кетті ме екен? Перронда кісі жоқ. Жаңбыр  
жауып тұр. Құлахмет Әділбекке: «Сен машина ішінде  
отыра бер»,— деді де, өзі поездың жағдайын білу үшін,  
жүгіріп вокзалға кірді. Есік аузында қарсы алдынан  
кездескен жас жігіттен: «Шымкенттің поеззы етіп кеткен  
жоқ па?» — деп асығып сұрап еді, «опаздыывает, сол  
поезды я тоже жду»,— деді анау орыс сөзін араластыра  
сөйлеп.

— Қашан келеді екен?

— Еще бір жарым сағат тосасыз.

Құлахмет вокзалдың жөн сұрау бюросынан поездың  
екі сағат кешігіп келе жатқанын өзі анықтап біліп, со-  
нан соң ғана көнілі орнықты. Енді асығудың қажеті  
жоқ болса да, жаңбырдан қорғанып, машинаға қайта-  
дан жүгіріп келіп мінді.

— Поезд кешігіпті, келуіне әлі екі сағатқа жуық  
уақыт бар. Гүл алып келуге толық үлгереміз енді,— деді  
көнілді үнмен. Дереу машинасын от алдыры.— Тарт-  
тық базарға!

Күн жауын болған соң, базарда кісі шамалы екен,  
гүл сатып отырған ешкім ұшыраспады. Құлахмет поез-  
дан түсетін келіншегін гүлмен қарсы алуға соншалық  
ынтыққан еді. Бір уыс гүлді енді қайдан табуға болар  
екен? Базарға әкеліп гүл сатушының үйін біletін біреу-  
міреу кездессе, адресін сол айтып бере алса, қазір іздеп  
барар еді. Құлахмет базарда жеміс сатып отырған әйел-  
дерден гүл сатушының үйі қай жакта екенін сұрастырып  
көріп еді, олардың ешқайсысы нақты айта алмады.

— Бұл шаруаның сәті түспеді. Бұлай боларын білгенде, жолда қырдын гүлін теріп алатын едік, ә, Әділбек!— деді Құлахмет өкініш білдіріп.

— Элі де үлгереміз ғой. Жүрініз ендеше, даладан гүл теріп әкелейік,— деп ұсыныс жасады Әділбек.

— Осы жаңбыр жауып тұрганда ма?

— Жаңбыр қайтеді? Азар болса үстіміз су болар. киім кебеді!

— Бұл сөзің де жән. Макұл, кеттік!

Олар кейін бұрылып, өздері жүріп келген көшені өрлеп қаладан шықты да, алдарынан көгеріп көрінген тоғайға қарай жолсыз қырмен төтелей тартты. Әділбек кабинаның әйнегін төмен түсіріп, екі көзін жерден алмай қарап отырды. Қырдың бозғылт селдір қауданы арасынан жіңішке үкілі ақ селеулер көрінеді, әр жерден қызарған тобылғы мен ұзын шашакты сасырлар көзге шалынды. Тоғайға таянғанда, боз көдеге жасыл жоңышқа араласып, ылғалды жердің шөбі де қоюланып, түгінің түсі де өзгере бастады.

— Машинаны тоқтатыңызыш!— деп қуана дауыстап жіберді Әділбек бір мезетте.

Құлахмет тормозды дереу басып қап, машинаны кілт тоқтатты. Әділбек кабинадан шапшаң түсіп, қалың шөп тін арасын екі қолымен ашып жіберіп, бір қызғалдақты үзіп алып, жездесіне мақтанып көрсетті:

— Мінеки, қызыл гүл!

Қызғалдақты көріп қуанып, Құлахмет те машинадан түсті. Қызыл гүлді қолына алып, қызығып қарады, мұрнына апарып іискеді. Жаңбыраға малынған өсімдіктің гүлдеген нәзік жапырағы сәл бүрсінкіреп, тоған сияқтанып, дірілдеді. Құлахмет гүлді алақанымен қалқалап, өсімдіктің су болған жапырағын аузының жылы лебімен ақырын-ақырын үрледі.

— Бойынды жылытайын! Қандай әдемісің! Жайши жапырағынды! Құлпыршы!— деді гүлге, онымен қадімгіше сөйлесіп.

Әділбек жездесінің қылышына қызығып қарап:

— Ол сіздің сөзіңізге түсінді ме?— деді.

— Түсінгенде қандай! Өсімдіктің сөйлейтін тілі жоқ болғанмен, өзін мәпелегенді сезетін қасиеті бар. Оның бұл қасиетін бағандар жақсы біледі. Олар өсімдіктің не деп тұрганын бірден ұға қояды,— деді Құлахмет.

— Ал, мына қызғалдақ не деді сізге?— деді Әділбек қызыға түсіп.

— Жаңбыр өтіп, аздап тоныңқырадым дейді. Жапырақтарымды жазайын, жылтынызшы дейді. Сабағымды қатты қысып үстама, онда сынып қаламын дейді.

— Е, бұл — маған ескертіп жатқан өз сөзініз ғой! — деп күлді бала.— Маған сенініз, гүлдің сабағын сыйдырып алмауға тырысамын!

Тоғай ығының қалың сулы шөбінің арасынан екі шоқ қызығалдақ теріп алғанша екеуінің үсті-басы жаңбырға әбден малшынды. Жазғы жеңіл аяқ киімдерінен су өтіп, жана сойылған майдың жас терісінше былжырады. Машина ішіне кірген соң, Құлахмет әуелі гүлдерді газетке орап, артқы орындыққа ұқыптап қойды да, соңан кейін бәтенкесін шешіп, шұлығының сүйн сығып, қайтадан киді.

— Жаздың жылы жаңбыры ғой, ештеме етпейді, деңені қарымайды. Киімге сінген су етіміздің қызуымен демде кеүіп кетеді,— деді су сорғалаған шашын бет орамалымен ысқылап сұртіп жатып. Артына бұрылып, гүлдеріне қуана қарады.— Жапырактарының сүй күрғаған соң мына қызығалдақтар да оттай жайнайды! Бәрінен бұрын мына гүлдердің тез табыла қалғанын айт! Жолымыз болды! Ал, жөнелейік енді!..

Поезд станцияға кешкі сағат онның шамасында келді. Қазақстанның солтүстік облыстарында жаздығуні бұл уақытта дала жап-жарық болып тұрады. Бірақ бүгін аспанды тұтасқан кою бұлт басып, толастамай жаңбыр жауып түрғандықтан, төнірек ертерек қаранды тарткан. Құлахмет пен Әділбек вокзалға кірмей, поезды сыртта тосып, машина ішінде отырды. Тепловоздың мандайын дағы үлкен шамның жарығы көрінген кезде екеуі кабинадан жылдам түсіп, перронға жүгіріп шығып, поезд кеп тоқтайтын бірінші жолға жақын барып тұрды.

Поезд таянып қалды, акырын жылжып келеді, алдыңғы вагондары вокзалдан өтінкіреп барып тоқтады. Сапиғын телеграммасында он төртінші вагон көрсетілген еді. Құлахмет пен Әділбек поездың сонына қарай жүгірді. Апасын көруге асықкан бала екпінде, жездесінін алдына озып түсе берді.

— Әділбек, байқа, біреуге соғылып қалма! Гүлінді шашып алма!

Құлахмет оң қолына үстаған гүлін сол қолымен қал-қалап, өзі де абылап жүгіріп келеді.

Алдынан шыққан ері мен інсін Сапиға вагонның бас-палдағынан түсіп келе жатып көрді.

— Эділжан!— деп, бауырына қуанып дауыстады.

Құлахмет жас келіншегін баспалдақ үстінен көтеріп алды, Эділбек апасын мойнынан құшақтады. Қолдарындағы гүлдерін Сапияға екеуі қатар ұсынды.

— Ой, зор рақмет бұларына!— деді Сапия екеуіне бірдей риза болып. Інісін құшақтап, бетінен сүйді. Соңан кейін қолындағы қызыл гүлді құмарланып іске-ді.— Түү-ү, қандай ғажап! Жұптырактарынан даланың жұпар иісі анқып түр!

— Қырдың қызғалдағы! Даладан өзіміз теріп әкелдік!— деді Эділбек күлімдеп. Ол Құлахмет екеуінің базардан гүл іздел таба алмағандарын, соңан кейін машинамен қаланың сыртына шығып, тоғай жаққа барып, мына гүлдерді жаңбыр жауып тұрғанда, қалын сулы шөптің арасынан қалай тергендерін мактанып айтып өтті.

— Бөшкедегі суға түсіп кеткен тауыққа ұксап, жаңбырға өзіміз де әбден малшындық! Бұл да қызық болды!— деп күлді Құлахмет.

— Осы жаңбырда бекер әуре бопсындар-ау!— деді Сапия басын шайқап.— Эділбек, саған суық тиіп қалған жоқ па?

— Қайдағы суық! Мен мұндай жаңбырды елемеймін!— деп мактанды Эділбек.

— Бұрнағы жылғы жаңбыр есінен шығып кеткен скен ғой!— деп күліп сейледі Сапия. Эділбек өзенге балық аулай барып, соңда жаңбыр астында қалып, суық өтіп, үйде екі күн қатты ауырып жаткан еді, осыны інісінің ойна түсіріп.

— Э, ол — қүздін суық жаңбыры болатын. Қазір күз емес, жаз. Мына жаңбыр жып-жылы! Денемді титтей тондырган жоқ,— деді Эділбек.

— Апай, жүктөрінізді ұмытып кетпеніз!— деді былғары құртке киген бала жігіт, екі қолына ұстаған — бірі үлкендеу, бірі одан гөрі кішілеу — екі чемоданды Сапияның сырт жағынан әкеп, жерге қойып жатып.

— Қемектескенің үшін зор рақмет, інім!— деді Сапия оған алғыс айттып.

— Телеграмманы алды ма, алмады ма деп, жеткенше алабұртқан едіңіз, туыстарының шықты ғой алдыныздан! Енді жүріп кетсеніздер, жолдарының болсын!— деді былғары құрткелі бала жігіт қоштасып.

— Ракмет! Өзіннің де жолың болсын! — деді Сапия.

Бала жігіт күлімсіреп басын изеді де, он төртінші вагонға жүгіріп кіріп кетті.

— Карагандыға бара жатыр екен,— деді Сапия оның жөнін айтып.— Он жылдықты биыл бітіріпті, Карагандының медицина институтына окуға түсіпті. Өзі бір акылды, инабатты бала екен! — деп мактап қойды.

Жаңбыр сіркіреп жауып тұрған. Екі чемоданның үлкендеуін Құлахмет, кішілеуін Әділбек көтеріп, Сапияны орталарына алып, үшеуі аяктарын шапшанырак басып, вокзалдың сыртында тұрған машинаға қарай журді. Құлахмет жүктерді машинаның артына орнықтырып болып; сонан соң келіншегіне өздері баратын совхоздың бұл арадан қанша шақырым тұратындығын, екі ара-лық — женіл машинаға ашық күнде бір жарым сағаттық жол екендігін айтты, бірақ бүгін әрі жаңбыр, әрі түн іші болғандыктан, ақырын жүргуге тұра келетіндігін, ал мұндайда жолдың ұзарып кететіндігін ескертті. Сондықтан онша асықпай-ак, үшеуінің әуелі буфетке кіріп, бір-екі стакан ыстық шай ішіп, аздал жүрек жалғап алғандарын мақұл көрді.

Бұлар буфетте тамақ ішіп отырғанда, аяғын тенселе басып, омырауы алқа-салқа, таралмаған шашы үйпастып боп, қастарына бір күржиген мас жігіт келді.

— Аман ба, земляк! — деп Құлахметті он жақ иышын алақанымен қағып қалып, оның бетіне қарап, ыржып күлді.— Сенімен сөйлесуге бола ма?

— Мен сізді танымаймын! — деді Құлахмет салқын үнмен.

— Танымасаң, танысайық! Мекің аты-жөнім... — Ол Құлахметке қолын созды.

— Жігітім, мазаламасаң қайтеді, ә! Біз тамақ ішіп отырмыз ғой,— деп ескертті Құлахмет.

— Ну, што-жы, іше бер асынды! Мен сенен арақ сұрамаймын. Вот так!.. Мен сенімен сөйлескім келеді! Понятно! — деп анау он жағындағы столдың бос орындығын өзіне қарай сүйрете тартып алып, отыруға ыңғайланды.

— Жігітім, өз орныңызға барыңыз! Мен мас кісімен сөйлесуді қаламаймын,— деді Құлахмет оның аулак кетуін тілеп.

— Ей, бозекпе, байқап сөйле! Эйтпесе мына жұдырық... — Мас, көзі шатынап, аузын қисандатты,— тұмсығына сарт етіп тиеді!..

— Жә, жә, екіленбе! Ішкен екенсі!, жүртқа соктық пай, өз жайына жүр, жарқыным! — деді Құлахмет. Мастын қылышына ашуы келсе де, өзін тежеп, сабыр сактады.

— Тұрайықшы! Кетейікші! — деді Сапия ерін жеңінен тартып. Ұсқыны келіспеген мынау мас жігіт төбелес шығарар деп қорықты.

Әділбек мастын ісінген бетіне қабағын түйіп қарады. Жездесіне тиіскен бұзакының әлгі сөзіне ызалып кетті, оны жақтан салып жібергісі келді. Әттен, әлі келмейді-ау, балағой, әйтпесе бұл онбағанды жағасынан алып үйіріп соғып, милицияға сүйреп апарып тапсырар еді. «Же зем де қызық екен, мына жексүрынды өзі неге тұмсықтан бір койып, жалп еткізіп үшырып түсірмейді?!»

Әділбек орнынан атып тұрып:

— Сіз массыз, кетініз қасымыздан! Кетпесеніз, қазір милиционер шақырамын! — деді маска.

Мас қисая бұрылып, балаға көзін ежірейтіп қарады, иегін ілтері созып, ернін жыбыр-жыбыр еткізді. Сіра, Әділбекті ішінен кіжініп боктаған секілді, бірақ баланың «милиционер шақырамын» деген сөзінен жасқанды білем, үні өшіп, бет-аузын тыржындастып, бұлардын қасынан жылжып, әрі кетті.

Алайда шырықты бұзған онбағанның кесірінен Әділбек қатты қобалжып қалды, жеп отырған тамағына тәбеті жоғалып, стакандағы ыстық шайдан бір ғана үрттады, ішкісі келмеді. Қайтар жолда, машина ішінде келе жатқанда да, мастын қабарған жексүрын ұсқыны оның көз алдына елестей берді. Араққа сыйып тойып алған ол онбағыр тағы да біреулерге соктығып, буфеттің столдарын тәңкеріп, ыдыстарын қиратып, булік салып жаткан секілденді. Содырды, мана өздеріне тиіскен жерде-ак, колын артына қайырып, тыптыр еткізбей апарып, милицияға беру керек еді, Құлахметтің осыны жасамағанына, оған осылай етініз деп ақыл қоспағанына Әділбек ішінен өкінді. Кабинаның артқы орындығында отырған ол, машинаны жүргізіп келе жатқан жездесінің қулагына еңкейе түсіп:

— Сізге мас тіл тиғізгенде, оны ауызға неге бір қоймадыныз? Одан тайсақтадыныз ба? — деп сұрауды.

— Мен оған қол жұмсасам, ол да мені жағадан ала түседі. Соңсона шартпа-шұрт, қып-қызыл төбелес болмай ма? — деп күлді Құлахмет.

— Оған әлім жетпейді деп қорыктыңыз ба? Мен болысатын ем сізге. Екеумізге онын шамасы келмейтін еді.

Құлахмет балдызының бұл сөзіне таңданғандай болып, оған басын бұрып қарап еді, қарандыда бала жүзінің құбылысын анық байқай алмады. Бірақ Әділбектің сөзінің әлпетіне қарап, балдызы мұны мастан жасқанды деп ойлап отырғанын ішінен үқты. Сондыктан Әділбектің сауалына енді күлмей, салмақты дауыспен жауап қайырды.

— Мен институтта бокс үйірмесіне қатысқанмын. Үшкіндеған масты бір қойып ұшырып түсіруім оп-онай еді. Ол маган тілін тигізгенде, ашуым бұрқ етіп-ақ келді. Өндіршегінен түйіп жіберсем, төңкеріліп құлайтын еді. Бірақ жөншілік орында, жұрт тамақ ішіп отырған жерде олай етсем, үят қой. Мас адаммен байланысадын керегі жок, оны жұдырықпен тәртіпке сала алмайсың, құр жағана жармастырып, өз абыройын төгіледі. Бұл — бір. Екіншіден, төбелес шыққан жерге шуылдап, қызық көріп, халық жиналыш қалады. Қөзге түсесін, сөзге қаласын. Мұның керегі ғе? — деді.

— Эрине, мас кісінің маңына тіпті жолаудың қажеті жоқ! — деп, Сапия оны қостай түсті.

Әділбек Құлахметтің пікіріне ішінен қосылmasa да, жездесінің айтқанын апасы құптаған соң, сөз таластырмады. Енді үндемей, тым-тырыс отырды, буфетте жездесіне соқтықкан масты ойынан шығаруға тырысты, кабинаның әйнегінен қаранды далаға көзін салды.

Жер де, аспан да қал-қара, түк көрінбейді. Бүйірдегі ауылдардың тунде алыстан жылтырап тұратын оттары да бүгін сөніп қалғандай. «Газ-69»-дың брезент төбесіне жаңбырдың тысырлап тиген дыбысы білінеді. Машина ақырын жүріп келеді. Дөңгелегі жолдың шұқанағына түсіп кетіп, анда-санда бір шойқаң етіп қалады. Сол мезетте:

— Абайласайшы! Байқап жүрсейші! — деп Сапия Құлахметке ескертіп қояды. Фар жарығы дірілдеп түсінен жол үстіне ол да қадағалап қарап отыр, бірақ шұқанақты абайлау кын, ой-шұқыры суға толып көлкіген жол беті төп-теріс секілді.

— Жол жөндеушілер сенің келетінінді білмеді ғой, әйтпегендеге бұл жолды қатырып жөнде деп қоятын еді! — деп күледі Құлахмет келіншегіне әзіл айтып.

Бір жол айрығына жетіп, машина онға қарай бұрыла бергенде, дөңгелектері тайғанап, қырындағы сырғанап, қою сазға килікті.

— Ал, керек болса! — деп күлді Құлахмет.

Машина қою саздан шыға алмай, артқы дөңгелектері бір орында зыр айналып, моторы дырылдалп тұрып алды. Құлахмет жерге түсіп, машинаның алдына, артына шығып, еңкейіп қарап еді. Артқы екі дөңгелекті қалың батпақ мықтап тұтқан екен. Дөңгелектер зырылдалп айналғанда, батпақты ойып, терекірек бата түсіпті. Екінші мықты жігіт машинаны ырғап, артынан итеріп жіберсе, саздан оп-онай шығып кетер еді, ондай жігіттерді дәл қазір қайдан жолыктырасын? Ал келіншегі мен балдызының әлі жетпейді. Құлахмет басын шайқады.

Тұн іші. Жаңбыр себелеп тұр.

— Жаман шофер машинаны сазға батырды, кінәлі болдық. Ал, енді қайтесіндер, мені сабайсындар ма? — деп Құлахмет кабинаның есігін ашып, күліп айтты.

— Қойшы әзілінді! Машинаны от алдырып, тағы да байқап көрсейші! — деді Сапия.

— Одан бәрібір түк өнбейді, — деді Құлахмет.

— Енді қайтеміз?

— Соның ақылын өзінен сұрап тұрмын ғой, — деді Құлахмет тағы да күліп сейлеп.

— Өзің үстінді суламай, кірші кабинаға! — деді Сапия. — Не алдыныздан, не сонызыздан келе жаткан бір машина кездесер. Соны тосайык.

— Ол машина жуыр манда кездеспесе қайтесін? Құр дәмелөніп, таң атқанша отыра береміз бе? Жоқ, өйтпейік, өзіміз бір харекет жасайык! — деді Құлахмет. Осы сапарға шығарда, жолда керек бол қалар деп, машинаның артына орап салып қойған кішкентай балтасы мен сабы қыска күргегі бар еді, сол құралдарын алды.

— Осы манда, жолдан онша қашық емес, кішірек бір шок бар еді. Құндіз көгеріп көрініп тұратын. Межесін білем. Соған барып, дөңгелектің астына төсейтін бұта кесіп әкелейін, — деп жөнеле бергенде:

— Мен де барам! Қемектесемін! — деп Әділбек кабинадан секіріп түсті.

Құлахмет оған «кімің жұқа, арқаңнан су өтіп кетеді» деп, баланы әуреге түсірмей, қалдырып кеткісі келіп еді, Әділбек қөнбей, бірге барды.

Екеуі екі құшак бұтаны лезде кесіп әкелді. Құлахмет сазға кірген дөңгелектердің алды-артының әзілген

балшығын күреккөй аласартып алды да, машинаның табанына бұталарды көлденең-көлденең тастады.

— Енді бір байқап көрелік! — деді ол кабинаға кіріп, рульге қайтадан отыра беріп. Біреумен күресетін адамша алақанына түкіріп, қолын үкалады. Моторға от берді. — Қәні, мықталып отырыңдар!

Машинаны кейін қарай сәл қозғалтып, соңан соң газды молырак беріп, алға оқыс лықтып қалғанда, дөңгелектердің будыр табаны бұтаны тұтып, «Газ-69» саздан қоянша ытқып шығып кетті.

— О, жарайсың, тұяпарым! — деп қуанды Құлахмет машинаның табаны тас жолға тиген соң. — Енді зымыраймыз!

— Мақтанба, батпакқа тағы да түсіп кетіп жүрме! — деп ескертті Сапия.

— Енді қауіттенбей! Бұл жерден ары қарай жол дұрысталады, — деді Құлахмет.

Мұнысы рас еді, ой-шұқырына құм төсөліп жөнделген жолға түскен соң машина женіл тартып, жылдамырақ жүріп кетті. Енді шоқақтамады. Ішіндеңі кісілерді селкілдетпей, жүрісі жайлы тиі. Құлахмет машинаның сазға батып, өзін едәүір әлекке түсіргенін де тез ұмытып, жаңбырға малшынған үстіндегі киімінің былжыраған суекенін де елемей, көнілдене сөйлеп, бір күлдіргі әңгіме айтып келеді. Жол қысқарсын дегені болар, немесе келіншегі мен балдызы шаршағандарын сезбесін деп, оларды сергісін дегені шығар. Сапия Құлахметке құлімдей карап, оның сезіне бар ынтасын аударып, қызығып тыңдалап отырды.

Әділбек жездесінің жайдары мінезіне сүйсінді. Апасын карсы алуға жездесімен бірге жолға шыққан осы сапарында ол Құлахметтің өзгеден ерек бір асыл қасиетін таныды. Станцияға келе жатқанда, қалың нөсерге килігіп, машина тайғанақтап, жүріс өнбей, поездан кешігіп қалатын болғанда да, Құлахмет күйгелектеген жоқ. Буфетте өзіне дөрекі мас соқтыққанда да, қызың кетіп, онымен шатақтаспады, сабырлы ұстады өзін. Машина сазға батып қалғанда да кейімеді, керісінше, — күледі, әзіл айтады. Машина от алмай, моторы ырыңызың етіп тұрып алғанда, не бір жаққа асығып бара жатқанда баллоны жарылса, талай шоферлер қатты кейіп, ашуланып, боктап, ыза болады ғой. Әділбектің аулында Молдахан деген бір шофер бар, жүк машинасын жүргізе, жасы елуден аскан кексе кісі. Автомо-

бильдің бір тетігі бұзылып, машина тоқтап қалса, иә болмаса, салқында мотор суып қап, двигатель бірден от алмаса, Молдахан күйіп-пісіп, жансыз темірді ылғи сыбап боктап жатады. Боктық сөзіне кейде біреулердің есімдерін дे араластырып жібереді, машинаның бұзылғанын, от алмағанын солардан көреді. «Моторы ескірді, ауыстыру керек деп, әлдеқашан айтқам иттерге! Ауыстырмайды. Адыра қалсын мейлі! Тастанымын машинаны! Басқа жұмыс істеймін!»— деп ақырғы сөзін айтып, таусылып сөйлейді. Бірак өзі машинаға байланып қалған сияқты, оны қашан жүргізгенше қасынан кете алмайды. Біреу көмектескісі келсе, «аулак жүр, бұлдіресін!» деп, басқа адамды қасына жолатпайды. Ашуланып жүріп, боктап жүріп өзі жөндейді. Және жылдам ондап алады. Іскер-ак, тек бойындағы міні — ашулануы шапшан, ашуланғанда — ызаланып боктайтыны жаман. Әділбектің ойлауынша, машина жүргізетін адамдардың бәрі де тез ашуланады және ызакор болады. Бензин мен газдың исі, мотордың дарылы, мүмкін, отардың жүйкесін жүқартатын шығар. Үйде қатты қызған пештен де кісіге иіс тиіп, басы ауырғанда, дыбысты, сөйлегенді жактырмай, қабағы тырыса береді ғой.

Әділбек өзі билетін шоферлерді есіне түсіріп, Құлахметтің соларға ішінен салыстырып өтті. Жездесінің мінезі мұнда бөлек. Бүтін қанша бейнет көрсе де, соның біріне дे ренжімей, бірқалыпты жайдары мінезінен өзгермей, қуанып сөйлеп, көнілді келе жатыр. Артқы орындықтағы Әділбекке басын бұрып, анда-санда бір қарап қояды:

— Қалайсың? Шаршамадың ба? Үйқың келген жоқ па?

— Жоқ!— дейді Әділбек. Ешқандай қажымағанын, қалғымай, серек отырғанын білдіріп, даусын көтерің-кіреп айтады.

Біраздан кейін алдарынан әр жерден әлсіз жылтыраған оттар көрінді.

— Міне, біздің совхозға келіп те қалдық!— деді Құлахмет Сапияға. Иегін көтеріп, оң жақтағы жарықты нұскады.— Анау ен шеттегі жарықтан орталық көшеміз басталады. Мынау жылтыраған оттар — сол көшениң бойындағы бағаналар басында жанып тұрған электр шамдары. Менің тұратын үйім — осы көшениң орта түсінда. Кенседен онша алыс емес.

Орталық көшеге түскенде, Құлахмұт машинаның екпінін бәсендетіп, енді ақырын жүрді. Сапия ерінің жаңа қонысын көргісі келіп, кабинаның буланған әйнегін саусағының ұшымен асығып сүртіп, сыртқа ынтығып қарады. Үйлердің кабырғалары ағарандады, тере-зелерден жарық көрінбеді, көше тым-тырыс.

— Бұл совхоздың адамдары ерте жата ма? Бәрі үйктап қалған ба? — деді Сапия таңданғандай болып.

Құлахмет езу тартты:

— Білегіндегі сағатыңа қараши, бұл уақытқа шейін кім ояу отырады?

Сапия қол сағатын жарыққа тосып, үңіліп қарады, езі де құліп жіберді:

— Пәлі! Сағат төрт! Таң атуға жақындал калты ғой!..

Әділбекке станцияға бара жатқанда совхоз бен екі араның жолы ұзақ сияқты көрінген еді, ал қайтарда — осы жолдың ұзындығы оған білінбеді. Машинаның әйнегінен совхоздың жылтыраған оттарын көргенде, бала қуанып, тез келдік деп ойлаған. Сапия сағатына қарап, уақыттың қанша болғанын айтқанда, Әділбек өздерінің жолда соншама ұзақ жүріп келгендеріне таңырқанды.

Бір үйдің терезесінен жарық жылтырады. Терезенің алдына өсken екі биік терек карауытып көрінді. Жездесінің түрған үйінің тұсына кеп қалғандарын, әйнегінен сәуле көрінген үй — сол екенін Әділбек осы қос теректен таныды. Құлахмет машинаны үйге қарай шұғыл бұрды, қақпаның алдына таянып келіп тоқтады.

Бұлар машинадан түсіп жатқанда, веранданың есігі ашылды да, үйден дабырлай шығып, осыларға қарай жүгірген адамдардың қуанған дауыстары естілді. Жас жұбайын поездан күтіп алуға кеткен Құлахметтің оралуын үйқтамай тосып отырған, қақпа алдына кеп тоқтаған машинаның дыбысын естіп, сыртқа жүгіре шыққан бұл кісілер — осы үйдің иесі Сейтқасым мен оның әйелі және Құлахметпен бірге қызмет істейтін дос құрбылар еді. Олар Сапияны қаумалап:

— Хош келдіңіз!

— Жақсы жеттіңіз бе?

— Бізге жанбыр ала келдіңіз ғой, ырзық биыл мол болады екен!

— Иә, иә, бұл — жақсылық белгісі! «Келіннің — аяғынан, қойшының — таяғынан!» — десіп, жарқылдап амандасты.

Жұрт шырт үйқыда жататын бейуақытта алдарынан осыншама адам шығып, апасын күрметпен қарсы алғандарына Әділбек қатты куанды.

— Ей, ағайын! Жаңбыр жауып түрғанда келінді бөгемендер! Үсті-басы су болады. Тезірек үйге кірсін. Қане, қарағым, жүр бері қарай!— деп Сейтқасым үйге қарай бастады. Жұрт араларын ашып, Сапияға жол берді.

Үйге кірген соң Әділбек апасына жасалған тағы да бір зор құрметтің белгісін көрді. Сейтқасымның үлкен үйінің көң залына ұзын стол құрылып, мол дастарқан жайылып, нак бір ұлы той болатындағы әзірлік істеліпті. Бұл шаруаны қайсысы үйімдастырды екен? Кім үйтқы болды? Құлахметтің өзі ме? Бірақ ол бүгінгі бірге журген жол бойында Әділбекке бұл туралы ештеме айтқан жоқ еді. Әлде, балдызы да, жұбайы да келгенде бір-ақ көрсін деп, жездесі құлық ойлады ма екен? Әділбек Құлахметтің жүзіне көзін аударып, ақырын ғана барлап қарап еді, мына жасалған үлкен дастарқанның салтанатына жездесінің өзі де таңданып түрганын байқады.

— Мынау дастарқан — Сапияның келу құрметіне Құлахметтің осындағы достары жайып қойған дастарқан. Ал, көні, жолдан келген туысқандар, әуелі сендер жоғары шығындар!— деп Сейтқасым Құлахметке, Сапияға, Әділбекке кошемет көрсетіп, үшеуін төрге отырызыды. Өзге кісілер олардың қатарына және қарсысына келіп отырысты.

Әділбек үлкендердің қасына жоғары шығып кеткенине аздал ынғайсызданды. (Осы үйдің бұған тете баласы дастарқан басына да келмей, қонактарға құлімдеп қарап, есік жақта тұр еді, соған көзі түскен). Сейтқасым мұны байқап қалды білем.

— Балақай, сен қонақсын, төрге отырғаныңа қысылма!— деді Әділбекке. Соңан соң көпшілікке бұрылып:— Ал енді, рұқсат етсөніздер, бәріңнен жасым үлкен болғандықтан, дәм алдында бір-екі ауыз сөз айтайын,— деді.— Қарағым, келін!— деп Сапияға қарап сөйледі.— Міне, ортамызға келдің, ен алдымен берер батам, ак тілеуім: қадамың құтты болсын, үлкен бақытка жет, жолына гүл ессін! Өзің осы жақтың қызы екенсін, сондықтан әрі қарындасымсын. Мына Құлахметтей жақсы жар тапқанына және онтустіктің жігітін өзіміздің терістікке тартқанына ھәм ризамын!

— Оңтүстіктің жігітін мен үгіттеген жокпын, мол егін өсіретін тың өлкесінде жұмыс істеуге өзі қызықты ғой! — деп Сапия өмі қызара түсіп күлді. Кей жігітті келіншегі билеп, өзінің төркін жағына жетелеп кетсе, жұрт мұны жігіт басына мін ғып тағатыны есіне келіп, Құлахметке ондай сип таңылмасын деп, жарын араша-лаған секілді болды.

— Сапия қарағым, сөзімді басқаша ұғып қалма! Әлгі айтқаным — әшейін әзілім ғой! — деді Сейтқасым оның ойын түсініп, ұялтпайын деп. — Құлахметтің институт бітірген соң, өз ағайындарын жағалап, жылы орын із-демей, бетсін жерге баруға жолдама алып, қындықты қалағанына өз басым қатты сүйсіндім. Құлахмет інімнің осында келген аз күн ішіндегі ісіне, аяқ алисына қараи, оның қабілетін де, қырын да, адамшылық қасиетін де байқадық. Совхозымызға тамаша маман келді деп куанулымыз! Бұл — менің ғана пікірім емес, директордың да, ол — көпті көрін тәжірибелі адам, басқалардың да пікірі осылайдай!..

— Сіз артығырак айтып жібердіңіз, ағай! Орталарынызға жақында ғана келдім, әзірше тындыра койғач ештемем жоқ қой! — деді Құлахмет Сейтқасымның мактағанына ыңғайсыздайып.

— Інім, ұлы Абайдың айтқан сөзі бар: адамның адамшылығы істі қалай бастағанынан көрінеді деп. Бұл жерге жақында келгенін рас, құлашынды толық жазуға әлі үлгірген де жоксың, бірақ жұрт — сыйши, қолың нан үлкен іс келетін азамат екенінді алғашқы қадамыңнан таныды,— деді Сейтқасым.

Әділбек жездесіп мактағанды ішінен тәуір көріп, Құлахметтің жүзіне куанып қарап еді. Құлахметтің жылы өні пүрлана қызарып, ажарлана түскенін байқады. Ұзак жолда машина жүргізіп, тынымыз қимылдан. денесі қызып келген адам салқын даладан жыны үйге бірлен кіргендіктен жоне миңадай ыстық конесет көріген соң, тұла бойы ысып, Құлахметтің екі беті сондықтан балыбырап қызарғанын бала, әрине, түсінген жоқ. Мактағанға шаттанбайтын кісі бола ма? Сейтқасымның мактаған сөзі мұның жездесінің де құлағына жынытиіп, жанына жаға түскен шығар. Құлахметтің жүзінен қызарып көрінген пүр — сол ішкі сезімнің сыртқа тепкен шүгыласы ғой. Әділбек осылай ғана ойлады.

Сапияның келу құрметіне ариалып жайылған көнілді дастарқан басында, тәтті дәм үстінде, өте жарасымды

әнгіме өрбіді. Әділбек апасы мен жездесіне ыстық ықылас, көрсетіп отырған Құлахметтің дәстарына сүйсіне қарап, сөздерін қызыға тындал, әсіресе бір жайға ма-саттаанды. Кез-келген адамға осындай кошемет жасала ма? Кез-келген кісіні мұнадай жаңбыр жауып тұрғанда, әрі тұнде жұрг алдынан шығып қарсы ала ма? Са-ния бастық емес, Социалистік Енбек Ері емес, тіпті осы совхоздың тұрғыны да емес. Ендеңе оған көрсетілген бұл үлкен кошемет — ең әуелі Құлахметтің арқасында болып отырған күрмет. Олай болса, Әділбектің жездесі осал кісі емес, еште қадірі бар адам! Осы мекенге кел-ген аз күннің ішінде өзінің білімімен, ісімен, ең әуелі, әрине, мінезімен жұртқа ұнаган екен. «Қалтамда ин-ститут бітірген дипломым бар, дәрежем де, мансабым да жоғары» деп көкірек қақса, немесе, бұл жердің жұр-тын жатырқап оскырынса, мұның қасына кім жуыр еді? Әрине, жан жоламас еді. Ал бүгін, міне, осы ауылдың бетке ұстар азаматтары Құлахметті кошеметтегендері былай тұрсын, оның әйелі мен балдызын да өздерінің нақ бір ежелгі таныстарында, тіпті совхоздың еңбек озаттарындағы қастерлеп-төрге шығарып, айрықша ы-стық пейіл көрсетіп отыр. Осының бәрі, сөз жок, Құлах-меттің елге ұнаганың белгісі. Әділбек жездесінін осындай сыйлы азамат болғанына көnlі өсіп, өте қуа-нып, ішінен мактанаңып та отырды.

Әділбектің және бір сүйсінгені — Құлахмет арақ іш-пейді екен. «Кешіріңдер, ағайын! Осы ашы суға үйір-лігім жок еді, татпайтын едім», — деп шарап құйылған рюмканы қолына ұстамады. «Жұбайының келгеніне куанғаныңды білдіріп, тым болмаса рюмканын ернсүінс ернінді тигізбедін-ау! Япырай, дінің берік екен!» — деп жолдастары күліп әзілдеді, бірақ Құлахметті қыстама-ды. Әділбекке бұлардың өздері де ішімдік құмар кісілер сияқтанбады, қолдарын рюмкаға жиі соза бермеді. Ал әзіл-қалжындары жарасып, дастарқан басын көнілді думанға айналдырып, бәрінің де көнілдері тенізше шал-қып отырды. Бала үлкендердің куанышты жүздеріне күлімсіреп қарап, олардың сөздерін қызығып тындауды. Үлкен кісілермен бірге дастарқан басында отырғаны және төрде отырғаны есіне түсіп кеткен бір мезетте ол өзінің бала екендігін үмітып, өзін ересек адамға ұқсат-ты. Үлкендердің көнілді әнгімесіне араласуға ынтығып, орайы келген сәтінде бір сөзді айтып жіберуге оқтала түсіп отырды...

Өткен күндердің осы оқиғалары ауруханада жатқан  
Әділбектің есіне сағынышпен оралып, көз алдынан бәрі  
тізбектеліп өте берді...

## VII

Әділбектің мертігіп, ауруханаға түсіп қалғаның оның әйеліне кезекші дәрігер телефонмен хабарлаған еді. Ұлбазар қызыметінен оралып, екі ұлын балалар бақшасынан алып, үйге енді ғана кіре берген, телефон безектеп шырылдаپ жатыр екен, жылдам үмтұлып келіп, трубканы асығып көтергенде, құлағын зәрі бөтен, әрі біртүрлі салқын дауыс естілді. «Ауруханадан телефон соғып тұрмыз. Қешіріңіз, сіз бұл үйдің кімі боласыз?»— деп сұрады. Ұлбазар бейтаныс адамның тұтқынын сауалына танырқанса да, сыпайы үнмен жөнін айтты. Кезекші дәрігер де әйелді үрейлендірмейін дегендей, сабырлы дауыспен сөйлемеді, болған жағдайды жайлап түсіндірді. Бірақ оқыс хабардан Ұлбазар шошып кетті.

— Япырай, не дедініз? Аман ба өзі?.. Аман ба өзі?— дей берді тұла бойы дір-дір етіп.

— Қорықпаныз, жаракаты қауіпті емес, еріңіз казір палатада ылармен күліп сөйлесіп жатыр,— деді кезекші дәрігер.

— Шын айтамысыз? Палатасы сізге жақын ба? Өзі тұрып телефонға келе ала ма?.. Өтінемін, сөйлестірінізші!

— Айыпқа бүйірманызы, бұл тілегінізді орындаі алмаймын, ауруларды мазалап, телефонға шақыруға болмайды. Бізде бұған рұқсат етілмейді,— деді кезекші дәрігер.

Ұлбазар бұл сөзге сене алмай, күдіктене түсті. Кезекші дәрігер бұдан бірдемені жасырып тұрған сияқтанды. «Әділбектің халі жеңіл емес екен ғой... Сактай гөр!..» Ұлбазар өз ойынан қорқып, дірілдеген қолымен көкірегін басты. Буындарынан әл кеткендей болып, құлай жаздалап, орындықтың арқалығына тәлтіректеп сүйене берді.

Есін сәлден кейін жиды. Бойын үрейгі алдырып әлсірей берсе, қолтығынан сүйер, жұбаныш айтып қайрат

берер дәл қазір қасында отырған ересек кісі жоқ екенін аңғарып (екі баласы төргі үйде бірін-бірі қуалап ойнап жүр), өзін-өзі ішінен демеді, қалтыраған бұындарын бекітүге тырысты. Бірақ қобалжыған көнілін орнықтыра алмады.

Ұлбазар енді бір минут тағат таба алмай, көшеден бір жеңіл машина ұстап, ауруханаға асығып жетті. Аурухана есіргі алдында иіріліп тұрған таныс кісілерді көргенде, жүрегі зүздап, тіпті үрейі ұшты. Ұзын бойлы, бурыл шашты қарт профессор Сәду Аманбековке алдымен көзі түскен. Жеңіл-желпі нәрсеге онша қынжыла қоймайтын және қасындағы кісілермен ылғи жадырап сейлесуді ұнататын жылы жүзді профессор белі бугіліңкіреп, екі қолын артына ұстап, біртүрлі жүдеп, тәмен қарап тұрған еді. Жеңіл машина қастарына тақау келіп тоқтағанда, басын сәл бұрып, көзін аударды. Машинадан түсे берген әйелдің Ұлбазар екенін байқап, оған қарай ақырын жүрді. Қасындағы кісілер оның соңынан үнсіз қозғалды.

Ұлбазар денесі тітіреп, қатты шошып, аяғын ілгері баса алмай, профессордың біртурлі қуарған кескініне үрейленіп қарады. «Ағатай, түсініз неге қашып кеткен? Әділбек аман ба? Тірі ме?» Осы сөздерге ғана тілі келіп, ерні сәл-сәл ғана қыбырлап еді, бірақ үні шықпады. Тынысы тарылғандай болып, көзінің алды бұлдырап ба-ра жатты. Профессор оны қолтығынан сүйей берді.

— Шошыма, қарағым! Бәрі де сәтті болды, Әділбектің аман қалғанына осы мынау жолдастары — бәріміз шүкіршілік етіп тұрмыз. Сен де шүкіршілік ет!

— Сәду аға, шын ба! Тірі ме өзі?

Ұлбазардың көзінен жас домалап кетті.

Профессор Сәду Аманбеков осыдан бірер сағат бұрын ғана командировкадан оралған еді. Аэропорттан тура үйіне келіп, жол киімдерін шешіп, жуынып-шайынып, тамақ ішуге стол басына енді отыра бергенде, институттан кафедраның лаборант қызы телефон сокты: «Әділбек машина астына түсіп калды, ауруханаға алып кетті, халі ауыр көрінеді», — деп, үрейленген дауыспен хабарлағанда, профессордың өзі де шошып кеткен. Телефон арқылы дереу ауруханамен жалғасып, Әділбектің халжайын сұрап еді, жауап берген жіңішке дауысты әйел: «Жағдай қандай екенін әзірше нақты айта алмаймын, операция жасалып жатыр, әлі біткен жоқ, бірер сағаттан кейін білініз», — деді. Профессор қатты қобалжып,

үйде сабыр етіп отыра алмай, жедел ауруханаға барды. Жеткенше жүрегі суылдап, зәресі қалмады. Әділбекке операция жасаған хирургтен науқастың жағдайын біліп, рұқсат алып палатаға да кіріп, Әділбекті өз көзімен көріп, не болғанын оның өз аузынан естіп, сонан кейін ғана көнілі орнықкан-ды.

— Палатасына кіріп шықтым, Әділбекпен сөйлестім, бәрі де сөтті болты. Ешқашдай үрейленбес, карагым,— деді профессор Үлбазарға.

Әйелдің корқынышы сейілсін деп, Әділбектің көнілкүйі жақсы екенін, халін сұрағанда оның күліп, өзілмен жауап қайтарғанын айтты:

— «Жамбасым да шойын екен, темірдің өзін майыстырып, машинаның мандайын жапырып жіберіпті» дейді мактанып. Науқастың уайымға берілмей, өзін осылай сергек сезінгені өте жақсы! Сыркатынан тез айығады. Сондықтан, Үлбазар шырағым, сен де өзінді шиrat, бойынды үрейге билетпе!..

Ол Үлбазарға ерінің халін біліп шығу үшін палатаға кіруіне кезекші дәрігерден рұқсат алып беріп, сонан соң науқас жатқан бөлмеге апаратын коридордың есігін айелге өзі ашып, жолын көрсетіп жіберді.

Үлбазар ері жатқан палата алдына келгенде, денесінің тағы да дірілдей бастағанын сезді. Бұындарын бекітіп ұстая үшін өзіне өзі ішінен қайрат беруге тырысып, шошыған жүрегін екі колының алақанымен сыртынан басып, өні ағара түсіп, қобалжып сәл түрдү да, сонан соң есікке ақырын жақындалды.

Әйел палатаға кіре бергенде, төр жактағы төсек үстінде түрегеп отырған қою мұртты, бейтаныс кексе кісіге көзі бірден түсіп, бөтен бөлмеге байқамай ендім бе деңгендей жасқанып қалып, кілт тоқтады.

— Кірініз, кірініз, шырағым!— деді Есенгелді оның қаймықканын анғарып,— Әділбектің көнілін сұрауға кеп түрсаңыз, жаңылған жоқсыз, ол осы палатада.

Оң жақ іргедегі төсекте ақ жамылғы жамылып, шалқасынан жатқан, мандайы мен бір жақ беті ақ дәкемен орай танылған Әділбек сол мезетте жастықтағы басын сәл көтеріп, есіктен кірген адамға көзін аударып еді. Әйелін көріп, куанып, колын созды.

Үлбазар жылдам үмтүлыш келіп, срін мойнынан құшақтап, оның жаралы мандайын ақ дәкенің сыртынан сүйді. Сонан соң қүйеуінің кеудессіне бетін басып, екі иғын дір-дір етіп жылады. Әділбекті не қүйге үшырады,

тірі ме өзі деп, аурухана қакпасына үрейі үшүп, қатты шошып кірген әйел ерінің күлімсіреген жүзін көргенде, қуаныштан толқып, босап кетті. Әлгінде ғана жүргегін сұылдаткан мұздай корқыныш, енді дереу еріп, көздерінен жып-жылы жас бол шұбырды.

Әділбек әйелін оц қолымен көкірегіне қыса құшак-тап, шашынан сипады.

— Аман екенімді көрдің ғой, енді корықпа, жаным! Бала секілденіп көз жасынды қолдеткенің не? Қой, мына үлкен кісіден үят болады,— деді жарын жұбатып.

Ұлбазар ерінің қеудесінен басын көтеріп, палатада бөгде кісі барлығы есіне түсіп, жас толы көзімен Есенгелдіге үяла карап:

— Кешіріңіз, ағай!— деді.

— Жылагапыңның ерсілігі жок, шырағым. Қуанғанда көзден шықкан жас бұл — таза жан-дүниенің нұр суы, әлсіздіктің белгісі емес,— деді Есенгелді.

— Келініңізді мактадының ғой!— деді Әділбек езу тартып.

Карттың нақыл секілді етіп айткан ақылды сөзіне ішінен сүйсіне түсті.

Ұлбазар жас сұлаған көзінің алдын саусағымен сүртіп, ерінің жүзіне күлімсіреп қарады. Ұзын кірпіктері ақырын ғана жоғары көтерілгенде, үлкен коныр көздерінен жұмсақ шұғыла көрініп, әйелдің ағарған өнінен нәзік нұр жүгірді. Жаздың жылы жаңбыры жауып өтіп, соның артынан аспан шайдай ашылғанда, көктен төгілген күн сәулесінен дала рені масаты кілемше құлпыра калатын еді ғой. Әділбекке жарының нұр шалған рені сол тақыллетті көрініп кетті.

Әділбек әйелінің жүзіне жүргегі елжірей қарап, біртүрлі толқыды. Бүгінгі осы асыл жарына ыстық махаббатын алғаш білдіргенде, қызды каланың жасыл паркінде қолтықтап келе жатып, бір онашалау тұста оны белінен ақырын ғана құшактап, өзіне қарай тарта беріп, аузынан сүйіп алғанда, Ұлбазар балықша шоршып түсіп, жігітті скі қолымен қеудесінен катты итеріп қалып, теріс айнатып кеткен. Жігіт ынтығып, демі дірілдеп, қолын қайтадан соза түскенде, қыз оның әлгі қылышына әуелі өкпелегендей болып қыр көрсетті де, сонаң соң басын әнтек бүрып, Әділбектің алаулап түрган жүзіне қарап, үяла құлімсіреді. Осы секундта қыздың өнінен жанды сріткен срекше бір нәзік шұғыла көрініп еді.

Қазір Әділбек сол ғажайып нұрды ең алғаш көр-гендергі толқыған халіне енді. Жүректі елжіреткен сырлы сезім өткен күндердің мәнгі ұмытылмас ыстық бір сәттерін еске түсіреді.

Студент Әділбек институттың үшінші курсында оқып жүрген кезі болатын. Қыскы емтихан — сынақ сессиясын аяқтағаннан кейін бір аптадан соң үшінші курс студенттері педагогикалық практикаға шықты. Алғашқы жауапты қадам: мектепке барып, үстаздық іске аласады; мұғалімнің міндетін аткарып, шәкірттерге дәріс береді, сан алуан тәлім-тәрбие жұмыстарын жүргізеді. Осының бәрін орындау үстінде білімін де, жігерін де, қалаған мамандығына икемін де жақсы таныта алатындей болуға керек. Институтта сабак беруші педагогтары бұларды, бірінші курстан бастап-ақ, мектептерге талай ертіп апарып, тәжірибелі мұғалімдердің әнгімесін тындалтқан, олардың сабактарына қатыстырып, дәріс жүргізу тәсілдерін көрсеткен. Сонда Әділбек те, оның құрбылары да өнегелі үстаздың тартымды сезіне, даусының әдемі мәнерінс, әр қымыл-козгалысына тамсана түсіп, педагог өнеріне қызығып отыратуғын. Қыранның түлегі, қауырсыны әлі жетілмеген шағында, ата-анасының аспанда қалай самғағанына, ұзын қанатын керіп, биік көк жүзінде еркін жүйткігеніне, үяда отырып көз алмай қарап, өзінің де көкке көтеріліп үшкысы келіп кетіп, мойның жоғары созып, талпынып-талпынып қалар еді.

Үстаздың өнеріне қызыққан шәкірт те құдды сол қыран құстың балапаны тақыледі. Әділбек осында әдемі ойға берілетуғын. Ертең жас түлектің де қауырсыны жетіледі, топшысы бекиді! Сонан соң ол да биік аспанда самғайды!

Үшінші курста өтілетін педпрактика — міне, сол жоғарыға көтеріліп үшар алдында шығатын тұғырдың бастапқы баспалдағы. Құс түлегі үшуға жаттыққанда, ұяның ернеуінде тұрып, қанатын сатырлатып желлір еді. Әділбек өздерінің әуелгі қадамын сол көрініске қызықтырып салыстырған.

Оның әлі есінде, практикант ретінде өзінің бірінші сабағын өткізеге жолы, класқа кірер алдында өте толқып еді. Сегізінші класта әдебиет пәнінен дәріс жүргізбек болатын. Бірақ ол айтар сезінен жаңылып, білгенимді шатастырып алам ба деп қауіптенбеген; бұл жағынан өзіне өзінің іштей сенімі нық еді: тақырыпқа

мүқият әзірленген-ді, сабағының жүйесі мен жоспарын өздерінің жетекші методисіне де, мектептің пән мұғаліміне де алдын ала текстеріп, олардан жан-жақты кенес алған. Сабактың материалын толық білетіндігіне күмәнданған жоқ. Класқа практикант алғаш кіргенде, оны сынау үшін балалардың әдейі қыр көрсетіп, касақана жасайтын бір қисық мінездері болады. Сонда тәжірибесіз практикант бұлардың қылғына не құлерін, не ашуланарын білмей, шуылдалп кеткен класты тәртіпке қалай шакырудың амалын таптай, абдырап қалуы да мүмкін. Бірақ Әділбек осында халге үшырауым ықти мал-ау деп құдік ойламаған. Өзі дәріс беруге баратын кластың шәкіртерімен бұдан бұрын дидарласскан, әңгімелескен, тәртіптерін бақылат, мінез-қулықтарын байқаған, олардың бәрі де бұған тіл алғыш, айтқанды тыңдайтын, әдепті балалар көрінген. Сондықтан мұны жатырқап, жамырап кетуге тиіс емес. Ендеше толқуының себебі не?

Бұл күйдің сырын Әділбек өзі де үға алмаған еді. Дәл класқа кірер алдында жүрегі дүрсіл қағып, аузына тырылып, денесіне біртүрлі діріл сінгенін сезген. Жұлынтытұданы тоңдырып жүгіріп өткен сұық лептей күй емес, оттай қызу толқын. Тұла бойын ысытып жіберді. Әділбек қалтасынан орамалын алып, мандағын, бетін сүртті.

Класқа кіргенде, есікті ақырын ашып, бұл көріне берген мезетте орындарынан түрегеліп, сәлем еткен шәкіртердің тым-тырыс болып, өзіне барлай, әрі сынай карай қалғанын сезініп, Әділбек толки түссе де, қобалжығанын білдірмеуге тырысып, окушыларға салмақты, жұмсақ үнмен амандасты:

- Сәламатсындар ма, балалар!
- Хош келдіңіз, ағай!— деді артқы жактан бір бала.
- Рахмет!— деді Әділбек. Окушының сөзін ерсі көрген жоқ, оның бетіне жылы жүзбен қарады. Анау да жымиды, өнгө балалар да күлімдеді.

Әділбек осы сәтте шәкіртердің көңілді жүздерінен көрінген ерекше бір тартымды, әдемі шұғылаға куанып, сол нүрдан қуат алғандай болды. Әлгінде класқа кірер алдында дүрсілдеген жүрегі сінді жайлап соғып, денесінің дірілі де басылып, сабырлы қалипқа келе бастады. Әділбек тұла бойының біртүрлі женилдей түсінін байқады.

Ол қысылмай, сабакты еркін бастап кетті. Сабактың мазмұнын жазған конспектін алдына ашып қойды, бірақ оған қараған жок. Бұрынғы өтілген материалды окушылардың қалай менгергенін білу үшін қоятын сауалдары, сонынан өзі қорытынды жасау үшін шәкіртер жауабының олқы шыққап жақтарын қалай байқау керектігі, жана тақырыпты жақсы түсіндіру үшін қандай тәсілге сүйену қажеттігі — бәрі де көnlіндегі ап-анық болып түрдү. Осы алғашқы өткізетін дәрісіне әзірлену кезінде Әділбек мұның барлығын да ішінен сан мәрте қайталап, тыңғылықты пысықтаған болатын.

Әділбектің сабағына кірген жетекші методист пен мектептің әдебиет пәні мұғалімі және практиканнтар артқы катардағы парталарда бірыңғай отырған еді. Бұлар — әрине, театрға келген жай көрермен емес, төрешілер: Әділбектің сабакты қалай жүргізгеніне баға береді, оның ұстаздық іске қабілеті қандай екенін бақылайды. Сабактың сонынан өткізілетін талқылауда бәрі де сөйлеп, пікірлерін білдіреді. Студенттерге, әсіресе, практикант ретіндегі өздерінің бір-біріне баға беріп сөйлегені қымбат көрінеді. Біріне бірінің берген бағасы не асып кетіп, не кем түсіп жатса да, риза болып мактаса да, өкініш білдіріп сынаса да, өз ойларын кіршікіз ақ қоцілмен айтады. Әділбектен бұрын кеше екі практикант жоғарғы кластарда әдебиет пәнінен дәріс өткізген болатын. Солардың жүргізген сабағын талдағанда, курстас құрбыларының пікір айтпай қалған біреуі жок, бәрі де шеттерінен білгішсініп сөйлеген. Қемшілікті көбірек көрсеткеннің біреуі — Әділбектүғын. Енді, міне, оның өзіне де кезек келді, сынға түсті. Ал, байқайық, қанатын қалай қағар екен!

Әділбек өзінің сабағына кірген курстас жолдастары на көзін аударғанда, олардың дәптерлерін ашып, қаламдарын қолдарына ұстап, мұның әр қимылын, әр сөзін бақылап, өз бағаларын қағазға түсіруге асыққандай бол отырған әлпеттерін байқады. Бір жолдасы Әділбекке жымып қарап, негін көтеріп ымдал қойды. «Бінде адамдар емеспіз, өзіміз фой, қысылма, еркін жүргіз сабағыңды!» — деп демегендей ажар білдірді.

Дәл осы мезетте күтпеген бір оқыс хал болды. Ен шеткі партада, пән мұғалімінің он жағында отырған ак күртелі бетсін қызыға Әділбектің көзі түсті. Жүзі таныс. Қайдан көріп еді осы қызды? Үстіндегі ақ күртесі, окушы қыздарша скі айрып тараған майда қара шашы,

бос өріп, үшін тарамдап, омырауына түсіріп қойған келтелеу кос бұрымы — бәрі де сол көрген қызының бейнесіне тұп-тура ұксап тұр. «Нә, сол!» — деп қалды Әділбек ішінен. Институттың құрмет тақтасына ілінген оку озаттары суреттерінің ортасында осы ақ күртелі әдемі қыздың фотосы да тұрғанын көргені есіне түсті. Әділбек сүйкімді қыздың сурстіне көз тоқтатып ұзак караған. Фотоның тәменгі жағындағы жазудан қыздың аты-жөнін, география факультетінің студенті екендігін оқыған. «Нә, сол! Нақ сол қыздың өзі! Бұл мұнда неге отыр! Қазір әдебиет сабағы өтетінін білмей, класқа жаңылып кірді ме? Әлде әдейі келді ме екен? Неге әдейі келеді?» — деп таңырқанды Әділбек.

Рас-ау, әдебиетші емес адамның әдебиет сабағында канша шаруасы бар? Әділбек осы мектепке өздерімен катар, география және тарих факультеттерінің студенттері де практикаға келгенін білсөтүшін. Олардың жетекші методистері бөлек, филологтарға катысы жок. Енде-ше әдебиет сабағына мына қыз қандай мақсатпен келіп отыр? Басқа факультетте оқытындар: филология факультетінің студенттері — тіл мамандары, бәрі де сөзге жүйрік, шеттерінен шебер сөйлейді, — деп есептейді. Бұл қыз да солай ойлад, практикадағы филолог құбыларының дәрісті қалай жүргізгендін көруге ынтық болып, тілек білдірді ме? Соңан соң Әділбекпен бірге оқытын қыздардың біреуі оны практикантың сабағына шақырған шығар. Әрине, шақыруы айып емес, бірақ сырттан билік жүргізіш, Әділбектің дәрісін көруге кел дегені жөн бе? Әділбекке, тым болмаса, сабак алдында ескертіп қойса қайтеді екен? Жігітті сынамақ болғаны ма? Тан қалсын дегені ме? Қыздардың күлігі да қалмайды-ау бір жағынан!

Әділбек жүзі таныс бөтен қызға: «Сіз географ емес пісіз, әдебиет сабағына жаңылып кірген жоксыз ба?» — деп, сауал бергісі келіп оқтала түсті де, бірақ бұлай оқыс өтраганы ынғайсыз бола ма деп ойлад, қыздың бетіне үнсіз барлай қарады. Осы мезетте қыз да бұған жанарып бұрып қалып еді, екеуінің көздері кездесіп қалды. Жігіттің ойын үкты ма, әлде оның көзіне көз үшірасып қалғанына қысылды ма, қыз сәл жымынп, жанарып тәмен аударды.

Әдебиет дәрісі өтетін класқа бұл қыздың жаңылып кірмегенін, әдейі сабакқа катысу үшін келіп отырғанын Әділбек енді анық үғып, бірақ оның неге жиміғанына

түсіне алмай, таңдана түсті. Және жыныс қезінде қыздың өні бұған ете ажарлы көрінді. Жігіт тамсанып та қалды: «Қандай сұлу еді!..»

Әділбек сабағын бастап, әуелі үйге берілген тапсынаны кластың қалай орындал келгенін тексеруге кіріспі, сауалдар беріп, оқушыларға жауап айтқызғанда, қызы шәкірттердің сөзін ете зейін қойып тындал, дәптеріне әлсін-әлсін бірдемені жазып қойып отырды. Жігіт мұны байқады. «Өзінің пікірін қағазға түсіріп отыр. Бұл оған не үшін қажет болды екен?» — деп ойлады.

Дәріс аяқталып, қонырау шылдырлағанда, Әділбек сабакқа кірген жетекшілері мен практикантардың ілгері өтуін тосып тұрып, өзі кластан олардың сонынан шыкты.

— Сізben бір минутка сөйлесуге бола ма? — деп жыныспі тіл катты оған жүзі таныс қызы есік алдында бөгеле беріп.

Әділбек тоқтай қалып, қыздың кескініне тағы да таңыркай қарады.

— Кешірерсіз, әдебиет сабағына не үшін қатысқын келгенін сізге алдын-ала айтуға үлгіре алмай қалдым, — деді қызы.

— Оқасы жок! — деп күлді Әділбек.

— ...Және бүгін сіздің сабағыңыз болатынын білмелім...

— Бұл да айып емес!

Әділбектің тілінің ұшына: «Ал, қалай, менің өткізген сабағым сізге үнады ма, үнамады ма? Қандай баға қойдыңыз?» — деген сауал келіп тұрды да, бірақ сыйайылық сақтап сұрамады.

— Біздің география факультетінің студенттері де осы мектепке практикаға келген, — деді қызы.

— Мұны білемін, — деді Әділбек.

— Мен осы факультетте оқитын ем.

— Оны да білемін. Сіздің есіміңіздің кім екенін де білемін. Ныспыныз Ұлбазар емес пе?

— Иә...

Бұл жігіт менің аты-жөнімді қайдан біледі дегендей, қызы Әділбектің бетіне таңданған пішінмен қарады. Соңан соң, өз суреті институттың құрмет тақтасында ілулі тұрғаны өсіне түсті білем, көзін төмен аударып жынымиды.

— Иә, не айтпақшы едіңіз, құлағым сізде, — деді Әділбек.

— Практика кезінде класс жетекшісінің көмекшісі міндеттін атқаруға мені осы класқа бөлген еді. Соナン кейін, оларды жақсырақ білу үшін, күнделікті сабактарына қатысып журмін. Әдебиет сабакына да сол мактапten кіріп ем,— деді Ұлбазар.

— Бұныңыз дұрыс екен, ісіңізге сәт тілеймін! — деді Әділбек.— Осы ма еді айтқыңыз келгені?

— Жоқ... бір мәселе жайында сізден кенес сұрайын деп ем,— деді Ұлбазар..

— Мен сізге қандай кеңес бере аlam! — деп күлді Әділбек.

— Сіз филологсыз, кенес бере аласыз,— деді қыз.

Ол өз қарауындағы класта халықтар достығы тақырыбына арнап класс сафатын өткізбек екен. Бұл істі қалай үйымдастыру жөнінде біралуан шаралар белгілепті: фото-монтаж жасамақ, кабырға газетін шығармақ, шәкіртерге нақты тапсырмалар беріп, сөз сөйлестек, халықтар достығын бейнелеп, карнавал ойынын жүргізбек, тағы-тағылар. Мұның жоспарын жетекші методистері макулдапты. Сонда да, алғашқы өткізетін класс сафаты болғандыктан, құрған жоспары жүзеге ойдағыдай аса ма, әлде көздеген жерінен шықпай қала ма деп, көнілі қобалжи беретін көрінеді. Класс сафатында пайдалану үшін атақты жазушылар мен ғұламалардың халықтар достығы хақында айткан бір тамаша сөздерін теріп алыпты. Бұларды әдемілеп жазып, көрнекті жерге іліп қоймақшы екен.

Ұлбазар осы әзірлеген материалдарын Әділбектің әдебиетші ретінде қарап шығуын өтінді.

Әділбек қыздың дәптердің бір бетіне тізілтіп жазып алған цитаталарын ішінен жылдам оқып өтті.

— Бәрі дүп-дұрыс! Еш жерінде не әріп, не тыныс қатесі жоқ! — деді.

— Мен ол жағын сұрап түрған жоқпын. Осы теріп алған сөздердің мазмұны класс сафатының тақырыбына сай ма? Үйлесімді ме? Сол жайында пікірінізді білгім келеді,— деді қыз.

— Ә... ә...

Әділбек сәл ойланып қалды, дәптер бетіндегі жазуға қайтадан көзін жүгіртті. Соナン сон:

— Менімше, бәрі де тақырыбынызға әдемі үйлесіп түр, бәрінің де мазмұны терен! Өте жақсы сөздерді таңdap алыпсыз! — деді мактап.— Дегенмен, бір ескертпем де бар.

— Айтыныз!..

— Мына бір-екі тұста педагогиканың аса манызды бір принципін сақтамай кетіпсіз.

— Қандай принципін?— деді қыз білуге ықыласстанып.

— Баланың жас ерекшелігін, білім дәрежесін ескэ алу керек деген шарттың ескермепсіз,— деді Әділбек.— Мәселен, міне, Нансеннің сөзін келтіріпсіз, тамаша айтылған сөз! Нансен — әйгілі океанограф, Норвегияның ұлы жиһанғезі, ірі когам қайраткері болған адам. Ориене, мұның бәрі сізге айдай аян. Ал, сіз әңгіме өткізетін кластиң окушылары Нансеннің кім екенін біле ме? Ол жөнінде мағлұматы бар ма? Мүмкін, кейбіреулері оның тіпті есімін де естімеген шығар. Сегізінші кластиң окулыктарында Нансен туралы ештеме айтылмайды.

— Бұл ғажайып адам жайында жазылған қызықты кітаптар, тамаша шығармалар бар. Солауды оқыған шәкірттер болуы мүмкін рой,— деді Ұлбазар.

— Эрине, мүмкін, бірақ үлдай бал ашу күні. Менінше, педагог тәрбие жұмысында көзі анық жететін нәрсеге ғана сүйенүі керек.

— Бұл пікіріңіз дұрыс.

— Ендеше өзінің ойлап караныз, сіз сөзінен мысал алған Нансеннің кім екенін окушылар жақсы білмесе, одан келтірген фактияныздың шәкірттерге қандай әсері болады? Сіздің Нансенніңіз — оларға бейтансыс. Ал, балалар бейтансыс адамды бедел тұттайды. Сіз олардың психологиялық ерекшелігімен де, білім деңгейімен де санаусыныз, керек. Мына жерде осыны ескермепсіз...

Әділбек бірақ, өзімен бірінші рет сөйлесіп тұрған сыпайы қызға дәл осы соңғы сөйлемді тіктеу айтып қалдым-ау деп ойлап, өзі бір түрлі қолайсыздашы.

— Қешіріңіз, артықтау сөйлеп жібердім білем. Педагогика теориясынан біздің білетініміз — өзіңізге де бек жақсы канық қой!— деді күліп.

— Жок, ешқандай артық сөзіңіз болған жок. Ойланыратын пікір айттыңыз, ракмет!— деді қыз шын ықыласымен жігітке көзілінің алғысын білдіріп.

— Класс сағатында пайдаланатын осы көрнекті құралдарды өзініз жасап аласыз ба?— деп сұрады Әділбек.

— Құрбыларымнан жәрдем сұраймын рой, өзім сурет салуға шорқактаумын,— деп шынын айтты Ұлбазар.

— Сенім білдірсөніз, менің көмектесуімс болады.

Андағы цитаттарыңызды үлкен ватман қағазға әдемілеп жазып берейін, бұл жағына қолымның аздаған ебі бар,— деді Әділбек.

— Ондай достық жәрдем көрсетсөніз, шексіз алғыс айттар едім,— деді Ұлбазар үлкен көздері күлімде...

Әділбек сол күні түннің біраz уақытына дейін тапжылмай отырып, жалпақ қалың қағазға цитаталарды әуелі қарындашпен асықпай түсіріп алғып, соナン соң әр үзіндіні әртүрлі бояумен сәнін келтіріп бояды. Бір жерінен әріп түсіп қалмады ма деп, әр сөзді ежіктеп оқып, мұқият тексеріп шықты. Жасаған көрнекі құралын, осыдан кейін, қабырғаға іліп койып, әрірек тұрып, алыстан байқап қарады. Жаман шықпаған екен! Жігіт көнілденіп, алақанын уқалады. Қызға берген уәде ойдағыдай орындалды, енді алаңдамай, ракаттанып үйктауына болады.

Ол көрнекі құралды үқыпты орап, ертеңіне мектепке ала барып, Ұлбазарды коридорда ұшыратып, қолына берді.

— Қалай жылдам жасадыңыз, түнімен үйктамадыңыз ба? — деді Ұлбазар танданып. — Кешіріңіз, сізді әуреге түсіріппін ғой...

— О не дегенініз! Қайта жаксы болды, бүгін тіпті гамаша үйқтадым, түнімен бір тәтті түстер көріп шықтым!

— Солай ма?

— Эзілім емес, рас айтам.

— Қандай түс көрдіңіз?

— Түсіме сіз кірдіңіз...

Ұлбазар Әділбектің бетіне қарап, өңі сәл қызырып жынышп құлді дс, сөзді өзінен бұрып:

— Қане, жасаған көрнекі құралыңызды көрейінші!— деп, қолындағы қағаздың орауын жазып, ондағы жазуларға көзін жүгіртті.

— Әдемі екен! Еңбегіңізге көп ракмет!— деді жігітке алғыс айтып.

— Сізге де үлкен ракмет!

— Маған не үшін?

— Осы көрнекі құралды жасауға сенім білдіргеніңіз үшін. Сіз сеніп тапсынмасаңыз, мен мұны жасар ма едім? Мұны жасамасам, сізден алғыс алар ма едім?!

— Сіз әдебиетшіңің тілімен сейлемп кеттіңіз.

— Мен шынымды айтып тұрмын...

Осы көзде конырау шылдырлады да, Ұлбазар куретас

күрбисының сабагына кіретінін айтып, Әділбектен кешірім өтініп, мұғалімдер бөлмесіне қарай бұрылып еді.

— Сәл аялданызышы! — деп өтінді жігіт.

Қыз кідірді.

— Кешке бір жаққа барасыздар ма? — деп сұрады Әділбек.

— Жоқ, жатақханада боламыз, — деді Ұлбазар.

— Қазақ драма театрында бүгін жаңа спектакльдің премьerasы өтеді еken. Егер уақытыңыз болса, барайық, мен сізді соған шақырамын, — деп тілек білдірді Әділбек.

— Ракмет! Бірақ театрға баруға қолым тие ме, тимей ме, білмеймін, уәде ете алмаймын, — деді Ұлбазар.

— Ықыласының болса, уақыт табасыз. Ал мен сізге билет алып келемін! — деді Әділбек.

— Эуре болмай-ақ қойының!

— Бәрібір билет алып келемін!..

Қыз құліп басын, шайқады да, мұғалімдер бөлмесіне кіріп қетті. «Бәрібір билет алып келемін!» — деп қайталады Әділбек ішінен.

Театрда кешкі спектакльдің басталуына екі сағат қалғанда, ол география факультеті студенттері тұратын жатақханаға кіріп, Ұлбазардың бөлмесінің есігін сыртынан ақырын ғана құтты. «Кіріңіз!» деген жіңішке дауыс естілді іштен. Әділбек дыбыс бермей, есікті тағы да ақырын тықылдатты. Шашын бүйралатқан, қасыкөзін қылтып бояған ақсары қыз есіктен басын шығарып қарады.

— Қарындас, кешіріңіз, Ұлбазарды шақырып жіберіңіш! — деп ізетпен өтініш етті Әділбек.

Ақсары қыз артына бұрылып: «Ұлбазар! Соған бір кавалер келіп тұр!» — деп дауыстап хабарлады да, соңнан соң Әділбекке көзін қайтадан аудара беріп, неге екені белгісіз сыңқ етіп құліп, есікті жылдам жауып алақойды. Жігіттің бір жерінен кемшілік көріп, соған құлді ме? Әділбек ынғайсызданып, үсті-басына абайлап қарады. Қиіміне жабысқан, жүккән ештеме көзінсі ілікпеді. Қейлегінің жәғасын, галстуғын қолымен сипап, олардың да кисайып тұрмағанын байқады. Аяғындағы туфлиінің сусылдақ бауы шешіліп кете беретін еді, бұл да берік көрінді. Театрга баратын болған соң (және қасына қыз ертіп барады ғой), жігіт үстіне тәуір қиімдерін киіп, туфлиін де жылтыратып кречедеп, әп-әдемі санденіп шыққан. Осы қалпына қарал, әлгі қыз мұны шікірейген

біреу ғой деп мысқыл етті ме? Әйтеуір Әділбектің бойынан кыз көзіне селкеу көрінген бір мін бар. Әділбек өзінен сол кемшілікті іздегендей болып, бірақ оның қандай ақау екенін біле алмай, біртүрлі қолайсызданып, есікten Ұлбазар шыға берген мезетте абыржыңқырап калды.

— Уақытыңызы бөлдім бе, айып етпеніз... — деп қысылған үнмен қыздан кешірім өтінді.

Ұлбазар жымып күлді. Жігіттің кобалжыған түрін байқап, ол бүгін театрға шақырып, билет алып келемін дегенде, оған «әуре болмай-ақ қойыңыз» деп айтқаны есіне түсіп, Әділбектің қазіргі толқуының себебі сондықтан деп түсінді. Ол өзі сол сөзді жігітті сынау үшін қасақана айтқан жоқ-ты, ертең тоғызынышы класта өткізетін сабағы бар болғандықтан, соған әзірленуі керектігі ойында тұрып, театрға баруға уақыты жетпейтіндей көрінген. Алайда жігіттің адада көнілін дұрыс үғып, мектептен келісімен деру ертенгі сабағына дайындалуға отырды, дәрісінін жоспарын жасады, өтетін тақырыбының конспектісін жазды, пайдаланатын көрнекі құралдарын реттеді. Қол сағатына анда-санда бір қарап қойып, кеш таяна бастағанда, қағаздарын жинап, сонан соң тойға баратын адамша киініп, айна алдына барып таранып, шашын жаңалап өріп, бойын сәндеді.

— Сен қайда жиналдың бүгін? Тіпті ерекше сыланың фой!

— Бір жігіт свиданияға шақырды ма? Ол қандай жігіт екен өзі? Қөрсетші бізге, көрімдігін берейік! — деп әзілдеді Ұлбазармен бір бөлмеде тұратын екі құрбысы. Біреуі — әлгі аксары қыз.

Дәл осы мезетте есік қағылған-ды.

— Тс-с... — деп аксары қыз алақанымен өз аузын баса қойған. Сонан соң сыйырлап:— Күдай біледі, мынау кеп түрған — нақ сол күйеу жігіт. Қөрімдігін өзім алайын! — деп, орынан шапшаң үшып түрегеп, есікке жылдам үмтүлышп!барған.

Есік қаққан кісі бөтен біреу емес, Әділбек болар деп, Ұлбазар да ойладап калды, өзінен-өзі әлденеден қымсынып, астыңғы ернін ақырын ғана тістеді. Анау екі қыз оның өнінің бүл құбылысын байқамады.

Ұлбазарға қос құрбысының не деп әзіл қағытқанын да, оның театрға баруға дайындалып, бірақ қыздарға сырын айтпай, жігіттің келетінін өзі ғана біліп, аландарап күткенін де, әрине, Әділбек білген жок. Ол театрға би-

лет алып кей тұрса да, Ұлбазардың мана танертенгі «әуре болмай-ақ қойыныз» деген сөзі есіне қайта-қайта түсे беріп, қыздың театрға барап-бармасына көзі жетпей, ойы екі тāрамданып, үмітінен күдігі басымдау бол келген. Соның үстіне әлгі бүйра шаш ақсары қарындастың мұны келемеждеген сияқтанып сынқ етіп құлгені де, жігітті қысылта түскен. Ұлбазар бетіне жымыш қарағанда, Әділбектің жүргегі біртүрлі лупілдеді. Қыздың нұрлы жүзіне қуана қарап, демі дірілдеп:

— Билет ап келдім, театрға барасыз ба? — деді толқып.

Ұлбазар тағы да жымыш қулді.

— Өзініз қалай деп ойлайсыз?

— Баrasыз...

— Ендеше неге сұрадыныз?

— Мүмкін, қуанғанымнан шығар...

Жаңа спектакльдің премьерасы бұларға өте ұнап, постановканы әдемі қойған режиссердің еңбегіне, рольдерді шебер орындаған артистердің ойынына сүйсініп және шығарма авторлары сахнага шыққанда, көрермендердің бәрі орындарынан тұрып, дұылдалап қол соғып, өнер адамдарын қалай құрметтеп күттүктағанын көр гендеріне қуанысып, Ұлбазар мен Әділбек театрдан көнілді қайтты. Жігіт қызды жатақханасына дейін шығарып салды.

— Бүгін көп тамаша көрдім, жақсы демалдым, үлкен рақмет! — деді Ұлбазар Әділбекке шын көнілден алғыс айтып. Сонан соң қол сағатына қарап: — Кешірініз, құрбыларым кешіккеніме аландалап отырған шығар... Сау болыңыз! — деп жігітпен сыпай қошасты.

Әділбек оған қолын ұсынып, қыздың жұмсақ саусактарын ақырын ғана қысты.

— Өзініз де жақсы жатып, жай тұрыңыз!

Әділбек сол түні көпкө дейін үйқысы келмей, бір тәтті ыстық сезімнің күшағына еніп, ұзак ояу жатты. Көз алдына Ұлбазардың бейнесі елестей берді. Әсіресе қыздың жымыш қараған шақтағы жанарының ғажайып нұрына танданып, елти түседі. «Қандай сұлу шүғыла!» Қазақ эпосында ғатырдың асыл жарының осындаш шүғылалы нұрлы көзін суреттегендеге, жарқыраған айнаға тенейтінін есіне алды. («...Шәһарға барсан, курулы тұрған күзгі бар, күзгін көр де — көзім көр...»). «Қандай әсем балама! Арудың жанарын күзгіге — айнаға тенегендеге, әрине, көздің нұрын айнаның жалтыраған шыны-

сына емес, онын жарк-жүрк еткен шұғыласымен салыстырады. Эсем тенеу!» — деп сүйсінді Әділбек. Эпостың жолдарын ішінен қайталады: «...күзгіні көр де — көзім көр...» «Иә, сен менің көзіме қара, жана рымдағы шұғыланы көр деп түр. Сол шұғыладан қайратымды да, жаңымның қасиетін де танисың дегені ғой. Бұдан артық не айту керек? Керемет сөз! Ұлбазар маған жымып қарғанда, оның да ойында сол сезіндің тұрганы анық-ау!..»— деп ойлады Әділбек.

Ол осы қызды бірден ұнатып қалғанын сезді...

## VIII

Сол түні қыздың да көпке дейін үйкесін келмей, бір жұмсақ сезім жүргін өзгеше лүпілдеткен. Біздің жігітімізді ол да ұнатып қалғандай еді. Ернін ақырын ғана қыбырлатады. «Сүйкімді жігіт! Ақылды, инабатты...» Қенет әлденеден қорықкан сияқтанып, көңілі біртүрлі қобалжыған. Семьялық тұрмыста бақтысыздыққа ұшыраған екі апасының тағдыры ойна түсіп кетіп еді.

Ұлбазар ауылда туып-өскен және көп балалы ата-ананың қызы болатын, алдында өзінен үлкен бес апасы бар. Әке-шешесі, балалары ылғы қызы бола берген соң үл дәметіп, алтыншы қызының есімін Ұлбазар қойып еді (біздің қазакта осындай әдеп бар ғой); бірақ бұдан кейін дүниеге келген сәби де қыз болды. Шешесінің осы нәрестеден соң көтерген тек сегізінші перзенті үл бол туды.

Дүниеге сол інісі келгенде ата-анасының қалай тасып қуанғанын, тай сойып, қаладан бөшкемен сыра алдырып, бүкіл ауылды шақырып, ұланғайыр той жасағанын, о кезде жасы үштен жаңада ғана асқан, ақылы әлі толмаған, сондықтан жадында ештеме қалмаған Ұлбазарға, кейін бұл ержетіп, естияр болғанда, үлкен апасы Дариға жырдайғып айтатын еді.

— Ал біздерге ше? Қыздары дүниеге келгенде ата-анамыз біздің де әркайсымызға дәл осылай қуанып, дәл сондай шалқып той жасады ма? — деп сұрайтын Ұлбазар.

— Сен өзінді үлмен салыстырма,— дейтін **Даріға** өмірдің өзі білетін ережелерінің бір заңдылықтарын мойындал.— Ата мен ана үшін үлдің жөні бөлек. Үл — қара шаңырақ иесі.

— Біз ше?

— Қыз — жат жұрттық. Бойжеткен соң, қанаты же-тілген күс баласы секілді, туған ұсынан ұшып кетеді.

— Есінде болсын, мен ешқайда да ұшып кетпеймін!

— Жарайды, жадымда сақтайын бұл сөзінді,— деп күлетін **Даріға**.— Бірақ өмірдің өзінің заны бар, адамның ырқына ол онша көне бермейді.

— Ал мен ол занға бағынбаймын! Ол заның маган әлі жетпейді!!

— Олай деп асылық сөйлеме, сінлім. Өмір заны бізден ғері мықтырақ. Қелешекте бізді алдымыздан қандай тағдыр тосып тұрғанын қайдан білеміз...

Тағдыр дегеніміз не? Ол кезде он үш жастағы ерке **Ұлбазар** тағдырын не екенін түсіне қоймайтын, сондықтан апасының тағдыр туралы айтқан сөзінің мазмұнына ой жіберген жок-ты. Кейін ақылы есейген шағында, институтта оқып жүрген кезінде, үлкен апасының сол сөзін есіне жиі түсіріп, терен ойланатын болған. Өмір жолы түп-түзу емес екен. Бір кесапттар адамға ойла-маган жерден, тіпті көнеттеп кездесе қалады екен. Соңа: соң адам зардап шегеді, қиналады, өмірдің азы уын жұтуға мәжбүр болады. «Тағдыр дегеніміз осы екен ФОЙ...»

Ұлбазардың үлкен апасы ойда-жокта бақытсыздық-ка ұшырады. Тұрмысқа шыққанына екі жыл болған, күйеуі аудандық ауыл шаруашылық бөлімінде қызмет істейтін, өздері аудан орталығында тұратын. Бір жек-сенбіде ері, өзі және алдына алып отырған бір жарым жасар ұлы бар, көрші совхозда тұратын жолласына ко-наққа барып, содан өздерінің «Жигулімен» оралып келе жатқандарында, он жақ бүйірден самосвал соғып (шо-фері мас екен), қанылтыры жұқа женіл машинаны, қа-бырғасын жапырып, төңкеріп құлатады. Осы аварияда нәресте қаза болады, **Даріға** омырткасы сынып, ауыр мертігеді. (Рульде отырған ері аман қалады, оның иегі ғана сәл жарапаныпты, баранкаға соғылған болу ке-рек). Эйел облыстық ауруханада жылға жуық жатады, сынған сүйегі біtedі, бірақ омыртка қирағанда, жұлды-ға зақым келіп, соның зардабынан екі аяғы жансызда-нып, мешел бол қалады. Ері әйелін ауруханадан шы-

ғарып, үйге алып келеді, бірақ оның қасында үнемі отыруға, жұмыс жағдайына байланысты мүмкіншілігі бола бермейді де, әрі үй шаруасына бұрыннан онша қыры жоқ ерек, берекесі кетіп, науқасты жөндеп баға алмай, сонан соң Дариғаны төркініне апарады. Алғашқы айларда әйелінің халін білуге жіңі келіп тұрады, оның керек-жарагын, іздеген дәрі-дәрмегін тауып, жеткізіп отырады. Бір жылдан кейін қатынауы селдірей бастайды. Анда-санда бір келгеннің өзінде, бұрынғыдай емес, жадырамайды. Әйелін бірте-бірте сауығар, жазылып кетер деген үміті көмексі тарта бастағаны белгілі болады. Оның ішкі дүниесіндегі бір өзгерісті ауру әйелі де, семьяның басқа мүшелері де сезеді. Енді бір күндері — «өзі қызмет істейтін мекемедегі бір жас жесір әйелмен көнілдес екен, соған үйленгелі жүрген көрінеді» деген сыйбыс шығады. Мұны Ұлбазардың да құлағы шалады.

Бул кезде Ұлбазар тоғызынышы класта оқитын. Қөктем туып, қар еріп жатқан кез еді, Ұлбазар сабактан ораптып, үйге кіргенде, онаша бөлмеде, төсек үстінде екі ияғы дірілдеп, үнсіз жылап отырған Дариғаны көріп, шошып кетеді. Апасын қайратты кісіге санайтын. Оның басындағы қайғысы қаншалық ауыр болса да, сары уайымға салынғанын, еңсесі түсіп, езіліп, дәл мынадай бүгіліп жылағанын көрген жоқ еді. Ұлбазар үрейленіп, аяғын ілгері аттай алмай, әуелі кимылсыз тұрып қалады да, сонан соң ұмтылып келіп, апасын күшактай алады. «Тәтежан, неге жыладың? Кім сені жәбірлекен?» — деп көнілі әлденеден сезіктеніп, жүргөті корқып сұрайды. «Еш пендеге жасаған киянатым жоқ еді, мені тағдырының неге сонша жәбірлесгеніне күйінемін!» — дейді Дариға кинала сөйлеп, «Жудемеші, тәтежан! Мыкты едің ғой!» — деп жұбатады Ұлбазар. «Мына корлыққа калай күйінбейін...» — дейді апасы күйзеліп. Дірілдеген-қолымен жаңқалтасынан конвертінің аузы ашылған, ортасынан бүктелген бір хатты алып, сіңлісіне ұсна береді.

Хатта мынадай жазу бар еді: «Амансын ба, Дариға? Хат жазғаны несі деп танданбауынды өтінемін. Ойымдагы сөзді өзіңе ауызба-ауыз отырып айтуды адамгершілікке жатпас дең санадым да, сосын хат арқылы білдіруді жөн көрдім. Мен туралы бір сыйбысты құлағын шалған шығар. Жел сокпаса, шөп басы кимылдамайды, сіртен жүрттых бәріне мәлім болатын шындықты енді

сенен несін жасырайын, басқа әйелге үйленбекпін. Саған қояр кінәм жок, мені жағырма, тағдырға ренжи. Төрт жыл отастық, жаман тұрганымыз жок, бірақ амал қанша, тағдыр сені бақытсыздыққа ұшыратты. Менің жасым отызға биыл толды, алдымызда ұзак өмір бар, екеуміз бірдей бақытсыз болмайық, сен де маған кінә койма. Шешен, сіңлілерің бар, олар сені жудетпей бағады рой. Экесінен тірідей айрылып, жетімдік көрер дейтіндей нәрестеміз жок. Бір есептен баламыздың жоктығы да жақсы болды, бұл жағдай екеумізге де женилдік келтіреді. Бір-бірімізді сөкпей ажырасайық, бәрі де тағдыр ісі. Сондықтан, кешір, жолың болмасын деп мени де қарғама, опа таппа деп, алатын адамымды да күндеме. Тағдыр ісіне мойын ұсын да, маған бағың жансын деп ак тілеу тіле...»

Ұлбазар өні бір қызырып, бір ағара түсіп, хатты ішінен оқып шығады. Мұндағы жазылған сөздерге әлде нанбағандай, әлде таңданғандай халде тым-тырыс отырып қалады да, сонан соң жұқарып жылаған апасының жас жуған жүдеу жүзіне карап, иегі дірілдеп, екі колымен бетін басып, еніреп жылап жібереді. Тағдыр неге аямайды мұның әкесін? Өмірінің гүлдеп тұрған шағында соры қайнап, майып боп, бір қорлықты көріп отырғаны аз ба еді ол байғұстың? Қайғысына қайғы қосып тағдыр оған тағы да бір ашы уды ішишбек пе? Қандай каталдық! Ұлбазар ұлken жездесін туған ағасындаі көріп сыйлайтын еді, балдыз екенмін деп онымен әзілдеспейтін. Мінезі салмакты, отырыс-тұрысы байсалды, бос сөзге үйірлігі жок, өзі аудан орталығында қызмет істейтін жездесін, дәрежесі де жоғары, адамшылығы да биік кісіге санап, айрықша бағалайтын. Сондай адам сүйіп қосылған жарының мынадай кемтар бол қалған жағдайында, оның тағдырын ойламай, жаны ашымай, теріс карап, сырт айналып кетуі мүмкін бе? Ұлбазар жездесі жөнінде өз құлағы шалған өсекке де әуелгі бетте сенбеген. «Олай болуы мүмкін емес.. мүмкін емес!» — дей берген ішінен. Енді міне, жездесінің хаты... Кемтар бол қалып, онсыз да сорлап отырган әйеліне осындаі хат жазуға қалай дәті барды екен? «Тағдыр ісіне мойын ұсын да, маған бағың жансын деп ак тілеу тіле»,— деуін қарашы ұялмай! Ұлбазар апасының әсіресе осы сөзге қорланып отырғанын ұғып, оны не деп жұбатарын білмей қинала түседі.

— Өзінді жүкарта бермеші енді, тәтежан! — дейді жалынып. — Өз басынды кемітпеш! Ол сенің тырнағыца да татымайтын құнсыз адам екен ғой, енді білдім...

Ұлбазар кейін институтта оқып жүрген кезінде, осы оқиға есіне түскенде апасына да ішінен кінә қоятын. «Оның құнсыз адам екендігін, бұған тағдырынды сабактамай түрғанда, әу баста неғып танымадын? Ойынын өресінен, сөзінін сынайынан адамның ішкі дүниесінің сипаттын үфуга болмайтын ба еді? Оның жаны жадаулығын қалай үқпадын?» — деп, талай рет тіке сүрай да жаздаған. Бірақ қайғы уын ішіп отырған апасын дерттедіре бермейін деп іркілетін және тіршіліктің бір философиясын есіне алатын. Біреу аяғын байқамай жансақ басып қалып, сорға киліксе, екінші біреу түп-тура кетіп бара жатып-ақ, жолдың оқабына оқыс сүрінпі, қатты жырылып, бейнетке оп-онай ұшырап қалуы мүмкін. Автомобиль жолында қай жер өр, қай жер ылди, қай тұста қандай қатер бар екенін ескеptіп, машина жүргізушиңі алдын-ала сақтандырып отыратын белгілер түрады. Соның өзінде де жол авариясы болып жатады гой. Егер адам өмірдің бұралан жолы қай жерде қалай кисайып кететінін алдын-ала біліп отырса, өзіне-өзі сортілеп, аяғын теріс басар ма? Кім өз басына бақтызызық тілейді?

Ұлбазардың одан екі жас үлкен Гүлсім деген апасының да бақты жанбады. Әскери училищені жана бітірген лейтенантка ғашық болп, соған түрмисқа куанып шығып еді, бірақ бір жылдан кейін, дәм-тұздары жараспай, ерінен ажырасып, төркініне қайтып келді. «Екеуміз скі түрлі адам екенбіз, махаббатымыз тез сұзыды, міnezдеріміз үйлеспеді, шырқымыз бұзыла берді. Сосын оңалмасымызға көзім жеткен сон, күйеуімнен айырылысадан басқа лажым қалмады», — деп мұн шағады. Арапарындағы махабbat жоғалып, бірін-бірі күрметтей алмағаннан кейін, ырын-жырынмен азап тартып жүргенше, Гүлсімнің ерінен айырылысып кеткені, бәлкім, дұрыс та шығар, бірақ жүректе жарасы қалады. Жанынды өмір баки сыздатып ауыртатын айықпас дерт кой бұл. Жиырмаға жана толған жап-жас апасына: «бір байдан шыққан әйел» деген атак тағылғаны қандай жаман. Арға тиеді.

— Сүйіп қосылған еріңмен дұрыс семья құра алмағаныңа, ең алдымен, өзің жазықтысын, — деп Ұлбазар апасына кінә қойған.

— Эрине, «қайта шапқан жау жаман, қайтып келген<sup>1</sup>  
кыз жаман» ғой. Оған қосылғанда мұндай бақытсыздық-  
қа ұшырармын деген көнілімде титтей күдік жоқ еді.  
Дүние қуанышқа толып, өмір маған тек қана күлімдеп  
туратындаі көрінген. Қайтейін енді, бағым күйді, өмір-  
дің заңы қатал екен,— деген Гұлсім мұңайып.

— Кеш түсінгенсін,— деген Ұлбазар.

— Сол үшін өмір бақи өкінумен өтермін енді...— деп  
Гұлсім ауыр күрсінген.

Ұлбазар апасының қайғылы жүзіне қарағанда, Гұл-  
сімнің бұрынғы нарттай жайнап құлпырып тұратын өні,  
онған шүберектей болып, рені біртүрлі тайғанын бай-  
қаған. «Бақытын күйдірген өрт жүзін де шарпылты-ау!»  
Ұлбазар апасын ішінен қатты аяп кеткен...

Енді қазір Ұлбазарды бір саудадар өте толқытты.  
Бұл апасының бақыты неге күйді? Оның жас өмірінің  
құлпыраған қызыл гүлін бозқырау неге сокты? Ұлбазар  
Гұлсімнің лейтенантпен қалай танысқанын, сұлу тұл-  
ғалы, сымбатты, жас офицерге апасының бір көргендеде-  
ак есі шығып ғашық болғанын, сол кезде оның мінезі  
де біртүрлі женілтектеніп кеткенін есіне алды. Апасына  
құліп әзіл айтқаны бар еді: «Өзің тіпті сауысқанша  
ұшып-қонып, тым шықылықтап кеттің ғой» деп. «Рас  
Ұлбазар, менде ес жоқ қазір, махаббат дуалап алды  
мені,— деген Гұлсім сінлісін құшактап.— Бүкіл ес-ақы-  
лынды билеп әкететін бұл бір ғажайып сиқыр күш, бі-  
рак айтып үғындыра алмаймын. Бұл сиқырдың қандай  
екенін ертен өз жүргізе махаббаттың ыстық шоғы түс-  
кенде түсінесін. Ыстық шоқ жүргінді балқытқанда,  
ақылға не бола алмай қалудың не екенін сонда өзің  
көресің!»

Сол күйді бастан кешетін уақыт енді Ұлбазарға да  
жетіп қалғандай ма? Қыздың көзіне Әділбектің дидары  
тағы да елеstedі. Осы жігіттің жүзінде шуақ күннің  
жарығы<sup>2</sup>дай жұмсақ бір жылы нұр бар. Ұлбазарға қа-  
рағаны да нәзік, құрбысымен әзілдескенде қасы-көзі  
қылмындаған жоқ (кейбір жігіттердің қызбен қалжын-  
дасқанда, сөйтіп қылтындаityнын Ұлбазар тіпті ұнат-  
пайтын).

Ұлбазар Әділбекті бұрын да, онымен таныспай тұрып  
та, оның филология факультетінде оқитынын, алдыңғы-  
лар қатарындағы озат студенттердің бірі екенін сыртынан  
білетуғын. Бір жолы, институт комсомол үйімінін  
жалпы жиналышында, Әділбектің жүрт алдына шығып

сөйлегенін көрген (Әділбек факультет комсомол үйімінің секретары екен). Осыдан кейін бір күні институттың үлкен корпусының есігінен асырып жүгіріп шыға бергенде, сол жігіт алдынан қарсы кеп қалып, ол да қызы аңдамай, екеуі мандайларын катты соғыстырып алған. «Кешіріңіз!» — деп еді қыз өзін кінелі санап, ауырған мандайын алақанымен үяла басып. «Жоқ, сіз кешіріңіз!» — деп еді жігіт ынғайсызданып, қызара күлімсіреп. Бұл — кішкентай ғана бір оқиға ғой. Адам мұндайдың бәріне мән беріп, есепке де ала бермейді Ұлбазар да сонда жігіт неге қызара күлімсіреді екен деп ойламаған. (Жігіт те, әрине, ойна ештеңе алмаған болар). Енді, міне, солардың бәрі есіне түсіп, бала қезінде құлағында қалған бір сағынышты әннің әсем сазын қайтадан тыңдағандай елтіп, елжіреп, қуанып, демі дірілдеп, қыз бір ғажайып халге енген.

Осы сырлы сезім — жүрекке үшкын түсірген алғашқы махаббаттың ыстық толқыны еді. Махаббат оты күннен-күнге алаулап ұлғая берді. Арада айлар өтті, екі жастың сезідері жарасып, тілектері, армандары үндесіп, бірін-бірі көргенше сағынып тұратын інкәр ғашықтар күйін кешті. Жігіттің де, қызының да сабактас құрбылары, жақын достары бұлардың мөлдір махаббатына сүйсініп: «Екеуің құдды Ләйлі мен Мәжнүн сияқтысындар!» — деп ойнап әзілдеп қоятын. Ұлбазар бұған үялып, екі беті лып етіп қызара қалып, төмен қарап жымиятын, ал ішінен құрбыларының әлгі әзілін тәуір көріп тұратын.

Бірақ бакыты күйген екі апасының тағдыры есіне түсіп, сол жағдай Ұлбазарды ылғи қобалжытып кететін еді. Бір сауалдар қамалайтын. «Екі әпкен сүйіп қосылған жарларынан неге опа таппады? Апаларың ішкен ағынды тағдырлың саған да сыбаға қып тартпасына көзің жете ме? Өмір жолының ой-шүнкырына, тік өрі мен тайғанақ ылдынына — біріне де кезікпей, тактайдай тегіс асфальт үстімен зырлаған машинадай зымырай береміз деп ойлаймысын? Жолдарыңнан кедергі кездессе, қыншылықка душар болсандар, біріңе-бірің қайрат беріп, бір-бірінді демей, жебей алармысын? Басында күйіп-жанып, үздігіп қосылған кей ғашықтар, махаббатары тез сұнынып, оңай бұзылып жатады. Себебі не? Кейбір тәп-тәуір кісілер де, семьялық өмірлерінен шырық кетіп, ажырасып жатады. Әрине, айнудың себебі болады. Ал сол себеп неден тауды?»

Ұлбазар осы сұрауларға табиғат дialectикасынан жауап іздеғендегі болатын. Барлық өсімдік атаулының топыракқа түскен ұрыктан өніп, соナン соң нәр тартар корегі табылса, тамырын жайып, бойын көтере беретіні — биологиялық құбылыс. Адамдар өмірінде кездесетін опасызық, көрсеккызыарлық, айнығыштық сиякты осалдықтардың да ұрығы кей пәнденің ішкі дүниесінін бір түкпірінде бұғып жатпақ. Сәл дым тисе, ол да бөртіне бастамақ, тамырын бірте-бірте теренге жіберіп, зорайып өсіп алғып, соナン соң адамның еркін мүлде билеп әкетпек. «Екі әпкемнің жүргегін уға малған қасиетсіз жезделерімнің ішкі дүниесінде осы кінәраттың ұрығы, әрине, бұрыннан бұғып жатқан», — деп ойлады Ұлбазар. Кісінің мінезінен, әрекет-қылтығынан, арман-тілегінің өресінен жән қасиеті қандай екені үғылтмақ. Тіпті ойнап айтқан әзілінің түрінен де, өзіне көзін қалай аударып қарағанынан да ішкі күйдің сипаты сезіліп тұрмак. Егер жан-дүниеде бір ақау бар болса, оның көленгесі адамның өнінен елес бермеуі мүмкін емес. Ұлбазардың апалары сол көленгені қалай байқамады екен?

— Ал, өзің ше? Жаңылған жокпышың? Сүйгеніңнің жан дүниесін терең ұқтың ба?

Ұлбазар өзін-өзі саяул қояды да, толқи түсіп, сүйген жігітінің бейнесін көз алдына келтіріп, оның ашиқ құндей ақ жарқын көнілін, айтатұғын ақылды сөздерін, әлемі армандарын есіне кайта-қайта түсіретін. Әділбектің бойынан тек сұлу қасиеттер көреді, мінез-құлқынан еш жасандылық таба алмайды. Сүйгенің таза бұлактай кіршікіз ішкі дүниесінің сазы мен өз жанының мөлдір-күйі домбыраның кос шегінің конырау дыбысындай үндесіп тұрғанын байқайды. Бұл ырғактың бұзылуты мүмкін емес. «Мен жапылған жокпыш!» дейтін Ұлбазар ішінен қуанып.

Институттың соңғы курсында оқып жүрген жылы, қыскы каникулла ауылға барғанында, шешесі Қалампир ошаша сөйлесіп отырып, қызынан сыр тартты.

— Ер жеткен соң үл үлленелі, қыз тұрмыска шығады, бұл — өмірдің заны. Осы жайында ештеме ойлап жүрмісің, қарағым? Қойлай жарасқаң адамың бар ма?

Ұлбазар сөзбен жауап қайыруға ұялышп, акырын гана бас-би изең, қызара жымынп, төмен карады.

— Ол қандай адам? — деп сұрады Қалампир.

— Студент... Біздең институтта оқиды, биыл біліре-ді. — деді Ұлбазар.

— Бір-бірінді көптен білсіндер ме?

— Иә...

— Эке-шешесі, аға-іні, апа-қарындасты, туыстары бар жігіт не? Өскен жері, өнеге алған үясы қандай екен?

— Ой, мама, қызықсың ғой, мұның бәрін неге тек сергің келді! — деп құліп, Ұлбазар шешссінің бетіне жас балаша еркелеп қарады.

— Сенін болашағына аландаймын, қарағым,— деді Қалампыр.— Бұл қызымды алдынан не тосып тұр деп, осыны ойлап, көп қобалжимын. Анау екі апан — Да-риға мен Гүлсім де ақылсыз еместүғын, жақсы мен жаманың жігін ажыратта білетүғын, он мен солтын танитын, бірақ жаңылды. Екеуіне тәңірімнің жолыктырыған адамдары опалы болмады. Осы жағдай көніліме коркыш сала береді. Катты алабұртам. Өміріне қолеңке түспей, сен бақытты болса екен деп, алақанымды көкке жайып тілеймін.

— Адамның бақытты болуы өзіне байланысты ғой, мама.

— Кім өзіне бақытсыздық тілейді, қарағым-ау. Аяғын андамай жаза басып қалады да сүрінеді, сосын, өкінеді, опық жейді.

— Сүрінбеу үшін алдым тұра қарап, аяғымды түзу басып келе жатырмын, мама,— деп жымиды Ұлбазар.

— Дәйім солай бол!— деді Қалампыр. Соңан соң қызының жүзіне салмакпен қарап, барлағандай болып, бірер минуттай үндемей отырды да, бастапқы берген сауалына қайта оралып: — Сен менің сұрағыма толық жауап бермедің ғой, жігіттің аты-жөнін, ағайын-туғандарының жайын айтпаздың ғой,— деді.

— Есімі — Әділбек. Анасы бар, әкесі қайтыс болыпты. Аға-інісі жок,— деді Ұлбазар.

— Жалғызлікті жігіт екен ғой...

— Жалғыз емес, екі аласы, екі жездесі бар. Ұлкең аласы мен үлкен жездесі — екесі де мұғалім екен, олар да педагогика институтын бітіріпті. Екінші жездесі ауыл шаруашылығы институтын тамамдапты, астық совхозында бар агроном болып істейтін көрінеді.

— Шешесі де оқыған кісі ме екен?

— Ауылдағы бастауыш мектепте ғана оқыпты.

— Әзім сиякты екен ғой.

— Иә, өзін сиякты. Бұқіл өмірбаяны сенің өмірбаянына үксайды. Колхозшы, ауылда туып-өскен, өмір

бойы ауылда жұмыс істеген, егін салған, шөп шапқан, мал баққан қарапайым еңбекші.

— Мм... жарайды, мұндай еңбекші адамдардың балалары жаман болмайды.

Шешесінің бұл сөзіне Ұлбазар ішінен қуанып қалды,

— Әділбектің суретін көргің келе ме?

Қалампұр күлімсіреген соң, Ұлбазар орнынан лып етіп тұрып, өзінін кішкентай чөмоданын ашып, кітаптың арасына салып қойған фотосуретті алғып, анасына жынысп ұсынды. (Әділбек екеуінің катар отырып түскен фотосы болатын).

Қалампұр фотоны қолына ұстап, байсалды көзben жігіттің суретіне ұзақ қарады. Соңан соң жүзін Ұлбазарға бұрып:

— Түрі-түсіне қарағанда ақылды бала сияқты,— деді ақырын сейлеп.— Бірақ тұрмыска шықтай тұрып, онымен осылай иң түйістіріп суретке түскенін сипайылыққа жата ма? «Қызым үйде — қылышы түзде» деген осы-ау...

— Бұл не дегенің, мама? — деді Ұлбазар ыңғайсызданып.

— Ескерткенім,— деді анасы.— Еркек бала емессін, қыздың жолы жінішке. Соңынан сөз ермесін дегенім, Тек, бақытты бол! Шешенің саған тілейтіні сол ғана. Әйтпесе сені ата-анасын, туыстарын жерге қаратып кетер деп ойламаймын. Ондай күдіктен адамын.

— Бұл сеніміңе раҳмет, маматай!— деп Ұлбазар анасын мойнынан қуанып құшақтады.

Қалампұр қызын арқасынан еркелете қағып, бетінен сүйді.

— Бақытты бол, қарғам!— деді.

Әділбек пен Ұлбазар екеуі институтты тамамдағаннан кейін, бір жылдан соң қосылды. Жоғары оку орнын үздік бітірген және осында оқыған жылдарында студенттердің ғылыми қоғамы жұмысына белсенді араласып, әдебиет зерттеу ісіне жақыс қабілеті барын танытады. Әділбек факультет ғылыми советінің үйғаруы бойынша аспирантурага қалдырылған еді. Ұлбазар институтты бітіргенде: «ата-анамның өзімді оқытқан еңбегін ақтап, бір жыл қолдарында тұрып қызмет істейін» деп, жолдаманы өзінің ауылына алған болатын. Бір кезде өзі оқыған мектепке мұғалім боп барған-ды. Қыз бен жігіттің байласқан уағдасы бойынша, мектепте оку

жылы аяқталып, мұғалімдердің жазғы демалыска шығатын июль айының басында, Әділбек қасына Мұқан деген жолдасы мен оның келіншегі Гүлзияны ертіп, қалындығын алуға осы ауылға күйеу болып аттанған еді. Қалындықтың ауылына бірінші боп қадам басуы болатын. Қайын ата мен қайын ененің алдынан өту үшін құдалыққа кісі жіберген жок, қалындықпен екеуінің арасындағы үәде берік болғанымен, «көрмеген жердің ой-шүңқыры көп» дегендей, жігітіміздің көnlіндегі кобалжу да жок емес-ті. Бірақ жолдасы Мұқан — ежелгі әдет-ғұрыптардың да рәсімін, жана салттың да жөн-жосығын білетін, көргені мен оқыған-тоқығаны көп ақылды жігіт еді, соған сенді.

## IX

Қадірлі окушым, кешірініз, осы жерде әңгіменің желісінен сәл ауытқып, сіздерге Мұқан туралы толығырақ әңгімелей кетейін. Әділбек педагогика институтына окуға түскен жылы, сол жоғары окуорнына Мұқан да студент боп қабылданған болатын, ол тарих факультетінде оқыды. Әділбек пен Мұқан бірін-бірі бүрын білмейтін. Бірінші курсты бітіріп, жазғы еңбек семестрінде студенттердің құрылыш отряды құрамында тың өлкесіне жұмысқа барғанда, екеуі алғаш рет танысты. Педагогика институты студенттерінің қырық адамнан құрылған құрылышшылар отряды, алдын-ала жасалған шарт бойынша, бір совхоздың уш бөлімшесінде егіншілерге арналған тұрғын-жайлар салуға тиісті болатын. Отряд командирі, құрылыш объектілерінің ретінде қарай, студенттерді уш топқа бөліп, әр топқа бір-бір топ басшысын тағайыннады. Отряд штабы совхоз орталығына орналасты да, әр топ бөлімшелердегі өз объектілеріне жақын барып жайғасты. Орталықтан ең шалғайлау тұратын үшінші бөлімшеге келген топтың топ басшысы — Әділбек еді. Оның тобы бірыңғай филфактың студенттерінен құралды да, толық қурамға екі адамы жетпеген соң, екі кісі бұларға тарих факультеті нен қосылған; біреуі — Мұқан, екіншісі — Әділбектің өздерініңге белгілі жерлесі, үшінші курс студенті Асан Керимов еді.

— Құрметті, филологтар, бізді жатырқамандар. Бе-  
ріктінің намысы бір деғендей, еңбек емтиханында қуан-  
сақ — бірге қуанып, қызарсақ — бірге қызарамыз. Соң-  
дықтан ең әуелі жақсылап танысып алайык! Менің аты-  
жөнім... — деп, Мұқан жайрандап құліп сөйлеп, жігіт-  
термен жағалай қол алсты.

— Қандай өнерің бар? — деп сұрады Әділбек одан.

— Кірпіш қалай, қабырға сылай білеміз. Балта ұс-  
тауға да қолымның аздап ебі бар, — деді Мұқан.

— Ондай істерге онтайың болмаса, құрылышылар  
жасағына қабылданбайсың ғой, мен о жағын сұрап-  
түрғам жок, — деді Әділбек.

— Енді нени сұрап тұрсын?

— Искусство жағына қабілетің қалай?

— Искусствоны өте сүйемін, бірак өзімнің көркем-  
өнерге қырым жок, әнші емеспін, сырнай, домбыра тарта  
бітмеймін.

— Біздің осы жігітіміз қыздармен би билеуге де  
икемсіз. Бір факультетте оқимыз, жыл бойында талай  
сауық кештері болды, қызбен билегенін бір көрмедім-  
ау! Бәрінен макұрым қалған! — деп құлді Асан Ке-  
римов.

— Жолдасынды караптама! Искусствоны шын сүйе-  
тіні рас болса, бұл өнердің түрі көп, сонын біреуіне бе-  
йімділігі болмауы мүмкін емес, — деді Әділбек Асанға.  
Сонан соң Мұқанға бұрылып: — Сол себепті, әркем-  
өнерге қырым жок деген сөзді сен де жауапсыз айта  
салма, жолдас, — деді. — Біз мұнда құрылыш жұмысын  
жүргізумен қатар, жергілікті түрғындарға өз күшіміз-  
бен концерт те койып береміз. Бұл істен біреуіміз де  
қалыс қалуға тиісті емеспіз, ең болмағанда тақпақ айту  
қолыннан келетін шығар.

— Мектепте, тоғызынши класта оқып жүрген кезім-  
де, көркем сөзді мәнерлеп окудан өткізілген класаралық  
конкурсқа бір рет катысқаным бар, мұны мойындей-  
мын, — деді Мұқан.

— Сонда озып па ең? Нешінші орынға не болдың?

— Екінші орынға. Бірақ, оны қойшы, тәйірі, ол —  
жасөспірімдердің конкурсы, оны есепке алуға бол-  
майды.

— Неге? Санатқа мықтап аламыз! Өзіміз қоятын  
концертте сен мәнерлеп көркем сөз оқисын! Көркем сөз-  
ді халық алдында келістіріп оқи білу — бұл да тамаша  
өнер! — деді Әділбек.

Арада жиырма шақты күн өтті. Бірге тұрып, бірге тамак ішіп, бір жерде жұмыс істеген осы аз уақыт ішінде студенттер бірін-бірі жақсы тани түсіп, құрылымың басындағы қызу енбек үстінде де, дастарқан басында отырғанда да, сауық кешінін программасына дайындалып, репетиция жүргізгенде де, әзіл-калжындары жара-сып, ынтымактары нығая берді. Мұқан — жайдары жігіт екен. Іске де тыңғылықты скенін жолдастары көріп жүрді. Өнерге де қара жаяу болмай шықты, өздері койған алғашқы концертте, қазактың белгілі жазушысының тарихи романынан алғынған үзіндіні мәнерлеп оқығанда, касында бірге жүрген серіктерінің өзі аузын ашып, тамсанып калды. Әділбек Мұқанның ашық мінезіне, әсіресе, оның кемшілікті көргенде, мінді сынағанда, сөзді мәймөнкелемей тік айтатын турашылдығына сүйсінді. Өз тобында осындай өнерлі, өткір жігіттің болғанына қуанған.

Бір жолы мынадай күтпеген оқиға болды. Бұлар өздері қабырғасын қалаған екі пәтерлі кірпіш үйдің шатырын орнатып, тәбесін шиферлеп жауып, енді ішінің сылағына кіріспек болғанда, цемент таусылып, жұмыстары бір күн бөгеліп калды. Дәл сол күні, кас қылғандай, совхоз орталығы мен бөлімшесі аралығындағы телефон линиясы бұзылып, Әділбек отряд штабымен кешке дейін хабарласа алмады да, басқа лажы болған соң, алакөбеден тұрып, жол-жөнекей бір жүк машинасына отырып, орталыққа өзі тартқан. Бірақ отряд командирін де, мастерді де штабтан ұшыратпай, олар құрылымың материалын қабылдауға базаға кеткен екен, соларды іздел тауып, келген шаруасын тыңдырғанша едәуір әлекке түсіп (цемент тиетін самбсовал тез арада табыла коймай, біраз қинады), цементін алышп, бөлімшеге тус ауа әзэр жеткенде, өзінің екі жігітінің қып-қызыл тәбелесінің үстінен шықкан. Жолдастарына айыру бермей, жұлқысып жатқан екеудің бірі — Мұқан, бірі — Асан еді. Әділбек машина кабинасынан секіріп түсіп, жүгіріп барып, екеуін кеуделерінен екі жаққа итеріп жіберіп: «Токтатындар, кәне!» — деп ақырып қалды. Төстеріне Әділбектің қолы қаттырақ тиді ме, әлде, оның даусының ызғарынан жасқанды ма, анау екеуі бірінебірі енді үмтүлмады. Мұқанның қабағы көгеріпті, Асанның шекесі жарактапты, екеуінің де көйлектерінің жағасы жыртылған.

— Не болды сендерге? Бұларың не? Ұят емес пе! — деді Әділбек екеуін бірдей жазғырып.

— Әуелі мынау жауап берсін, қолын бірінші жұмсаған осы! — деді Мұқан.

— Акталма! Арыма алдымен сен тіл тигіздік! Қабағынды көгерктенім аз әлі саған! Шекемді жарып, денеме мына зақым салғаның үшін алатын сыбағаң алдыңда! — деді Асан көзі шатынап.

Екеуінц тәбелесі мынадан шығыпты: совхоз орталығындағы отряд штабына кеткен Әділбек кешіккен соң, Асан жігіттерге ұсыныс жасайды. «Бір күніміз текке өлді, екінші күнді тағы да босқа өлтірмейік. Цементтің жоқтығына қарамай-ақ, құмға сары балшыкты көбірек қосып езейік те, үйдің ішкі кабырғасын сылай берейік. Артынан сұйық известпен үстінен сипап жіберсек, жарылғаны да білінбей, жаксы ұстап қалады», — дейді. «Мұнымыз көзбояушылық болады, цемент қосылмаған құм мен балшық кепкеннен кейін қопсып, үгіліп, сынырылып түседі», — деп Мұқан Асанның сөзін макулдамайды. «Ей, білгіш, сен осы құрылыш жұмысына не үшін келдін? Біраз ақша тауып кайтамын деп келген жоқпышын? Ендеше, бүйректен сирақ шығарма! Жұмыс жылдам жүрсе, жоспар ерте орындалса, қалтана ақша да молырақ түседі, шекен шылқылдаған бай емес шығарсын. Пайданды білсенші!» — деп кекетеді оны Асан. «Мен ақшаны, мейлі бес тын болсын, кулықпен, арамдақпен емес, адал еңбекпен тапқым келеді», — дейді Мұқан. «Әй, ку деп, арам деп, кімді мегзеп отырсын? Мені ме?» — дейді Асан шытынап. «Қалай ұқсан — солай үқ», — дейді Мұқан. «Ендеше былай үктық, мә, саған!» деп, Асан Мұқанды жұдышықпен бетке періп қалады. Сол секундта Мұқан да оны кеудеден түйіп жібереді. Асан аяғының астындағы кірпішке сурініп, жалп етіп оқыс құлағанда, шекесін тас жырып кетіпті.

— Тапа-тал түсте мастарша тәбелесіп, масқарағой бұларың! Жә, койындар енді! — деді Әділбек екеуін татуласуға шақырып.

— Мен бұдан есемді қайырмай басылмаймын! — деді Асан тістене сөйлеп.

Әділбек оның бұл сөзі Мұқанға көрсеткен бопсасы, құр доңайбаты шығар деп ойлап еді, бірақ Асан шынын айтқан екен. Шекемді дәрігерге көрсетіп, йод жақтырып келемін деп, медпунктке кетіп еді, кері оралғанда қасына участке милиционерін ерте келді.

Милиционердің сұсы сұық көрінді, әй-шәйға қараған жоқ, тиісті жерде жауап бересін деп, Мұқанды милиция участогіне алып кетті. Әділбек сонынан білді, милиционердің бұлай ызгарланып келуінде себеп бар екен: Асан Мұқанның үстінен милицияға шағым жазыпты, басымды жарды деп, шекесінің жаракаттанғанын растатып, дәрігерден анықтама алып, осы қағазды арызына қоса тіркепті. Жазықсыз адамға да пәленің кезігүі аяқ астынан екен, Мұқан тергеуге алынып, іс насырға шаба жаздады. Оқиғаның басы-қасында болған жігіттер төбелестің неден шыққанын, колды алдымен кім жұмсағанын, Мұқанның еш айыбы жоқтығын, бәріне кінәлі Асан Керимовтың өзі екендігін дәлелдеу үшін, аудандық прокуратураға дейін барып, қуәлік берді. Тергеу орны ақиқатты анықтағанша, Мұқан бір тәулік қамауда отырды.

Ол кінәсіз екендігі дәлелденіп, ертеңіне інір кезінде өз тобына оралғанда, тағы да бір қолайсыз оқиғаның үстіне келді: Асан ашулы кимылмен киім-кешегін буып-түйіп, бір жаққа кеткелі жиналып жатыр екен, ал басқалары қабактарын түйіп, бұған жондарын беріп, теріс қарап отыр. Бөлменің есігі шалқасынан ашық түр. Мұқанның табалдырықтан ақырын аттап, ішке кіргенін олар да, Асан да байқамады. Мұқан әуелі сәл ақырып, таңданып калды. Сонан соң, осы көріп тұрғаны көзіне спектакль сиякты елестеп кетті білем, күліп жіберді:

— Ау, достарым, бұларын қандай ойын?!

Бәрі Мұқанға елең етіп қарады. Асанның басқалары орындарынан қуанып ұшып тұрып, Мұқанды бірінен соң бірі құшактады. Асан буып-түйген заты мен кішірек чемоданын аргы жак қолына ұстап, бұларға қарамауға тырысып, тезірек шығып кеткісі кеп, есікке қарай аяғын жылдам басып, қырындан өте беріп еді.

— Керимов, асағыссың ғой, қайда барасың? — деді Мұқан оған бұрылып.

— Мұның саған қарап беті жоқ, кете берсін! — деді бәрінен жасы ересектеу Жанайдар деген жігіт.

— Жоқ, бұлай болмайды! Керимов, кідір!

Мұқан Асанның жолын бөгеп, екі қолын екі жағына жайып, есіктің алдына тұра қалды.

— Жол бер! Жібер! — деді Асан ашулы үнмен. Қеудесімен кимелеп өткісі кеп, ілгері ентеледі.

— Керимов, асаусыма! — деді Мұқан ақырын, бірақ сұық дауыспен.

. Асан жасқанды білем, бір қадам кейін шегінді.

— Қолындағы жүгінді орнына апарып қой! — деді Мұқан.

— Бұл жігітпен енді дәм-тұзымыз жараспайды. Өзінің де жегені желім болмасын, біздің де тынысымызды тарылтпасын, сондықтан бара берсін, жолы болсын! — деді Жанайдар.

— Жок, бара бермейді! Мен Керимовпен есеп айырысқан жоқпын әлі,— деді Мұқан.

Құліп айтқан жок, құліп айтса, әдейі қуақыланған түрі шығар деп жорамалдауға болар еді. Түсі бұзылып, тістеніп те айтқан жок, бірақ даусынан бір ызғар білінди. Асанның істеген оқбағандығына қанының қайнамауы мүмкін емес. Ішінде тастай боп катты түйілген кек бар секілді. Қазір Мұқан Асанға жайбаракат жақындалап барып, соナン соң әккі боксерше оны иектін астынан сарт еткізіп соғып жіберер ме екен? Керимовпен осылай есеп айырыспак шығар, бәлкім.

Мұқан Асанға қарай ақырын қозгала бергенде, Әділбектің басына осы ой кенет келді: «Жок, жігіттер, мен сендерді төбелеске жібермеймін! Бұл — үят! Бұл — масқара!»

Асан да Мұқанның жаңағы сөзінен күдіктенген сеқілді, бір қырындалап, он иығын ілгері тосып, қарсы шабуылға шығуға бос қолын онтайладап, ыңғайлана берді.

— Қауіптенбе, мен саған жұдырық жұмсамаймын,— деді Мұқан. Ол Асанға таяна түсіп, бетіне тұра қарады,— бірақ мені тайсақтады, именді деп ойлап қалма. Физически сенен гөрі мығымдаумын, саған әлімнің жететінін білемін. Истеген сүмпайылығын үшін сыйбағанды беріп, мұрныңды бұзсам, мұным артық болмас еді. Бірақ, олай есеп айырысатын — төбелестің адамы емеспін. Әйткенмен, есінде болсын: тағы да бірде кешегідей иттік жасасаң, тұмсығының бұзылуы ғажайып емес.

Асан өні куреңітіп, ашу буындырып, бірақ Мұқанға қайтарар жауабы болмай, ішінен тістеніп, астыңғы иегін кисан-қисан еткізді.

— Ашуынды бас, сабана түс, Керимов,— деді Мұқан өзін сабырлы үстап. «Қолындағы жүгінді орнына апарып қой»,— деп қайталап айтты.

— Менде шаруаларың болмасын, кетемін! — деп Асан қайтадан есікке қарай қадам басты.

— Тоқта, Керимов! — дезі Мұқан каткыл үймен

Асан жолында түрған Мұқанды кеудесінен итеріп жіберуге жасқанды. Сонда да доңайбат көрсетіп:

— Ал, не істейсің маған? — деді қиястанып.

— Мен саған ештеме іstemеймін... Ал сен, ешқайда кетпейсің, жібермейміз,— деді Мұқан.

— Өз еркім өзімде, кетемін дедім — кетемін!

— Кетпейсін!

— Басқа группаға ауысам дейді ғой, бара берсін. О жақта да мұны герой екенсін деп, ешкім аркасынан қаға коймас,— деді Жанайдар.

— Керимов ешқайда кетпейді, өз ортамызда калады. Осы жерге бірге келдік, бірге боламыз, бірге қайтамыз,— деді Мұқан.

— Бұл азаматпен бәрібір жараса алмаспыш. Мәселең, өзің ендігі жерде мұнымен бір дастарқан басында отырып ас іше аласын ба? — деді Жанайдар.

— Мен кек сактамаймын,— деді Мұқан.

— Қешірімпаз болу — кішіпейілділік емес. Адамда принцип деген болу керек,— деді Жанайдар.

— Асанның басқа группаға ауысуына рұқсат етпесек, өз тентегімізді өзіміз тезге салсақ, міне, осының өзі принцип. Және ірі принцип! — деді Мұқан.

Ол Асанға бұрылды:

— Сөздің ток етері мынау: басқа группаға ауысамы деп әуреленбе! Өйтеп болсан, жағымсыз қылығынды соларға жария етіп, Керимовты қабылдамандар деп, алдыннан мәлімдеме түсіріп қоямыз. Мешкей деген жақсы атақ емес, өзінді-өзің ікүртқа жексүрын етіп көрсетпе,— деді ескертіп.— Мениң алдында үлкен айбын бар. Бірақ оны бетіне баса бермеймін, бір айттым — болды. Саған дүшпан емеспін, жақсы болсан, жарығынды көре алам. Басқа айттарым жок. Үқсан — осы, үқпасан...

Мұқан сөзінің соңын айтпай, енді Асанның жолын бөгемей, төрге қарай ілгері жүріп кетті. Асан оған түйілген қабағының астымен қарады. Ашулы өні қабара түсті. Қазір ол Мұқандарға бір түкіріп, осы долырған қалпымен кетіп отырмаса неғылсын.

Әділбек осылай ойлап қалып еді. Жерлесінің қисық қылығына ол қысылып та түрған, ызаланып та түрған. Әйтеуір Асан ілгері аттамады, ернін жымқырып үн-тұнсіз тұрды да, соナン соң өзінің кереуетіне қарай бұрылды. Төсегінің үстіне келіп отырды. Басын жоғары көтермегі, түйілген қабағы жазылмады. Женілгенін мойында-

мауга тырыскандай. Бірақ жолдасының әлгі сезіне қайтарар жауабы болмай амалы күріғаны осы қалпыншың өзінен аңғарылғандай еді.

Арада бірталай күндер өтті. Асан жігіттермен бұрынғыдай жадырал сөйлеспей, олардың әңгімелерінә араласпай, қыңырайып жүрді. Өзі өстіп теріс рай көрсетіп жүрген сон, жігіттер де оған елпілдей кійған жок. Ал Жанайдар Асанды ұнатпайтындығын ашық білдіріп, оны ылғи кекетіп, соқтыға сөйлемеді. Асанның өні күренітіп кетеді, бірақ үндемейді, жағын тістеніп алады, ашуға булығып тұрғаны қөзінің жағалдана қалғанынан білінеді. Бір күні өзін-әзі ұстай алмай кетіп, Жанайдарды жағадан ала түсіү мүмкін-ау. Тағы да төбелес шығады...

Әділбекті осы ой көбірек қобалжыткан.

— Асанның тұнеуқұні біздің топтан қетемін дегеніне қарсылық білдіргеніміз бекер болды-ау осы. Кете бергені макұл еді. Басқа группаға барғанда, өз қатесін, біздің алдымыздарғы айыбын, бәлкім, тезірек түсінетін еді,— деп, Әділбек бір жолы Мұқанмен Асанның міnez күлкү турағы сөйлесіп стырып өкініш білдірді.

— Ол өз қатесін ұқлады деп ойлаймысын? Жок, кінәлі екендігін бек жақсы түсінеді, бірақ біздің алдымызда қішірейісі келмейді, тым менменшіл. Оның дерти осы,— деді Мұқан.

— Жерлесімнің басында мұндай мін бар екенін білемін,— деді Әділбек.

— Ендеше, жаңағы сезіне жол болсын! Жерлесіңе жаның ашыған түрін бе?— деді Мұқан Әділбектің бетіне таңданғандай пішінмен қарап.

— Кей адам жолдастарының қадірін бірге жүргенде білмейді де, сол достарынан оқшауланып, сыртта қалып жалғызырағанда есі кіріп, өзінің қателігін анығырақ үғынбақ, жасаған ағаттығына өкінбек,— деді Әділбек.

— Бұл сезін, әрине, дұрыс,— деді Мұқан күптап.— Бірақ Асан Керимов, менің байқауымша, бұл категорияға жатпайтын жігіт. Ол — эгоист. Эгоистер шуақытта өз терістігін қысық деп үқпайды, басқаны жазғырғыш келеді. Сондықтан оларды еркіне жібермей, керісінше, көпшіліктің ырқына көнуге мәжбур ету керек. Мұның аты — перевоспитание! Біз Асанға дәл осындағы әдіс қолдандық. Оны шырық бүздың деп, мұлде мансұқтап, ортамыздан күып жіберген болсақ (бұл, әрине, оп-онай нәрсе), немесе, басқа группаға аудысамын дегеніне ішімізден қуанып, «кетсе, кетсін пәлекет» деп, артынан

топырак шашып қалсак, не үтар едік? Қеримов те, біз де тек ұтылар едік. Жасқандырды, жендім деп, күмпүй Керимов кетер еді. Мұндай жағдай оның бойындағы эгоизм дертінің өршүіне мүмкіндік беріп, мұның ақыры, егер асқына берсе, кеше қасымызда бірге жүрген жолдасымызды бір аранға ұрындыраң еді. Біз, әрине, Асан Қеримовке ондай сәгсіздік тілемейім. Бұл — бір мәселе. Екіншіден, өз терістігін түсінбеген, өз жөнін ғана дұрыс деген адаммен салғыласып айттысудың керегі жок. Ол бәрібір айтқаныңды ұқпайды. Сондыктан сөзді келте кайырып, өзінің дұрыстығынды ісіңмен, әрекеттіңмен көрсетуге жедел кіріскен мағұл. Бұл мәселе де солқылтқык жасау, көңіл жыртпайын деп жұмысару — осалдың белгісі. Бұл — шегінгенің, яғни, өзінің жеңілгенін. Бұдан гөрі анығырақ айтсақ, мұның озі — азаматтық атына дақ түсіру. Ал сен дырдай жігітсің, қеуденде намысың бар. Жоқ, дастым, намысты аяқасты етуге болмайды! «Ерді намыс әлтіреді, қоянды — камыс...»

Мұқан өз сөзіне өзі сүйсінгендей болып, жұмысқоңыр үнмен күлді. Әділбектің ынталанып тыңдалып отырғанын байқап, сөзін жалғай түсті. Енді өзі оқыған тәріхін кітаптан, XV ғасырда жасаган сүгілі бір шығыс философы өмірінен мысал келтіріп, езімшіл адамдардың мінез-құлқы туралы сол ғұламаның айтқанын жаңағы пікіріне кисынды қабыстырыды.

— Өзімшілдер қакында бұрынғы даналар да осылай депті-ау! Демек, Асанның теріс қылышының төркінің біз дұрыс танығанбыз! Қисықты түзеу үшін колданған шаралымыз да әбден тұра. Жерлесіннің жөнсіздігіне сенің де бетің дуылдап жүргенін сеземін, амалың қайсы, шыдайсың да. «Өз қолынды өзің кесе алмайсын» дегеч мәтел осындай шарасызықтан туған.

— Мұның рас,— деді Әділбек.

— Асанның өз қателігін түсінбей жүргеніне мен де қынжыламын,— деді Мұқан.— Жасаған жолсыздығына, бір жағынан, қатты ренжісем де, ол содыр өзіміздің тарих факультетінің студенті болғандықтан, екінші жағынан, өте намыстанамын да. Асанмен арада туған келісімсіз жайға, шынымды айтсам, өзім де кінәлі сияқташып, біргүрлі ынғайсыздынып та жүрмін. Жаттың жаласы емес, жақынның — өз қасында жүрген адамның күйдіргені жаңынча қатты бағады екен...

Әділбек осы әңгіме үстінде Мұқаның адамшылық

сипатының сұлу бір қырларын таныған еді. Мұқан — тік мінезді болса да, жолдастың терістігіне, оның қисық тартып, өз қатесін түсінбегеніне жаңы ауырып, күйзелे де билетін, көnlі бұлақ суындаған, мәлдір, сезімі нәзік жігіт екейін жақсырақ ұfa түсіп, Мұқанның адамгершілік келбетіне ішинен өте сүйсінген-ди.

Институтта оқып жүрген жылдарында, осы Асан хикаясында, Мұқанды қатты күйіндірген және екі оқиға болған. Студенттердің құрылымы отрядында бірге жұмыс істеген күндерде бірін-бірі жақын танып, жақсы көрген екі жігіт — Әділбек пен Мұқан кейін ажырамас дос болып, екеуі ағайынды адамдардай бол кеткен еді. Қебінесе бірге жүреді, бірін-бірі сыр бүкпейді, бірін-бірі ақылшы тұтады.

Бір жолы Мұқан Әділбек тұратын жатақхана бөлмесіне өні алау-далау бол, ашууланып келді. Төрт кісілік бөлмеде үш студент — біреуі Әділбек, емтихан сабағына әзірленіп отырған еді. (Жазғы сынақ сессиясы уақыты болатын). Әділбек досының кабарып куреніткен кескінін бірден байқап: «Өнің бұзылып кетіпті ғой, жайшылық па?» — деп сұрады абыржып.

— Жок, жайшылық емес,— деді Мұқан.

— Не болды?

— Оқытушымен керісіп қалдым.

— Қандай оқытушы?

— Өзімізге ерте дүние тарихынан сабақ беретін мұғаліммен.

— Не үшін?

— Мұны мына жігіттердің көзінше айтпаймын.

Әділбектің қасындағы екі студент Мұқанның сезінен ынғайсызданып қалды.

— Біз өсек тасымаймыз.

— Бізді бөтенге санасан, сыртқа шығып кетуімізге болады,— деп, екеуі орындықтарын қозғап, орындарын тұра беріп еді.

— Айып етпендер, жігіттер, отыра беріндер, өзім шығайын тыска,— деп Әділбек олардан кешірім өтініп, Мұқанның соңынан еріп, сыртқа шыкты.

Екеуі жатақхананың сыртына қарай жүрді.

— Иә, айтшы, кәні, оқытушыңмен неғып ұстасып жүрсін, мұның дұрыс емес кой,— деді Әділбек Мұқанды кінәлағандай болып.

— Қалай болғанын сен әуелі тында, төрелігінді сосын айт,— деді Мұқан.

Ол бойын кернеген ашуы әлі тарқамаса да, сабырлы сейлеуге тырысты. Шатак мынадан шығыпты. Ерте дүние тарихы пәнінен Мұқандарға оку жылы басынан бері дәріс жүргізіп келген профессор сырқаттанып ауруханаға түсіп, дәрігерлер науқастың дерті үзақ жатып емделуді тілейтін ауыр сырқат екенін анықтаған соң, профессордың бастаған лекциялық курсын жалғастырып, пәннін қалған тарауларын аяқтап шығу үшін факультетке сұрттан оқытушы шақырылған болатын. Әділбек мұны билетін, Мұқаннан естіген. Бейтаныс оқытушы алғашқы сабағын еткізуге бірінші рет келген күні, аудиторияға кіргенде, өзін студенттерге қалай таныстырғанын Мұқан қызық әңгіме етіп айтқан. Профессордың сабағын басқа адам жүргізетінін деканаттан алдын-ала білген студенттер, қонырау соғылысымен аудиторияға асырып кіріп, бейтаныс кісінің келуін тұнышталып күтіп отырады. Бір кезде есік ақырын ашылады. Аласа бойлы, толық денелі, колына үлкен кара портфель ұстаған, жасы қырықтар шамасындағы адам денесін шалқақтау үстап, ағын маңғаз басып, алға карай өтеді. Мінбеге көтеріледі. Қысқа мойнын созып, студенттерге жағалай қарайды. Күлімсірейді. Сонан соң: «Сендер Манғыстау өлкесінің көне ескерткіштері туралы жақында Қазақ ССР Ғылым Академиясының вестникінде жарияланған мақаланы оқыдындар ма, авторын жадтарына сақтадындар ма?» — деп сауал береді. Бір студент: «Мен оқыдым» деп макала авторының аты-жөнін айтады. «Сол кісі — мен боламын», — дейді келген адам. Өзін таныстырады. «Академияның тарих институтында қызмет істеймін. Ғылым кандидатымын. Ерте дүние тарихын зерттеумен шұғылданамын. Қөп жылдаң бері монография жазып жүрмін, аманышылық болса, осы бесжылдықта тамамдайым деген ойым бар. Сендерге почасовик ретінде, былайша айтканда, жүргізген сабакымның сағат санына жалакы алып, уақытша дәріс беремін. Ал енді сендердің де аты-жөндерінді білейін. Бірінші катарда, терезе жақта отырған, көк көйлекті бала, сенің есімін кім?..»

— Ол әркайсымызды, үстіміздегі киіміздің түсіне қарап атап, аты-жөнімізді осылай түгел сұрап шыкты. Өзі бір қызық адам екен,— деп Мұқан оның сөзіне студенттердің танырқағанын, үзіліс кезінде құрбылары біріне-бірі: «әй, көк көйлекті бала», «ей, ак күрткелі

«қыз» деп сөзледеп, оны сыртынан кекеткендерін Әділбекке күліп отырып әңгімелеген еді.

— Бұл кісінің және бір өзгешелігі — лекция оқығанда қағазынан көзін айырмай, төмен тұқырып алып, конспектін судыратып, тоқтамай оки береді екен, алдындағы студенттерге басын көтеріп бір қарамайды екен. Олар тыңдалғанда отыр ма, жоқ па,— онда шаруасы болмайды екен. Бір әуеммен оқыған сылбыр лекциясы студенттерді жаһалықтырып жіберді, онын сабағынан өзім өте шаршап шыктым,— деп, Мұқан жаңа оқытушының дәрісіне көңілі толмағанын да білдіріп еді.

«Сен шәқірт екенінді үмытпа, мұғалімінді сынағаның үят болар», — деп Әділбек ескерту жасағанда, Мұқан: «Ұстаздарымның бәрін де кадір тұтам, ол кісіні де, әрине, сыйлауға, күрметтеуге тиістімін, мені ши шығарады деп қауіптенбе», — деген-ді күліп.

Енді, міне, сол оқытушымен айтысып қалыпты және емтихан үстінде айтысыпты. Бүгін ерте дүние тарихынан емтихан болған екен, Мұқан алдынғы кезекте кіріп, емтихан билетін бірінші бол алады. Оған билеттегі сұрақтар киын секілді көрінбейді (әрине, білген соң солай рой), жәнді бөгелмestен сөйлер сөзінің кішкентай жоспарын ғана қағазға түртіп алып, жауап беруге шығады. Бірінші сауал — Македония патшасы Александрдың Шығыс елдерін жаулап алуды жайында болатын. Мұқан көне тарих сөзін Александрдың таққа отырған кезінеч козғап, айта бастайды. Бойына біткен айрықша батырлық кайратымен аз уақыт ішінде «ұлы» деген данққа не болған Македония жас патшасының біздің әрамыздан үш жұз отыз бір жыл бүрүн парсылар мемлекетін талқандап, бүкіл Таяу Шығысты бағындырып, калын аскерімен Үнді жеріне де баса-көктеп кіргенін, сөйтіп, өзіне мағлұм жиһанның байтак аймағын кол астына қаратқанын жүйесімен сөйлейді. Сонау соң ежелгі Шығыс тарихына байланысты оқыған кітаптарынан бір деректер келтіріп, Александр Македонскийдің жеке басының сипатына тоқтатмақ болады. Александр патшаның таққа отырған алғашкы кезінде Шығыс ханзадаларынша сән-салтанат құруға қызықпағаны, олардың ғұрпышы ұнагпағаны, ал кейін Шығыс сұлтандарының салтына еліктең, соларша сән түзегені, соларша етегін шұбалтып шапан кигені, соларша катал әмір жүргізгені қақында көне грек тарихшыларының айтқандарын есіне түсіреді. Шығыс әміршілерінің адамлы тергеусіз, сөтсyz

өлімге бұйырып жіберетін қаталдығы Александрға сонша жән көрінгендігі, аң аулауға шыққанда қасындағы бескадаларының біріне, қабанды ол садақпен бұдан бұрын атып қалғаны үшін, оған құйрығын жалаңаштап дүре соктырғаны, бір кезде өзімен бірге оқыған, кейін сарайында қызмет еткен грек философын, менен кемшилік тауып сынадын деп, өлім жазасына кескені, бұрын парсыларды жек көрген Македонский, өзін қорғайтын жасақты кейін солардан сайлап алғаны, қарсыласқан македондықтарды парсы жауынгерлері Македония патшасының әмірімен Евфрат өзеніне лактырғаны турасында шыншыл әңгіме шертетін шежіре кітап сөздері ойында тұрады.

Мұқан осыларды таратып айтпақ болып:

— Александр Македонский Шығысты женді, ал Шығыс Македония патшасын өз ынғайына бейімдеп алды, яғни оны женді. Азия дәстүріне қызығып еліктеген Александр патша, осылайша. Шығыстың қатал билеп төстеуішіне айналады,— дей берген екен.

— Токта, шырак,— дейді оқытушы оның сөзін бөліп.— Македонскийді Шығыс өз ынғайына бейімдеді, қаталдықты ол Азия дәстүрінен үйрәнді дегенді сен қайdan тауып айтып отырысын?

— Кітаптан оқыдым,— дейді Мұқан.

— Қоңе Шығыс тарихынә қатысты орыс, қазақ тілдерінде шыққан кітаптардың бәрі де маған таныс, бір де біреуін жібермей оқып отырамын, оларда мұндай пікір жоқ. Мұндай пікір мүлде теріс,— дейді оқытушы.— Өзің ку жігіт екенсін, кітаптан оқыдым десем, мені бас шұлғи салады деп ойладын-ау, ә! — деп және кекетіп күледі.

— Ондай ойым жоқ, кітаптан оқығаным шын. Венгер тарихшысы Домокош Варганың орыс тілінде басылып шыққан кітабында Македонский туралы солай жазылған. Өзіңіз оқығанда, бұл жеріне, бәлкім, назар аудар-маған шығарсыз. Мениңше, автордың пікірі дұрыс,— дейді Мұқан.

Венгер тарихшысының кітабын оқытушы, сірә, оқымаған болу керек, студенттің сөзіне шамданып қалады.

— Ей, шырак, о кітапка әзға беретін сен емессін, шамандағы біл! — дейді катқыл үнмелі.

— Өз пікірімді айтқаным айшп емес шығар,— дейді Мұқан.

— Артық сөзді доғар! — дейді оқытушы сес көрсетіп. — Сен мұнда емтихан тапсыруға келдің бе, әлде менимнің айтыскалы келдің бе? Қәне, билеттегі келесі сұракка жауап бер!

Бірақ ол Мұқанның ендігі жауабын толық тында-  
май, ойын жүйелеп айтуына мүмкіндік бермей, қайта-  
қайта сөзін бөліп, қиғаш-қиғаш сұраулар қойып, қыс-  
палайды. Оның неге бұлай куалап отырғанын және  
мұның себебін Мұқан ішінен түсінеді де, шамасы кел-  
генше өзін сабырлы ұстап, абдырамай, жаңылмай сей-  
леуге тырысады. Эйтсе де бір-екі жерде оқытушы: «бұл  
жауабын толық емес» деп ескерту жасағанда, «өзінің  
көлденең сұрау беріп, толық айтқызбадының ғой» деп,  
қарсылық білдіріп қалады. Емтихан алушыға шәкірттің  
бұл сөзі де, әрине, ұнамайды.

— Емтиханға ойдағыдан әзірленбегенсін. Жауабын—  
орта. Бұл бағаның өзін, сенің бұрын оқу озаты бол қел-  
генінді ескеріп, көтеріп қойып отырмын,— дейді оқы-  
тушы Мұқанға жақтырмаған кабакпен қарап.

— Билеттегі сұрактарға да, косымша қойған сауал-  
дарыныңға да дұрыс жауап бердім, бұл бағаның әділ  
смес! — дейді Мұқан наразылық білдіріп.

— Салғыласпа! — дейді оқытушы.

— Кай сұрақтың қай жерін теріс айттым, нені біл-  
мей калдым, көрсетініз, қайта сұраныз, қайра тында-  
ныз,— дейді Мұқан.

— Салғыласпа дедім ғой, барыңыз, уақытымды ал-  
ма! — дейді оқытушы.

— Ендеше, кешірініз, деканатқа шағым етемін, менен  
емтиханды әділ қабылдаған жоқсыз,— дейді Мұқан.

— Қайда арыз етсен, онда арыз ет! Барыңыз, бары-  
ңыз өнді! — дейді оқытушы даусын қатайтып.

Мұқан амалы жок, шығып кетеді.

Оқытушымен екеуінің арасында болған осы қолай-  
сыз жайды Мұқан Әділбекке қүйініп айтты.

— Сөзімді жақтырмай тыңдал, ілгешек сұраулар  
беріп, емтиханнан әдейі сүріндірмек болды. Жөн бе  
онысы? Педагогке лайық қылық па? Әділетсіздік жаса-  
ғанын деканға барып айттым, емтиханды комиссия ал-  
дында кайтадан тапсыруыма рұқсат етуін сұрап арыз  
бердім,— деді.

— Асығыстық жасаған екенсін, оқытушының үстінен  
шәкірттің арыз жазғаны ынғайсыз нәрсе ғой, басқаша  
жолын табуға болмады ма? — деді Әділбек.

— «Орта» қойғанына өкпелеп, бағаға бола арыз бергем жок,— деді Мұқан.— Қатесін көрсеткенімे на-мыстынып, әдейі қиянат істегеніне күйіндім. Жазғашын — домалак арыз емес, шындық. Мұны қай жерге барсам да, дәлледей аламын. Егер әңгімені түptен қозгау керек болса, өз пікірімді бүкпей айтамын. Профессордың орнына ежелгі тарихтан дәріс беруге келген бұл оқытушының білімі тайыздығын біздер бірінші күні-ақ байқағанбыз. Теренге бара алмай, күр көпіршігөн бос сөзбен ананы-мынаны айтып, жоқтан өзгені сейлеген. Өзі көне тарихты зерттеуші бола тұра, осы мамандығына байланысты жаңа шыққан кітаптарды қадағалап оқымайды еken, студенттер мұны да аңғарып қалған. Ғылым кандидаты дөген дардай атағы болғанмен, уақыт талабынан артта қалып қойған, күр атағына күмпніп жүрген адам еken. Осындай кісіні жоғары оку орны студенттеріне лекция оқуға факультет басшылары қалай шакырған? Соған таным бар.

— Білімінің осалдығын ол өзі сезбей ме еken, қалай ойлайсын?— деп сұрады Әділбек.

— Сеэбеуі мүмкін емес,— деді Мұқан.— Бірақ бізді, студенттерді, залдына не шашсам да тары деп шоқи беретін соқыр тауыққа санайтын болу керек. Ал, студенттер дегеніміз; ол ойлағандай, надан халық емес. Өз пікіріміз бар, тандай да, талғай да білеміз. Кажет болса, үлкендерге кенес те бере аламыз. Студент — шәкірт болғанмен, бәліғиға толмаған бала емес, ақыл-ойы же-тілген азамат, қоғамның саналы мүшесі. Сондықтан академиктің өзі де студентті дәрежен төмен деп кемітпей, оған ен алдымен азамат деп қарап, сыйлауға тиісті. Профессордың орнына келіг сабак жүргізген оқытушының әсіресе кекетіп-кеміткені жаныма қатты батып кетті. Мен бұл адамнан ёшқандай әділдік күтпеймін. Арызымда осылай деп ашық жаздым.

Мұқан деканаттың шешімі бойынша ежелгі тарихтан Емтиханды комиссия алдында кайтадан тапсырғанда, сұраптардың бәрінде мұдірмей жауап беріп, материалды жаксы билетіндігін, - өзінің дұрыстығын шынында да жалделеп шығып еді. Емтиханға ерте дүниғе тарихы кафедрасының меншерушісі де қатысып отырған-ды. Мұқанның жаузбына риза болып: «Саған расында да қиянат жасалған екен»,— деген.

Мұқанды күйіндірген екінші оқиға ол институттың соғы жылында оқып жүргендеге болған еді. Мұқан өзі-

мен бір курста оқитын Гүлзия дейтін кызды (казіргі әйел) сүйетін, екеуі жаңа жылдың басында қосылу тойын жасаймыз деп уәде байласып, осы жаңалықтарын үйлеріне хабарлағанда, Мұқанның ата-анасы оның Гүлзияға үйленуіне карсы болды. Әке-шешесі аудан орталығында тұратын, Гүлзияны олар көрмеген, бірақ бүкіл жағдайын сыртынан білетін. Мұқан өткен жазғы каникулда үйде болғанда, әкесі одан сыр тартып: «Биыл институтты тағамдайсың ғой, үйлену туралы не ойын бар?» деп сұрағанда, ер жеткен жігіт шынын жасырыған, сүйген қалындығы бар екендігін, өзімен бірге оқи-тындығын, әке-шешесі ертерек қайтыс бол, аға-жөнгөсінің қолында тәрбиеленгендігін, бірақ жаксы семьялда өскендігін, ақылды, инабатты адам екендігін, айта отырып, Гүлзияның тек албырт жастықтың әсерінен өмірінде бір ғана өкінішті қате жасап алғандығын — бүрши бір рет сәтсіз тұрмыска шыққан әйел екендігін ата-ана-сынан бүкпеген. Жаксы адам болады деп сеніп жүрген ұлының тандаган қалындығы — бесік көрген қызы емес, есік көрген әйел екенін естігенде, әке-шешесі естерінен тана жақдады, тілдері байланып қалғандай болып, әуді сұлық отырып қалды. Бір кезде шешесі: «Қарағыз ау, не дедің? Айтып отырғаның рас па?» — деп, баласына өні бұзыла қарап, даусы дірілдеп, қайталаپ сұрады. «Бәрі де шын, мама», — деді Мұқан, шешесін гяп, ақырын ғана. Осы мезетте әкесі Мұқанның бетіне әуе жүзбен түйіліп қарады. «Қалындығың ерден шындағы, бір байдан ажырасқан әйел болғанына мактанның тұрмысын, мұндар!» — деді ызғарланып. Мұқан әке-шешесінің орынсыз күйінбеуін, өздері әлі көрметен, таны паяған қалындықты сыртынан сөкпеуін өтініп, Гүлзияны бұлар ойлағандай, қадірсіз кісі емес, құрбылар жағында ортасында сыйлы, адамгершілігі жоғары, жаңы таза адам екендігін ұғындырмақ болып еді, әкесі енді оның сезін тыңдамады, ашуға басып кетті, ұлына ауыр-ауыр сөздер айтты. «Егер осы әйелге үйленсен, қаранды көрмеймін, маңымнан баспайсын!» — деп қатты омырылды.

Баласына ызаланған әке осыдан кейін Мұқанмен бірнеше қүнге дейін сөйлеспеді, дастарқан басында да түсін жылтыпай, өзін сұық ұстады. Ал анасы бұлай қатал келмеді, ұлымен онаша сөйлесіп, оның ерден шыққан, бағы жанбаған әйелге үйленемін деуі үлкен қателік болатындығын, мұның артында куаныш емес, ауыр азап барын, кейін қасірет шегетінін — осының

Бәрін баласы албырттықпен байқамай отыргандығын сабырмен айтып, ақылмен ұқтыруға тырысты. Жаңы ауырлып, қиналып сөйлемен анасына Мұқан дә ашумен қарсыласпай, бұлардың Гүлзия туралы кезкарасы әділ еместігін еспен түсіндіріп айтып қөрді, бірақ шешесінің пікірін өзгерте алмады. Соңан соң мәселені ушықтыруды қаламай, әке-шешесімен ерекіспей, қалындығы жайында енді үндемеді. Анасы мұны өзінше түсініп, балам қатесін үғынды деп ойлады. Осы ойын отағасының да қуанып айтқан болу керек, Мұқан каникулы бітіп, қалаға жүретін күні әкесі ұлымен жылы сөйлесіп, институтты қақсы тамамдап шығуна ізгі тілек білдірді. Сөзінің сонында: «Шырағым, ақылсыздық істеп алма, ата-анаңды жерге қаратып жүрмө», — деп жұмсақ үнмен ескертті.

Оның иені мензеп айтканын Мұқан ішінен түсініп, әкесінің бетіне салмақты жүзбен қаралды. «Пікіріңізден әлі қайтпағанбысыз? Мені тісі шықпаған жас балаға санамасаңызшы» дегісі келді де. бірақ үйден аттанарда ата-анаңын ренжітіп кетпейін деп, үндеген жәз. Калаға барған соң асықпай хат жазып, Гүлзия жөнінде қателеспегенін сонда тағы да түсіндіріп айтартмын деген ойы болды.

Бірақ қаладан жолдаған алғашқы хатында бұл әнгімені қайтадан қалай қозғаудын ретін таппай, қалындығы жөнінде ата-анаңына бір ауыз сез жазбады, өзінің амандығын ғана білдірді: жол бейнетін көрмей қалаға жақсы жеткенін, жатақханаға жайлы орналасқанын, окуларына кіріспін кеткенін хабарлады.

Ол үйіне жолдаған кейінгі хайтарында да Гүлзия туралы тіс жармады. Әке-шешесі де өздерінің хаттарыннан дә бұл қақында одан ештеме сұрамады. Мұқанның Гүлзия жөнінде үндемей қалғанын олар өздерінше жорып, баламыз біздің айтқанымыздың дүрыс екенін үкты. Өзінің жаңылғанын түсінді деп, көнілдері еп-әдемі орныға бастаған.

Ал Мұқан өзінің қалындығына олардың көзкарасы кандай екенін білген соң, ата-анаңына әнгіменің байлауын — Гүлзияға үйленетіндігін, өздерінің косылу тоғы қарсанында, не де болса, бір-ақ айтуды мәкүл көрген-ди.

Сол уақыт таянғанда, Мұқан өзінің шешімін үліне хат арқылы хабарлаған еді. Жаңа жылдың басында Гүлзия екеуміздің үйлену тоғымыз болады деп, оның

жазған хатын алғанда, әке-шешесі қатты бүлінді. Бірақ ашууларының себебін ағайын-туystарына білдірмейде тырысып, биыл институт бітіретін ақылды деген ұлдын ерден шыккан әйелге үйленгелі жатканын жүртқа жария етуге нарыстанды. Декабрь айының орта кезі болатын. Жаңа жылға дейін әлі он бес шақты күн бар. Ата-анасы Мұқанды ортаға алып отырып сөйлесіп, оған екі жақтан қысым жасап, райондан қайтарып, жөнге салмақшы бол, дереу қалаға жүріп кетті. Мұқанға хабар бермеді.

Олар қалаға самолетпен түнде келіп түсті. Аэропорт басынан таксиге отырып, қолдарындағы адрес бойынша студенттер жатақханасына тұра барып, Мұқанды тез тауып алды. Үйден шыққандарын не телефон соғып хабарламай, не телеграмма бермей, олардың бұлай шұғыл келуі — қуанғандық белгісі емес екендігін Мұқан ата-анасының салқын қабағынан андады.

Әке-шешесі онымен сыртта онаша жерде отырып сөйлесті. Әуелі біраз ұрып алды.

— Біз сені қатесін ұғынды, жөнін тұзеді деп сеніп жүрсек, жетене ештеңе қонбаған екен әлі! Анау байдан шыққан қатын басынды мүлде дуалап тастаған ба? Бұрынғы еріне опалы болмаған әйел, саған опа бере мә?— деп әкесі тым каттылау кеткенде:

— Өзіме канша ұрыссаныз да, қалай ұрыссаныз да мейлініз, бірақ Гүлзияға тіл титізбеніз, оның жаңы таза, сіз ойлағандай емес,— деді Мұқан.

— Айтып отырган сөзін қарашы! Ол әйелді алған соң, мүмкін ертең алдына отырғызып, аяғын жуарсың!— деп кекетті әкесі.

— Әке, сіз артықтау сөйлеп барасың!— деді Мұқан.

— Экен күйініп айтып отырғызып, карсыласпа,— деді шешесі оған.— Сен де сабыр сакта,— деді отағасысына да. Соңан соң ұлына қайта бұрылышп, ақыл айтып, ақырын дауыспен сөйледі.— Карагым, бұрын да түсін-дірдім ғой, тағы да түсініндірейін. Гүлзия — бізың бір рет күйген әйел. Өмірдің ашы уын ішкен атамын спурғуы да, қайтадан қуачуы да киын.

— Мен соңғы хатындағы сөздерімді обзет, ойнағын болған соң жазғанмын. Байлаудың біреу — ганағаным Гүлзия, соған үйленемін,— деді Мұқан әке-шешесінің бұрынғы көзқарасы өзгермегенін көрген соң, ез и. үтімін енді осылай тұра-айтқанды макұл көріп.

Ата-анасы не деуге білмей, дал болшы отырып кал-

лы. Ұрсып та, ақыл айтып та, жалынып та Мұқандың өздерінің ырқына қондіруге әлдері келмейтінін түсінді. Енді не етпек керек?

Ертеңіне олар Мұқанның ең жақын досым деп, ылғи мақтап отыратын жолдасы Әділбекті іздең тауып алып, одан көмек сұрады: құрбынмен сөйлесіп көр, сенің тілінде алар, категін ұғындыр, ықпал ет деп өтінді. Әділбек Мұқанның әке-шешесін бұрын көрмегенмән, олардың қайда тұратынын, қандай қызмет атқаратынын (әкесі — аудандық оқу бөлімінің менгерушісі, шешесі — орта мектептің мұғалімі бол істейтінін), жоғары дәрежелі білімді, мәдениетті адамдар екенін досының айтуынан білетүғын. Мұқаннның Гүлзияға үйленемін деуіне байланысты соңғы уақытта Мұқан мен ата-анасының арасында түсінбестік хал туып, осы жағдайға жолдасының ете күйзеліп жүргенін де сезетүғын. «Ата-анам Гүлзияға үйленуіме қарсы. Оң қарап түрлері жок», — деп Мұқан ренжіп айткан. «Дауылдың өрекпіп барып басылатыны сняқты, ашу да буы бұрқырап барып тынады, бәрі қалпына түседі, тек өзің солқылдамасаң болғаны», — деп Әділбек ақыл берген. Гүлзия ерден шықкан әйел болғандықтан, Мұқаннның Гүлзияға үйленуіне ата-анасының қарсы болуын ол зандағы құбылыс деп есептеген, сондықтан бұз кісілерді жазғыруға болмайды деген. «Бәрібір сендерден безбейді, ашулары бірте-бірте қайтады, бәрі де сабасына түседі. Көрерсің ертең, келінің көре алмаса тұра алмайтын болады әлі», — деп, сенімді түрде айтқаны бар еді.

Ол осылай болар деп үміттенген. Енді қазір Мұқаннның әке-шешесіндей, оқығаны да, өмірден көргені де көп, саналы кісілердің өз жөндерін ғана түзу санап, есейген ұлды өздерінің ырқына құшпен қөндірмек бол, егер қөнбесе, оны енді қайтып көрместей бол, біржола беземіз деп, әрі қокан-лоқы жасап, әрі шарт қойып сөйлегеніне Әділбек танырқанып қалды.

— Сіздер Гүлзиямен ешқашан сөйлесіп көрген жок-сыздар, түрін де танымайсыздар, оны баламыздың теңі смес деп қалайша айтасыздар? — деп сылайылап сұрау беріл еді.

— Оның онған әйел емес екеніне бір байдан шыққан деген жаман атағының өзі-ақ айғақ емес пе, шырағым? — деді Мұқаннның әкесі.

— Сіздер, әрине, солай ойлайсыңдар гой, — деді Әділбек дау айтпай. «Бұлай ойламауларыныз мүмкін

де емес», — деді ішінен. Гүлзияның бұрын бір рет тұрмысқа шығып, бағы күйген әйел екенін Мұқанның өз аузынан алғаш естігенде, Гүлзия туралы өзінің басына да дәл осындай теріс ой келгені есіне түсті.

Бұл бұдан екі жыл бұрын болған жағдай еді. Бір күні Мұқан өзімен бірге оқитын Гүлзия есімді студентканы әте ұнататындығын, өзіне қыздың көnlі де бөтөн емес екендігін сырғып айтқан.

— Ес-акылым мұлде ауды осы қызға. Құндіз де, түнде де, жатсам да, тұрсам да бейнесі көз алдыннан бір кетпейді, — деген өзеурей түсіп.

— Шығыс ақындары жырлаған Мәжнүнше лапылдамай тұра тұр! — деп Әділбек досына құліп әзілдеген. — Ұнатқан бикешінді сен әуелі бізге көрсет, біз сыйнайық. Егер сұлулығы бізді талдырып түсірсе, ол арудың шынында да нағыз Ләйлі болғаны. Жұлдызың оқыннан туған екен деп құттықтаймыз өзінділ Ал, сыйнамызға толмаса, онда кешірерсің, сыққатап өлең шығарамыз, намыстанбайсың ғой?

— Намыстанбаймын!..

Келесі күні Мұқан сүйген қызын жолдасына таныстырыды. Гүлзия орта бойлы, жұқа өнді, акқұбаша қыз екен. Әділбек колын беріп амандасып, алғашқы танысудың рәсімімен өзінің атын, фамилиясын атағанда, Гүлзия сәл жымып, ернін ақырын ғана қыбырлатып, ол да өзінің есімін айтты.

— Күн жып-жылы ғой, колыңыз неге тоңып қалған? — деп әзілдеді Әділбек.

Гүлзия тағы да сәл ғана жымиды, үндемеді, төмен қарады. Әділбек осы мезетте қыздың екі бетінің ұшылып етіп қызара қалғанын байқады. «Ұялшак екен» деп ойлады. Мұның сөзте тиек болсын деп әдейі айтқан әзілін тағдырының ақауы бар Гүлзия басқаша түсінгенін ақ көңіл Әділбек мұлде сезген жок.

— Күрбым, сіз менен қысылманыз, — деді ол куле сөйлеп, — мынау Мұқаннан менін жасым үлкен емес, бұл екеуміз жастымыз. Мұқанмен күрдас болғаннан кейін, сізben де күрдас боламыз. Құрдастар бір-біріне қандай қалжын айтса да жарасады. Сондықтан өзінізді еркін ұстап, батылышқа сөйлеуінізді өтінемін.

Әділбек Гүлзияның оң жағына шығып, Мұқан екеуі оны орталарына алып жүрді, кісісі аз тыныш аллеяның бойымен аяктарын ақырын ғана басып келе жатты. Әділбек Гүлзияны сөзге тартып, біресе әзіл тастайды,

Сіреке ойназқы сауал береді. Гүлзия мұнын өзіліне жымып қана құледі, өзі ештеме демейді, ал жігітің қойған сұрағына бір ауыз сөзбен ғана жауап кайырады. Бірінші рет көріскенде адам бірден ашылып сөйлей коймай, тартыныңқырайды ғой, Гүлзия да солай адеп сактап келе жатқан болар деп ойлады Әділбек.

Бірақ кейінгі талай кездесулерде, кинотеатрларға бірге барған, ойын-тойларда бірге болған, серуенге бірге шықкан талай көңілді бас қосуларда Гүлзияның мінезі осы қалпынан бір өзгергенін Әділбек көрmedі. Құрбылары бірдемеге мәз болып, сакылдан қатты құлғанды, Гүлзия құр ғана жымияды. Жастар шұылдаپ, өзілдесін немесе бір мәселе төнірегінде қызының тайтын, шікір таластырып жатқанда, Гүлзия оларға жай қызықтап қана қарап отырады. Құрбыларының біреуі қасына келіп: «Сенің пікірің қандай?» — деп сұраса ғана, өзінін ойын айтады. Сөзі орныкты, пікірі байсалды шығалы. Қандай қуанышты жиында болмасын, қандай көңілді топтың ортасында отырмасын, қызыққа елікпей, әдуга қызбай, өзін үнемі бірқалыпты салмакты ұсташа үшін адамға біраз күш керек болар. Гүлзияның сабырлы мінезін Әділбек жоғары бағалады. Оның байкауынша мінезі салмакты кісілердің пішіні басқаның көзіне салықтау секілді көрінетін еді. Гүлзия оларға ұқсамайды. Мұнын ажарында адамды өзіне тартып тұратын біртүрлі жылтылыш бар. Кісіге қарғаны да жұмсақ. Мұнай әй сүйкімді хасиет нәзік сезімді адзат жаңға ғана ғол болса керек Әділбек Мұқандай жаксы досына осындағы асыл жар жолыққаның қуанган.

Бірақ бір жайға ішінен танырқаған болатын, Гүлзияның кабағында бір мұндың ізі бар снякты. Қасының асты көленке түсken секілденіп тұрады. Жымып құлғен кезінде ғана сол көленке өшіп кетеді де, бірақ сәлден кейін қайта көрінеді. Биік аспанда түбіттей үлбіреп жылжып бара жаткан селдір акша бүлттан жерге бір жұка көленке түседі ғой, құдды соған ұқсайды. Осы көленкеде қандай сыр бар? Гүлзияның денсаулығы кем бе, бір жері ауыр... Әлде, басында бір қайғысы бар ма?

Әділбек өзі үға алмаған осы жұмбактың сырын бір күні досынан онашада сұраға-ла, Мұқан төмен қарап, біраға дейін тым-тырыс отырып қалды.

— Неге үндемейсін, сұрағым көnlінде келді ме? — деді Әділбек оның томсарған кескініне толқып қарап.

— Сұрағыңың оғаштыры жок,— деді Мұқан. Тағы да сәл бөгелді. Соңан соң басын жоғары көтермей отырып, ақырын сөйлемді.— Гүлзияның басычла сиын жүргегін ылғы сыйздатып ауыртып тұратын бір қайғысы бар екені рас. Ерте ме, кеш пе, мұны бәрібір естітін ең, саған айтпаға қакым жок, шындық мынадан...

Мұқан Гүлзияның он жеті жасында өмірдін кермек уын байқамай татып калып, бір рет катты қателесіп, тағдырдан опық жегенін — оның қыз емес, әрден шықкан әйел екенін досынан жасыра алмады.

— Япырау, мынау мен күтпеген оқыс нәрсе болды. Гүлзияны періште көріп жүрсем...— деп, Әділбек қайран калып, басын шайқай берген.

«Сызылған қылышының бәрі жасанды екен-ау! Өмірінде ақау барын жасыру үшін жұрт алдында өтірік майысады екен ғой! Шығыс ертегілерінде айтылатын еді: әйелдің айласы қырық есек пен бір кашырга жұқ болған деп. Мұқандай ақылды жігіті тұзакқа түсіріп алғаны — бұл әйелдің сиқыры күшті болғаны»,— деп ойлады ішінен.

Бірақ Әділбек досын аяп, Гүлзия туралы артық сөз айтпады.

— Сен Гүлзияға тағдырының сиынқ екенін білмей ғашық болдың ба, әлде бәрін біле тұра сүйдің бе?— деп кана сұрау берді.

— Бәрін біле тұра сүйдім,— деді Мұқан.

— Жаза басқан жокпышың?

— Жаза басқам жок.

— Қателеспегеніңе көзің жете ме?

— Көзім жетеді. Гүлзияның жаны таза. Біздің бір-бірімізге деген сеніміміз адап.

— Сезімдеріңің пәктігіне шұбә келтірмеймін. Бірақ Гүлзия бір рет бақты күйіп, жаны жарапанған адам ғой. Бер жағынан күлгемен, ар жағынан күйзеліп, бұрынғы катесі есіне түсе беөр. Мұның ақыры кейін екеуінді де өкінішке апарып жүрмей ме? Осыны ойладың ба?

— Бәрін де ойладым. Гүлзия екеуміздің алдағы өміріміздің бетін көленке шалмасына кәміл сенемін. Адал маҳаббат адастырмайды...

Гүлзия ата-анасы ертерек қайтыс болғанмен, туған апа-жездесінің колында ешқандай кемшілік, тарыншылық көрмей, еркін өсken қыз еді. Оныншы кластада оқып жүрген жылы қыста, совхозға клуб мәнгерушісі бол

келген Сүлеймен деген әнші, домбыраши, сұлу жас жігіт оны клубтың ән-би үйірмесіне тартып, шыр дөнгелетіп жүріп, басын сикырлап: «сениң өнерге үлкен қабілетің бар, орта мектепті бітірген соң, Алматыдағы өнер институтына окуға тұс. Менің арманым да — сол институтқа тұсу. Екеуміз бірге аттанайық», — деп еліктіріп алады да, Гүлзия онжылдықты ойдағыдай аяқтаған соң оған: «Екеуміз қосылайық, жұп боп барсақ (және менің екі жылдық енбек стажым бар) институтқа бірінші көзекте алынамыз, жатақханадан бізге жеке бөлме беріледі. Ол жакта менің туыскандарым да бар, бізге көмектесіп тұрады, жағдайымыз өте жақсы болады!» — деп, жүргегін қыздың атаканына салып өзеуреді. Қызының сезінің бәрінен де иланады, жігітті сүйеді, бірақ тұрмыска шығуды ертерек көреді. Жігіт үздіге түседі. Ақыры қыз көнеді, апа-жездесінің алдынан өтіп, рұқсатын алайық дейді. «Апа-жезден тұрмыска шығуына қарсы болады, сосын сені окуға жібермей қояды. Сондықтан оларға сездірмейік», — дейді Сүлеймен. «Артынан бір-ақ білсін. Естігенде туласа да, бәрібір өз қолын өзі кесе алмайды. Кешірім жасайды, жылап келіп бетімізден сүйіп, күліп тұрып ақ батасын да береді!» — деп үгіттейді.

Сонымен екеуі уағда байлласады да, қыз түнде үйден үрланып шығып, жігіт оны кузовы жабық автоклуб машинасымен алып қашады. Сүлеймен қалыңдығын аудан орталығында тұратын нағашысының үйіне әкеліп түсіреді. Мұнда бұрылудының себебін қалыңдыққа жолда түсіндіреді: апа-жездене нағашымның өзі барып сөйлеседі, олармен үғысып, ризашылығын алғанша, осы кісінің үйінде бола тұрамыз дейді. Соңан соң келінді бұл арадан алпыс шакырым жердегі иен жайлауда — қалың ағаш арасында отырған ата-енесінің (жігіттің экесі орманшы болатын) қолына апарып түсірмек, той жасатпақ.

Жиенінің келін алып келеніне нағашысы куанбайды, екі жасты құттықтамайды. Оның әйелі де бөтен үйдін босағасын тұнғыш аттап отырған жас келінді құшактап бетінен сүймейді, қадамың құтты болсын деген ақ тілеу айтпайды. Екеуі де Сүлейменге жактырмазған кабақпен, ал келінге жатырқаған пішиімен салқын карайды. Бұлардың ұнатпаған түрін байқап, Гүлзия осында келгендіне катты қысылады. Сүлеймен сыр бермегенсіп, күліп сөйлеп: «Мен-зен болған түрлеріңе караганда, бұ..»

кеште бір жерде коңақта болып, екеуін де біраз сілтеп алғансыңдар-ау, нағашы! Алдарына ніліп келін кеп тұрғанда, тіпті орындарынан көтеріле алмай калдыңдар той. Ақан буынға түсіп кеткенде осылай болатұғын!» — деп калжындаиды. Эрі ұялып, әрі ынғайсызданып тұрған қалындығының құлағына: «Нағашымның қабағынан шошыма, оның түрі осында, кісіге қараған кезде кескіні ашулы сиякты көрінеді», — деп сыйырлайды.

Бірақ Гүлзия бір жағдайда анғарады: үй иелері коңақтан шаршап кайтқан, арак бойын алған кісілер секілді емес, жиендерінің келіншек алып келгенін оқыс көріп, ұнатпай тұрған адамдар сиякты. Мұнысы несі? Нағашысы жиенін оң жак бүйірдегі бөлмеге алып кіріп, біраз оңаша сөйлеседі. Кайтадан бері шыкканда, екеуінің де кескіндері келіспей, Сүлейменнің өні қашып, бозарып, нағашысының түсі қабарып, қүренітіп, тұрларі бұзылып көрінеді. Бірақ әйелдердің көзінше екеуі де тым-тырыс боп, үндемей қалады. Гүлзия әлдейден сезіктенеді, бірақ неге сезіктенгенін түсіне алмайды.

Үш күннен кейін бәрі аян болады. Інір кезі еді, сыртқы есікті біреу тарсылдатып қағады. Үй иесінің әйелі верандада шығып, есік ашады. Сырттан келген адамның есіктен кіре беріп, Сүлейменнің атын атап, ол онбаған осында тығылып, жатыр ма деп сұраған қатқыл даусы төргі үйде отырған Гүлзия мен Сүлейменге анық естілді. Ашулы дауыс. Әйелдің дауысы, Гүлзия шошып кетіп, Сүлейменнің бетіне үрпие қарайды. Сүлеймен қипакташ қалады. Сөйткенше болмай, оны сұраған әлгі әйел төргі үйге кіреді. Жас әйел екен, катты күйініп келген болу керең:

— Бұл қай қорлағаның сенің? Үмаждан лактыра салатын шүберек емеспін мен! Қөнбеймін мазағына! Қімді басынасын! Ашып қара көзінді! — деп Сүлейменге бірден дурсе коя береді.

— Жә, жә! Үйді басыңа көтеріп шанқылдама! Мына жүрттан ұялсаныш! — дейді Сүлеймен қызарактап.

— Ұяттан безген, нағыз арсыз сенсің! Қандай арам едің, оңбаған! — деп әйел ызага булығын, шыдай алмай, жылап жібереді. Басына тартқан орамалының ұшымен көзін сұртеді, үй иелеріне мұнын шаға күйініп сөйлейді. — Алдағаның сезебей, айтқанына нанып жүре беріппін, сорлы басым. Қызметке тұрған жерімде баспананың реті келмей жатыр, пәтер алсымен бәрінді көшіріп әкелем деп, бір жыл бойы дәмслендірді. Әдайі созбаққа

балың жүр скен, қызығын тұзден тауып, бізден безу үшін жасап жүрген арамдығы скен. Мені неге алдайды? Қартайған ата-анасын неге алдайды? Жазығымыз не? Арамызда кішкентай наресте бар, ол да бір жасқа то-лып қалды, ссы баласын неге ойламайды? Сәбидің кі-несі не? Нәрестенің көз жасы атын азғын әкен! Жолын болмасын, Сүлеймен!

Гүлзия Сүлейменнің үйлі баранды әкенін, әйелі мен баласы барын, мынау әйел өзінің сол заңды қүйеуін ізімен қуып кеп түрғанын енді біліп, бетін басып, үйден жылап жүгіріп шығады. Екі колымен бетін басып осы жылған қалпында караңғы көшемен төмен қарай жү-гіре береді. Бір мезгілде құлағының түбінен: «Гүлзия, қайда барасың, токташы!» — деген Сүлейменнің алқын-ған даусы естіледі. Гүлзия токтамайды. Сүлеймен оза беріп, оның алдына тұра қалып токтатады.

— Кешірші, сәулем! Тындашы, бір ауыз сөзімді! Ол әйелді сүймеймін мен, заң жүзінде айрылышам одан. Шын сүйемін сені! Сенін жолында құрбан боп кетуте әзірмін! Үкшы жанымды! — дейді жалынып.

«Аулақ кет! Естігім келмейді жиіркенішті сөзінді!» дейді Гүлзия жасты қөзімен оның бетіне тұра қарап. Сол секундта Сүлеймен оған жер бетіндегі ең жексүрүн адам болып көрінеді. Осында сүмпайының тұзағына қалай ілініп қалды әкен!

Аяғын жаза басты, онбай кателесті, гүлдей құлпыра-ған жас өміріне айықластай ақау түсті. Гүлзияның жа-ның ылғи ауыртып тұратын, көнілін төмен баса беретін мұнды жағдай осы болатын.

Әділбек Гүлзияның жан-дүниесінің тазалығын, оны жар етіп тандаған досының қателеспегендігін Мұқанның әке-шешесіне түсіндіруге тырысып, әрлі-берлі айтып кө-ріп еді, бірақ олардың пікірін өзгерте алмады. Олар Әділбектің сөзінін бетін байкаған соң, «шырағым, сен де теріс кеттің-ау, біз енді әйелдің өзіне жолығып сей-лесеміз, баламыздың өмірін улама деп ашық айтамыз»,— деп, кабактарын түйді.

— Жазығы жоқ адамга олай деу — қаталдық бола-лы. Гүлзияның жанын жәраламаңыздар,— деп өтінді Әтілбек.

Сәлжек кісілердің, ашудың жетегіне ере бермей. Сәбид тауып, ақылға тізгін беріп, жөнге көшуін тіледі.

Мұқанның ата-анасы райларынан қайтпады. «Гүл-

зиямен өзіміз сөйлесеміз. Жолықтыр оны бізге!» — деп талап етті Мұқаннан.

— Бұларыңыз кандай киянат?! Менің тағдырым ойынышық па сіздерге? — деп ашуланды Мұқан.

— Сенің тағдырынды ойлағандықтан осылай еткелі отырмыз. Ордың жиегіне барып қалғанынды, енді құлайтынынды көріп тұрып, қалайша көзімді жұмып, теріс айналып кетемін. Қолымды созып ұмтыламын, арашалап аламын, — деді әкесі!

— Араша тілейтіндей аран аузында тұрғам жоқ. Пікіріңізден қайтыңыз! — деді Мұқан.

— Ал, пікірімнен қайтпасамшы?

— Өзініз біліңіз... Мен бәрібір Гүлзияға үйленемін, оны шын сүйемін, біздің жолымызға ешкім кесе-көлденең тұра алмайды.

— Басқа айтарың жоқ па?

— Жоқ.

— Жетілген екенсін! Жөнел, жөнеле бер ендеше! Енді сені желкемнін шұқыры көрсін!

Ашуланған ата-ана ешкімнің басалқы айтқанын тындағы, сол күні самолетпен қайтадан ұшып кетті. Мұқан шығарып салуға аэропорт басына бірге барып еді, баласымен екеуі де тіс жарып сөйлеспеді, әкесі тіпті Мұқаның бетіне де қарамады.

Жаңа жыл қарсанында, белгілінген күні, Мұқан мен Гүлзияның қосылу тойы болды. Осы тойға Мұқаннның туған-туысқандары жағынан бір адам қатынаспады, үйінен тым болмаса, құттықтау телеграмма да келмеді. Мұқан бұл жайға, әрине, ішінен күйзелді, бірақ ең жақын жолдастарының бір де біреуіне, жары Гүлзияға да мұны мұн ғып шаққан жоқ.

Мұқан үйленгеннен кейін де, бір жылға дейін ата-анасы хабарласпады. Мұқан олардың жауап бермегеніне әкпелемей, өзі амандық білдіріп, бұрынғы әдетінше жиі хат жазып тұрды. Бұл уақыт ішінде жас семья өмірінде әжептәуір жаналық болған. Институтты тамамдап, диплом алғаннан кейін, Мұқан мен Гүлзия оку министрлігі берген жолдамамен Оңтүстік Қазақстан облысының мақта өсіретін, жаңадан құрылған совхозындағы орта мектепке келіп, мұғалімдік қызметке орналасқан еді. Совхоз бұларға жас маман деп, келген бойларында-ак екі бөлмелі жақсы пәтер берген. Үйлеріне жабдық алындар деп, несінеге акша да берді. Осындай жылы камкорлықтың арқасында жас отаудың керегесі тез көтеріл-

и. Тағы бір зор қуаныш — Мұқан мен Гүлзияның тұнғыш перзенті дүниеге келді. Немерелі болғаның естігеннен кейін Мұқанның әке-шешесі де бұрынғысынша шынадап жата алмады, сәбиге де, оның жас анасына да сыйлықтарын алғып, артынып-тартынып, бір күні жас шаудың алдына келіп түсті, баласын да, келінің де құшактап, беттерінен сүйді, анасының көзінен жас та шынғып кетті.

Қалаға келген бір жолында Мұқан Әділбек досына өмірінің осы соңғы жаңалығын қуанып айта отырып:

— Гүлзияға үйленуіме ата-анамның қарсы болғашын, мәні енді көрместей бол, тойымызға да қарамай тегкенін өзін де білесің гой. Әсіресе әкемнің: «Сені енді әлжекемнің шұқыры көрсін» деген сөзі жаңымды катты ауырткан. Бәрібір бізден беле алған жок. Ендеше, о басында-ак жаңымызға сызат түсірмесе қайтетін еді? Әкемнің әрі тәжірибелі кісі, әрі педагог бола тұра, сонда осыны ойламағанына әлі күнге дейін таңданамын,— деген еді.

— Бәрі орнына келген соң бұл әңгімені енді қозға ма, жадыннаң шыгар, ұмыт! Индивидуализмге бой ұрма!— деп күлгөн Әділбек.

— Қанша ойламайын десем де, кейде есіме еріксіз түсіп кете береді. Көніл деген — мәп-мөлдір нәрсе гой оған ешқандай сызат түспессе гой, шіркін!— деген Мұқан.

## X

Әділбек қалындығын әкелуге жүрерден бір ай бұрын Мұқанға: «Тізгінге ие болатын атқосшым да, бас құданың сөзіш ұстап баратын аксақал кісім де үзін боласын»,— деп ескертіп қойған еді. Қуиेудің қалындықтың ауылына аттанар уақыты таянғанда, Мұқан мен Гүлзия қалаға екі-үш күнді алға салып, ертерек келіп, үйленетін жігіттің қандай қам жасап жатқанын көрді.

— Мәссаған! Сен әлі студенттік койқанды да өзгертиңсің гой!— деп күліп ескерту жасады Мұқан.— Және студенттер жатакханасының аядай ғана мына бір кісілік шикентай белмесіне келінді әкеп қалай кіргіземіз! Сениң қалындығы! — кешегі студентка емес, қалтасында қызыл дипломы бар педагог, қызмет істеп жүрген адам. Мұны есіннен шығарма, бауырым!

— Үйленгеннен кейін жатақханада тұрмайтын шығар, пәтерге шығады ғой,— деді Гүлзия Әділбекті көрғай сөйлем.

— Жобан дұрыс, ондаи ойым бар,— деді Әділбек.

— Пәтер тауып қойды ба?— деп сұрады Мұқан.

— Іздеймін,— деді Әділбек.

— Бұл — бірінші кезектегі мәселе, кешеуілдетуге болмайды,— деді Мұқан.

Әділбек екеуі сол күні кешкі қарандылық түскенгэ шейін қаланы жаяу кезіп, жас семьяға жалға беретін пәтер іздеді; автобус тоқтайтын жерлерде, магазиндердің алдында, базар аузында бағаналарға, ағаштарға, қакпалар мен қабырғаларға жапсырылған жарнамаларды қарады, есіктердің алдындағы саяда әңгімелесіп отырған қариялардан сұрастырылды. Қаланың шег жақ көшесінің бойындағы бір этажды үйлерден екі пәтер кездесіп еді, бұларды ұнатпады; біреуінің іші сыз, қабырғалары дымқыл тартып тұрады екен; екіншісі — бір кереует пен бір стол койса, екі кісі айналып жүре алмайтын, ені тар, түркы ұзын, коридор сняктанған, келіссіз пәтер болды.

Келесі күні олар пәтер іздеуге ертемен шықты. Бұл жолы сәті түсті. Пәтер жалдайтын бір шал базар алдында бұларға бірден кездесті, адресін берді. Пәтерді Әділбек, Мұқан, Гүлзия — үшеуі барып көрді. Бірі үлкендеу, бірі кішілеу — екі бөлмелі, еңсесі биік, іші жарық, әп-әдемі пәтер екен. Үйдің түрган жері қаланың орталығынан шалғайырак болғанмен, автобус аялдамасына жақын, қатынасуга да ыңғайлы екен, пәтер бұларға үнады, бірақ үй қожасы пәтерақысын тым қымбат сұрады және алты айдың ақшасын қолыма күні бұрын беріп коясындар деді.

— Алты ай дегенініз көpteу ғой, бұл жолдасымыз жана үйленгелі жатыр, қалтасы да қалың емес, жағдаймен санассаныз кайтеді?— деді Мұқан.

— Қыска камдануым керек, казір маған ақша қажет,— деді шал.

— Бір айдың ақысын осы қазір беріп кетейін, сосын пәтерге көшіп көтгеннен кейін, екі айынызға төлейін Сонда алдын-ала уш айдың пәтер ақысын төлеген болам. Осыған келісініз алдан кетеді деп корыкпаныз,— деді Әділбек.

— Сен де корыкпа, мен де алдамаймын,— деді шал.— Пәтерден кай күні шығып кетсең, осында тұрағындауакы-

тынды жалпы есептен шегеремін де, қалған ақшанды сол күні қолыңа қайырып беремін. Сондықтан саудалас-паймын, егер пәтерді унатсан, үш айының ақысын қазір төле де, қалған үш айынікін, жарайды, кіргеннен кейін төле, бұған келісейін.

Әділбек шалды енді үгіттеудің керегі жорын ұқты да, үш айға алдын-ала төлейтін пәтер ақыны оның колына санап берді.

Сонымен, пәтер табылып, бұл іс реттелді. Ендігі мәселе — пәтерді жаланаш қоймай, тәсек-орын, кереует, стол-орындың секілді ең қажетті заттарды сатып әке-ліп, үй ішінің ажарын келтіру. Мұқан мен Гүлзия енді осы шаруаға жедел кіріскенді жән санап, ұсыныс беріп еді, Әділбек жас отаудың алғашқы әр затын магазинге жас жарымен бірге барып, өздерінің сатып алғанын қызықты көретінін айтты.

— Бірге тандап, бір кішкентай шай қасық сатып алсақ та, бұл — біздің отау тіккеніміздің бастапқы күесіндегі ыстық ескерткіш болады ғой, сондықтан мұның қалауын өзімізге қалдырыңдар, достарым! — деді Әділбек көздері күлімдеп, жүзі нұрлана түсіп.

Ертеңіне бұлар қалындықтың ауылыша жол тартты. Қаладан поезден шықты. Поезден жарты күн жүру көрек, соナン соң «50-ші» деп аталатын разъезден түсіп, әрі қарай автобуспен кетеді. Қалындықтың ауылы разъезден, шамасы жұз жиырма шақырымдай жырақ тұрады. Солай қарай разъезді басып, күніне екі автобус өтеді. (Әділбек бұл жолмен бұрын жүрмессе де, мұның бәрін күні бұрын зерттеп алған).

Поезд «50-ші» разъезге інір кезінде жетті. Үш-ак минут кідіреді екен, Әділбектер вагоннан түсіп, жанжактарына абайлан қарағанша, поезд қайтадан козғалып та кетті.

Поездан бұлардан басқа төрт-бес адам ғана түсіп. Олар поезд өтіп кетісімен, рельстерден аттап, темір жолдың екінші бетіне қарай жүрді. Ынғайы автобус тоқтайтын аялдама осы жақта болу керек. Әділбек, Мұқан, Гүлзия бейтаныс жолаушылардан жән сұрамай-ақ солардың сондарынан ерді де, олар темір жолмен жарыса созылған, асфальтталған автомобиль жолының ше-тине кеп тоқтағанда, бұлардың араларына енбей, үшеуі окшауырақ барып, өздері күлісіп сөйлесіп тұрды. Сәлден кейін он жақтан бір автобустың қарасы көрінді.

— Бұл күнбатыс жактан келе жатыр, бізге күншығыс жактан келетін автобус керек,— деді Әділбек.

Әлгі көрінген автобус келіп токтағанды, бұл үшеуінен басма поездан түскен жаңағы жолаушылардың бәрі осы автобусқа отырып, жолдары болып, тез жүріп кетті.

Ымарт үйіріліп, төнірек қаранғы тарта бастады. Күншығыс жактан келетін автобусты Әділбектер бір сағаттан аса күтті. Бірақ автобус көріне қоймады. Күнбатыс жактан зымырап келе жатқан бір «Уазик» жолжиегінде машина күтіп тұрған адамдарды байқап, кастарына таянып токтай қалды.

— Ей, ағайын, жолымыз бір болса ала кетейін, мініңдер машинаға! — деп көпілді үймен дауыстады шофер.

— Пейілінізге ракмет! Біз күншығыс жактан келетін автобусты тосып тұрмыз,— деп жауап қатты Мұқан.

— Ол жактан келетін екі автобустың біреуі өсекеде, екіншісі бесін кезінде бұл жерден күндіз өтіп кетеді, босқа күтіпсіндер,— деді шофер.

«Уазик» газын бүрк өткізіп, жүріп кетті.

— Мейлі, автобус болмаса, әйтеір бір мотор таң атқанша кезігер. Құтеміз! Қалындықты әкелуге бара жатып, мынадай макпал қара тұнде, ашық аспан астында тұрып машина тосқанын өзі де бір ғанибет!— деді Мұқан көктегі жымындаған жүлдыштарға қарап, екі қолын екі жағына жайып.

Онын сөзіне Гүлзия мен Әділбек үйсініп күлді.

Тағы да бір жарты сағаттай уақыт өткен шамада күншығыс жактан келе жатқан машина фарының жылтыраған жарығы алыстан дірілден көрінді.

— Шамының сәулесіне қарғанда жүк машинасы снякты, тек бензовоз болмасын деп тіленидер!— деді Мұқан.

Машина жақындаған бергенде, алдынан шығып, колын көтерді. Машина жүрісін баяулатын токтады, бійк кузовының үстіне, күрше секілдендіріп, брезент көргең жүк автомобилі екен. Мұқан жүгіріп барып шофермен сөйлесіп еді, сәті түскенде мына машина бұлар бет алғып келе жатқан ауылдың өз автомобилі болып шыкты, облыс орталығынан комбайн моторын әксте жатыр екен.

— Ала кетейін, кузовтың арты бос, бірақ отыратын өзіндеңіші жок, өздерінізге жайсыз болмаса,— деді шофер

— Біз шынықкан адамдармыз, күй тандамаймыз,— деді Мұқан.

Шофердің қасында отырған егделеу еркек, үш жолаушының біреуі сәйел екенін байқап: «карындасым, сен мұнда отыр» деп, орнын Гүлзияға ұсынып, өзі Әділбек пен Мұқанмен бірге кузовқа шықты. Кузовтың артқы бұрышында бүктеулі кигіз жатқан, соны жазып, беттерін кейін қарастып, ушеуі катарласып жайғасты.

Машина ақырын қозғалды. Қастарында бөтен кісі болған соң (және қалындықтың ауылының адамы ғой, мүмкін құдалардың біреуі боп жүрер), Әділбек пен Мұқан үздемей, тым-тырыс отырды. Бір мезгілде егде кісі бұлардан жән сұрады:

— Жігіттер, өздерінді танымадық, кім боласыңдар? Біздің ауылға конакқа келе жатырсындар ма, туысқан дарын бар ма?

— Нә, жақынның бар,— деді Мұқан.

— Ол кім?

— Мектепте мұғалима боп істейді,— деді Мұқан.

— Мектепте мұғалима көп қой, шырагым, сонын жақсысы?

— Ең жасы, ең жақсысы,— деді Мұқан.

— Сөзіннің әлпетіне қарағанда, ауылымыдағы мұғалім қыздардың біреуіне күда түскелі келе жатырсындар-ау, сірә!

— Жорамалыңыз түзу,— деді Мұқан.

— Біздің ауылдағы ең мактаулы жас мұғалім — Үлбазар. Жақында оны облыстық газетте мактап жазды. Қөздел келе жатқандарын сол қызының емес пе?

— Жобаныз дүрыс,— деді Мұқан.

— Мм... солай де... Қүйеу бала жақсын?

— Оны өзініз таныңыз,— деді Мұқан күліп.

— Сөзіннің әлпетіне қарағанда сен, сірә, қүйеудің касына ерген жолдасы боларсың,— деп егде кісі де күліп айтты.

Бұлар ауылға жеткенде, уақыт түнгі сағат екінін шамасына таянып қалған еді. Машина ауылға кірмей, сыртқы көшеге бұрылып түсе беріп тоқтады.

— Біз гаражға барамыз, сендер ізден келе жатқан мұғалім қыздың үйі, эне, анау жылтыраған үш жарықты көрдіңдер ме, ортадағысы сол үйдің шамының сәулесі,— деп, сіде кісі Әділбек пен Мұқанга кузовтың үстінде тұрып, котымен нұскап көрсетті.

Әділбек, Мұқан, Гүлзия — үшегің ақырын сөйлесіп, қарангыда бірдемеге сүрініп қалмау үшін аяқтарын абайлап басып, сол үйге қарай жүрді. Шам жарығы жылтыраған терезенің алдына жақындау барып кідірді. Енді қалай етудің, келгендерін қалай білдірудің жөнін ақылдасты. Күйеу де, құдалар да بұл үйдің есігін бірінші рет ашқалы отырғандыктан, Мұқан әрі бас құда, әрі күйеудің атқосшысы ретінде ең әуелі өзім жалғыз кіріп, осы үйдің босағасынан аттауымызға рұқсат сұрап шығайын деді. Оның бұл сөзі Әділбекке де, Гүлзияна да жөн көрінді.

Мұқан үстінің шаңын қағып, көйлегінің жағасын, галстүгін түзеп, пиджагінің түймелерін байқап, веранданың табалдырығына көтерілді. Үйдегілерге дыбыс беріп, каттырак жеткірінді. Сәл күтіп, сонан соң есікті ақырын қакты.

Есік ашылғанда, театр кіре берісінде билет тексеретін бакылаушы сняктаны, екі босағада екі жас әйелдің тұрғанын көрді.

— Есенсіздер ме! — деп амандасты Мұқан. — Кіруге рұқсат па екен?

— Кірініздер! — деді басына женіл орамал тартқан, ені жүқалау келген акқұба әйел сыпайы үнмен. Бұл — Ұлбазардың кіші апасы Гүлсім еді. Мұқанның сонынан келе жаткан кісілер бар деп ойлады білем, сөзін көптің жалғауымен айтты. (Бұл жақ күйеу мен құдалардың бүгін келеді деп, камданып күтіп отырған).

— Үйбай, мына кісі жападан-жалғыз ғой! Адасып жүрген біреумісіз? Әуелі төбебе қараңыз, мүмкін бұт үйге жаңылып кірген шығарсыз! — деп күліп әзілдеді қызыл шырайлы екінші келіншек.

Мұқан жоғарыға көзін аударып:

— Аттың басын осы үйге дұрыс тіреген сняктымыз, паталогы көзіме жылы ұшырайды, женеше! — деді әйелдің әзіліне әзілмен сөз қайташып. — Жалғыз емеспін, екі серігім сыртта тұр, осы жақтың дәмі тартып келген мейманбызы.

— Жөнінізді жұмбактамай айтсаныз қайтеді, бетімे қамыр жағар деп жүрексініп тұрсыз ба? — деп қағытты қызыл шырайлы келіншек.

— Ондай күдігім жоқ, женеше! Сөзіңіз жаныма майдай жағып барады, — деді Мұқан. — Ал, ендеше, біліп қойыныз, алдына сырлы табаққа салып бас тартатын ең үлкен құданыз біз болармыз!

— Асатпай жатып күлдүк деменіз! — деді қызыл шырайлы келіншек.

Гұлсім конакка жол беріп, төргі үйге қарай өтуін етінді.

— Асықланың, — деді қызыл шырайлы келіншек Мұқанға. — Жолдастарының далада тұра ма? Бұл жарамайды. Бірге келгендерінің рас болса, үйге де бірге кірініздер.

Сөзінің сонын тағы да әзілмен қайырды.

— Бірақ иненің көзінен де оп-оңай өтіп кетемін дел кулық іздеменіз. Қолға тұтылмайтын жылпылдаған сабын емес шығарсыз! — деп күлді.

Мұқан кейін бұрылып, табалдырыкта тұрып, Әділбек пен Гүлзияға қолымен белгі беріп, қасына шақырды.

Әділбек Мұқан мен Гүлзияның соңынан, аяғын сыйнайы басып, есіктен ене бергенде, қызыл шырайлы келіншек оның жолын бөгеп, алдана тұра қалды:

— Күйеужан, басыңыздары тымағының қайда? Жалаңбас келгеніңіз үшін әуелі айыбынызды төлеңіз!

Күйеу қайынына бірінші рет хелгендеге, ежелгі салт сойынша, басына үкілі тымак киіп, өзіне тігілген отауға сперінде, жүзін көрсетпе үшін, тымағының құлағымен бетін калқалап кіреді. Әділбек бұл ғұрыпты білетуғын, бірақ осы көне салт бұл жақта алі қүнгө дейін сақталған шығар деп ойламаған еді.

— Кешірініз... — деп ол қызара күлімсіреді.

— Сөзбен кінә өтелмейді, төлеңіз айыбынызды! — деп қызыл шырайлы келіншек қысымға ала түсті.

Мұқан жолда Әділбекке ескерткен еді: күйеуді ен алдымен қалыңдықтың женгелері сынайды, нағыз қыл көпірден солар өткізеді, сонда тайғанап құлап, келе-межге қалып журме деген.

— Женгелер күйеуден кәде алып қалғысы келеді. «Шаш сипатар», «кемпір өлді», «ит ырылдар», «жаным жақсы» деген секілді бірталай ырымдар жасайды. Со-лардың әрқайсысы үшін күйеудің атынан кәде берілуі керек. Күйеудің қасына ерген жолдастарының ішіндеңі ен жөн білетін үлкені осы кәделерді үlestіреді. Жібек мата, басқа тартатын әдемі өрамал, саусаққа салатын жүзік, құлакқа іletін сырға секілді бағалы заттар кәдеге беріледі. Бұлардың орнына кәдеге акша да жүреді. Қәдесі жақсы, қымбат болса, женгелер күйеуді жомарт скен дейді, дәріптеп мактайзы. Ал, қәдесі арзан болса, сараң екен деп тыш тағады, тіпті қомсынып, алмай да

қояды. Кейбір женгелер ашууланып, тойдан кетіп тे катаады. Бұл, әрине, күйеудің атына мін болады. Сондыктан кәделерді сайлап алуға да, үлестіруге де үлкес еп керек,— деп Мұқан кәдеге беретін ақшаны Әділбектің әр қалтасына бөліп, реттеп салғызып койған болатын.

Әділбек қалындықтың үйіне тымаксыз кірген айыбын күліп мойындарап, жан қалтасынан алышп, қызыл шырайлы келіншектің қолына үш қызыл он сомдық үстітты. Мұқан келіншекке басын иіп, тағзым етті.

Гұлсім қонақтардың жоғары шығуын өтініп, олардын алдынан төргі үйдің есігін ашып тұрды. Әділбек Мұқан мен Гүлзияның соңынан аяғын сыпайы басып, ере беріп еді, қызыл шырайлы келіншек оны тағы да бөгеді.

— Сіз мұнда кіресіз,— деп он жақ бүйірдегі екінші есікті күлімдеген көзімен нұскады да, жылдам барып, күйеуге есікті өзі ашты.— Алыстан келдініз гой, үлкендерге көрінерден бұрын әуелі мына онаша бөлмеде үстібасыңызды түзеп, дудыраған шашынызды тарап, дұрысталип алыңыз. Үлкендер отырған үйге өзіміз шақырамыз,— деді ескертіп.

Қалындықты да онаша бөлмеге отырғызып койған шығар деп ойлап қалды Әділбек. Жүргегінің лұпілдегенін сезді, есіктен толқып кірді. Терезенің желдеткіші ашық тұрған болу керек, есік ашылғанда шілтер дірілдеп козғалып, күйеудің бетіне жылы леп тиді. Бөлмеде ешкім жоқ екен. Әділбек жан-жағына қарады, бөлменің еденіне, төбесіне, қабырғаларына көзін салды. Еденге жалбыз ғулінін түсі рендес әдемі көкшіл палас төсөлген, он жақ қабырғада екі кітап шкафы, бұлардың қарама-карсы жағына диван койылған, диванның тұсына түрікмен өрнекті кішірек кілем күрүлған. Терезеге такау шағындау жазу столы түр, столын үстінде, сол жақ шетінде, әр түрлі үш-төрт журнアル жатыр. Әділбек бөлмедегі заттардың түрі-түсі, мебельдердің койылған реті бір-біріне үйлесіп, әсем жарасып тұрғанын байқады, ішінен сүйсінді. Шкафтың алдына таман барып, сөредегі кітантарға көз күнірті. Бірінші шкафтың жоғары сөресінде гізіліс гүртес, географиялық атластарды алдымен көрді. Екінші, ушінші сөрөлдерде жер шарының күрүлісі, таулар мен мұхиттар жаратылышы, экологикалық һәм физикалық география, экология, этнография жайындағы неше алуан кітаптар жайғасынты. Мұ-

қабалардың түбіне жазылған кітап аттары мен автографтардың есімдерін Әділбек ішінен оқыды. Екінші шағында кілең көркем әдебиет кітаптарына арналған екен, бұлардың арасынан әлемнің әйгілі жиһандикездері қақындағы тарихи шығармалар жиірек ұшырады. Әділбек бұл бөлме — Ұлбазардың бөлмесі екенін ұғып, қалындығының өз пәнніне деген махаббаты зор екенін көрі, «Өз пәннің кандай патриоттысың!» — деп сүйсініп жымиды.

Осы мезетте бөлменің есігі ақчрын ашигтады. Әділбек бұрылып қараганда, есіктен күлімсірек күріп келе жатқан қалындығын көрді. Ұмтылып әлдінан шығып, Ұлбазардың қолынан үстады. Ұлбазар сағынышын білдіріп, жарының қеудесіне бетін басты, Әділбек қалындығын иғынан құшактады.

— Жаным! Сәулем! — деді толқын.

Ұлбазар қабағын көтеріп, нұр толы жапарымен оның көзіне қуанып қарады. Әділбек жарын аузынан сүйейін деп басын енкейте беріп еді, Ұлбазар жігіттің ерініне алақанын баса қойды.

— Тәртіп сактаңыз! — деді еркелеген үнмен акырын гана.

Бөлменің есігі тағы да ашыла бергенде, Әділбектің қасынан тез жылжып кетті.

Есік ашқан қызыл шырайлы қеліншек бұл жолы сыйпайы сызылып, күйеуді төргі үйдегі үлкендерге сөлем беруге шақырды.

Әділбек төргі үйге кіріп, бас иіп тағзым еткенде, басына жұка ақ жібек шәлі тартқан, көк барқыт камзолды, толық денелі бәйбіше — қалындықтың шошесі Қалампыр орнынан түрегеліп, күйеу баласын қарсы алып, оны бетінен сүйді.

— Қуаныш ұзағынан сүйіндірсіп, қарағым! — деп тілек айтты.

Төргі үйдегі кісілер көп емес екен, күйеу мен құдалар кеп түскенде, оларды қабыл алсын, алғашқы мәжілістің — танысу қуанышының ішінде бірге болсын деп, іріктең шақырылған, осы үйдің ағайын-тұысқандары, ен жақын адамдары болу керек. Қалампыр түрегеліп, күйеу баласына карай қозгалғанда, төрде отырған үш-төрт мосқал кісіден басқалары орындарынан жылдам тұрысып, күйеуге орталарынан жол аша берген. Қүйеудің кескін-кейпіне, үсті-басына жылы шыраймен барлай

қараған. Түсі иғі ме, жөні түзу жігіт пе деп сынағандай.

Әділбек жұрттың қарағанынан қысылыңқырап, қызара күлімсіреп, кідірінкірей беріп еді.

— Ілгері қарай өтінің! — деп қызыл шырайлы келіншек жымынп, жұмсақ алақанымен күйеуді арқасынан ақырын ғана итерді.

Казак ғұрпында күйеу қайын жұрттың үйінде төрге отырмайды. Әділбек осы дәстүрді есінде ұстап, жоғары шықлады, он жақ шетке, төмендеу кеп отырды. Және өзгелер жайласып отырғанша турегеп тұрып, бәрінен кейін ғана тізесін бүкті. Сол мезетте төрдегі Мұқанға көзін аударып қалып еді: жолдасы бұған жымынп қарап отыр екен. Біреуді зілсіз ойнақы әзілмен қағытартында, Мұқанның осылай жымиятыны бар-ды. Әділбектің — күйеу, өзінің бас құда екенине қарамай мына сыншы жұрттың алдында досына бір қалжың айтып қалар ма екен? Әділбек осылай ойлап қалып еді.

Жок, Мұқан оны жұрт көзінше қызартпады. Тілінің ұшына келген әзілін іркіп, конакасы желініп, бәрі тыңқа желпінуге шыққанда, Әділбекке онаша жерде айтты.

— Батырым, басыңда нокта киген қалай екен? Тал шыбықша иіліп, жұз бұралып, мың бүгіліп қалдың ғой өзің, тіпті! Байқа, бүйтіп майыса берсөң, қайынбикеле-рің мен балдыздарың сені «қызығыш құс секілді мойны былқылдақ, жасық екен» деп қомсынп, келемеждең жүрер,— деді күліп.

— Ер жігіттің үш жұрттың біреуі — қайын жұрты деген. Не деп кемсітсе де мейлі, сөздерінің ұшы қайырылып бәрібір өздеріне тиеді ғой,— деп жымиды Әділбек.

Ертегіне Қалампұр өз үйінде тойын жасап, Ұлбазарды ұзатты. Қызын туған ұсынан ұшырып аттандырар алдында, Мұқанға, Гүлзияға; Әділбек пен Ұлбазарға қарап, дауысы сәл дірілдеп, толки сөйлеп, көзіне жасалып, аналық тілегін айтты.

— Қарактарым, Мұқан, Гүлзия, жастарың кіші болғанмен, жолдарың үлкен — бірің кұда, бірің құдағисын. Әрі Ұлбазармен бірге оқыпсындар, қызымың құрметтейтін қадірлі күрбылары екенсіндер. Сендерге тапсырарым: Ұлбазарыма көздеріңнің қырын сала жүріндер, қамқоршы болындар. Қемшілігін көрсендер, қолдарыңды созып, асылығын байқасандар, ақыл беріндер. Өмірдің

жаңа жолына қадам аттағанда ешкім де екі аяғын бірден тең басып кете алмайды, көш жүре түзеледі гой... Қүйеу балам, саған тілер әк тілеуім: жұлдызың ылғи оңынан тусын! Бакытты болындар, көңілдеріне дық түсіссін, жұздерінді көленке шалмасын! Ал, қызым, саған ариап айтарым: анана, ағайынға, аулына еркелеп өскен үйкіті перзентім едің, куанышым да, мактанышым да үшін. Өз туған-туыскандарына қандай сүйкімді болсан, баған жерінде қайын жұртына да әдепті мінезінмен, онегенмен, өнерінмен дәл солай үшай біл! Туған анаңа леген махаббатың қандай зор болса, өмірлік серігінің шешесін де сондай үлкен ыстық жүрекпен жақсы көр. Жарынды сыйла, құрметте... Басқа не дейін, жолыңа үл бітейі, карғам!.. Ал енді рұқсат аттануларына, сапарларын он болсын! — деді.

Ұлбазарды қүйеудің аулына дейін шығарып салуға, ол көліп боп гүсетін жердегі тойдың ішінде болуға үлкен әпасы мен жездесі, жақын ағайындарынан және үш бірғе аттынды. Қалампир қызының жасауын алып, кейін асықпай баратын болды.

Күйесу мен қалындық, Мұқан мен Гүлзия мінген жеміл машинада айдан екі шақырымдай ұзап шыкқанда, Ұлбазар шоферге өтініш жасап, сәл аялдауын сұрады.

— Тұып-өскен ауылтама тағы да бір қарайыншы! — деді, көңілінің тербеліп келе жатканы үнінің нәзік откынынан білініп.

Машина токтағанда, шофердің қасында отырған Мұқан жылдам түсे қалып, шапшаң барып, кабинаның артқы есігін ашты. Бер жак шеттегі Әділбек кабинада алдымен өзі шығып, соナン соң Ұлбазарға алақанын тосып, қалындығын қолының ұшынан ұстап түсірді.

Ұлбазар туған ауылыша толқып қарағанда, ең әуелі ортанды қөшедегі екі этажды үзын ақ үй көзіне бірден түсті. Кілен бір қабатты өзге жайлардан енсесі асып, оқшашу биік көрініп тұрған бұл үй — ауылдағы орта мектеп болатын. Ақ қабыргалары ақ шағаланың түсіндей жалтырап, төңірегіне ерекше сән беріп тұр. Қандай әдемі мектеп! Ұлбазар онжылдықты осы мектепте бітірген, соナン соң институт тамамдап, бір кезде өзі шәкірт болған мектебіне мұғалім боп оралып, бір кездегі өзі секілді кауырсыны қатпаған жас түлектерге енді өзі үстаздағы жасап, тағылым үйретті. Бірақ Ұлбазар жоғары білімді мұғалім деген атағы бар болса да, осы мектептің есігінен кіргенде, өзін баяғы окушы секілді

сезінетін ылғи. Сол ыстық мектебінен енді жырақтайды. Ұлбазар сүйікті мектебіне қимас қөнілмен тебіреніп қарәді. «Алтын ұям!» — деді осы сөзді ішінен екі мәрте қайталап.

Ұлбазардың өз үйі мектепке жакын болатын. Мектептің ағаш шарбағына тақау түрған қызыл қанылтыр шатырлы үйден кейінгі үшінші үй. Тұған үйінің үлкен биік қақпасы Ұлбазардың көзіне оттай ыстық тартып көрінді. Тұлымына әк бантік таққан балғын шәкірт уақытында, тіпті онынши класта оқып жүрген естияр шағында да Ұлбазар ылғи үзіліс кезінде үйге жүгіріп келіп, апыл-ғұпым бірдене жеп, су ішіп кететін. Сол қылышы есіне түсіп, жымиды. Ауылдың күнбатыс жағында көгеріп түрған үйір-үйір шок ағаштарға кезін аударды. Біріне-бірі таяу біткен кішкене шоқтар, алыстан қарағанда, іргелері бірігіп, тұтасып, қалың орман секілденіп, созылып көрінді. Жазда бұлардың баурайлары мен қойнауы жиدهк пен булдіргенге тұнып тұрады. Ұлбазар бала кезінде тобатайын қолына ұстап, осы шоқтарға құрбыларымен бірге талай кеп, жиدهк терген. Бармактай қызыл жиدهкті сабағынан жылдам үзіп алғып, си әуелі аузына салып жіберетін. Қандай тәтті еді, шіркін! Қызыл үйдірық тақыллетті домалақ булдіргенді алақанына толтырып ап асайтын. Қышқылтым дәмі бар шырыны сусынды қандыратын! Ұлбазар қолдары жыи-жып етіп, жемісті шапшаң теретін, тобатайын лезде толтыратын. Соңан соң үйге қайтқанда, қолына ғул секілді ұстап бару үшін жиدهк пен булдіргеннен екі-үш бау теріп алатын. Жолшыбай бұл баудың бір жемісін сабағынан үзіп, аузына салмайтын. Үйдістарын жеміске толтырып, жиدهк пен булдіргенге өздері де тойып, жас құрбылар үйлеріне көнілді шуылдап қайтып келе жатады: ананы-мынаны сейлеп күліседі, оқыған кітаптарын, естіген әнгімелерін айтysады, пікірлері үндеспей бірімен-бірі кейде таласып та калады, енді бірде бәрі қосылып, ән айтып та кетеді.

Шок ағаштар осының бәрін еске түсіріп, Ұлбазардың жүрегі біртүрлі елжіреді. «Жапырактары тәгілген ак қайындар, кек теректер, майыскан жасыл талдар, сағынамын ғой сендерді! Койнауыннан жеміс тере барғанымда туған анамдай құшак жайып қарсы алатын едіндер. Соңда мен өздеріне еркелеп қарайтынын. Жапырактарың сыйдырлап, менімен сейлесетінсік. Үлкен ағаштардың арасындағы қызылт қабықты жас

қайын, сол кезде шоллы таққан күрбым ұксап кетуіші еді. Ол маған қарай иіліп, мен оған қолымды созып, белінен құшақтайтынын. Жапырағыңын сыйбырын ұқым келетін. Жас қайын, сен менің бала кезімнен бергі сырласым едің гой, есен бол! Ұмытпа мені..!»

Боз көденің арасынан тік ұшқан кішкене торғай жоғары көтеріліп, биікте бір орында қалықтап тұрып, шырылдап ән салды. Даланың кішкентай момын құсының әдемі үні төніректі бір тәтті күйге бөледі. Ұлбазар жанаарын жоғары аударып, бозторғайға қызығып қарады. Бозторғай оны танығандай, бері таман жақындал, сәл төмендеді, басын қозғалтып, Ұлбазарға сәлемескендей болды. Ұлбазар қолын бұлғады: «Сая бол, әнші құсым!..»

Бәрі машинаға қайта отырғанда, Әділбек жарының кірпігі суланып тұрғанын байқады.

— Камыкпа, сәүлем! Сенің сүйікті шоқ ағашының қойнауынан жидек теруге екеуміз әлі де талай келеміз!— деп, Ұлбазарды мойнынан құшактады. Соңан соң Гүлзияға тілек қып:— Тұған жермен қоштасу әні болсын, «Құстар қайтып барадыны» бастап жіберші!— деп өтінді.

Машина орнынан қозғала берді, Гүлзия жұмсақ дауыспен әнді бастағанда, Ұлбазар нәзік баяу үнмен ақырын ғана қосылды:

«Құстар, құстар, сызылтып ән салады,  
Сол әнімен жырга бөлеп даланы...  
Туган жерін қимай кетіп барады...»

## XI

— Сіз енді үйіңізге қайтыңыз, наукас тынықсын, бұқісіге операциядан кейін тыныштық керек,— деді палатаға кірген кезекші дәрігер әйел Ұлбазарға үзактау отырып қалғанын ескертіп.

— Кешіріңіз,— деді Ұлбазар. Орнынан сипайы түрегелді. Еңкейіп, Әділбектің таңулы мандайына дәкенің сыртынан алаканын ептең қана тигізіп, ақырын ғана сипады.— Өтінемін, еш нәрсені уайымдама, жақсы үйкта!— деп ерінің көзіне күлімсіреп қарады. Содан соң Есенкелді картқа жүзін бұрып:— Сіз де жақсы үйктаныз, үйкі шила, тез айығыңыз!— деп жылы тілек айтты.

— Шырағым, жақсы адамға жолығыпсын, келін

инабатты, көргенді бала екен. Мінезге байлығы түрінен де, сөзінен де көрініп тұр,— деді Есенкелді карт, кезекші дәрігер мен Ұлбазар палатадан шығып кеткеснен кейін, Әділбекке онын әйелін мактап.

Әділбек езу тартты.

- Әйелінді жақсы көресің бе? — деп сұрады қарт.
- Эрине, жақсы көремін,— деді Әділбек.
- Қанша жыл болды үйленгеніне?
- Алты жылдан асып барады.
- Әйеліңмен үрсисып, бет жыртысып қалатын кездерін бола ма?
- Бұ у не дегеніңіз, ақсақал! — деді Әділбек күліп.
- Әзілім емес, шын сұрап отырмын,— деді қарт.
- Біз үрыс-керіс дегенді білмейміз, тату-тәтті тұрамыз,— деді Әділбек.

— Ішімнен өзім де солай топышлап едім,— деді Есенкелді.— Әлгі сауалымды оғаш көрме. Олай сұраған себебім, менің де сендер құралпас балам мен келінім бар, неліктен екенін білмеймін, екеуі жиі керіседі. Балам әйелін ұнатпайды, немесе келінім күйеуін мен сінбейді дей алмаймын, бірін-бірі өздері тауып, сүйіп қосылған. Бірдемeden тарыншылық, жетімсіздік көріп, сосын тыныстары тарыла беретін шығар дей алмаймын, өздері болек тұрады, балам күріліс инженері, екі бөлмелі жап-жаксы пәтер алған, балалары біреу, үш кісіге жетіп жатыр. Үй ішіне қоятын заттарын, мебельден бастап, ас ішетін қасығы мен ыдыс сүртетін қолжаулығына дейін, түгел әперіп, жақсылап жасап бергенбіз. Әлі де көмектесіп тұрамыз. Соғым сойсақ жарты етін, бір кап ұн алсақ, жарты қабын соларға апарамыз. Қаймақ-май, айран-сүт, шай-қант дейсін бе, бәйбішем және дорбалап тасып жатады. Қықасы, тамақтары тоқ, көйлектері көк, еш нәрсеге зәру емес. Истеп жүрген қызметтеріне көнілдері көншімей ме, әлде, жұмыс бабында жайсыздық көріп жүр ме дейін десем, ондай шағымдары жок, қызметтеріне өздері ырза. Сонда бұларға не жетпейді?.. Әрине, семья болған соң, үй ішінде ыдыс-аяқ сылдырамай тұрмайды, бірақ келінім жоқтан өзгеден үрыс шығарды. Балам да айналымға келмей, шарт ете қалады. Үрыскан кездерінде, бірін-бірі енті қайтып көрмейтін адамдарша, біріне-бірі тым ауыр сөздер айтыш жібереді. Тіпті біз отырғанда да қысылмайды. Неге солай? Жасымыңда біз бастан өткізген жоқшылық пен бейнеттің бұлар бірін де көрген жок, осылардың жүй-

кесі неге сонша жұқа? Педагогсың, жастарға тәлім беріп жүрген адамсың, осының себебі неден деп ойлайсың?

— Айып етпесеңіз, осы сауалыңызға орай өзіңізге бір сұрау берейін, ақсақал,— деді Әділбек.— Балаңызға жасында өмірдің қынышылығын үйреттініз бе?

— Қай ата-ана балам жаман болсын дейді, шырагым. Бәрі де перзентіне жақсылық қана тілейді. Жасымда өзім түрмистын<sup>1</sup> тарыншылығын көп көргендіктен, сонын есесі қайтын деп, баяғы жарлы, жүдеу жас шағымда аузыма түспеген тәттіні балама жегізуге, қолым жетпеген онды киімді балама кигізуге тырыстым. Осыны қуаныш көрдім. Баламды ешиәрсеге зәру етпедім, сұрағанын «жок» демей, ылғи тауып беріп отырдым, өмірден кемшілік көрмей өссін дедім.

— Жасөспірім баланың айтқанын елпілдеп орындаі беру, адамның ойлағаны өмірде кейде орындалмай да қолатынын сезіндірмеу — жеткіншекті женілге дағдыландырады, ал женілге үйренген кісінің жүйкесі берік болмайды дейді біздін педагогтар. Сіздің балаңыз бен келініңіздің мінезіндегі ақауды осы жағдайға байланысты ма деп ойтаймын,— деді Әділбек.

— Қінәнің салмағын өзіме қарай аударамысы?— Есенкелді қарт көршісінің бетіне таңыркағандай пішінмен карады.— Жок, шырагым, баланы жасында неге сонша еркелетіп өсірдіндер деп, ата-ананы жазыкты санама. Бала кәмелетке толғанша, оның тәрбиесіне әкешешесі жауапты, ал перзент кәмелетке толған соң, өз басына өзі жауапты. Жан-жағына карап, жақсы мен жаманды айрыш, ұнамсız нәрседен қашып, ұнамды нәрсеге ұмтылып, өзіне-өзі не болуға тиісті. Мен балам мен келішімнің мінездеріндегі мінін өздерінен ғана көрем. Кеше пионер болды, сосын комсомол болды, институт бітірді, қазір қызмет істеп жүр,— сөсінің бәрі тәрбие беретін мектеп. Айналасына карамай ма, үлгілі замандастарын көрмей мс? Қөздерін жұмып алса, кім чінелі?

Әділбек Есенкелді қарттың күйзеле түскенін байкалы. Оның пікірін толық құптамаса да, ересек адамның мінезіндегі әр түрлі ұнамсыз жайлар көбінесе оның жас кезінде көрген тәрбиесіндегі ақаудағы тамыр тартатынын дәлелде ісі келсе де, қарияның құлін түсініп, сөз талас-тырмады.

— Иә, бәрі де адамның өзіне бағланысты ғой,— деді жай ғана.

— Солай, солай, шырағым... — деді Есенкелді қарт. Сонан соң сәл үндең жатты да, ойын қорытқандай болып:— Бұрынғы ата-аналар құдайдан бала тілегенде, ертөн бойымнан қуат кетіп қартайғанда өзімді асырайды, ауырсақ бағады деп тілейтін. Ал біз бала мен келіннің қолына қарап отырған мұсәпір кісілер емеспіз. Өзім де, кемпірім де пенсия аламыз, тұрмысымыз онды, ауырып-сырқап қалсак, дәрігер қарайды. Бала мен келінге ешуақытта салмағымыз түсдейді, оларға масыл болмаймыз. Бізді бағып-қақпай-ақ қойын, тек сыйласа болғаны. Ашуларын көрсетпей, ұрыстарын естіртпей, алдымызда тек әдел сактап жүрсе, соған-ақ көңіліміз тоғаяды, басқа дәнегесінің де керегі жок,— деді.

Есенкелді карт Әділбектін таңулы бетіне тағы да көзін аударды да, соナン соң басын көтеріп, жастығының астынан қақпалақ қалта сағатын алып, уақытқа қарады.

— Ұйқтайтын мезгіл боп қапты ғой, шамды өшірейік. Көңілсіз әңгіме қозғап, мазанды алғаным үшін кешір, қарағым,— деді...

Әділбектің бұл түні көпке дейін көзі ілінбеді. Карттың ұлы мен келіні туралы жаңы ауырып айтқан сөздеріне көнілі өте қобалжыды. «Перзент кәмелетке толғач соң, өз басына өзі жауапты» деген қарияның пікірі, әрине, теріс емес. Бірақ адамның өзіне-өзі сыншы бола алмауы — онын ар, ұят, борыш секілді асыл қасиеттерді жас шағынан бастап бойына қаншалық дәрежеде сіңіре алғанына тікелей байланысты нәрсе ғой. Баланың жасында көрген тәрбиесіне бұл мәселенің тұра қатысы бар емес пе?» — деп ойлады Әділбек. Есенкелді карттың: «баламның сұрағанын жоқ демедім, жасымда өз аузыма түспеген тәттіні балама жегізуге, өз қолым жетпеген онды киімді балама кигізуге тырыстым»,— деген сөздерін есіне алып: «Міне, осыныңыз бекер болған, қария»,— деді ішінен. «Жас баланың қызығып қалағанының бәрін орындаі беру — оның бойына эгоизм дертін жүктыратының ата-аналардың бәрі бірдей түсіне де бермейді-ау»,— деп және ойлады. Баланың аты — бала, әр нәрсоге қызықпак. Сұрағаның алдына тоса берсен, дүниедегінін бәрі де оған онай көрініп, «аспандағы жұлдызы» алып берші» деуі де мүмкін-ау бір күні. Әрине аспандағы жұлдызы әперуге сіздің құдіретіңіз жетпейді, қолыңыздан келмейді. Ал осыны баланызға түсіндіре алармысыз? Ол қиғылықты салады келіп. Өйткені оған сш нәрсөнің парқын танытпай, өзініз жаман

үйреткенсіз. «Баланы — жастаң»... деген мәкалдыштың тегін айтпаса керек,— деп ойлады Әділбек.

Бірінші класта оқып жүрген кезінде, өзімен бір партада қатар отыратын Бекенбай деген окушының былғары портфеліне қызыққаны есіне түсті. Бекенбай бір күні сабакқа келгенде, қолына жалтыраған су жаңа үлкен былғары портфель ұстап келді. Дәл осындай әдемі портфельді ауылға келген бір уәкілдің колынан Әділбектің бұрын көргені бар еді. Бекенбайға сол кісі сыйлады ма екен, әлде, бұған уақытша ұстай түр деп берді ме?

— Бұл портфель өзіндікі ме? — деп суроға Әкенбайдан.

— Иә, өзімдікі! — деді Бекенбай мактапта.

— Қайдан алдың?

— Әкем қаладан сатып әкеп берді.

— Бере тұршы көрейіп.

Әділбек портфельді алдына алғып, слай-булай зіналдырып қарады, былғарысын, аузы мен бұрыштарына тұтқан сары жез жылтыр қанылтырларын алақанымен сипады, ішкі қалталарына колын сұғып көрді. Бәрі де аса келісімді, өте әсем екен, Әділбек қатты қызықты. Сол күні ол сабактан шығысымен, үйге жеткенше жүгіріп, Бекенбайдың әдемі былғары портфелі туралы шешесіне есіктен кіре айтып, маган да қаладан сондай портфель сатып алғып берші деп, анасының қыр сонынан қалмай қыңқылаған. «Өзінің де жап жаңа портфелің бар ғой, колға ұстауыңа да, бауын тағып, арқана асып алуыңа да өте ынғайлы емес пе», — деген шешесінің сөзіне: «Жоқ, ол былғары емес, әрі кішкентай, маган Бекенбайдың портфеліндегі үлкен былғары портфель керек», — деп коймаған. Сонаң соң шешесі оған бұл секілді үлкен былғары портфельді, ішіне іс-қағаздарын салу үшін, тек кенсе қызметкерлері қолдарына ұстайғынын, мұндай портфель бірінші клас окушысына лайықты болмайтындығын, тіпті баланың ұстауына ынғайлы еместігін, бұрышы жер сыйып, жіліншікті соғып жүргендес кедергі келтіретіндігін түсіндірген еді, бірақ Әділбек ұғынбаған. Баланың ұстауына ынғайсыз болса, Бекенбайға мұндай портфельді әкесі неге алғып берген деп, дау айтқан. Портфелімнің бұрышы жерге тимейді, менің Бекенбайдан бойым үзын деп, өзінше дәлел тапқан.

Расында, бұл сөзінің қисыны да жоқ емес еді. Мұн дай жағдайда, баласының ойын үқканды, Нагима ұлының бетінен қарап, жылы күлімсіреттін. Күлімсірегені құптағаны екенін Эділбек те түсіне қоятын. Бірақ бұл жолы анасының өнінен сол жұмсақ шұғыла көрінбегеи. «Ұлым, сен мынаны үк. Бекенбайдың әкесі баласына үлкел болғары портфельді, мүмкін, басқасын таба алмаған соң, амалсыз алып берген шығар. Тегін жаткан нәрсе жоқ, мына өз қолындағы портфельді әрен тауып алғанымызды ұмытып калдың ба?» — деп Нагима ұлының кескініне сабырлы жүзben қарап, аз бәгеліп, сонау соң: «Псртфелің жоқ емес қой, біреудің қолындағысына қызығып, · өзіндегі бардың бағасын кеміту — жақсы емес», — деп салқын үнмен ескерту жасаған. Бекенбайдың қолындағыдан әдемі сары болғары портфельді қайдаған болса да тауып алғып берсөн деп шешесі уәде етпеген соң, Эділбек бүріншіп өкпелеп, екі көзіне жас толып, бұрыштағы төсегіне булығып барып құлай кеткен. Мұнын сабактан келуіне әзірлеп, дастарқан жайып, анасының дайындаған койған тамагын да ішпестен, кешке дейін теріс қарап жатып алған. Ондағы ойы: шешем шығамас, асынды іше ғой деп жалынар, мұсіркер, айтқанымды орындар дез үміттенген. Бірақ шешесі қасына бармаған, жалынбаған.

Әділбек казір осы оқиғаны есіне алғанда, өзінің балалық қылышына ішінен құлді. Анасының сондағы сабырлы, салқын пішінін көз алдына елестетіп, ешқашадай педагогтық оку орнында оқымаған, ғұламалардан лекцияны тыңдамаған қарапайым шешесінің нағыз педагогика ғылымы талап ететін шартқа сай тәрбие әдісін қолдана білгендігіне сүйсініп таңданды. Өзінің ес білген шағынаң бастап, ер жетіп, азамат болғанға дейінгі ғұмырында, анасынан алған өмір сабактарын есіне тізілтіп туғызғанда, әтті. Нагима балаларын өркелететтін, бірақ еркінен жібере қоймайтын, біреуінің теріс қылышын көрсе, кабағын шытып, ренжігенін білдіретін, бірақ даусын көтеріп, жекіп үрыспайтын. Балаларының жақсы ісіне көnlі өсіп қуанагын, бірақ көлкілдеп мактамайтын. Жалғыз ұлы — Эділбек: «бүгін сабактан бес алдым», деп құнделігін масайрап көресткендे де оған:— дұрыс болған, осылай жақсы оку — міндеңіц,— дейтін де қоятын Баласы шаруаға жәрдемдесіп, өзіне тапсырылған бір жұмысты жақсы орындашып шыққанына шешесінен мактау күтіп тұрғанда да:— мойынға алғаш істі босылай ганақты тұн-

дыру — бұл да кісінің міндеті ғой, қарағым,— деп жай гана айтатын-ды. Осының бері тәрбие тәсілі екен ғой. Балам асып-тасымасын, мақтан күмар болмасын, өз міндетін жақсы атқару — адамның қасиетті борышы екендігін жас шағынан бастап сезінсін, ұксын деген тілекten туған әрекет екен-ау! Бір ғулама педагогтың «Баламды өте жақсы көремін-ак, мойныма мінгізіл, еркелеткім келеді-ак, бірақ осымның оған зиян болатынын білемін де, өзімді-өзім еріксіз тежеймін»,— деп жазғаның Әділбек бір журналдан оқыған еді. Ғулама-шың сол сөздерін есіне алып, өзін-өзі еріксіз тежеу үшін адамның ерік-жігері, әрине, күшті болуы керек, ал бұл сападан рухани қуаттың мықтылығы танылмақ-ау деп ойлады. «Ардақты анам, сен қандай қажырлы адам болғансың!» — деп ішінен тебіренді. Осыдан бес жыл бұрын қайтыс болған, өмірінің соңғы уақытында ескі аурудан әбден жұқарып, бойы да кішірейіп, өте солып арыған, анасының бейнесі көзіне таудай болып, зорайып елестелі. Жай хат танитын ғана сауаты бар шешесін жанагы атақты педагог секілді ірі білімпаз ғұламаға ұқсатты. «Әр сезінді қағида тұтармын сүйікті анам! Сол ғыл сөздерің — жолыма әрқашан сөүле түсіріп, бағыт көрсетеп тұратын сөнбес шамширағым!» — деп, анасымен ішінен тіл қатыскандай болып, көнілі толқындана тұсті.

Институтка окуға түсетең жылы, ауылдан қалаға аттанарында, жүрер алдында, мұны жолға шығарып салып тұрып, анасының бұған он сапар тілеп айтқан сөздері құлағына қайтадан естілгендей болды.

«Балам, туған үйінен бірінші рет ұзап шыққалы отырсың, алыска кетіп барасың, бізден жыракта боласың. О жакта олай жүр, былай жүр, олай етпе, былай ст деп, айтып жатпаймын. Нениң жақсы, иңнің жаман скенін танитын жасқа өзің де толдың, ендігі жерде ката-рыппан қалмауын, жолынан адаспауын, өмірден опық жеп өкінбесуің — бәрі де өзіне байланысты. Тек тілегім: адап бол, женіл олжа іздеме, тарыншылыққа кезіккенде торықпа, киындықпен күресе біл. Осы сөздерімді әмәнда есінде үста, ұлым!» — деген еді Нагима.

Есік алдына келіп токтаған жұқ машинасының кузовына, кішірек чемоданын сол колына ұстап, секіріп мінгін Әділбек автомобиль орнынан козғала бергенде, колын бұлғап коштасып: «Мені көп ойладап, уайымдама! Бір сөзінді де есімнен шығармаймын, мама!» — деп дауыстал еді. Нагима енсесін көтере түсіп, көнілі биіктеп,

арық жүзі біртүрлі толыға нұрланып, ұлына куанып қараған. Қетіп бара жатқан машинаның сонынан баласынан көзін айырмай, ұзак қарап тұрған.

Әділбектің көзіне анасының сол кейпі елестеді. Бүркіт өз түлегін үядан қалай ұшыратыны турасында бір ұлы жазушының айткан сезі есіне түсті. Балапанының қауырсыны жетіліп, топшысы бекіп, ұяның ернеуіне шығып, қанатын дүр-дүр қаққанын көргенде, ата бүркіг жас қыранның ұшқысы келіп, бірақ көтеріліп кетуге жүрексініп тұрғанын түсініп, оны бінік құз басындағы молтақ ағаштың ұйысқан жуан бұтағындағы үядан, иығымен өзі қағып, итеріп жібереді екен. Сонда тәменге құлап бара жатқан селкілдеген бала бүркіт, қанатын жылдам қаға жөнеліп, үстіне төңкерілген көк аспанға қарап шанқылдап, жоғары көтеріле береді екен. Сарыала бауыр ұябасар сол мезетте жуан бұтактан серпіле көтеріліп, түлегінен көзін айырмай, оны қақпаламай, алдына да озып шығып кетпей, тек қанат қағысын куана бақылап, сонынан еріп отырады екен. Бала бүркіт бінк көкте еркін самғасын, қыран екендігін, сондыктан жүрексінбей батыл түрде ұшуы керектігін өзі ұксын дегені шығар. «Түлегінің сонынан көз айырмай қарағаны — куанғаны және де әрі ынағаны», — деп ойлады Әділбек. Баласының ер жетіп өмірден өз жолын іздеуге шыққанына кай ата-ана куанбас. Бірақ талабының күші каншалық, қанат қағысы ширак па, аяқ басысы пысық па? — деп, ата-ана ер жеткен ұл мен қызының болашак-ка аттаған алғашқы қадамына сынап та қарайды. Міне, сонда көнілге күдік оралтпай, тек үміт үялататын бір қуатты сезім болады. Ол — берік сенімнен туатын сезім.

Педагогика институтына түсемін деп, ауылдан бірінші рет алыс жолға аттанып бара жатқан ұлының сонынан, машина қашан қара үзіп кеткенше, есік алдында ұзак қарап тұрған Нагимаға ауруын ұмыттырып, көніліне куаныш толтырып, үмітін ұлғайтқан қуат — сол нұрлы сезімнің күші болар. Бекем сенім кісіге ерекше қайрат бітірмек. Нагима денсаулығы кем болса да, көнілі жабырқамай, өзін сергек ұстайтын. Ері ертерек қайтыс болп, жалғызлікті әйел үш баласын өзі бағып, соларды жетілту жолында қыншылық пен тарыншылықты көл көрсе де, ешкімге мұңын шаклайтын. Балаларымды сүйеніз, колынан жетелеп жіберініз деп, біреуден жалынып жәрдем сұраған кісі емес. «Осының бәрі өз жү-

регіндегі сенімнің беріктігі, соның куаты той», — деп ойлады Әділбек.

Ал, сол сенім ана жүргінде қалай туды? Балаларының тұмысында елден ерек артықша біткен бір қасиеті болып, соны танып, жаратылыстың сол сыйынан үміттенді ме екен? Бірақ бұлай ойлаудың негізі жок: Әділбек анасынан туғанда, Ескендір туралы аңыза айылатында, шекесінде қос мүйізі болмаған, ол шыр етіп жерге түскенде теңіз де шайқалмаған, күн де тұтылмаған. Қедімгі көп бөбектің біріндей, олардан еш айрымашылығы жок, бір сәби дүниеге келген. Қабырғасына қанат бітіп, періштеше аспан әлеміне үшүп кетпеген, ауылда құрбыларымен бірге есті, бірге ойнады, мектепте бірге оқыды, катар ер жетті. Бірақ көштің сонында жүрген жок, тәртібі жөнінен де, іске икемі мен қабілеті және әр нәрсениң ретін білуі жағынан да тең құрбысының алдында болды. Осының бәрі құдайдың жарылқағаны, немесе өз жаратылысының ерекше бір артықшылығынан смес, аласы берген тәрбиенің, сол қарапайым енбеккор жиелдің көрсеткен өнегесінің жемісі екендігін Әділбек терең тебіреніп ойлап өтті. Бағбан аялап күткен жас шыбық дұрыс бой салып, әрі түзу, әрі зәулім ағаш бол жайқалып өспес пе? Зая кетпеген еңбегінің нәтижесін — кешегі солқылдақ жінішке шыбықтың жапырағы жайылып, занғар бәйтерекке айналғанын көргендө, бағбан қандай қуанады екен! Қөнілі теңізше шалқып таситыч шығар-ау! Әділбек студент кезінде ылғи армандаитұғын: ғылым жолын қусам, ғалым бол шықсам, еңбегім жанса, анамның өзіме білдірген үлкен сенімі мән үмітін актап, оны қуантсам, — өмірдің маған деген ен қымбат, ең ардакты зор сыйы сол болар еді деп. Бірақ анасына бұл қуанышты қөруді тағдыр жазбады. Ұлы аспирантураны тамамдайтын жылы Нагима ескі сырқатынан көз жұмған. Әділбек еліміздің шалғай өлкесінде жырактағының командировкада жүріп, шешесінің дүниесалғаны туралы қаралы хабарды кеш естіп, оны жерлеуге де қатыса алмаған, үлгермеген. Ағайындары Әділбекті екі күн тосты. Жаздың ыстық айында мәйітті одан әрі сактау кын болған соң, үшінші күні бесінгे таман Нагима жерлеген болатын. Әділбек ауылға келесі күні зорға жеткен.

Осы өкініш есіне түсіп, Әділбектің ойы тағы да ауырлай бастады. «Бізді жетілтемін деп, жаңыңа тыным таппадын. Жыракта окуда жүргенімде, жолыма қарап,

каншама аланнадын! Жалғыз ұлым деп, мен үшін ішкен асынды жерге койған асыл азам, сол еңбегінді актап, не рахат көрсөттім саған? Нәресте кезімде мені қалай бағып-қақсан, ер жеткен соң өзім де сені арқалап жүрермін, екі қолынды жылы суға малып, тек жұмсақ ма-мыққа отырғызып қоярмын деуші едім, өтей алмадым сол борышымды, кешіре ғөр, анажан!..»

Адамның жоспарына өмір өзгеріс енгізеді ғой. Әділбектің әуелде институтты тамамдағаннан кейін ауылға оралып, туған жерде қызмет істеймін деген ойы болатын. Ұстаздары мұнын аспирантурада қалуына мәслихат еткен соң, Әділбек мәселені өзі жалғыз шешпей, анасымен ақылдасқан. Шешесінің денсаулығы кемдігін ойлап, соған аланнадайтығын. Аспирантураға окуға түссе, тағы да жыракта жүруіне тұра келеді, анасынан алыста болады. Оған қызметін қашан көрсетпек? Шешесін өз қасына қалаға көшіріп алуға болар еді. Қаладан, әрине, жалға пәтер де табылады, бірақ ауылдық жерге, дала-нын ауасына жасынан үйренген кісі қаланы жактыра коя ма? Асылы, Әділбекке институтты бітірген соң ауылға оралғаны жөн шығар, аспирантурада сырттан окуға да болады ғой.

Әділбек осының бәрін ойланған келіп, енді анасы қалай десе, соны байлау етпек болып, шешесінен ақыл сұрағанда, Нағима өзінің қашанғы әдетінше ақырын даусымен сабырлы сөйлеп, баласына ақ тілеуін айтЫп, оның окуды әрі қарай жалғастырғаның он көрген. «Ұстаздарың үміт артқан екен, бұл — шәкіртінің қабілетіне сен-гендігі. Болашағың алдында, сол келешегінді көбірек ойлағаның жөн. Маған тіпті алаң болма, өліп қалады деп корықпа, мен әлі тыңмын!»— деп еді. «Ал, қаланы жатырқамаймын, данғазасынан да қашпаймын, келінімді қай күні түсірсөн, сол күні қолдарына көшіп ба-рамын!»— деп куанышпен үәдесін де берген.

Бірақ Нағима келінді болғаннан кейін де қалаға көшіп кете алмады. Науқасынан қауіптеніп немесе қалада күн көріс киын болар деп корықкан жоқ, келіні мен баласының қолына көшіп барса, олардың қаладағы жалдап тұрған кішкентай пәтерінде орынды тарылтып, Әділбектің ғылыми жұмыс жасауына киындық туғызармын деп тартынған. Кандидаттық диссертациясын жазып жатқан ұлы осы шаруа сын бірыңғайлағанша, оны ма-залағамайын деп, қалаға көшуді кейінге шегере берген.

Арада бір жыл өтті. Нағима тым болмаса, енді бір

жыл тірі тұрганында, Әділбектің елеулі ғылыми еңбек ындырып, диссертация корғап, ғылым кандидаты деңен атак алғанын көретін еді. Тағдыра не шара, бұл күнге жете алмады. Жырақта ғылыми командировкада жүріп, анасының қабіріне бір уыс топырак та сала алмаған Әділбек, сол сапарға жүрерден бұрын, анасының денсаулығын сұрап, хатарқылы хабарласқан болатын. Аландастындей жағдай болса, сапарды коя тұрып, шешесіне барып қайтпақшы еді. Нагима жауап хатында: «Қазір саламаттығым жаман емес, маган аландама, жолыннан қалма, балам», — деп сеніммен жазған соң, көнілі орнығып, Якутия жеріне бір айлық ғылыми командировкаға алансыз жүріп кеткен-ді.

Оның кандидаттық диссертациясының тақырыбы халық ауыз әдебиетіндегі хикая-аныз мәселесіне қатысты болатын. Фольклордың осы көне қызық түрін туыстас халықтардың тарихи, мәдени және генетикалық ежелгі байланыстары тұрғысынан қарап, салыстыра зерттеу жайы жұмысының ең маңызды тарауын құрайтын. Сол себепті сапарының максаты — қазақтармен тілі төркінлес саха жұртының ауыз әдебиеті қазынасымен тереңірек танысып, ерте заман шежіресін жақсы билетін қариялардан сөз тыңдал, ел ішінен ескілікті аныз-әнгімелерді жинап қайту болатын. Якут АССР-інің астанасы — Якутск қаласына аман-есен жақсы жеткенін хабарлап, самолеттен түскен бойда әйеліне телеграмма берген. Мұнда екі-үш күн аялдал, әдебиетші ғалымдардан кенес алып, сапарының бағытын белгілеп, соңан соң, жері байтақ, қоныстары бірінен-бірі шалғай-шалғай отырған, бұғы өсіретін алыс ауданға жол тартқан. Анасының қайтыс болғаны туралы хабарды мезгілінде ести алмаган себебі осыдан еді.

Нагима ескі ауруы мендеп, төсекке соңғы рет әлсіретіп жатқызғанда, енді онала алмасын, жарық дүниелегі дәм-тұзы таусылуға таянғанын ішінен сезген де еді. Балаларын үрейлендірмейін деп, күшін жиып, басын көтеріп отыруға тырысқан.

Қайран ана! Сонда сен дем алуың қындал, халің күннен-күнге томендел, өміріңнің күсырылып бара жатканын сезсең де, өзіңнің ауыр күйіне қамықпай, баройың ғылым сонында жүрген ұлында болып, оның келешегіне қандай аландап алабұрттың!

Ұлыннан үлкен іс күттің. Сол куанышты көруге жетсем екен деп тіледін. Өзің тақылетті еңбек сүйгіш ба-

ләнның қыныңдықтан жасқаңып, орта жолдан шегініп кетпейтініне, қолға алған ісін тыңғылықты тыңдырып шығатынына, әрине, кәміл сендің. Аяғын шалыс басып, жолынан адаса ма деп қауіптенген жоқсың. Ал ұлыңды біреу аяғынан әдейі шалып суріндірер, қастық етер деген күдік ойында тіпті келмеген де шығар. Бірақ өмір дегенінің қалтарыс-бұлтарысы көп кой. Әділбектің жолы болмағанын тілеп, оның алдынан ор казып қоюшылар да табылды.

Әділбек диссертация қорғағанда өз басынан осындағ бір хал кешкенін есіне түсірді.

## XII

Бірінші ресми оппоненті профессор Жолмырза Ережепұлы оның кандидаттық диссертациясы туралы жазбаша пікірін ғылыми советке мезгілінде түсірмей, уақытын ұзатып әкеткен. Уш ай созды. Жолмырза Ережепұлы ғылыми атақ-дәрежесі үлкен кісі еді, республика ғылым академиясының корреспондент мүшесі болатын, әдебиет зерттеу институтында бір бөлімді басқаратын. Диссертацияға көnlі толмай, сол себепті оппонент болудан айнағысы келіп жүрсе, әрине, сөз басқа, бірақ Әділбектің ғылыми жұмысы өзіне ұнағанын, ықыласпен қызығып оқып шыққанын айтып, диссертантты қуантып, алдын-ала құттықтаған. Бір аптадан ұзатпай пікірімді жазып беремін деген. Рас, осыдан уш күн өткеннен кейін, бұл сөздерінен басқалау және бір айтқаны бар-ды. Әділбекті институттан телефон арқылы іздел тауып ап, дереу жолығып кетші деп, өзінің кабинетіне шақырып алып, оңаша сөйлесіп отырып айткан.

— Бір нәрсені білейін деп ем: профессор Қожағали Сенбинович сені неге жек көреді? Кеше маған келіп, тіпті өні сұрланып, сен туралы өте жаман сейледі. Сенің газет-журналдарда басылған макалаларынды портфелине салып апты. Қызыл қарындашпен сызғылап, сұрак белгісін қойған жерлері тым көп екен. Соның бәрінен әм теориялық, әм саяси кателер тапқан секілді. Өзім, әрине, сенің жұмысында осыншалық терістіктер бар деп ойламаймын. Бірақ мәселенің насырға шаппағаны абзал. Сондықтан диссертациянды қорғау мерзімін аздал кейінге жылжытсақ қайтеді? Мәселе мен, бірер айға. Осы уақыт ішінде көп нәрсе сабасына түсер еді. Қожағали Сенбиновичтің де ашуы тарқарына күмәнім жок. Ол — мінезінің шодырылғы болғанмен, жалпы кек сақ-

тамайтын кісі. Егер араларында түсінбестік бір хал туyp жүрсе, бұған дауа табуымызға болады. Ол кісіні үйіме қонаққа шақырайын, сені де косайын. Дастарқан басындағы жылы әңгіме жарастыққа жол ашады. Кінә өзінде болса, ағаның алдынан өтіп, кешірім сұрасан, ол да бетін бұрып, он сейлесер, саған деген райы өзгерер. Дегенмен, ен әуелі мәнісін ұктырышы, Қожағали Сенбиновичтің сені жек көруінің себебі не? Араларында қандай дурдараздық бар?

Әділбек Жолмырза Ережепұлының әсіресе соңғы сұрағына таңданды, бұл болса, ғылым сарайының төменгі табалдырығына енді ғана аяқ басқалы тұрған жай аспирант. Ал Қожағали Сенбинович — сол зангар сарайдың қақ төрінде отырған адам, лауазымы ірі, кафедра менгерушісі. Екеуінің арасы жер мен көктей. Және аспирант профессордың бакталасы емес, бұлардың араларында қандай дурдараздық болуы мүмкін.

Әйтсе де Жолмырза Ережепұлының сұрағы бір жағдайды Әділбектің есіне түсірді. Республикалық газете басылған мақаласында аспирант Әділбек ерте замандағы көне аныздарды тексерген кейбір зерттеулерде түзелмей келе жатқан бір ескі қатені көрсету үшін профессор Қожағали Сенбиновичтің тіпті әдебиет оқулығына еніп кеткен бір пікірінің ғылыми негізі жаңсақ екендігін дәлел ретінде мысалға келтіргені бар-ды. Қожағали Сенбинович аспирант сынады деп, соған шамданып жүр мे? Бірақ Әділбек оның беделіне нұқсан келтіруді ойламаған, сөзінде кекесін де, зіл де жоқ болатын. Профессордың есімін құрметтей отырып, сынның ұсыныс, тілек түрінде сыпайы айтқан еді.

— Мақаламдағы осы сездерімнен басқа ол кісігез карсы сейлөген жерім жоқ еді,— деген Әділбек.— Егер Қожағали Сенбинович өз адресіне менің айтқан сыннымды кабыл алмаса, теріс деп санаса, әріне, дау айтуға қақсысы бар. Бірақ уп-үлкен адамның мені сыртынан жадағай сөгіп, құртамын да жоямын деп, ызғар шашып, айбар шеккені қалай? Шыны ма, әлде, жасаған бопсасы ма? Және маған деген ызасын бұрқырап келіп сізге неге айтады? Осыған кайранмын.

— Чапаев туралы фильм есінде ме? Сонда комдив ойынан шықпаған бір іске қатты ызалаңып, кайнап кеткен кезінде, ашуын басу үшін, орындықты көтеріп ап, жерге үрмайтын ба еді. Қожағали Сенбиновичтің маған келіп бұрқырағаны сол іспеттес нәрсе ғой,— деп күлгөн

Жолмырза Ережепұлы.— Сен бұған мән берме. Әдетте ашу алда, ақыл артта жүреді. Бұл да — адамның табиғатына тән құбылыс.

— Кешірініз, мен бұлай ойламаймын.

— Ал, сенінше қалай?

— Ол — ғалым. Ғалым адамның ақылы алда жүруі керек.

— Ойың түзу. Бірақ, бір ақынның айтқанындағы, ғалым да сүйек пен еттен жарапған адам ғой. Сол себепті, адамға тән болатын нәрсениң бәрі де оған жаг емес.

— Ол — университеттің профессоры. Педагог деген атағы бар. Осы атағы оны ашудың желеуіне жібермей, ақылдың жетегіне ертуі тиіс емес пе?

— Бұл сөзің де дұрыс. Бірақ, обстоятельство, яғни, жағдай, мінез, характер деген ұғымдар бар. Адамдың кейде солар билеп кетеді. Қожағали Сенбиновичтің бір осал жері — біреудің айтқанына тез сеніп, анық-танышын тексермей, бұрқан-тарқан бол, жылдам ашуланып қалатын, кейде тіпті шенберден шығып кететін мінезі бар. Бұл — оның характеристіндегі кемшілік. Кейбір қулар оның осы осалдығын пайдалануға тырысады. Менің ойымша, сол онбағырлардың біреуі Қожағали Сенбиновичке сені жамандап, құлағына бірдемені сыйырлап кеткен. Сондыктан, мәселені ушықтырмаған макұл. Мұның жалғыз амалы — қайталап айтайын, диссертацияны корғауды кейінге қалдыра тұру. Бәрі сабасына түсу үшін интервал керек.

— Бітім тілейтіндей ешкіммен егесіп жүрген жоқпын ғой, ағай, Қожағали Сенбинович менің қасым емес, ол кісіге өз басымның ешқандай араздығы жок.

— Мәселе қазір оның саған теріс қарап отырғанында. Ертең диссертация корғағанында жолына таудай етіп кедергі қойса қайтесің?

— Шабуыл жасаса, корғанамын. Диссертация корғау дегеннің мағынасының өзі осы емес пе?

— Солай солай ғой, бірақ реальный жағдайды да есепке алу керек. Қожағали Сенбинович ойыншық смес, оның атағы да, беделі де үлкен. Ол сені тапап кетеді. Жоқ, бауырым, істі бұлай насырға шаптыруға болмайды, шегінуіміз керек.

— Кешірініз, менің шегінгім келмейді.

— Орынсыз өжеттіктің қажеті жоқ, бауырым. Диссертация корғау — спортшылардың жарысы секілді емес. Спорт бәсекесінде не ұтасын, не ұтыласын — екі-

нің бірі. Мәселені бұлшық еттің күші шешеді. Ал, диссертация корғағанда, жұмысың жап-жақсы бола тұра, біреулердің қиянатынан жолың болмай қалуы да ықти-  
мал. Сол себепті, жағдаймен, санаспау, алды-артынды  
абайлап, бәрін таразыға тартып алмау — қателік бо-  
лады.

— Бұлай электену, меніңше, қорқақтың ісі. Сөзіңізді  
күптамағаным ренжіменіз.

— Ойымды дұрыс ұқ, қорғауының сәтті болуына  
тілекестік көнілмен айтып отырмын.

— Рахмет оныңызға!

— Ендеше, ағаңың ақылын ал, мен өмірден талай  
нәрсені көрген кісімін, диссертациянды қорғауға асык-  
пай тұра тұр.

— Қайта-қайта айта бердініз ғой... Маған Қожағали  
Сенбінович қарсы болса, оның шабуылынан мені қор-  
ғана алмайды деп шүбәланасыз ба, әлде, сол кісіден  
өзіңіз жасқанамысыз?

— Онымен терезем тең, мен неге жасқанамын! Әңгі-  
ме Қожағали Сенбіновичлен сенің жарастық табуың,  
жөнінде болып отыр емес пе!

— Мен ол кісімен үстасып жүрген жоқпын. Ол жек  
көрсө — өз шаруасы. Сонда да оны ғалым деп, жасы  
үлкен адам деп сыйлаймын. Бірақ шабуыл жасаса, ыға  
жөнелмеймін, қорғанамын. Диссертациямды бүкіл кү-  
шімді салып, өзімше тырысып жаздым. Міні жоқ демей-  
мін, мүмкін ірі кемшілігі де бар шығар. Профессор  
Қожағали Сенбінович дәл сол жерден үстап, жұмысым-  
ды тас-талқан етіп, жоққа шығарып сынаса, мен сонда  
жауап қайтара алмай, сөзімде жүйе, ойымда логика  
болмай, өз пікірімді дәлелдей алмасам, кулкіге ұшырап,  
етнетімнен түссем, өз обалым өзіме. Ондай жағдайға  
ұшырар болсам, қарсы сөйлеген профессорды емес,  
дайындығымның аздығы, білімімнің таяздығы үшін ең  
алдымен өзімді жазғырармын. Ал егер профессор, сары-  
лып еткен енбегімді тек мансұқтауды көзделеп, дәлелсіз  
қараласа, онда, әрине, әлімнің келгенінше күресуге тиіс-  
тімін. Күшім жетпей қалса, ол беделімен құлатып кет-  
се — оны көрермін.

— Мұндай шиеленіске бармайық, бауырым.

— Ондай кульминацияны мен де тілемеймін, бірақ  
өзіңіз айтқан обстоятельство — жағдай мәжбүр етсе, не  
амалым бар?

— Міне, мен осыны, мәселенің асқынбауын ойлап

отырмын. Тағы да кайталаپ айтайын, тіпті өтінемін, диссертацияңды корғауға дәл қазір асықпа, жақсылықтың ерте-кеші жок, мерзімін сәл кейінге сырғыта турайык.

— Одан маған ешқандай женілдік келмейді. Керісінше, мен үшін личная тревога болады. Ұсынысызызды құптай алмаймын... Профессор Қожағали Сенбіновичтің алдынаң өт деген кенесінізге де макұл деп уәде бере алмаймын. Қазір өйтсем, ол мені бір жағымпаз, ісі түсін сон құрдай жорғалап жүр деп ойлауы мүмкін.

Жолмырза Ережепұлы Әділбектің райынан қайтпа сын түсінді ме, әлде, оның үәжіле басқа айтары болмады ма: «Ал, жарайды ендеше, мейлін...» — деген салқындау үнмен. Өні де томсарыңы тарта қалған. Сол мезетте Әділбектің де басына: «Бұл кісі енді маған оппонент болудан бас тартатын шығар», — деген бір ой кенеттен келіп еді. Бірақ бұған қалай көз жеткізуге болады? Құдіктеніп, сұрау беру ынғайсыз. Әділбек оппонентінің кескініне абылалап қарап: «Жоқ, айнымауға тиісті, — дел топшылаған ішінен, — өз сөзін өзі кері жұтуы мүмкін емес. Оппонент боламын деп әуелде ұсыныс берген де өзі еді ғой...»

Рас, әу баста ықылас білдірген Жолмырза Ережепұлының өзі-тін. Бұл быттай болған еді.

Бір жолы кешкілікте Әділбек кітапханадан шығып келе жатып, скверде саядағы ұзын орындықта дем алып отырған Жолмырза Ережепұлына көзі түсіп, өзі өте құрметтейтін профессорды көрген сон, бұрылып қасына келіп, ізетпен сәлем берді.

— Э, інім, сәламат па? — деп, Жолмырза Ережепұлы оған қолын беріп, көнілді амандасты.— Халің қалай?

— Халім жаксы,— деді Әділбек.

Профессордың інім деген сөзі құлағына біртүрлі жылды естіліп, ішінен куанып қалды. Жолмырза Ережепұлының өмірбаянын (туған облысы жағынан бұл оқымысты өзінің жерлесі еді) білетүғын. Бұдан тәрт-бесс жыл бүрін осы ғалыммен студент жастардың кездесуіне арналған бір әдеби кеште, Әділбек оның әр жылдарда шыққан үш кітабын ала келіп, профессордан етініп, әрқайсысына бөлек-бөлек автограф жаздырып алғаны бар-ды. Ол уақытта Әділбек үшінші курсстың студенті еді. Профессор өзіне бейтаныс жігіттің қылышына әрі сүйсініп, әрі таңданып, әның аты-жөнін, қай институтта, нешінші курста оқитындығын сұраған. «Е,

филологын де! Омаров болсан, ері фамилиямыз бірдей екен, өзің маған тіпті ең жақын туыс бол шыктың ғой!»— іп куанып қалған. Сонда сөздің реті келіп: «Бөтен емеспін, мен сіздің және жерлесіңіз болам?» — деген Әділбек, өзінің туған облысынан Жолмырза Ережепұлындаі атакты ғалымның шыққандығына мактанишын билдіріп.

Осы алғашқы таныстықтан кейін, профессор бұл жас жігітпен кездесіп қалған жерде ылғи тоқтап амандастып, оның хал-жайын сұрап, жылы сөйлесетін. Бүгін де сол ғандысымен: «Асығыс емеспісің?... Ендеше, кел, қасыма отыр, азырақ әңгімелесейік», — деп ұсыныс жасады Әділбекке.

Жолмырза Ережепұлы әдеби журналдың екі санында жарияланған Әділбектің көлемді ғылыми-зерттеу мақаласын жуырда оқып шыққанын айтып, әңгімені өзі басыды. «Қазақ халқының көне аңыздары туралы жазғап мақаланған жақсы екен. Ойларың соны, тұжырымдарың дәлелді, тілін де шүрайлы», — деп әуелі мактап алды да, соナン соң мақалада қозғалған мәселелерге байланысты өзінің пікірлерін көнірек таратып сөйледі. Мақал з авторының қазақ аңыздарын шығыс жұртының әпсана-хикаяларымен, көне грек мифтерімен салыстыра зерттеген жерлері профессорға әсіресе ұнаған екен, сүйсініп айтты. Соナン соң енбектен өзі байқаған кемшіліктерді, профессордың өз сөзімен айтқанда, онша ірі емес ақауларды және автордың кейбір қорытындылары босандуа түйілген тұстарды көрсетіп, бұларды қалай түзеу керек-гігі жөнінде кеңес берді.

— Зерттеу жұмысының жалпы барысы қалай, диссертациянды аяқтауға жақынбысын? — деп сұрады.

— Жұмысымды аяқтадым деуіме болады, бірақ соңғы нұктесін әлі қойған жоқпышын, — деді Әділбек.

— Неге? — деп сұрады профессор.

— Диссертациям кафедрада жуырда ғана талқыланы, корғауға мәслихат етілді, бірақ айтылған сын-ес-кертпелер де бар. Солар төнірегінде ойланып, жұмысымды тағы да қарап жатырмын, — деді Әділбек.

— Финишке таяп қалыпсың ғой, енді асық! — деді профессор. — Женіл атлеттер мәреге таянғанда, соңғы күшін салып, бар пәрменімен жүгірмей ме, сол секілді кимылда! Менін ойымша сенін диссертацияң жақсы еңбек бол шығуға тиісті. Бұл сөзді газет-журналдарда жарияланған мақалаларына қарап айтып отырмын. Са-

ған ресми оппонент болсам деген де ойым бар. Қалай қарайсың, мұныма?

Жолмырза Ережепұлы сияқты үлкен ғалымның мынадай пейіл көрсеткеніне Әділбек ішінен өте риза болып, қатты қуанған. Тек, бұл кісімен өзінің жерлес екенін есіне алып:

— Бұл ештеме етпей ме? Және менін фамилиям да Омаров қой,— деп еді.

— Сағын қара бұл жігіттің!— деп күлген-ді профессор.— Екеуміз бір облыстан болсақ, оның несі бар? Жерлесім деп қолыннан жетелеп жүрген жокпын (между прочим, біздің средамызда ондай адамдар бар), не жиенім, не нағашым, не құдам емессін. Диссертацияңды өзің жаздың, мақалаларыңды газет-журналдарға өзің бастырдың, көлденен жүрген көк атты емессің. Ал, екеуміздің де фамилиямыз Омаров болса, онда тұрған да дәнeme жоқ, Фамилиялас Ахметовтар, Есеновтер қазакта қаншама, Ивановтар мен Сидоровтар орыста қаншама! Бұл жағынан құдіктенбе. Диссертацияна жазған ресми пікірімнің бірінші сейлемінде сені өзімнің фамилияласым деп және көрсетіл қоямын.

Осылай деп ак жарылып, шын ниетін білдірген, зергітейінді шапшанақтар бітіріп, тезірек корға деп асықтырған, ал жұмысты толық оқып шыққаннан соң, өзіне ұнағанын қуанып айтқан және жас жігіттің болашағынан үміт күтіп, тілекtes боп жүрген жанашыр адамның енді уақытты өзі созып, Әділбектің диссертациясы тураалы пікірін белгіленген мерзімінде жазып бермей, үшайға дейін созып әкетуі қалай? Әрине, басқа да жұмыстары көп шығар, колы тиңей жүруі де ықтимал. Денсаулығына бір қылау кіріп, содан мүмкіндігі болмай келуі де ғажап емес. Әділбек көnlі қанша аландаса да, Жолмырза Ережепұлына өзі сұрау салып, үлкен ғалымды мазалауды орынсыз көрді. Жағдайды тек диссертация қорғау жөніндегі советтің ғылыми секретарынан келіп біліп тұрған.

— Осы кісінің мінезі түсініксіз боп барады, сөзінің тұrlауы болмай кетті,— деп бір жолы ғылыми секретарь реіжіп сөйлемді.— Бірнеше рет хабарластым, пікірінізді қашан бересіз деп сұрасам, «кешіктірмеймін, кешіктірмеймін» дейді. Жаздыңыз ба десем, «жазып жатырмын, жазып жатырмын» дейді. Жеті-сегіз бет отзывты үш ай бойы жаза ма? Монография ма ол? Бүгін де те-

лефон соғып, советтің ғылыми секретары ретінде реєсми түрде шарт коя сұрап ем, айтқаны тағы да сол баяғы үйреншікті сөздері. Накты жауабы жок. Тіпті, түсінбеймін! Өзің де танисың ғой, барып жолығып, ауызба-ауыз сөйлесіп көрши. Диссертантты қобалжытып қойғанына сонда, бәлкім, қысылар.

Әділбек сонан соң Жолмырза Ережепұлының алдына, ыңғайсыз болса да, тілегін айтқалы барған еді. Есікті сыртынан ақырын ғана қағып, рұқсат сұрап, кабинетке аяғын қымсына басып кіре бергенінде, оған профессорлық көзі бірден түсіп:

— Э, Әділбекпісін? Төрлет, інім! Жоғары шық!— ісп көнілді карсы алды. Жас жігіттің хал-жайын, семьясының амандағының сұрады.— Бәрі де жақсы ғой, әйтеуір! Өте тамаша! Ад, қандай жаңалығың бар?

— Менің сізге айтатындаи ешқандай жаңалығым жок, ағай,— деді. Әділбек.

— Нә, иә, бұң сөзің де дұрыс. Жаңалықты саған ең алдымен менің айтуым керек екен-ау. Солай ма?— деп күліл сөйлеміді Жолмырза Ережепұлы.

Әділбек ішінен: «не мақсатпен келгенімді өзіңіз де түсініп отырыс ғой»,— деп, оның жүзіне үнсіз күлім-сіреп қарады.

— Диссертацияна пікірім дайын, қағазға түсіріп жағырмын, машинкаға басылған бір данасын жуырда қолыңа тигіземін, хабарласып тұр,— деді профессор.

— Қашан хабарласайын?— деп сұрады Әділбек.

— Такау күндердің бірінде,— деді Жолмырза Ережепұлы.

— Үш күннен кейін хабарласуыма бола ма?— деді Әділбек.

— Мейлін,— деді Жолмырза Ережепұлы.— Мұнда келмей-ақ, телефон шылдыратсан да болады, күнде осындамын.

Әділбек өзі айткан үш күнге және үш күнді қосып, реєсми оппонентіне бір аптадан соң телефон соғып еді. Қуанарлық жаңалық ести алмады. Жолмырза Ережепұлы өткен жолғы сөздерін қайталады.

— Ешқандай аландама, отзывымды аласын, ғылыми секретарьдың қолына өзім апарып беремін,— деді және.

— Рахмет! Ендеше енді сізді мазаламайын, ғылыми секретарьдан білемін ғой,— деді Әділбек.

— Жарайды, жарайды, содан біліп тұр,— деді Жолмырза Ережепұлы.

Әділбек тағы да үміттенді. Уақыт өте берді: бір апта, екі апта...

— Оппонентіңің отзывы менің колыма әлі түскен жоқ,— дейді ғылыми секретарь, Әділбек одан хабар білгісі келіп сұраған сайын.

Келесі бір жолы ғылыми секретарь: «Жолмырза Ережепұлының отзывты уақытында бермей, осыншама созып әкетуінде, меніше, бір гәп бар. Саған оппонент болудан айнағысы келіп, бірақ соған сылтау таба алмай жүрген болу керек»,— деп күдік айтты.

— Мен олай ойламаймын, ол кісінің маған деген пейілі түзу,— деді Әділбек,— диссертациям туралы пікірі де теріс емес, өзі айтқан.

— Солай-ақ болсын, оған қуанамын,— деді ғылыми секретарь.— Бірақ өмірдің бүге-шігесі көп екенін естен шығармау керек. Теріскеиден ызғырықтап жел тұrsa, басқаның пана тапқан-таппағанында шаруасы болмай, өзін суық шалмауын ғана ойлад, өзіне ғана ық іздеп, жылыса жәнелетін кейбіреулер болады гой. Жолмырза Ережепұлы соның кейпіне түскен кісіге ұқсайды.

— Мүмкін емес.

— Меніше, әбден ықтимал. Бұл — өмірдің диалектикасы.

— Маған оппонент болса, біреулердің дауына қала-  
мын деп, содан жасқанады деп ойлаймысыз?

— Даудан қорықпауы мүмкін, бірақ өз қара басының тыныштығын тілемей ме?

— Жолмырза Ережепұлын екі сөйлейтін түрлаусыз кісі деп ойламаймын мен.

— Олай деуге менің де дәлелім жоқ, бірақ...

Ғылыми секретарь сөзінің сонын іркіп қалды. Бір шубәсі болып, айтқысы келмеди-ау, сірә. Шынында да Жолмырза Ережепұлының уақытты соза беруінің нендей себебі бар?

Әділбек сол күні түннің біршама уақыты ауғанша, қалың ойға батып, үйктай алмаған. Профессор Жолмырза Ережепұлының алғаш рет оны өз кабинетіне арнайы шақырып алғанын, оңаша отырып сөйлесіп, бұның диссертация корғау мерзімін кейінгे жылжыта тұруын макұл көріп кенес бергенін, сонда Қожағали Сенбино-вичтің қарсылығы туралы кобалжып айтқан сөздерін есіне түсірді әуелі. Диссертантқа шын тілеулемес болмаса, жас жігіттің тағдырына аландамаса, ол өстіп алабұртз ма? Қара басының тыныштығын ғана тілесе, көніліне

алаң кіргізбей, мазасын кетірмей, уақытын бермей, өз жайымен жайбаракат жөнеле бермей ме? Әділбекке ісі түсетін кісі емес, оған бола әуреленіп жүре ме? Оны арнайы іздел, кабинетіне шакырып алып, онаша сейлесіп несі бар? Диссертацияны қорғау күнін кейінге жылжытуға менес беріп несі бар? Осының бәрі жас жігітке қамкорлық жасағандығы, оған жаңы ашығандығы емес пе?

Әділбек осылай бір ойлап өтті. Бірақ оған сол тілеулес адам үш айдан бері мұның диссертациясына пікірін жазып бермей, өзінің айтқан уәдесін орындамай келе жатқаны қалай? Ғылыми секретарьдың жoramалы тұра шығып, расында да оппонент болудан айнуға сылтау іздел жүре ме? Ондай ойы болса, Әділбектен қорқа ма? «Бала, менен күдерінді үз» деп, сөзді келте қайыра салмай ма?

«Жок, Жолмырза Ережепұлы айну үшін амал іздеуі мүмкін емес»,— деді Әділбек ішінен. Ғылыми секретарь айтқан күдік есінде тұрса да, бұған көнілі сенбеді.

Қош, профессор Жолмырза Ережепұлының бұл жас жігітке деген адал ииетіне біз де шұбланбалық. Бірақ диссертацияға пікірін уақтылы жазып бермей, диссертантты құр уәдемен дәмелендіріп, оны үш айдан бері сергелденге түсіріп койғаны қалай? Диссертацияның тузысуді тілейтіндей, сол үшін авторына кері қайтаруды қажет ететіндей міндері жоқ болса, Әділбектің тындырыған ғылыми-зерттеу жұмысының сапалы шыққандығына өз көзі анық жетіп отырса, оның диссертацияны жаксы қорғауын шын тілесе, мәселені осынша созбаққа сала ма? Мұнда басқаша бір себеп бар сиякты. Бәлкім, Қожағали Сенбиновичтің болсасынан өзі жасқанып қалған шығар. Әділбекке оппонент болғаны үшін басым пәлеге қалып жүре ме деп, сақтық ойлауы да мүмкін-ау. Әділбек Жолмырза Ережепұлына алғашқы жолы: «Сол кісіден өзінің жасқанамысыз?»— деп койған сұрағын және оның бұған қайтарған жауабын («Онымен терезем тен, мен одан неге жасқанамын?») есіне алды.

«Ол профессор болса, бұл да профессор. Жолмырза Ережепұлының ғылыми атақ-дәрежесі және одан бір саты жоғары: бұл — член-корреспондент. Қожағали Сенбиновичтің көркіп, қаймығатындаи немесе оған жалпылда жалынатынчай ешқандай төмөншік жағдайы жоқ. Одан жасқаншақтап жүруі мүмкін емес»,— деп ойлады Әділбек.

Ендеше, гәп неде? Жолмырза Ережепұлы академия-

ның ғылыми-зерттеу институтындағы атқаратын негізгі ісіне қоса Қожағали Сенбінович басқаратын кафедра-да, профессорлық қызметтің жарты ақысын алып және жұмыс істейтін-ді. Сол жай кенеттен Әділбектің есіне түсті. «Жолмырза Ережепұлы өзі мен Қожағали Сенбіновичтің арасындағы жақсы қарым-қатынаска жарық-шак түсірмеу үшін ол кісімен мен туралы ақырын-ақырын сөйлесіп, жазығымның жоктығын жайлап-жайлап ұғындырып, жаразтықтың жолын іздеп жүр мә? Асылы, со-лай болар,— деп топшылады Әділбек.— Біреуді, ашуына ем тауып, райдан қайтару да оңай емес. Бұған да, Жол-мырза Ережепұлының өзі айтқандай, интервал ке-рек кой...»

Ол енді ресми оппонентінің уақытты неге созып жүрген себебін түсінгендей болып, оны ішінен актай баста-ды. Алыстан жылтылдан көрінген шырак сияқтанып, көнілінде бір үміт жылтырады. Ойға шомып, қыбыр етпей бір қырынан ұзак жатқандықтан, жағына жастаған қолы аздал үйінкырап қалған екен. Біркелкі ақырынғана тыныс алғаны білініп, касында тыныш үйқтап жатқан аяғы ауыр әйелін (Ұлбазар тұнғыш перзентіне жүкті болатын) оятып алмайын деп, екінші жақ қырына етпеп қана аударылып, үйыған қолын жаңына созып, саусақтарын бүгіп-жазып, қанын таратты. Сырттан үйдің түсынан, кедір-бұдыр көшемен, кузовы тарсыладап өтіп бара жатқан жүк машинасының гүрлі естілді. Ұлбазар оянып кетіп, жастығыңан басын ақырын көтерді.

— Мына машинаның оятып жібергенін қарашы! Елендеме, жаңым, таң атқан жоқ әлі, үйктай бер! — деп Әділбек әйелін құшақтап, иғынан сипады.

— Ояу жатырмысың? Неге үйқтамай жатырсың? — деді Ұлбазар. Ерінің мойнына білегін салып, оның бетіне бетін басты.— Кісі түнде жөндеп үйқтамаса, күндіз мазасы болмайды ғой, өзің де үйқтасаңшы.

— Менің үйқым келетін емес.

— Неге?

— Білмеймін...— Әділбек өзінің үйқысын қашырған ойларын айтып әйелін құбалжытқысы келмеді.

— Қозінді жұмып, бірден онға дейін ішінен қайта-лап санай берші, сонда тез үйқтап кетесің, — деді Ұлбазар.

— Макұл, айтқанынды жасайын. Қайтадан тезірек үйқтап кетуің үшін өзің де бірден өнга дейін ішінен санай баста. Ал, жұмайық көзімізді...

Әділбек ресми оппонентінің жазба пікірін тағы да бірнеше күн үміттеніп тосты. Бірақ Жолмырза Ережепұлы тарапынан ешқандай хабар болмағаң соң, енді ол кісінің өзіне барып жолығып, өтінішін қайталап айтпак болып, біздің жігітіміз профессордың бұрын бір рет табалдырығынан аттаған кабинетінің есігін екінші мәрте ашкан еді. Жолмырза Ережепұлы, қашанғы дағдысынша, оны жылы жүзбен карсы алды. Әділбектің келген себебін өзінше жорып (диссертацияны қорғау мерзімін кейінге жылжыту жөнінде берген ақылын бұл жігіт ақыры құп көрген сікен деп ойлады-ау, сірә): «Иә, бауырым, маған айтатын бір жаңалығын бар секілді мой! Сөйлей бер, құлағым сенде», — деді.

— Менің ешқандай жаңалығым жоқ, жана хабарды сіздің өзінізден күтудемін, — деді Әділбек не мақсатпен келгенін бірден сездіріп.

— Э, отзыв жайы ма? — деді Жолмырза Ережепұлы сол ынғайсыздынып. — Азырақ үзатып әкеткеніме кешір. інім. Бірақ аландама, беремін отзывымды, беремін.

Әділбек оның өз пікірін қағазға әлі түсірмегендін ішінен үғып, мүмкін колы тимей жүрген болар деп ойласа да, бірақ профессордың бұрын да бірнеше рет айтқан сөздерін тағы да қайталағанына амалсыз таңырқанды. Гылыми секретарьдың ескерткен күдігі есіне түсіп кетті («Саған оппонент болудан айнығысы келіп, бірақ соған сылтау таба алмай жүрген болу керек»). Әділбек ресми оппонентінің ойын анық түсінгісі келіп, оған төтесінен бір сағал беруге оқталды. Профессорға бұлай тік сұрап койғаны ретсіз екенін түсінсе де, көкейіне кеп қалған сөзін ірке алмады.

— Ағай, уәденіз созылып барады, диссертацияға көниліңіз толмай, оппонент болғыңыз келмей жүр ме? Оnda тура айтыныз, мен сізге ешқандай да ренжімеймін.

— Бұл не дегенің, жарқынам-ау! Тіпті, шұғыл кеттің ғой! — деп күліп сөйледі Жолмырза Ережепұлы. — Басына бөтен ой келмесін. Сөзім — сөз, айтқаным — айткан: жұмысың да жақсы, оппонентін де боламын. Тек бір жағдаймен...

Ол сәл мұдірінкірелі. Әділбек оның бұл күмілжуінде бір мәніс барын ішінен анғарып, профессордың жүзінен үшсіз барлай карады.

Жолмырза Ережепұлы шалбарының қалтасынан бет орамалып алып, кезілдірігінің әйнегін сүртті (неге күмілжігендін байқатқысы келмеген тәрізді). Ақырын та-

мағын қырынды. Соңан соң жұмсақ үнмен әлгі сөзін жалғап:

— Тек, бір жағдаймен санасуымыз керек. Істі қыннатып алмау үшін Қожағали Сенбиновичпен жарастық тапқанынды мақұл көремін. Элі де кеш емес,— деді.

«Осы кісі неменеден сезіктенеді? Не ойлаған ойы бар?» — леді ішінен Әділбек.

— Сіз неге күдіктене бересіз? Қожағали Сенбиновичтен өзініз шын қаймығамызы? — деп ол тағы да тік сұрау берді.

— Неге қаймығам, қаймықпаймын, бірақ сыйлаймын,— деді Жолмырза Ережепұлы.— Біз әдебиет сапына бір кездे қосылған, осы майданда үзенгі қағыстырып, қатар келе жатқан адамдармыз. Бір-бірімізді етектен тартқаң, аяқтан шалған кісілер емеспіз. Бір-бірімізді үқпай, тістесіп, теріс қарасып кеткен жеріміз жок. Сол шырыктың бұзылмағанын қалаймын, әрине.

«Қожағали Сенбиновичпен мен үшін айтсып, ежелгі әріптесімен маған бола жүз шайысып қалам ба деп сактанады екен ғой...» — деп ойлады Әділбек.

— Сіз ол кісінің қас-қабагына қарап жүрсіз бе?

— Мен мәселенің ақынып кетпеуін ойлап жүрмін,— деді Жолмырза Ережепұлы.— Азырак шыдамдылық жасап, әліптің артын баға тұрганнан келер пайда болмаса, тиер залал жок.

— Қожағали Сенбиновичтің әділетсіздітіне көзініз жетіп отырса да, оған осыны тұра айтпай, ауа райының түзелуін үнсіз күт дегенініз бе бұл? Ағай, кешірініз, мен сіздің позицияныңға түсіне алмай тұрмын.

— Сен өмірдің бір заңын жете үкпай жүрсін, бауырым,— деді Жолмырза Ережепұлы.— Өмірдің заңы сенің ырқына көнбейді. Тасты тасқа соқсан, үшқын шығады, ал одан өрт тұтанады. Адамдар арасында бір нәрседен дау коздаса, бұл керістің акыры үлкен конфликтіге соктырады да, оның қызыл жалыны сені ғана емес, басқаны да шарпиды, күйдіреді.

Әділбек Жолмырза Ережепұлының үш айдан бері диссертацияға пікірін жазып бермей, уақытты неге созып жүргенінің себебін енді аңғара бастады. «Конфликтің қызыл жалыны өзімді де қарып кетер деп қауіптеңіді екенсіз ғой»,— деді ішінен. Жолмырза Ережепұлының Қожағали Сенбиновичтің кафедрасында профессорлық қызметтің жарты ақысын алып, косалқы жұмыс істейтіндігін есіне алды. Бар сыр сонда секілді көрінді.

Әділбек мақаласында атақ-дәрежесі дардай Қожағали Сенбинович сияқты дурдің атына сын айтты ғой. Бетіне ешкім қарсы келіп көрмеген, әбден дандайсып кеткен дүр, тым болмаса өзіне терезесі тәң кісі емес, жай бір аспиранттың мін таққанына қатты шамданып, терісіне сыймай қабарып жүргені анық. Эрине, Әділбекті аяр түрі жок, колына іліксе, жұндай тұтпек. Оған диссертация қорғатпай, жолын бөгеп, қарсы алдынан қарлы боран соқтырып, безектетіп, ықтырып жібермек. Ол осылай өшігіп отырғанда, мұның қас адамына Жолмырза Ережепұлы қолының ұшын бере алар ма екен? Олай етсе, Қожағали Сенбинович оның өзіне қабағын тұкситіп, теріс қарап кетпей ме? Соңан соң араздық өршиді, араларындағы бұрынғы дұрыс қарым-қатынас үзіледі, Жолмырза Ережепұлы онын кафедрасындағы пайдалы қосалқы жұмысынан айырылады...

Әділбектің енді көзі жетті: ресми оппонентінің «мәселені асқындырмаудың амалын іздең жүрмін» дегенінің бері — диссиденттің тағдырына аландагандығы емес. Оз басының камын жегендігі екен. Әділбекке уш айдач бері беріп келген ақылы — оған шын жаны ашығандығы емес, өз тыныштығын ойлап, құр бер жағынан айтылған шығарып салма сөз екен. Оппонент болуға әу баста уәде беріп калғанына, сіра, өкінетін болу керек. Қожағали Сенбиновичтің Әділбекке өшігіп, тісін қайрап жүргенін білгенде, бұл шаруаға жоламайтын еді. Мүмкін, Қожағали Сенбинович: «Иә, ол жігітті қоста, иә менімен бол, екі жактың біреуіне шық!» — деп шарт қойып қысып, Жолмырза Ережепұлын тығырыкка тіреген де шығар. Мұның табаны сол кезде-ақ тайғанақтап кеткен болар. Бірақ оппонент болуға өзі уәде бергендейдіктен, енді қалай айып, бас тартудың амалын таппай, соған әйтеуір бір сұлтау іздең жүрген секілді.

«Ұылыми секретарь қалай дәл байқаған», — деді ішінен Әділбек, оның Жолмырза Ережепұлының міnez-құлқы туралы өзіне соңғы жолы айтқан сөзін есіне түсіріп. Осы уақытқа дейін мақтан тұтып, жақын санап, өте құрметтеп келген адамына енді көnlі қалып, оның беріне киналып қарап еді, Жолмырза Ережепұлы Әділбектің ойын үкты ма, кім білсін, көзін төмен аударды. Бәлкім, ыңғайсызданған болар.

Әділбек бұл кісінің атағы ірі болғанмен, табанының бүрі жок екенін түсініп, енді оны қинамауды мақұл көрді. Оның құр сөзіне иланып, бос дәмеленіп, қашанға

дайын сандалып жүре бермек? Диссертациясын иә корғар, иә корғай алмас, бірақ, әйтеуір, мәселенің бетін біржолата ашып алғаны жөн емес пе? Жолмырза Ережепұлының тиянақсыз мінезіне өте ренжіп, ішінен қатты жазғырып отырса да, оны кінәлап, сөгіп сөйлеуі, әрине, әдепке жата қоймайды. Ол — аға, мұның одан жасы кіши, ол — профессор, бұл — аспирант. Әділбектің басына кенеттен бір ой келді: «Маған оппонент болудан бас тартыңыз деп, өзім ұсыныс берсем қайтеді?»

Әділбек бұл ойын төтесінен тік айткан жок. Әдептілік сактап, Жолмырза Ережепұлының жұмысы көптігін, сол себепті диссертантка оппонент болу, біреудің колажасына рецензия жазу сияқты көлденен істерге колы тие бермейтіндігін дәлел етіп, сөзін кисындастырып, тілегін сыпайы жеткізді.

— Осы себептерді атап, мүмкіндігініз жоқтығын көрсетіп, сондықтан оппоненттікten босатуды сұрап, ғылыми советтің атына қағаз жазсаныз қайтер еді? — деді.

— Бұл қалай болады? — деді Жолмырза Ережепұлы Әділбектің ұсынысын тосын көрген сияктанып.— Менін арыз бергенім ВАҚ-тың ережесіне киғаш келіп жүрмей ме? Әуелі білсек қайтеді, тәртібі қалай екен?

Ол қамкорсыған болды. Ал, шынында, оппонент міндетінен қалай күтілсам екен деп, мұның іздең жүрген амалын мына жігіттің өзі тауып бергеніне ішінен куанған сыңайы барын Әділбек оның өнінің құбылышынан аңғарды.

— Сіздің жазған етінішінізді ғылыми совет карауды ғой, оның қабылдаған шешімі занды болатын шығар,— деді Әділбек Жолмырза Ережепұлының сөзіне орай.

— Макұл ендеше, занға томпак келмесе бопты,— деді Жолмырза Ережепұлы.— Бірақ мен жөнінде бөтен ойда қалма, мен саған әрқашанда тілекtes адаммын.

— Рахмет... — деді Әділбек.

Диссертация корғау жөніндегі ғылыми советтің ке-зекті мәжілісінде Жолмырза Ережепұлының өтініші қаралып, тілегі қабылданды, диссертантка жана оппонент бекітілді. Институтта оку жылы аяқталып, жүрттын жаппай жазғы демалыска шығатын мезгілі жақындаң қалғандықтан, диссертация корғауға арналған мәжілісті шақыру мерзімін бір жарым айдан әріге үзатпауға (егер оған үлгермесе, күзге қалдыруға) үйғарым жасалып, корғаудың накты күні, сағаты белгіленді.

### XIII

Бәрі де үлгірді. Әділбектің кандидаттық диссертациясы талқыға түсетін ғылыми совет мәжілісі үйарылған үақытында — келісілген күні мен қөрсетілген сағатында ашылды.

Диссертация корғау ісіне байланысты түрлі ғылымдардың басын қосып, институт жаңынан құрылған бұл ғылыми совет біреу болғандықтан, оның құрамы да үлкен, мүшелерінің мамандықтары да әр алуан еді. Сол себепті, советте филологиядан диссертация қорғалғанда, оған тарихшылар, математиктер, биологтар, ал бұлардың пәндерінен диссертация қорғалғанда, оған филологтар дауыс берे береді. Сонда олар шындыққа көздері жетіп, ақиқатқа жүргіне ме, жок әлде, жалпы дүрмекке ілесе ме, оны өздері ғана біледі. Ал, диссертация корғаушы өзіне дауыс берушінің мамандығы басқалығын әсте ойламайды. Ол үшін ең керегі: дауыс берудің корытындысы жақсы бол шықса болғаны. Әділбек ғылыми совет мүшелерінің филологтардан басқаларын сырттарынан ғана танитын, ал олар бұл жас жігіті мүлде білмеулері де ықтимал. Қайсыбірі мұнын диссертациясын оқымақ түгіл, мүмкін авторефератын да қолдарына ұстамаған шығар. Бірақ ғылыми советтің мүшесі болған соң, мәселені шешуге дауыс береді. Сонда «қарсымын» деген сөзді сыза ма, «жақпын» деген сөзді өшіре ме?

Әділбек бұл жайлардың бірін де ойна алған жок. Ғылыми совет председателі, институт ректоры, профессор Ақжанов: «Толық кворум бар, жұмысымызды бастауға болады, совет мүшелерінен екі адам ғана жок, біреуі наукастанып қалғандықтан келе алмады, екіншісі командировкада», — деп хабарлағанда, Әділбек ғылыми совет мүшелерінің мәжіліске түгелге дерлік келіп отыр ғанына қуанды. Қоңіліне бір толқын кірген сияктанды, саусақтарының ұшы сәл дірілдегенін сезді. Бірақ бұл толқуы аздан кейін басылды.

Диссертация корғаудың рәсімі бойынша әуелі ғылыми секретарьға сөз беріліп, ол диссертанттың өмірбаяны мен енбек жолының мағлұматтарын баяндауға кірісе беріп еді. Осы мезетте есік ашылып, залға Қожағали Сенбинович кірді.

Президиум столында отырған профессор Ақжанов оған жылы жүзбен басын иіп амандастып, колын ілгері

созып, жоғары қарай өтуін сұрап бөлгі етіп еді, Қожағали Сенбинович мойнын бүрмастан, өңі сұрланып, деңесін тік ұстап, аяғын нығарлай басып, алдыңғы қатардың шет жағындағы бос орындыққа келіп жайғасты. Ол отыра бергенде, он жағындағы томпак көз, жылтыр шеке, бұған басын изендеп амандастып, Қожағали Сенбиновичтің таяқ секілді ұстата салған қолын жалпылдал қысты.

Професор Қожағали Сенбинович бұл ғылыми советтің мүшесі емес-тін. Есіктен ызгарланып кіргеніне, сұстанған түріне, түйілген қабағына қарағанда, оның мына мәжіліске жақсы ниетпен келмегенін Әділбек ішінен сезді. Қожағали Сенбинович мұның диссертация қорғауына қандай кедергі жасауы мүмкін? Ол ғылыми советтің мүшесі болмағандықтан, мәселені күн тәртібінен алдырып тастауға ол, әрине, үсінис енгізе алмайды. Бірақ наразылық білдіріп, дау айтуға какысы бар. Сонда, қамшыны қалай үйірер екен? Диссертациядан теориялық қате таба ма, әлде саясі ақау іздей ме? Немесе диссертанттың моральдық бейнесіне мін таға ма? Не дейтінін өзі біледі. Мейлі, сілтесін наизасын, боратсын оғын. Біздің жігітіміз де әлінің келгенінше қорғанып көреді.

Әділбек енді Қожағали Сенбиновичтің қай нысананы қаруылға алып отырғанын ойламауға тырысты. Өзіне қарсы үлкен бір шабуылдың болатынын сезіп, өзін-өзі демеп, соған ішінен әзірленді.

— Диссертацияның қандай проблемаға арналғанын, зерттеген, шешкен мәселелерін қысқаша түжырымдап, баяндау үшін диссиденттің сөз беріледі,— деп хабарлады ғылыми советтің председателі.

Әділбектің диссертациялық жұмысының тақырыбы қазақ халық ауыз әдебиетіндегі аңыздық прозаның жанрлық ерекшеліктері қақында болатын. Бұл — қазақ фольклортану ғылымында бұрын тыңғызықты тексерілмей келген, әрі соңы, әрі қызықты мәселенің бірі еді. Ен алдымен, аңыздық проза дегеніміздің өзі не, оның сипаттары қандай? Ежелгі гректердің ғажайып ақыл-санасы тудырғандай керемет мифтер қазақ жүртінда бар ма? Егер бар болса, кәдімті хикая мен аңыздан айырмашылығы несінде? Қазақ фольклорындағы миф өзге халықтар мифіне қандай сипатымен ұксас келеді? Қандай ерекшелігімен дараланады? Жеке-жеке жараган көне мифтердің шоғырланып, жүйеленіп, дами келе көркем

шығармаға айналуы сықылды ежелгі грек, рим, ўнди, қытай әпсаналарына тән құбылыс қазақ ауыз әдебиетінде неге етек жая алмаған? Мұның себебі неде?

Әділбек әуелі осы тақылетті саудалдарды алға тартып, сөзін үйреншікті қалыптан өзгешелеу бастады. Соңан соң әр сұраққа рет-ретімен тоқталып, пікірін таратып сөйледі.

— Қазақ халқының атадан балаға мирас боп ежелден айтылып келе жаткан, сонау ерте замандардан бергі көшпелі ел түрмисынан ғажайып сырлар. ұқтыратын, аныз-әңгімелер деп аталатын, қара сөз — проза улгісінде жасалған ұланғайыр мол, аса бай қазынасы бар. Тұтас алғанда бәрінін оқиға өрімі мен сыртқы мәнері үқсас секілді көрінгенмен, үңіліп жіті зерттегендеге, айрымашылыктары, бірінен-бірін өзгеше етіп танытатын ерекше белгілері көзге айқын түседі. Бір алуан әңгіме төбемізде төңкерілген көк аспаның, жұлдыздардың, жермен судың неден жааралғанын, таулар мен ормандардың, адамның, аң мен құстың, неше алуан мақұлықтардың қалай пайда болғанын, наизағайды жарқылдатып, исрафильді соктыратын, селді қаптататын қандай құдіреттер екенін таң-тамаша етіп баяндайды. Халықтың ақыл-санасының сәби кезіндегі түсініктері тудырған, тіпті көнедегі бұл әңгімелерді — мифтер деп ажыратса қайтер? Ендігі бір жүйе әңгіме адам баласына әр кезде жауыздық жасап жүретін жеzтырнак, алbastы, шайтан секілді қаскөй күш иелерінің небір сиккырлықтары туралы айтып кете-ді. Халықтың ескі наным-сеніміне байланысты туған бұл алуандас әңгімелерді бір топтап, хикая десе болар. Қелесі бір сала әңгіме ел басынан өткен оқиғалар жайынан, іә, белгілі бір мекеннің, қоныстың, жер-судың ше-жіресі қақынан, немесе жаудың сағын сындырған ба-тыр, жүртқа ақылымен тірек болған дана сияқты атақты адамдар турасынан тамсандырып, сыр шертеді. Халықтың тарихынан, нақты өмірден алынған ерен жайларды еліктіре толғайтын бұл әңгімелерді — аңыздар деп атаса жаарар.

Әділбек қазактың аңыз-әңгімелерін диссертацияда осындай жүйемен саралап жіктегенін, аңыздық проза-ның әр түрлінің сипатын анықтауда салыстыра зерттеу әдісімен қалай талдау жүргізіп, қандай байламдар жа-сағанын байсалды баяндап шықты. Түйген тұжырымда-рын тиянақтап дәлелдеу үшін көне елдер ауыз әдебиетін

казак аныз-әнгімелерімен салыстырып, тартымды мол мысалдар келтірді. Ежелгі грек, үнді, араб халықтарының байтақ мәдени мұхитына да сұнгіді. Сонау, онтүстік Америка мен Австралияны мекендеген байыргы жүрттардың сез казынасынан да қызықты. айфактар тапты. Қазақтармен тілдері төркіндес түркі халықтарының тарихи шежірелеріне, шығысты зерттеуші әйгілі ғұламалардың еңбектеріне бойлап, үлкен оқымыстылардың ойларына өз пікірін қисынды сабактап отырды. Әдетте диссертация қорғаушылар өзі зерттеген мәселеге қатысы бар алуан ғылыми жұмыстарды санап, тақырып-ка сәл-пәл жанаасып кететіндерін де қалдыrmай есепке алып, бірақ еш біреуіне баға бермей, сөзінің бірінші бөлігінде бәрін түгел жіпке тізіп атап өтетүғын еді. Әділбек өйткен жок. Зерттеген тақырыбына байланысты, өзі қажетті деп есептеген кейбір еңбектерге, олардың авторларымен пікір жарыстыратын тұстарына ғана токталды. Сөзін тамамдауы да қалыптағыдан өзгешерек болды.

— Диссертациям алдарыңызда жәтүр. Қемшіліктері аз емес шығар. Мінін көбірек көрсетіп сөйлесеніздер, мұның өзі жұмыстың авторына тек пайда келтіретін көмек болар еді. Сіздерден сын күтемін,— деді.

Диссиденттің тақырыбы бойынша екі-үш сұрау қойылды. Әділбек бұларға қыскаша тұжырып, орныкты жауап қайтарды.

— Тағы да кімде қандай сауал бар? — деді советтің председателі.

. Ешкім қол көтермеді.

— Сауал жоқ па?

— Менің сұрағым бар! — деді Қожағали Сенбинович. Әділбекке жактырмagan кабақпен қарап, зілі бар үнмен сұрак берді.— Ең алдымен мынаған жауап қайыр: диссертациянда ашқан жаңалығын қайсы? Екінші сұрағым: қазак фольклоры мәсслелерін сенен бұрын да зерттеген қазак ғалымдары бар, бүгінгі сөзінде солардың кейбіреуінің еңбектерін қасақана атамай кетуінің себебі не? Үшінші сұрағым: қазакта мифтер туған дейсін, олай болса, қазақтың Антейі мен Гераклының, Зевсі мен Прометейінің қаншасын өзің іздел таптын?

Қожағали Сенбинович Әділбекті қайткенде де мұкату мақсатымен сұрауларын әдейі қызыр, қойып отырса да, бірақ кәзқарасы диссиденттың пікіріне қарама-қайыш екендігі сол сауалдарының мазмұнынан аңғарылғандай

еді. Әділбек үкты мұны. Сонда да қыңыр сұраққа қияс-танбай, сабырмен түзу жауап қайтаруға тырысты:

— Құрметті Қожағали Сенбинович, мен өзіме берілген уақыт ішінде сөйлеген сөзімде диссертацияның мак-сатын, зерттеу жұмысының жүйесін, мәселелерді қай тұрғыдан тексеріп, қандай корытындылар жасағанымды, соны деп санаған ойларымды хал-қадерімше баяндап айттым. Қалай тындалп отырғаныңызды білмеймін. Пі-кірлерімнің жақалығы бар ма, жоқ па, ол жағына өзім төрелік ете алмаймын. Бірінші сауалыңызға жауабым осы. Ал, екінші сауалыңызға байланысты былай дегім келеді: Мен сөзімде тақырыбыма тікелей катысы бар зерттеулерге ғана тоқталдым, заты фольклор жөнінде жазылған жұмыстардың бәрін тізіп айтып жатуды артық болар деп ойладым. Мүмкін, соным теріс шығар, әйтпесе біреуді әдейі атамай кетейін деген ойым болған жоқ. («Кулануын кара!» — деп кекетті Қожағали Сенбинович). Енді үшінші сұрағыңызға жауап берейін. Ежелгі грек әңгімелерінде сипатталатын жер перзенті алып Антей, жойқын күш иесі Геракл, бүкіл әлемге би-шігін үйіретін қаһарлық көк әміршісі Зевс, адам үшін аспаннан от ұрлайтын Прометей, немесе дүниені талық ету қолынан келетін соғыс құдайы Марс тақылетті ғажайып мифтік қаһармандар қазақ аңыздарында ұшыраспайтыны рас. Бірак... («Ендеши, мифтік қаһармандар кездеспесе, қазакта қалайша миф болмак?» — деп Әділбектің сөзін бөлді Қожағали Сенбинович). Бірак, жараду тегі жағынан сол көне грек мифтеріне үқсайтын таңғажайып әңгімелер қазакта бар. Мәселен, тауды сүйрейтін Толағай батыр, жер бетінде жасаған қылмысынан қорқып, аспанға қашып, жұлдызға айналатын жетіқарақшы, қараулығы үшін жаза көріп, суыр бол кететін саран бай секілді талай әңгімелер сипатынан осы ұқсастықтың анық белгілерін көреміз...

— Бұл әңгімелер мифке жатпайды, олар ертегілері — деп Қожағали Сенбинович тағы да сөзді бөлді. — Дәле-лің — дәлел емес, айтып тұрғаның — әшейін бос сөз!

— Қожағали Сенбинович, диссертанттың сөзін бөле бермеуінізді сұраймын, ойын толық айтып шығуына мүмкіндік берініз. Келіспейтін жерініз, қарсылығының болса, артынан өзіңіз сөйлегенде айтыңыз, — деп совет председателі профессор Ақжанов оған ескерту жасады. Әділбекке қарап: — сөзінізді жалғай берініз, — деді.

Амалсыз бөгеліп, ойы бөлінген соң аздап ыңғайсыз-

Данған Әділбек, бет орамалымен жіпсіген мандайын сүртіп, үзілген сөзін қайтадан сабактады.

— Адамзат ақыл-ойының сәби дәуіріндегі өте ерте заманда адамдар жер мен аспанды бір-бірінен ажыратпаған, тұтасып шалқып жаткан бір ғана көк теңіз деп үққан. Адамды табиғаттан бөлектемей, бұл екеуін де бір ғана нәрсе деп түсінген. Сол ұғымдарына сәйкес, көктің, жұлдыздардың, судың жаралуы, адамның пайдә болуы, жаратылыстың және басқа құбылыстары жайында ғажайып әңгімелер тудырган. Бұлардың бәріне өздері шын деп сенген. Сәбилік сана біртіндеп дами келе, адам енді табиғаттан, басқа тіршілік иелерінен өзінің ерекшелігін түсіне бастайды. Сол айырмашылықтардың себебін іздең, өз ұғымынша түсіндіруге әрекеттегенді. Осылайша жұмбак құбылыстардың сырын баяндайтын тағы да ғаламат әңгімелер тудырады. Бұларда айылатын жайларға да кәміл иланады. Ежелгі мифтердің осындағы сипаттары тек гректердің ғана емес, өзге жүрттардың, соның қатарында казақ халқының да, көне аңыз-әңгімелеріне тән деп айта аламыз. Бірақ ежелгі грек мифтері онан әрі дамып, ұлғайып, көркемдік әсеркуаты зорая түскен. Мифтің қаһармандары іріленіп, жаратушы құдірет иелеріне — құдайларға айналады. Ал, ол құдайлар кәдімгі жер басып жүрген адамдарша бір-біріне өшігеді, жауласады, өзіне қарсылық көрсеткендерді жазалау үшін түрлі апат жібереді. Грек мифтерінің мұндай жоғары сатыға көтерілуі ежелгі Грецияда құл иеленуші мемлекеттің пайда болуымен, оның тәртіпперімен тығыз байланысты. Құл иеленуші мемлекет билеушілерінің қолындағы әмір-құдірет миф қаһармандарына қөшірілгенін байқаймыз. Ал, өздерініз де тарихтан жақсы білесіздер, казақ халқының этникалық құрамына енген тайпалардың құл иеленушілік мемлекеті болмаған, олар алғашқы рулық қауымнан феодалдық қоғамға бірден өткен. Міне, сондықтан, әлемнің, табиғаттың, тіршілік иелерінің жаралуы жайында олардың есте жоқ өте заманда тудырган таңғажайып әңгімелері грек мифтеріндегі даму сатысынан өте алмаған, көркем мифология деңгейіне көтерілмей қалған. Оның көркемдік жүйеге түсіп дамуына феодалдық қоғамның дін тәртіппері ырық бермеген. Мифке жатқызуға болатын неше алуан ғажайып хикаяларымызды, бұл жанрға жолатпай, тек көне аңыздар деп таңбалай бергеніміздің себебі — осы жайлардың біздің фольклорта-

иу ғылымында күні бүгінге дейін жіті зерттелмей келгендігінің салдарында ғой деп ойлаймын.

Әділбектің диссертациясы талқыға түсіп жатқан ғылыми совет мәжілісіне Ұлбазар да келіп, қатысып отырған болатын. Кожағали Сенбиновичтің койған сұрауларында бір ілгешектер барын ол да аңғарып, қобалжып қалып еді. Әділбек абдырамай, кібіртіктемей, орнықты сейлеп, байыпты жауап қайтарған соң, Ұлбазар ішінен қуанды, бірақ көнілінің қобалжығаны бірден басыла коймады. Диссертация қорғаушының алдында әлі де сын бар. Қім біледі, тағы да біреу қызыр сұрауды әдейі берер. Түйіліп қарсы сөйлеуі де ықтимал. Диссертация қорғалғанда, әрине, сын да болады, айтыс та туады, бұл — занды. Бәрі де адап ниетпен айтылып жатса құба-құп, бірақ аяқтан шалып, әдейі суріндіруді қөздең біреулер де шыға келмесіне кім кепіл? Кожағали Сенбиновичтің қияс сұрауларынан кейін Ұлбазардың ойынан осы құдік тарамады.

Диссиденттың бірінші ресми оппоненті — жасы елупер шамасындағы ғылым докторы сөйлеген кезде Ұлбазар оның сөзін жүрексінген сезіммен тым-тырыс отырып тыңдады. Оппонент Әділбектің ғылыми жұмысының тақырыбы сонылығын, диссертацияда әдебиеттің келелі мәселесі байсалды зерттелгенін, жас маманың жана ізденистері, тын тұжырымдары маңызды екендігін сипаттап айтқан тұста, Ұлбазардың көзіне қуанғаннан жас келіп, біртүрлі толқыды. Диссертацияның ғылыми дәрежесіне жоғары баға беріп тұрған ресми оппоненттің сөзін өзгелер қалай тыңдал отыр екен деп, ақырынғана мойнын бұрып, оң жағына жанарын аударып еді. Алдындағы столға шынтағын тіреп, қолына басын сүйеп, бір жағына қисайыңқырап отырған толық денелі, қалың бүйра шашты кісіге көзі тұсті. Оның экономика ғылымының докторы және ғылыми съветтің мүшесі екендігін Ұлбазар билетүғын. Кейпіне қарап, ауырып отыр ма деп ойлап қалып еді, бірақ бүйра шашты бір-екі рет, басы төмен түсінкіреп кеткенде, семіз денесі селк етіп, көзін ашып қалып, басын көтеріп, алдына маужырап бір қарады да, соナン соң қайтадан еңкейіп, алақанымен бетін көлегейлеп, майдайын бармағы мен сұқ саусағының қырына сүйеді. Ұлбазар оның қалғып отырғанын түсінди. «Осында үйқтауға келіп пе екен? Үят емес пе мұнысы!» — деп ренжіді ішінен.

Бүйра шаштының ар жағында отырған тағы да бір

адамға Ұлбазардың көзі еріксіз түсті. Шалқасынан қайырған шашы май жаққандай жып-жылтыр, әрі бояғандай қап-қара, көзіне де ылғи кара көзілдірік күй жүретін, дөнес мұрынды, ат жақты бұл кісіні де Ұлбазар билетін еді. Институтта өздеріне биологиядан дәріс берген доцент болатын. Ол үлкен портфелінің аузын ашып, алдына қойып, бірдеме жазып отырды. Сөйлеушілердің өзіне ұнаған қадау-қадау пікірлерін хатқа түсіріп отыр ма, әлде сөзге дайындалып, айтар ойының жоспарын қағазға сыйғаны ма — өзі біледі. Бірақ портфелінің үстінде жатқан, түбі қайырылған дәптерге қайта-қайта көзін аударып, каламының ұшымен түртіп, бір нәрселерді есептеп қояды. Оку жоспары бойынша өзі өткізген сабағының сағаттарын санап отырмаса неғылсын? Эй, солай болар, сірә! Бір жұмыстың үстінде өзінің басқа бір шаруасымен шұғылданып отыратын ғадеті бар еді бұл доценттің.

Бір жағдай Ұлбазардың есіне еріксіз түсіп кетті. Осы доцент курстар емтихан қабылдағанда, үлкен портфеліне бір қағаздарды сықап салып ала келетін де, столдың бетіне емтиханның билеттерін жайғаннан кейін, студенттер сұраптарын алып, әзірленуге отырған соң, қампипан портфелінің аузын ашып, ішіндегі қағаздарын бір шетінен бастап қарауға кірсетін.

Ал қазір ол студенттен емтихан алуға келген жок. Ғылыми советтің мәжілісінде отыр ғой. Диссертация корғалып жатыр, сөйлеушілердің пікірлерін неге зейін қойып тындармайды? Ұлбазар ойлайтын еді: ғылыми совет мүшелері өте талап қойғыш катал адамдар болар, диссертация корғау кезінде мінбеке кім шығып сөйлесе де, оның бір сөзін де қалт жібермей тындал, пікірін таразыға тартып, катаң өлшеп отыратын шығар деп. Біреудің тер төгіп, бейнет кешіп еткен еңбегінің әділ бағасын беріп, тағдырын шешетін кісілердің дәл сондай болғандығы керек те ғой деп, мұны және құп көретүғын. Енді қазір өзге бір шындықты бақылап, күдіктене бастады. Қаралып жатқан мәселеге көніл қоймай, цифр санап, шот қаққан есепшіге ұқсаған мынау доцент, көзін ашып-жұмып қалғып отырған анау бүйра шаш қандай әділ төреші бола алмақ? Рас, көпшіліктің әуенімен әйтекеір кол көтерер, дауыс берер. Ғылыми советтің мүшесі болғандықтан, бұл міндетін жаңылмай орындаиды. Ал, айтыс өршіп, талас туса, ғылыми совет мүшелері екі жарылса, қай жағына қосылады? Ақиқатқа өз

көзі жетпеген соң, колында әділдікті дәл көрсететін таразысы болмаған соң, әрине, жетекке ереді. Соңда оң жаққа емес, теріс жаққа шығып кетпесіне кім кепіл?

Ұлбазар көnlіне секем алды. Дәл осы мезетте тұра сырт жағынан, манадан бері көршісімен күбірлесіп сөйлесіп, мұның қытығына тиіп отырған біреу кеңк етіп күлді. Ұлбазар ұнатпай, бұрылып қарады. Анау жалпак мұрын, бұжыр бет, жуан қара кісі екен, қысылған жок. Ұлбазарға неге қарайсың деп кінәлағандай қабағын түйді. Бұл да бүгінгі диссертация қорғаушы жас маманға ықыласы түзу адам секілді көрінбеді.

Ұлбазар енді олардың ешқайсысына назарын аудармауға тырысты. Екі қолымен екі жағын таянып, тек алдына қарап, ресми оппоненттің сөзіне құлағын салды.

Диссиденттың екі оппоненті, бірі — профессор, бірі — ғылым кандидаты — екеуі де Әділбектің зерттеу жұмысына жақсы баға берді. Диссертациядан өздері байқаған кейбір ақауларды көрсетіп, сын да айтты. Бірақ бұл кемшиліктер — жұмыстың бәсін түсіретін ірі міндер емес, мазмұнға нұқсан келтіріп тұрған теориялық қателіктер деп те айтпаймыз, автордың жастығынан, тәжірибесінің аздығынан кеткен олқылықтар, автор еңбегін баспаға ұсыну үшін қайталап қараганда бұл ескертпелерді ыждағаттап ескеруге тиісті, ал мынау диссертацияның дәрежесі жас маманға филология ғылыминың кандидаты атағын беруге әбден татиды деді.

Ресми оппоненттерден кейін бірінші сөз берілген, диссиденттың ғылыми жетекшісі — профессор Сәду Аманбеков қысқа сөйледі. Диссертация туралы толық пікірімді ғылыми советке жазып тапсырғанмын, сондықтан ондағы сөздерімді қайталамаймыň деп, Әділбектің іскерлігі, табандылығы, жауапкершілікті терең сезінүі, өзіне үлкен талап қоя білетіндігі секілді касиеттеріне ерекше сүйсінетіндігін айтып, оның азаматтық бейнесіне онды мінездеме берді. Оナン соң екі адам сөз алып, олар да Әділбектің диссертациясын елеулі соны зерттеу деп бағалады. Ұлбазар бәрінің сезін толқып тындалды.

— Маган сез берініз!

Даусы зілді естілген Қожағали Сенбиновичке Ұлбазар сезіктене қарады. Анау өрт сөндірген адамдай өңі күреңіте қабарып, мінбеге қарай қабағын түйіп беттегенде, әйелдің жүрегі бір түрлі сүйлдады.

Қожағали Сенбинович әуелі өзінің алдында сөйле-

гендерді майырып тастағысы келгендей, бірден соларға тиісі сөйледі:

— Манадан бері, жерден жеті қоян тапқандай, бір дүмбіlez нәрсені жер-қекке сыйғызбай мақтап жатырсындар. Бұл не? Ғылым сөзі деп ойлаймысындар осыны? Бәріңің оқымысты деген дардай аттарың бар, қара сұлышы бидайдан, курмекті күріштен калай ажыратпайсындар? Әлде, асқа салатын түздың да аңы дәмін сезбейтін халге жетіп, сезімдерің сөніп қалған ба?

— Қожаали Сенбинович, жұрттың бәрін жазғырмасаңызы! Сыпайрақ сөйлегеніңіз жөн болар еді,— деп ескертті советтің председателі.

— Профессор Ақжанов, сезімді бөлмеуінізді сұраймын. Мен осы мәжіліске колым бос болып, еріккеннен келген жоқпын, ғылымның мүддесін ойладап келдім. Осы күні ғалым атағына ие болудың пайдалы екенін түсініп, ғылымды тәніректеген жолбикелер көбейіп алды. Және есіктен сығалайды да, бірдән төрге шығуға үмтүлады. Мұрындарына ғылымның ісі де бармайтынында шаруасы жок. Сондайлардың біріне бүгін, міне, диссертация корғатып отырсындар. Эдеби жұртшылыққа есімі мұлде беймағлұм, көктен түсе қалғандай, файыптан пайда болған біреу, әлдекімдердің желкілдетіп көтермелуеімен, оп-опай ғалым атанип шыға келмек!

— Сіз диссиденттың ар-намысына тіл тигізбей сөйлеңіз,— деді профессор Сәду Аманбеков Қожаали Сенбиновичтің шаншу сөзін теріс көріп.

— Мен аңы шындықты айтЫП тұрмын. Ал аңы шындықты мәймәнкелеп айтуға болмайды, жолдас Аманбеков. Сын түзелмей, мін түзелмейді!

— Сын айтқанынызға кім қарсы? Бірақ әділ сөйлеңіз, жас адамды сәкпеніз. Диссертациясы ұнамаса, исесі ұнамағанын, қатесін көрсетініз, дәлелденіз, бет алды күйе жақпаңыз!

— Асылпаныз! Дәлелдеу керек болса, дәлелдеймін қазір. Ең алдымен, диссертацияның тақырыбы — арнайы зерттеуге жарамайтын тақырып. Бұл — бір. Екіншіден, мұндағы сөз болатын жайлар бізде егжей-тегжейлі зерттелген, бұл жөнінде қорғалған төрт диссертация бар. Ушіншіден, диссертация авторының ұстанған концепциясы теріс. Мәселен, Азияның Сарыаркасын жайлаған, мал баққан бүрінғы көшпенди казактардың тіршілігі мен шаһар тұрғызыған ежелгі гректердің, мекені сонау Эгей теңізінің арғы бетіндегі Балкан түбегінде,

жер түбінде жатқан жұрттың тұрмысы арасынан туыс-  
тық іздейді. Кісі күлерлік нәрсе, күр долбар! Қөлемі екі  
жұз беттік осы диссертацияда қөңілге қонағын бір мән-  
ді пікір жок...

Кожагали Сенбинович түйіліп, ашулы үнмен сөйле-  
ді. Әділбектің зерттеу жұмысын бастаң-аяқ бірыңғай  
мансықтады. Автордың өз пікірін дәлелдеу үшін кел-  
тірген мысалдарын, соныға санап түйген ойларын қате  
деп, кей тұста бұдан да қаттырақ кетіп, сандырақ деп,  
қара нөсерше наизағайын шатырлатып шуйілді. «Фы-  
леми жетекшісі, сірә, шау тартып қалған болу керек,  
диссиденттә де кекетіп, «садағаң кетейіндегі» деп мысқыл-  
лады. «Диссертация авторы мына зерттеусымағында  
казак ауыз әдебиетін тексерген бірталай белгілі ғалым-  
дардың есімін әдейі ауызға алмайды, өзінің ұнататын  
кіслерінің ғана еңбектерін атайды, бұлай алалап қара-  
ғаны жүректің тазалығын көрсетпейді», — деп жас ма-  
маннын арына да ауыр мін такты.

Залдағыларда үн жок. Кожагали Сенбиновичтің се-  
зін жым-жырт тыңдал қалған. Ұлбазар көзінің қызығы-  
мен байқады: қалғып отырған бүйра шашты профес-  
сордың да үйқысы ашылып, дөнес мұрынды, қара  
көзілдірікті доцент те жазып отырған қағазын қоя са-  
лып, екеуі де алдарына қарай еміне түсіп, Кожагали  
Сенбиновичтің аузына құлақтарын тосып қалыпты.  
Онын бураша шабынып, диссертация корғаушы жас  
жігітті кеудесімен бір-ақ соғып құлатып, тізесімен жа-  
ныштап тастағысы кеп, өршелене түтігіп сөйлегеніне  
штерінен таңданғандай ма, әлде жактап, құптап, сүй-  
сініп отыр ма? Ұлбазар айыра алмады.

Кожагали Сенбинович түсін бұрынғысынан бетер  
сүтіп, сөзінің соңын зілді қайырды:

— Ғылымға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын  
осындаидыбылдыракты ғылыми советтің диссертацияға  
санап, оны корғауға ұсынғанына таңданамын. Ілкіде  
йтқанымды жинақтай келіп, тұжырарым мынау: дис-  
сертацияның дәрежесі жоғарғы аттестациялық комис-  
сияның биік талабына жауап бермейді, ал оның авторы  
оған ғылыми атак беруге лайық емес!

Залдағылар тым-тырыс отырып қалды.

— Диссертация туралы тағы да кім сөйлейді? — де-

ді мәжілісті басқаруши профессор Ақжанов залға қарал.

Ешкім қол көтермеді.

— Фылыми совет мүшелері, сәйленіздер! Профессор Қожағали Сенбиновичтің жаңағы тұжырымына қалай қарайсыздар? Айтыңыздар пікірлерінізді. Жас адамның тер төгіп еткен енбегінің тағдырын шешкелі отырмыз, киянат болмасын, ақиқатқа көз жеткізейік. Өтінемін, сәйленіздер, жолдастар! — деді Ақжанов.

Ешқайсысы орнынан көтерілмеді.

— Сейлеуші жоқ па?

— Маған рұксат етінізші! — деп сөз сұрады профессор Сәду Аманбеков.

Профессор Сәду Аманбеков мінбеге шыққан жок, Қожағали Сенбиновичке бүкіл денесімен бұрылып, оның бетіне тұра қарал, орнында тұрып сәйледі. Салмақты, бірақ қатқылдау үнмен тік сәйледі.

— Сіз, Қожағали Сенбинович, осы мәжіліске ғылымның мүддесін ойлап, ғылымға жаңым ашып келдім дедіңіз. Бекер оныңыз! Бүгінгі диссертация қорғаушы жігіт, сіз сөккендей, ғылыми меңеменің жабығынан сығалап жүрген әлдекім емес, алдына ірі максат қойған, тұтқан айқын мұраты бар талапты жас. Баспасөз бетінде жарық қөрген, әдеби қауымның назарын аударған бірнеше ғылыми макаласы бар, оларды қөрмесеніз, оқымасаныз, бұған автор кінәлі емес. Біздің сенім артар, үміт етер келешегіміз — міне, осы Әділбек Омаров се-кілді талантты жастар. Ғылыммызың болашағы осылар.

— Бір данышпан тапқан екенсің-ау! Сөзіңнен садаға кетейін сенің! — деп кекетті Қожағали Сенбинович.

— Ал сіз желкілдеген жас құракты қөктей орып тастағыңыз келеді. Мұныңыз ғылымның мүддесін ойлағандығыңыз емес. Тіпті, ғылымға жасап отырған қастығыңыз деп айтуға аузым барады.

— Тарта сөйле тілінді! — деді Қожағали Сенбинович ашу шақырып.

— Қызынбаның, Қожағали Сенбинович! Терістігіңізді бетке айтамын! Ғылымның табалдырығына жаңа ға на қадам басқан жас адамды қамшымен басқа-көзге төпелеп үрғандай ғып, кекеп-мұқап, сөгіп сөйлегеніңізді мен өктем зорлық деп, нағыз киянат деп есептеймін! Профессор деген атағы бар ғалымға және жер ортасына жасы келген кісіге бұл өте лайықсыз мінез! Бірақ,

есінізде болсын, әділдіктің қисаймайтын таразысы бар.

— Әділдік құдайы Фемида сен емессің, ақылгейсіме өйтіп!— деді Қожағали Сенбинович шытынап.

— Сабаныздан аспаңыз, Қожағали Сенбинович! Және бір жайды ескертейін: мен сіздің шүйілген сезінізге диссертант үшін жауап берейін деп тұрған жоқпын. Оның енбегін мансұқ еткен пікірініздің дәлелсіздігін, теориялық тиянағы жоқтығын талдап тұрып көрсетуіме болар еді, бірақ оны жасамаймын, өз аспирантыма олай араша түспеймін, аузына сөз салмаймын. Шабуылдан өзі де қорғана алады. Қезелген наизаға кеудесін қарсы тосып, сізben жекпе-жекке шығуға дәті барады. Қаруы — білімі. Мен оның біліміне сенемін!

Профессор Сәду Аманбеков осылай деп, орнына кайтадан отыра беріп, оң жағына басын сәл бұрып қарағанда, Ұлбазарға көзі түсті. Әйелдің өні қашып, қатты қобалжып отырғанын байқап, «урейленбе, бәрі де ойдағыдай жақсы болады» дегендей, жүзін жылтып, қабағын көтеріп, белгі етті. Ұлбазар ұғып, куанып калды.

— Тағы да кімде қандай пікір бар? Кім сөйлейді? Сөйлеуші бар ма?— Ғылыми совет председателі залға карап, үш кайтара сауал берді.

— Алты-жеті адам сөйлемді, жетер солар! Түсінікті болды ғой бәрі де!

— Баска ұсыныс жок па? Ендеше, реєсми һәм реєсмі емес оппоненттерінің сезінен, олардың айтқан сын-пікірлеріне жауап кайтаруы үшін диссертантқа сөз берейік.

Әділбек мінбеге көтерілгенде, Ұлбазар оның кескіні қуқылданып, өнінің рені ағарыңқы тартып тұрғанын байқады. Сөзін бастарында Әділбек сәл кібіртіккеді. Даусынан да діріл сезілді. Қатты толкудың әсері ғой. ойынан жаңылып, пікірінен кате жіберіп алмаса жарап еді! Ұлбазар қобалжи түсті.

Бірақ Әділбек ойның желісінен адасқан жок. Кішкенеден соң даусынан діріл жоғалып, толқыған көңлілін билеп, сабырлы қалыпқа түсіп, еркін жазылып, сөйлей бастады. Бүгінгі осы мәжілісте өзінің жұпымын енбегін талқылауға қатысқан, пікір айтқан ғалымдарға ізет көрсетіп, оларға ең әуелі өз жүргегінің адал алғысын білдірді. Сонаң соң сөйлеушілердің сөздерінде айтылған сындар мен тілектерге жүйемен жауап қайтаруға көшті. Ең алдымен реєсми оппоненттерінің сын-ескертпелеріне тоқталып, бұларды негізінен құп алатындығын, такы-

рыпка байланысты зерттеу жұмысын әрі қарай ұластыру барысында бұл сындарды мүкият ескеретіндігін айтып, сонымен қатар, олардың кейбір пікірлеріне қеліспей, қарсы ғылыми дауға барып, өз ойын кең таратып дәнделдеді.

Ұлбазар оның сөзінің жүйесіне және өзін бірқалыпты салмақты ұстап сөйлеп түрғанына қуанып, «бұлар қалай ойлап отыр екен» дегендей, Әділбектің ресми оппоненттеріне көзін салып еді, ол екеуі де диссертантқа жылы жүзбен қарап (біріншісі сәл құлімсіреп), Әділбектің пікірін ықыласпен тыңдал отырганын көрді. «Бекер кобалжи бермейінші, бәрі де дұрыс болар!» — деп ойлады Ұлбазар.

Әділбек Қожағали Сенбиновичтің диссертацияны бастан-аяқ мансұктап мінеген зілді сөзіне жауап айтқанда, профессордың ашулы сесінен қаймырып абырашай, сасқалақтамай, сабырлы қалпын сактап, орнықты сөйледі.

— Құрметті, Қожағали Сенбинович, сіздің сөзіңізге жауап қайырап алдында сізге бірер сұрақ қоюма рұқсат етіңіз! — деп әуелі сыпайы сауал берді. — Сіз диссертацияның тақырыбы — арнайы зерттеуге жарамайтын тақырып деп айып тақтының да, осы айтканыңызға іле-шала: «Бұл тақырып бізде егжей-тегжейлі зерттелген» дедініз. Осы екі сөзінің біріне-бірі кайши емес пе? Соңан соң, бұл тақырып бойынша қорғалған төрт диссертация бар дедініз. Қашан жазылып, қашан қорғалғаны әдеби жүртшылыққа беймағлұм бұл қандай диссертациялар? Әлде, жасырын жазылып, құпия қорғалған ба?

— Мен саған есеп бермеймін! — деп зірк ете түсті Қожағали Сенбинович.

— Сен, шырағым, мұндай котыр сұрагынды кой! — деп, оған томпак көзді, жылтыр шеке қосарланды.

Әділбек әлгі сауалын, Қожағали Сенбиновичті жүрт алдында мысқыл етейін деп, қасақана қоймаған. Сауалында кекесін жок еді. Ешкандай кулықсыз, басына келген шын ойы болатын. Қайсыбір ғылым саласында зерттеу объектісі жүртқа жария етілмей, ол туралы баспасөзде жазылмай, құпия ұсталатынын билетін-ді. Сондай бір жағдай әдебиет зерттеу ісінде де болуы мүмкін шығар деп ойлап қалған. Әділбек өз сөзін анау скеуінің керісінше үкқанын анғарып, ойының адалдығын түсіндіргісі келіп бір окталды да, қайтадан тартын-

ды. Бұл жерде актала сөйлеудің керегі бар ма? Жазықты адамдай күystанғаны жөн болмас.

Әділбек Қожағали Сенбиновичке қойған сауалына әзі жауап іздеді.

— Құрметті, профессор, егер менің шұғылданған тақырыбым сіз айтқандай, арнайы зерттеуге татымайды деп саналып келген болса, оның бүрын егжей-тегжейлі зерттелуі де мүмкін емес қой. Бірінші пікірізді екінші сөзіңіз жокқа шығарып тұр емес пе? Мен осылай ойлаймын. Ал, бұл тақырып бойынша қорғалған төрт диссертация бар деп айтқаныңыз ақиқатқа сай келмейді. Рас, теңсерген мәселесін жалпы алып қарағанда, кейбір еңбектер біздің тақырыбымызға жанасады. Бұл ретте үш зерттеуді — қазактың ертегілері жөнінде, тұрмыс-салт жырлары турасында және тарихи өлендер қақында жазылған диссертацияларды жұмысымыздың кіріспе тарауында атап айтқаңбыз. Зерттеген проблемалары басқа-басқа болғандыктан, бұл еңбектер біздің тақырыбымызға қатысты жол-жөнекей ғана және жалпылама шолу түрінде ғана сөз етіледі. Қазақ азыз-әнгімелерінің жанрлық сипаты осы уақытқа дейін арнайы зерттелген емес. Сол соны тақырыпты қалап, өзімнің хал-қадарымша жұмыс жасадым. Құрметті Қожағали Сенбинович, менің диссертациямды қалай мансұктасаныз да мейлініз, бірақ арнайы зерттеуге лайыкты емес деп тақырыпты кемсітпеніз, мұныңыз халқымыздың байлуыз әдебиетінің, азыз-әнгімелер сыйылды, өте мол, әрі аса қызықты бір саласын бағаламағандық болады,— деді.

Қожағали Сенбиновичтің Әділбекті әсіресе күйіндірлен бір сезі — диссиденттің зерттеу әдісі теріс деп жазғырганы сіді. Бұл пікірге бақсақ, жас маманың осы диссертацияны жазу үшін жұмсаған барлық күші, ежелгі халық қазынасы мен ескі тарихтарға сұнгіп, көне шежіреден ерте заман деректерін бейнеттеніп іздегені — бәрі де зия кеткен еңбек болады. Ал өзі алыстан бұлдыраған сағымды шалқар көл деп дәмеленген, акқұлақке түсіп жүрген әумесер біреу бол шығады. Қандай жаман атак! Қожағали Сенбинович Әділбекті жек көргендіктен, бұл айыпты оған әдейі танып тұр ма, әлде, өзінің түсінігі солай ма? Әдейі айтып тұрган болса, атағымен, беделімен бұқтырамын дегені ғой. Ал қасақана шүйілу емес, түсінігінің өзі солай болса ше?!

Әділбектің басына осы екі ой қабаттаса келді дс,

екеуіне жауабын бірдей етіп үстауға тырысты.

— Қазактың көне аңыздарын ежелгі грек хикаяларымен салыстырып тексергенімді кате деп таңба бастыныз. Сондағы жалғыз дәлелініз: казақ елі мен грек жұрты мекендерінің бірі Азияда, бірі Батыс Еуропада — бірінен-бірі жырақ екі қыырда жатқандығы. Бұл арада, құрметті Қожагали Сенбінович, біздің пікірімізді сіз теріс үғынғансыз ғой деп ойлаймын. Мен екі халықтың аңыздарын тарихи-типологиялық түргыдан салыстырым. Мұны байқамағаның қалай? Қазіргі жетілген халықтардың қай-қайсысы да өз дамуының бүгінгі биік тұғырына бірден көтерілмеген, соған шыкқанша басып өткен баспалдактары бар емес пе? Нәрестенің бір қунде үлкен азамат бол шыға келмейтіні белгілі, олар әуелі енбектейді, сонсон тәй-тәй тұрады, сонан кейін ғана талпынып журе бастайды. Олардың сәбін кезіндегі физиологиялық дамуының сол біртекті қалпына сәйкес, түсіну, сезу, тану секілді ақыл-санда қасиеттері де үқсас болады. Осы құбылыс халықтардың эволюциялық даму жолына да тән. Яғни, эволюциялық дамудың бір халық басып өткен баспалдағын екінші халық та басып өтеді. Олардың да, міне, сол деңгейлері бірдей белгілі бір сатыда тұрган кездеріндегі түсінігі, дүниені, табиғат сырларын үфуы, ойлау қабілеті үқсас келеді. Бірақ коршаған ортаның және ішкі-сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты бір халық ол сатыдан ертерек аттаса, ал, екінші бір халық кешеуілдеп, кенже-леп қалғанын білеміз. Тіпті, қазіргі жиырмасыныш ғасырдың өзінде, дамыған елдер ғарышка адам үшырып, айға ракета кондырып жатқан керемет заманда, осы ғаламаттардан мүлде бейхабар болып, алғашқы қауымдық қоғам кезіндегі күйінде дамымай қалып қойған, мәселен, Оңтүстік Американың меніреу түкпірін жайлаған, лыпасыз жүретін тупар тайпасы сықылды жабайы жүрттар әлі де бар. Екі атаға бөлініп, үлкен екі шатырды ғана баспана етіп, жерошаққа от жағып, садақпен, тұзакпен аң аулап, жабайы тіршілік жасап отырған сол тағы тайпаның да ойын, арманын білдіретін, көnlін жұбататын аныз-әңгімелері, ертегілері, салт жырлары бар. Бұлардың осы творчествосына салыстыра тексеру арқылы біз казақ фольклорының талай көне үлгілері адамзат қоғамы дамуының қай дәүірінде жарапғанын түспалдай аламыз. Тарихи-типологиялық зерттеу әдісінің маңыздылығы осында. Профессор Қожагали Сенби-

новичтің менің осы әдіске сүйенгенімді теріс деп жазыған пікірін, сондыктан, дұрыс деп санай алмаймын,— деді.

Әділбек ойын шашыратпау үшін Қожағали Сенбиновичтің таққан айыптарына, ол сөйлеп тұрганда өзінін қағазға жазып алып отырған ретімен, профессордың сөзінің желісін қуалай жауап қайтарды. Жасқаншақтап жалтарудың амалым іздемей, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеуге кисынды айғақтар тауып, ойларын түзу өрбітті. Үтқыр келтірген мысалдарымен Қожағали Сенбиновичтің сөзінің арқауын ыдыратып, оның қойған кінәларын бір-бірлеп теріске шығара берді. Бірак кекетіп, ашына сейлеп, ашы сөзге барған жоқ. Қожағали Сенбиновичке қатысты жауабын түйердеғана отырған жұртқа бір жағдайды аңғартып өтті.

— Баспасөз бетінде жарияланған бір макаламда профессор Қожағали Сенбиновичтің бір ескірген пікірлеріне сын айтқан едім. Бүгінгі мына мәжілісте бұл кісінің маған соншама шүйіліп сөйлеуінде, сол сынныма байланысты таркамаған ашуының басылмаған буы бар деп ойлаймын,— деді.

Әділбектің бұл сөзін күп көрді ме, әлде, ұнатпады ма, кім білсін, алдыңы жақта отырғандар қозғалақтап калды, бастарын еңкейтісіп, бір-бірімен күбір-кубір сөйлесті. Қожағали Сенбинович өні қара сурланып, Әділбекке қабағының астынан түйіліп қарады. Томпақ кезді, жылтыр шеке орнынан ұшып түрегеп, сөз сұрады. Мәжілісті басқарушының «жарыссөз тоқталды ғой» деп ескерткеніне қарамай, «бір-екі ауыз сөз айтам» деп, киіп кетіп сөйледі.

— Жолдастар, диссертанттың әлгінде не дегенін естіліндер ғой, бәріміз құрметтейтін профессор Қожағали Сенбиновичтай ғұламаның әдалдығына шубә келтіріп, арына тіл тигізді,— деп ол Әділбекті сөкті.— Осы көргенсіздігі үшін әдепсіз диссертант Қожағали Сенбиновичтан кешірім сұрасын. Бұл — бір. Екінші, бұл секілді нахалдар егер ғылым кандидаты бол алса, ертең бәріміздің жағамызы жыртады. Бұларды ғылымның маңынан бастырмай керек!

Залдағылар гүйледеп кетті. Совет председателі профессор Ақжанов оң қолын жоғары көтеріп, жұрттың тынышталуын өтінді. Сонан соң жылтыр шекеге:

— Сіз де шектен шығып кетпеніз, коллега! Ғылымың жолына тас бөгет тұрғызып қоюға ешқайсымыздың

да қақымыз жоқ,— деп, оның диссертация авторын на-  
қақтан сөккенін жөн көрмей, оған жауапты өзі қай-  
тарды.

Жылтыр шекенің тұтқылдан тиісіп айтқан сөзі, жол  
тосқан қаскейдің тасадан шыға келіп, Әділбекті карсы  
алдынан мылтықпен кеудеден атып қалғанындай үрей-  
ді үшірып, Ұлбазарды қатты шошыткан. Профессор  
Ақжановтың диссертантты қорғап айтқан бір ауыз  
жылы пікірін әйел қөңіліне үлкен демеу көріп қалды.  
Ғылыми советтің председателінің өзі диссертация қор-  
ғауышы жас маманға жақ екенін, оның енбегіне тілеу-  
лестігін аңғартты ғой, жел онынан тұрар, істің сәті  
болар деп, Ұлбазар шошыған жүргегін қайтадан орнық-  
тыра бастап еді.

Бірақ жел терісінен тұрды. Жасырын дауыс берудің  
корытындысы диссертанттың пайдасына шықлады: оған  
ғылыми атақ берілуін қаламағандардың салған қара  
тастары безбеннің екінші жағын басып кеткен...

Аурухана палатасында, өзінің өмір жолына ой жібе-  
ріп, түннің біраз уақытына шейін кірпігі айқаспай ояу  
жаткан Әділбек, мәндайына әділетсіздіктің сойылы  
солай бір қатты тигені есіне түскенде, өзіне тілекtes  
адал адамдардың осы әділетсіздікті көріп тұрып, сол  
қияннаты табанда тойтарып тастауға еш қарекет жаса-  
май, тек үнсіз қиналып, төмен қарасып отырып қалған-  
дарын жадына алды.

Әділбек ғылыми совет председателі мен өзінің ғы-  
лыми жетекшісінің, мәжілістің сонынан мұны жұбатып,  
жан ашырлық білдіріп айтқан сөздерін есіне түсірді.  
«Саған обал болғанын түсініп тұрмыз. Бірақ не амал  
қылайық, жасырын дауыстың корытындысын өзгертуге  
правомыз жоқ, қарсы болғандар жағы үштің бірінен  
асып кетті ғой»,— деп, екі профессор да күйзелген еді.  
«Алайда, сен жасыма. Диссертациянды қорғай алмай  
құлаған жоксың, кейбір жолдастардың сенін зерттеу  
жұмысынмен таныспай келіп, сол себепті өз пікірлері  
болмай, біреулердің ықпалына түсіп кетуі салдарынан  
сәтсіздікке үшірадың. Диссертациянды қолдарына алып  
оқығаннан кейін, олардың ақиқатқа көздері жетіп, өз-  
дерінің бүгінгі еткен терістігін ұғары хак. ВАҚ-тың ере-  
жесіне қайши келмеу үшін, араға біраз уақыт саламыз  
да, диссертациянды қайтадан қорғатамыз. Бәрі де дұ-  
рыс шешіледі. Сондықтан бүгінгі жолын болмағанын  
қамысып, еңсенді түсірме. Ғылымның данғыл сурлеуі

Жок деген нақыл тегін айтылмаған», — деп, Әділбекке қайрат берген.

Олардың шын тілеуlestікпен айткан адал сөздерін Әділбек ішінен медеу көрсе де, бірақ көnlіне күдік кіргенің жасырмадан.

— Маган сенім білдіргендеріңізге рахмет. Мен бірак, сіздер кешіріңіздер, диссертацияны бұл ғылыми Советте екінші рет корғағым келмейді, — деп еди.

— Неге? Өкпелеп калдың ба? — деп сұрау берген екі профессор.

— Ешкімге де өкпелемеймін. Бірақ кімнін пікірі он, кімнін пікірі теріс екеніне көзі жетпей отырып, біреудердің жетелеуімен киянатка барған және осы еткен Әділетсіздігіне шімірікпеген кіслердің адалдығына өз басым енді сене алмаймын, — деген Әділбек.

Ол жоғарғы аттестация комиссиясы председателінің атына өтініш хат жазды. Диссертация корғағанда қандай киянатқа ұшырағандығын баяндап, ғылыми советтің қабылдаған шешімі әділ еместігін дәлелдеп, сондықтан оған наразылық білдіріп, өзінің зерттеу жұмысын басқа ғылыми советтің қарауына тапсыруға, диссертацияны сонда кайтадан корғауына рұқсат сұрады. Жоғарғы аттестация комиссиясы мәселені мұқият тексерекеліп, жас маманды жактап, оның өтінішін орындаған. Сөйтіп, біздің жігітіміз Ленинград университетінің филология факультетінің ғылыми советінде диссертацияның кайталап корғап, жениске жетіп, ғылыми атакқа адал еңбегімен ие болған еди.

Адал еңбек бағаланды. Бірақ сол адал еңбек әділ бағалану үшін де күресу керек екен. Егер Әділбек бір рет жолы болмағаннан кейін тауы шағылып, жасып қалса, киянатқа мойын ұсынып, корғалай берсе, көздеңген мұратына жетуі екіталай еди. Оның, қанаты сынған құсқа ұқсан, ұша алмай, көш соңында шаш жұтып калғанына, әрине, жаны ашыр достары қайғырар да күйзелер. Ал тілегі теріс адамдар, өзімізге жол ашылды деп, тек қуанып, құлер.

Ауруханада тұннін біршама уақытына дейін көзіне үйкі жоламай жатқан Әділбек осы жайларды ойлап кеткенде, есіне тергеушінің сөзі тағы да тусты: «Жұмыс бабында бір нәрсеге ренжіп, кейіген жок па едініз?..»

Әділбектің көзіне Асан Керимов бұған қарап келемеждең күліп түрған сияқтанып елестеді. Әділбек катуланып, жағын тістендей...

*Ересек балалар үшін*

**Нұғмет ФАБДУЛЛИН**

**БІЗДІҢ ЖІГІТ**

роман

Қазақ тілінде

Суретшісі — *К. Егізбаев*

Ажарлаушы — *С. Макаренко*

Киыстыруши — *Н. Күшнәрәвә*

Түзеуші — *С. Ыбраева*

ИБ № 164

Теруге 30.07.92 жіберілді. Басуға 16.03.93 қол қойылды. Форматы  $84 \times 108\frac{1}{3}$  з. Қағазы № 2. Қаріп түрі «әдеби». Офсеттік басылымы. Шартты баспа табагы 10.92. Шартты болу көлемі 11,0. Есептік басылу табагы 11,74. Тараптамы 30 000 дана Заказ 1308. Үйректы баға.

21.005  
Казақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «Баласа» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Казақстан Республикасы Жоғары Қенесінің баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, К. Маркс көшесі, 15/1.